

НОТАЙ НЕНЖАЛИЕВ

ҚҰРМАНҒАЗЫ



ҚОС ІШЕК

ХАМИТ ДӘРІБАЕВ

ТӘТТИМБЕТ

ИСАТАЙ КЕҢЖАЛИЕВ

ҚҰРМАНҒАЗЫ

ҚОС ІШЕК

ХАМИТ ДӘРІБАЕВ

ТӘТТІМБЕТ

Алматы «Өнер» 1990

ББК 85.315.3
К, 67

Д $\frac{4702250201-42}{409(05)-89}$ 50-90

ISBN 5-89840-130-X

© «Өнер» баспасы, 1990

ИСАТАЙ КЕНЖАЛИЕВ

ҚҰРМАНҒАЗЫ

ДЕРЕКТІ ТАЛДАУЛАР

КІРІСПЕ

Ән-күйдің халықтың рухани өмірінде ежелден берік орын алғаны барша жүртқа мәлім. Халық өмірінде музыка құдіретті күрес күралы ретінде дамыды. Фасырдан фасырға жалғаса келе оны орындаушы күйшілер, әншілер зор құрметке бөленді. Ілтипатқа ие болған сондай өнер иелерінің бірі — Құрманғазы Сағыrbайұлы.

Академик Ахмет Жұбанов «Қазақтың XIX ғасырдағы аса көрнекті композиторларының бірі Құрманғазы Сағырбаев» деп оған тиісті бағасын берген. Қазақ музыка әлемінде Құрманғазының орны ерекше екендігін музика зерттеушілері А. В. Затаевич, А. Жұбанов, Е. Брусиловский, П. В. Аравин, Т. Мерғалиев, Б. Физатовтар да айтЫп, Құрманғазы күйлерінің эмоциялық қуатын өте жоғары бағалаған. «Құрманғазы күйлері,— деген жазды академик Жұбанов,— өмірдің ең көкейтесті құбылыстарын паш етеді. Күй музыкасы айқын да әүендей келеді, күй программасы нақты, қалың көвшілікке түсінікті болады, тыңдаушысын бай сазымен, әсіресе, кербез нақышымен билеп алады»¹. Затаевич Құрманғазыны «аса көрнекті виртуоз»² десе, Аравин оны «жаңашыл»³ деген көрсеткен. Осындай пікірлер мен тұжырым-ға сүйенген академик Ахмет Жұбанов Құрманғазыны «ұлы күйші, дарынды композитор»⁴ деген.

Құрманғазының қай шығармасы болса да ол өмір сүрген заманның, ел тірлігінің әлеуметтік айнасы іспетті. Бала жасынан халық арасында жүріп, халықпен біреу қайнасып өскен ол қалың бұқараның мұн-зары мен мұқтажына әбден қанық болады.

Озі өмір сүрген дәуірі, өскен ортасы, өнер жолы, күресі, жан-жақты жеңіс-жеңілістері әлі толық зерттеліп болған жок. Зерттеушілердің ұлы композитордың өмір сүрген ортаға және оның қызметіне байланысты тарихи деректерді әр түрлі себептермен күні бүгінге дейін ат үсті зерттеп келгенін, сондай-ақ архив материалдарын жинау, оларды пайдалану ісінің де тиісті деңгейде емес скендігі анық. Әрі Құрманғазы өмір сүрген кезеңге байланысты тарихи деректер аз болғандықтан, оның өмір-баянын ғылыми негіздел жазуда біраз қындықтар да ұшырасады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда бірден-бір құнды материал публицист Н. Ф. Савичевтің Құрманғазы туралы мақаласы болып есептеледі. Оның «Қазақ музика мәдениеті» деген мақалалар жинағында Құрманғазыны өз көзімен көріп, құлағымен тындалап, тілдескен адамдардың айтқандары мен облыстық газетте жарияланған мақаласы тек үзінді ретінде ғана беріледі.

Құрманғазы Бекей хандығында туып, сол аймақтың барлығын кезген. Оның көптеген күйлерінің шығу тарихы осы өлкенің өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан Кіші жүздің сол уақыттағы экономикалық, әлеуметтік және рухани жағдайын баяндайтын әдебиеттердің қысқаша болса да шолып өтпей болмайды. Бұл жағына келгенде революцияға дейін өмір сүрген авторлар А. И. Левшиннің, И. Казанцевтің, М. А. Терентьевтің еңбектері бізге біраз мағлұмат бере алады⁵. Атальған авторлардың көбі:— Патша өкіметінің отарлық саясатын дәріптеп, оны қазақ жерінде дамытуға зор әсер еттік,— деп мақтанды. Бұл — мәселенің бір жагы.

Екіншіден, оларда Құрманғазыға қатысты мәліметтер, кейбір деректер мен фактілер, цифrlар бар. Құрманғазы өмір сүрген Бекей хандығы өңірінің тарихы, еңбекшілердің өмірі, тұрмысы, тіпті оқу ісі туралы да мәліметтер табылады. Әсіресе, Бекейлік Мұхаммет-Салық Бабажановтың еңбектерінде сол кездегі қазақ шаруаларының өмірі мен оқу-ағарту істерінің мәселелері ба-яндалады. Бірақ оның бұл жазғандарының бәріне сын көзбен қарау керек⁶.

Совет заманында Кіші жұз, дәлірек айтсақ, Бекей аймағының тарихы ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеle бастады. Бұл жөнінде А. Рязанов пен В. Шахматовтың және академик С. Зимановтың ұзақ жылдар бойы бұл өлкенің экономикалық және саяси құрылышын зерттеген монографиялары жарыққа шықты⁷.

Әсіресе, Бекей хандығы жөнінде С. Зиманов көпте-ген тарихи деректер мей әдебиет, архив материалдарына сүйеніп, жақсы ғылыми талдау жасады.

Дегенмен, бұл автордың Бекей хандығы жөніндегі кітабында ойландыратын дүдәмал тұстар мен кемшиліктер де жоқ емес. Мәселен, оның еңбектерінің кейбір тарауларында қазақ шаруаларының егіншілікпен айна-лысы, пішен шабуы, оғырықшылануы секілді тұрмыс әрекеттері бұл өлкеде жаңадан пайда болған құбылыс деген пікір туғызады. Осы текстес өмірге қажетті істерге зиян жасаушы патша өкіметінің кертарапа саясаты батыл және жеткілікті түрде әшкерелене бермейді. Со-нымен қатар Бекей аймағы тұрғындарының рухани өмірі, ағарту ісі толық қамтылмайды.

Біздің ойымызша, әдеби деректердің ішіндегі ең құндысы — орыс, қазақ әскер қызметкери Никита Фе-дорович Савичевтің 1868 жылдың октябрінде жергілік-ті газетте жарияланған «От Карманского форпоста до Глиннянского» деп аталатын мақаласы⁸. Бұл мақалада автор өзінің Құрманғазымен қалай кездескенін жаза-

ды. Н. Савичев Құрманғазының өнерпаздығына таң қалып, оның шеберлігіне жоғары баға береді.

Құрманғазының музикалық мұрасына тек Совет әкіметі тұсында ғана көңіл бөлінін, зерттеле бастағаны баршаға аян. Құрманғазы мұрасы ауызға алынса, тұнғыш қазақ музыкасын жинап, нотаға түсірғен белгілі музика зерттеушісі А. В. Затаевич еске түседі. А. В. Затаевич — қазақтың халық музыкасын бүкіл дүние жүзіне тұнғыш танытқан адам. Ол құрастырган ән-күй жинағына Құрманғазының 6—7 күні енген. Құрманғазының күйшілік дарынын жоғары бағалаған да сол адам⁹.

Қазақ халқының музика байлығын жинауда республика көлемінде өткізілген домбырашы-күйшілер мен ақындардың жиындары көп көмегін тигізеді. Соның нәтижесінде 1920—1936 жылдары көптеген дарындылар өнер сахнасына шықты. Осы кезде халық таланттары арасында Махамбеттің, Құрманғазы мен Дәuletкерей, Баламайсандардың күй-мұралары кеңінен тарала бастады. Белгілі музика зерттеушісі Ахмет Жұбанов деректі мәліметтер жинап, күйшілердің өмірі мен творчествосы жайлы мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жариялады. Соның бірі 1936 жылы жарық көрген Құрманғазы туралы кітапша¹⁰. Сосын көп ұзамай «Қазақ композиторлары» деген тағы бір кітабы жарық көрді. Осы кітапта Ақан: «Негізі ауызша деректер болғанымен, ол еңбек те Құрманғазының кім екендігі жөнінде тырнақ алды мәлімет, күйшінің өмірі мен творчество-лық жолын зерттеудің басы болды», — деген¹¹.

Бұл — Құрманғазының өмірі мен қызметі туралы қазақ тіліндегі тұнғыш кітап. Мұнда Ақаның өзі жазғанындей, ұлы композитор-күйшіге қатысты құнды дерек, мәліметтер жинақталған. Құрманғазының күйлерін Төлеген Аршанов, Охаб Қабиғожин, Қали Жантілеуов, Дина Нұрпейісовалардың ауыздарынан жазып

алып, нотаға түсірген. Жаңадан жиған материалдарының негізінде 1960 жылы Ақаңың «Құрманғазы» атты жеке кітабы жарық көрді. Оған композитордың 51 күйінің нотасы енді. Бұл, әрине, үлкен табыс. Алайда, автор Құрманғазының өмірбаянын жазғанда архив деректерін толық пайдаланбаған. Мәселен, Құрманғазының Орда абақтасынан қашқаны тым қысқа қайырылады, оның қай жерде, қашан жерленгені жайындаға на баяндалады. Бір жақсы жері күйшінің күйлерін кімдер, қашан әкеліп тапсырды, қай күйді кімдер қалай орындаиды — кітапта бұл жағы қатты ескерілген. Сонымен қатар Құрманғазының домбыра мектебінің үздік өкілдерінің есімдері аталған. Тек бір өкініштісі, көбісінің аттары аталғанымен фамилиялары, туған жылдары, туып, есken мекен-жайлары аталмайды. Мәмен, Қөкбала, Сүгірәлі, Менетай, Тоғайбай, Шора, Менқара деп кете береді. Олардың қайсысын қай жактан іздейтінімізді білмей, ұзак уақыт дағдарған жайымыз бар.

Бұл кітаптың тағы бір құнды жағы — Құрманғазы күйлерінің құрылымдық ерекшеліктері толық зерттеліп, оның жаңашылдығы өте-мөте жоғары бағаланған. Академик ұзак жылдар бойы қазақ композиторлары жайында көптеген мәліметтер жинап, олардың шығармаларын жарияладап, өмірі мен творчествосын үзбей жазып келгені белгілі. Бірақ ол мәліметтер тек ел аузындағы әңгімелер негізінде жазылған. Ауызекі әңгімелердің аты, әрине, ауызекі әңгіме: көбісі кейде уақыт өте келе өзгерістерге ұшырайды, кейде бірнеше варианты болып келеді. Оларды архив материалдарымен салыстырып, тексеріп, бір жүйеге келтірген абзал. Сол себепті де Құрманғазының өмір тарихы жайында жазылған материалдар мен кітаптарда оның өмірінің негізгі кезеңдері, күйлерінің шығу себептері, әлеуметтік мәні толық анықталмаған.

Академик Жұбанов осындай реттерді мойындағы отырып, «Колдағы бар әңгімені жариялауды мақұл деп таптық»,— дейді¹². Демек, Ақаңың өзі мұның — ұлы композитордың өмірі мен творчествосын зерттеу жөнінде алғашқы еңбек екенін айтқан деп түсіну керек. Қеңіншірек композитордың барлық күйлері нотаға түсірілін, толық жинақ болып шықты¹³. Бұл жинақта да Құрманғазының өмірі мен творчествосына қысқаша ғана түсініктемелер берілген. Ол түсініктемелер күйші өмірбаянын зерттеушілерге де көп пайдасын тигізеді. Академик А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты келесі бір еңбегінде халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы қосымша мәліметтер береді¹⁴. Бірақ академиктің бұл еңбегінде де Лавочкин, Әубәкір Ақбаев ишмесе Қөтібардың 1838 жылғы Исадай көтерілісіне қосылуы секілді жансақ мәліметтер кездеседі. Мысалы, Қөтібар ол кезде өлген, ал Әубәкір әлі бала.

Құрманғазының өмірі мен творчествосына А. Жұбанов «Ән-күй сапары» атты жинағында қайтып оралады¹⁵. Бұнда да архивтік мәліметтермен салыстырып анықтай түсетін тұстар жоқ емес.

Сондай-ақ, Т. Мерғалиев Құрманғазының күйлерін ел аузынан жазып алғып, жинаққа енгізіп, түсініктеме берген¹⁶. П. В. Аравин де Құрманғазы жайында архив материалдарын тауып, мақалалар жариялады. Бірақ ол кісінің мақаласында да түсініксіздеу, бір-біріне қайшы тұстар кездеседі. Мәселен, ол сол алғашқы мақаласында Құрманғазыға тарихи баға берген профессор Ахмет Жұбановпен келісе алмайтынын айта келіп: «Характерной чертой творческого облика Курмангазы была необычайно широкое мироощущение, умение быстро схватывать явления жизни, постигать их сущность и изображать их в своем музыкальном творчестве»,— деп жазған. Сөйтіп, ол Құрманғазының өмірі мен творчествосын жете зерттеп білген Жұбановтың тұжырымына

қарсы шікір айтады. Бірақ оның көңілге қонбайды. Соның ізін ала «Құрманғазы күйлерінің, ең алдымен, нақтылығы сонда, ол нақты фактілер мен оқигаларға терең философиялық-эстетикалық тұжырым береді», — дейді¹⁷. Сонда оның пікірінің профессор А. Жұбановтың пікірінен айырмасы қайсы?

П. В. Аравин «Степные созвездия» деген кітабында Құрманғазы, Дәулеткерей творчествосын зерттеуге біршама еңбек сініріп, олардың күйлерін нотаға түсірді. Соның інтижесінде Құрманғазының 1857 және 1864 жылдары абақтыда болғаны жайында шағын материалдар жарияладап, сол кезеңге байланысты басқа да мәліметтерге сүйеніп, Құрманғазы өмір сүрген уақыттың басты оқигаларына және сол кездің саяси жағдайларына қысқаша шолу жасап, кейбір адамдардың саяси бағытын түсіндірді. Бұл, әрине, құптарлық іс. Бірақ, бір өкініштің, өз пікірлерін таратып жазады да, тарихи деректерге көп тоқталмайды. Сондықтан ол көрсеткен архив істері қайта анықтауды қажет етеді. Бұл кітапта Құрманғазының 1857 және 1864 жылдары абақтыға қамалып, қуғындалуы жайында әңгіме болады. Алайда, материалдар тым қысқа, сондықтан күйшінің өмірі мен қызметі жайында ауыз толтырып айтارлық мәлімет жоқтың қасы. Әсіресе, автор нақты деректерден ауытқып кетеді. Мысалы, 1857 және 1864 жылы Құрманғазының жазадан босатылғанын айтады да, бірақ кімнің қашашының босатқаны жайында документті көрсетіп жазбайды.

Құрманғазының өмірі мен творчествосы жайында мерзімді баспасөз бетінде біраз мақалалар жарияланды. Бірақ бұлардың көбі бұрынғы кітаптардағы белгілі мәліметтер болатын.

Құрманғазының өмір тарихымен айналысқан тағы бір адам бөкейлік Хайдар Ирмұратов. Оның «Чарадей» деңесінде кітабының біраз жері Құрманғазыға арналған¹⁸.

Бұдан шығар қорытынды: жоғарыда аттары аталған авторлар Құрманғазының өмірі мен творчествосын зерттеу барысында әрқайсысы өзінше улес қосып, еңбек етті. Бірақ күні бүгінге шейін олар жинақтаған мәннімегер сұрыпталып, ғылыми жүйеге түсken жок.

Құрманғазы — өз заманының үлкен азаматы, қайсар қайраткері, артына мол музыкалық мұра қалдырыған адам, ұлы композитор. Оның күйлері советтік дәүірде өзінің көзі тірісіндегі кезден әлдеқайда кең тарап, бағы жанды. Солай десек те, жекелеген музика мамандары болмаса, оның есімімен өзіміздің елдің көптеген халықтары әлі де жете таныс емес. Таныстыру үшін әуелі оның ғылыми өміrbаяны керек. Ал бұл шаруа екі бастан көптің күшімен жасалмақ. Сондықтан музика тарихын зерттеушілердің алдында тұрган келелі міндеттің бірі — қазақ күйшілері шығармаларының әлеуметтік мәнін ашып, маңыздылығын анықтау керек. Ол үшін олардың өмір сүрген ортасы мен қызметіне нақты дөректемелік база қажет. Ондай база жоқ емес, бірақ жеткіліксіз. Олқылықтың орнын толтыру үшін біз біраз қалалардың архивтеріне бардық. Атап айтқанда, ұлы күйшінің өмірі мен творчествосына байланысты материал жинау үшін Ленинград, Алматы, Орынбор, Астрахань, Орал, Саратов архивтерін аралап шықтық. Архив материалдарының сақталуы әр кезде әр түрлі қиянатқа ұшырапты. Оған біздің сол сапарымыздың барысында көзіміз жетті. Мысалы, Құрманғазы 1864 жылы ұсталып, Жәңгір ханының ордасындағы абақтыға жабылғанда, тергеу нәтижесі жөніндегі іс Теке (қазіргі Орал) қаласындағы әскер сотына жіберілген. Міне, осы тергеу ісі жөніндегі қағаз архивтен табылмады. Сол секілді 1857 жылы оның абақтыға жабылып, тергелуі жайындағы іс қағаздары да бірде-бір архивтен көзімізге түспеді. Біз әсіресе, Ленинград, Алматы, Аст-

рахань, Орынбор, Орал қалаларының архивтеріне көп үміттенген едік.

Алматыдағы Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивтің № 78 қорында жинақталған «Ішкі немесе Бөкей ордасын басқаратын Уақытша Советтің документтері» деп аталатын іс қағаздарын да көп актардық. Бұл документтердің арасында XIX ғасырдың I—II жартысында Бөкей аймағының шаруашылығын, саяси, рухани өмірін суреттейтін үзік-үзік болса да, құнды материалдар бар екен. Мысалы, шаруалардың әлеуметтік халжағдайын, патша чиновниктері мей қазақ үстем тап өкілдерінің еңбекшілерді аяусыз қанап, оларға қысым көрсетіп, зорлық-зомбылық жасап, көнбекендерін құфын-сүргінге ұшыратқаны туралы мәліметтерге көзіміз түсті. Езгіге, құфын-сүргінге шыдамай үстем тапқа қарсы бас көтеріп, наразылық білдірген шаруалар қозғалыстарын айғақтайтын материалдар жағы да баршылық. Бұл материалдар, сөз жоқ, Құрманғазы Сағыrbайұлының өмір сүрген ортасын, сол бір тарихи кезенде аша түсуге септігін тигізген болар еді.

Сондай-ақ, Құрманғазы мен оның кейбір серіктегі жайында жазылған қысқаша мәліметтерде, басқаша айтсақ, күшінің 1829 жылы Орал әскери офицерінің малын баққаны, 1864 жылы абақтыға қамалғаны туралы материалды да ұшырастырдық. Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінің № 4 қорында Кіші жұз жайына біршама мағлұмат беретін Орынбор шекара комиссиясының документтері жинақталған. Онда Манғыстаудагы Адай елінің саяси және шаруашылық халқүйі, тарихи адамдары туралы шағын материалдар кездеседі. Сондай-ақ, патша әкімшілігінің отарлық саясатын әшкерелейтін документтер де бар.

Орынбор облыстық мемлекеттік архивінде Орынбор әскери губернаторы кеңесесінің документтері бар екен. Олар Кіші жүздің шаруашылығын, саяси өмірін, мо-

ралыңдық тұрмыс жағдайын біржақты көрсетеді. Айталауық, патша чиновниктері қазақтың шаруашылығына, оның мүмкіндігі мен мұқтажына зейін сала қараған жоқ. Оған Қіші жүздің сол кездегі саяси экономикалық жағдайын, шаруалардың мүшкіл халин суреттейтін документтер айғақ. Архив материалдарының арасынан кейде патша әкіметінің отарлық саясатын, озбырлығын, елді қанау істерін көрсететін мәліметтер сирек болса да бой көрсетіп қалады. Олардан патша әкімшілігінің жазалаушылық істерін, бөгде ойдағыларды (иномыслиящих), патша тәртібіне мойынсұнбаушыларды қудалап, жазалауы да байқалады. Мысалы, Құрманғазының қудаланып, абақтыда жатқаны туралы қамалғандар тізімі де (в списке арестантов) бар. Бірақ бұл мәліметтер тым қысқа, үзік-үзік болғандықтан, сол кезеңдегі оқиғалар туралы толық тарихи мағлұмат бере алмайды.

Астрахань облыстық мемлекеттік архивінен де Бөкейліктің әлеуметтік жағдайы туралы хабардар ететін шағын материалдар кездестірдік. Солардың арасында Құрманғазының 1882 жылы абақтыда жатқаны, сондай-ақ 1886 жылы тағы да сот қудалауында болғаны туралы мәліметтер бар.

Өкінішке орай, осы архивтерден кездескен мәліметтер тым қысқа әрі үзік-үзік. Сондықтан да ұлы күйшінің басынан кешкен оқиғалардың қалай басталып, немен аяқталғаны жайлы толық тұжырымға келу қын-ақ. П. В. Аравин өзінің жоғарыда аталған кітабында Құрманғазы жөнінде «кен, мол тарихи документтер бар» деген. Біз ондай молшылықты автордың өз кітабынан да, архив документтерінен де көре алмадық. Дегенмен, сол там-тұмдап табылған мәліметтер негізінде және әдеби басқа да деректерде (литературные источники) кездесетін мәліметтерді салыстыра отырып, ұлы күйшінің өмірі мен басынан кешкендері туралы қысқаша ба-

яндауға талаптанып отырмыз. Біздің ойымызша, Құрманғазының ғылыми өміrbаяны осылай жасалуы тиіс.

Күйшінің өміrbаяны мен творчествосына байланысты мәліметтер жинастырғанда, ел аузындағы көп тараған түрлі тарихи ауызекі әңгімелердің де үлкен маңызы бар. Олардың көбі ақиқат, шындық негізінде туындаған. Ел ішіндегі әңгімелерге мән беріп зерттеудің тағы бір тиімді жері — кейбір адамдарда жазбалы шежіре, тарихи, әдеби әңгімелер, өлең, жырлар, айтыстар кездесіп қалады. Осындай материалды сақтаушылар бар, оны ел аралап жинаушылар да кездеседі.

Құрманғазы туралы осындай мәліметтер іздеп біз Ақтөбе, Астрахань, Гурьев, Маңғыстау, Орал, Саратов облыстарында болып, ел аралап, сұрау салдық дедік. Өкініштісі, ұлы күйші туралы материал жинау үшін бұл облыстарда бірде-бір ғылыми экспедиция болмағанын ренішпен айтады. Біз ел аузындағы әңгімeden көп жайды анықтап, түсінігімізді кеңітіп, қосымша мәліметтер алдық. Олардың бірқатарын осы еңбектерімізде пайдаландық.

XVIII—XIX ғасырдағы саяси-әкімшілік жіктелуде патша өкіметі Қазақстанда ескі рулық бөлінуді сақтаған. Архив документтерінде «Құрманғазы — Қызылқұрт руының Ерші бөлімі» деп жазылған, ал басқа территориялық әкімшілік атау (мысалы, бөлік, дистанция, қоныс атауы) т. б. өте сирек қолданылған. Сондықтан біз де бар деректерге сүйеніп, амалсыз ру мен ата, бөлім атауларын қолданамыз.

Екіншіден, географиялық атаулар көбі қате жазылған немесе екі-үш түрлі болып жазылғаны да бар. Мысалы, патша чиновниктерді Дендер тауын «Индяр», «Индер» деп, Қара өзенді «Большой», Сары өзенді «Малый узень», Нарын құмын «Рын песка» деп қате жазған. Біз жергілікті ел атауын алдық. Немесе қазір

«Хан базарды» (Орданы бір кезде солай деп атаған лейді. Таловканы ертеде форт Таловая, Таловский, Киргизская Таловка деген — И. К.) «Талап ауданы» деп ките жазған¹⁹.

Ұлы күйшінің өлмес мұрасы мен өмірін халыққа ғылыми негізде жеткізу аbzal міндеп. Құрманғазының өмірі мен шығармасы туралы болмашы мәлімет болашақ үшін қажет-ақ. Біз академик А. Жұбановтың бұл бағыттағы еңбегін толықтырып, анықтап, ұлы күйші туралы мәліметтер мен түсініктемелерді байыта түсүміз керек. Құрманғазының творчестволық өміrbаянында белгісіз жайлар, күмәнды фактілер әлі көп. Қөптеген шығармаларының қашан, қандай жағдайда шыккана белгісіз. Эр шығармаға мүмкіндігінше деректі түсініктеме беру қажет, ал ол әлі жетіспей жатыр. Бізге әлі ұлы күйшінің творчестволық ой-өрісінің қалыптасуы, оның әр кезеңде қандай әлеуметтік себептермен дамығаны белгісіз. Біз бұл еңбекте архивтің және бізден бұрынғы зерттеушілердің деректерін пайдаланып, әдеби өрі ел аузындағы тарихи мәліметтер негізінде ұлы күйшінің өмірі мен қызметі туралы материалдарды бір ізге салып, жүйелеп, баяндауға тырыспақпыз. Осы күнге дейін Құрманғазы творчествосы туралы еңбектердің ғылыми нұсқасы болмағаны да айдан анық.

Болашакта ұлы күйшінің өміrbаянын жазу үшін және оның шығармаларының әлеуметтік маңызы мен ерекшелігін анықтап толықтыра тусу үшін Құрманғазы туралы азды-қөпті архив материалдарын, әдеби, баспасөз, ел аузындағы мәліметтерді жинақтап сұрыптастық. Эр оқиганы тексеріп, салыстыра отырып, жүйеге келген тұтас бір ғылыми еңбек дайындауды мақсат еттік. Бұл өте қажет, біздің өскелен қофамның талабы.

¹ Жұбанов А. Ән-күй сапары. А.,—1976, 32-бет.

² Жұбанов А. Ән-күй сапары. А., 1976, 33-бет.

³ Жұбанов А. Фасырлар пернесі. А.,—1971. 393—398-беттер.

⁴. Казакстанның музыка мәдениеті (Мақалалар мен материалдар жинағы). А.,—1957, 63—64-беттер.

⁵ Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Трех частях. Спб. 1832 т; Казанцев И. Описание киргиз-кайсак. Спб. 1867 г; Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии. 1-том, Спб. 1906.

⁶ Бабажанов М. С. Заметки Киргиза о житье-бытие и участие его родичей. (Санкт-Петербургские ведомости 1861. № 136) Известия из Внутренней Орды.) Этнографический сборник Русского геогр. общ. 1865. т. 1. № 6.

⁷ Рязанов А. Восстание Исатая Тайманова. Ташкент,—1927 г; Шахматов В. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова А., 1947; Зиманов С. Россия и Букеевское ханство А.,—1982.

⁸ «Уральские войсковые ведомости», 27 октября 1868 г. № 44.

⁹ Затаевич А. В. 500 казахских песен и кюев. А.,—1931. 251-бет.

¹⁰ Жұбанұлы А. Құрманғазы. А.,—1936.

¹¹ Жұбанов А. Құрманғазы. А.,—1978. 116-бет.

¹² Құрманғазы Сағырбайұлы. А.,—1961.

¹³ Жұбанов А. Фасырлар пернесі. А.,—1975.

¹⁴ Жұбанов А. Ән — күй сапары. А.,—1976, 56—70-беттер.

¹⁵ Мерғалиев Т. Домбыра сазы. А.,—1972.

¹⁶ Аравин П. В. Новые материалы о Курмангазы. Вестник АН.

Каз. ССР. А.,—1961 г. № 4. (193) 38-бет.

¹⁷ Ирмуратов Х. Чарадей. А.,—1972.

¹⁸ Жұбанов А. Фасырлар пернесі. А.,—1975, 33-бет.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ӨМІРІ МЕН ТВОРЧЕСТВОСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖИНАУ

Ұлы күйші туралы академик Ахмет Жұбанов уақытында ел аузынан көптеген мәліметтер жинап, оның көбін жариялаған. Мәлімет берушілер көбіне күйші өміршін соңғы жылдарын әнгімелеген және оқиғаның болған кезеңін, жерін дәл атай бермеген, адам аттары мен фамилияларын, мекенін көрсетпеген.

А. Жұбанов келтірген мәліметтерді нақтылай тұсу үшін біз Алматы, Орынбор, Астрахань, т. б. қалалардағы тарихи архивтерді аралап көріп едік, мәрдымды ештеме кездеспеді. Қашанда жазбалы дерек сенімді рой, сондықтан азды-көпті тапқанымызды оқырманға ұсынбақпыз.

Ең алдымен, Құрманғазы 1857 жылы және 1864 жылы ұсталып, абақтыға түскенде, арестанттар тізімінде «киргиз Қыл-гуртово рода Ергиево отделения» деген жазу барын айтсақ, жоғарыдағы айтылған бір күмән сейіле түседі.

Ал бұл дерек бойынша күйшінің ата-мекенін, жерлестерін іздеуге шығып едік, көпке дейін жөнді ештең таба алмадық. Ел ішінен шежіре білетін сауатты қария кездеспей қиналдық. Сол үшін Орал облысының Чапаев, Жанақала, Орда, Гурьев облысының Теніз аудандарына бірнеше рет бардық. Ешкім жөнді мағлұмат бере алмады және айтқандары біріне бірі қарата-қайшы ке-

ле берді. Сөйтіп жүріп, Орал облысының Фурманов ауданындағы «Қектерек» деген қонысқа бардық. Одан бұрын Сағыrbайдың әкесін біреулер Балтабай десе, екіншісі Барлыбай, үшіншісі Өтепберген деген, ауылдары «Сокыр» десе, біреулері «Нияз», т. б. деген еді.

Ойымыз — Құрманғазының туған, өскен, мекендерен жерлерін іздеп табу. Қектерекке келіп, біз күйшінің ауылдастарын, туыстарын сұрастыра бастадық. Жергілікті адамдар бізге бірден орта мектеп мұғалімі Жұнысов Темеш молырақ біледі деп көрсетті. Шынында да, Т. Жұнысов 30 жылдың үстінде осы жерде жұмыс істейді еken және түрлі әдеби, тарихи әңгімелерді жинап, айтатын ұқыпты ұстаз еken. Ол ертеде Құрманғазыны көрген кісілермен кездесіп, сөйлескен еken. Және күйшінің ауылдастары, туыстары, үрпағы туралы әңгімелерді талай тындаған болды. Біз ол кісінің айтқан әңгімелерін түгел бере алмаспыш. Ікшамдап қана баяндайық. Міне, осы кісінің мәлімдеуінше, Құрманғазы семьясымен 1876—1877 ж. шамасы Қара Өзен сағасы жағындағы «Қазарма», «Фокей» қасындағы «Қызылқұрт шағылы» деген жерден 40 шаңырак Қектерекке жергілікті әкімдердің нұсқауымен көшіп келген. Солардың ішінде күйшінің туыстарынан 17 үй болған. Т. Жұнысовтың жазбасында Сағыrbай Өтепбергеннің ұлы, ал Өтепберген, Айтқожа, Күшік Арыстанбай балалары деп көрсетілген. Бұнымен қатар, мұғалім Сағыrbай бес ағайынды және өзінің бірнеше балалы екенін, соның ішінде біреуі Жаманғара деген, оның Жұніс, Жылас, Бәйіліс деген балалары болғанын, соңғысын 1919 жылы бандылар атып өлтіргеніне дейін айтқан. Бұндай мәліметті біз бұрын нақты естімегесін Жұнысовтан жазбаларын оқытуды және Қектеректе тұрған күйшінің бар үрпақтарымен кездестіруді өтіндік.

Ескерте кетейік, сөзіміз, мәліметіміз дәлелді және кейін тексеруге мүмкін болу үшін күйшінің туыстары

мен отасының есімдерін түгел болмағанмен бірталайын атауды тұра келеді. Жоғарыда айтқан Өтепберген Арыстанбайұлының Айтқожа, Күшік деген туыстарының үрпапқыларында Коктеректе тұрақтап қалған екен. Біз бұнда Икесін Құбиев (1898 ж. туған), Қопаш (Құбайдолла) Омаров (1897 ж. туған) деген қариялармен сөйлесіп олар, олар жоғарыда айттылған мәліметтерді қайталап, олардың орі бәрін салалап, айырып берді де, Құрманғазының озі туралы әңгімеледі.

Ікесін Құбиев Сағыrbай бес ағайынды, Бұқа, Шоқан, Гоқа, Тәңірберген болады, мен сол Бұқаның немесе Құби ұлымын. Әкем Құрманғазыны көрген. Ал Конан Омаров та осы Бұқа атамыздың үрпағы, жайлайымыз Бұқа құдығы деген. Иә, ондай жер бар! Бұл шілдесі Т. Жұнысов айтқандарын қайталады.

Бұлардың айтуынша, күйші көшіп келгесін, ауыл шарының кедейлері ескі үйлерге кіріп, орналаса бастағанда, Құрманғазы:

— Мен қоныраулымын ғой, бірде болмаса бірде сіздерге зияным тиер, Қөктеректің батыс жақ шетіндегі қараталды сайдың ар жағына үй салайын,— депті. Айтқаныңдаі, әуелі баласы Қазымен бірге Сары өзеннің сол жағалауында 100 метрдей жерде үй салады. Ол үйдің орны қазір «Құрманғазы тапауы» деп аталады. Қасындағы сай «Құрманғазының нар сойған сайы» деп аталады екен. Бұдан кейін Қазы Қөктерек қонысының ортасынан өзіне жеке үй салған, қазір «Қазы үйінің тапауы» деп жергілікті ел ол жерге адам, мал аяғын бастырмай, үй салдырмай қастерлейді екен.

Сонымен, Құрманғазының атасы Өтепберген, оның әкесі Арыстанбай болды. Біз бұндай мәліметті бұрын естімеп едік. Бұл естіген әңгімелерімізді кейін тағы жалғастырамыз. Ал естіген бойда бұған тиісінше мән беріп, сене алмадық та, кезінде баспасөз бетінде жарияламадық.

Дегенмен, жоғарыда аталған адамдардың фамилиясымен архивті қарай бердік. Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінен жуырда араб әрітерімен жазылған қазақша қағаздарды актарып отырып, бірнеше жылдан бері кезікпей жүрген материалдарды көрдік. Арабша жазылған документтерді оқу, түсіну қын, кісіні жалықтырады. Содан болар, зерттеушілер Құрманғазыға байланысты жөнді архив дерегін кездестіре алмай келген. Міне, біз көрген архив ісінде, 1840 жылы Қызылқұрт руының басқарушысы Қәшекқали Шығаев Жәнгір ханға өз қарауындағы адамдардың тізімін (семья басыларын атаған), олардың мал есебін берген. Тізім графаларға бөлінген, оқырмандарға түсінкті, дәлелді болу үшін анықтап айта кетейік. Оңдан бірінші графада — тайпа аты, яғни Соба, Темір, Ерші, Олжаши, т. б. Бұл шежіредегі мәліметке дәл келеді. Екінші графада — ауыл аттары, яғни Нияз, Соқыр, Мырза, Кошқар. т. б. Үшінші графада әр шаруаның есімі, әкесі не еншілес баласы аталған. Міне, осы тізімнің VII бетінде: Ерші: «Өтепберген»— деп жазылған. Ал III графада Өтепберген Арыстанбайұлы деп, одан әрі 4 тулік мал саны көрсетілген. Қелесі жолда, жоғарыда да Т. Жұнысов, Қ. Омаров айтқан адамдар есімдері жазылған: Шоқа, Бοқа, Тоқа, Тәнірберген, Сағыrbай — Өтепберген ұлдары деген.

Бұл көрген мәліметті одан әрі анықтай, көбейте тусу үшин және зерттеушілерге жеңіл болу мақсатында бұдан әрі Өтепбергеннің туыстарының кейбірін және Сағыrbай балаларын атай кетейік. Мысалы, «Байтілеу Шоқаұлы, Тоқа Өтепбергенұлы еншілес баласы Бармақпен», «Бοқа Өтепбергенұлы еншілес баласы Тогаймен», 2 үй деп көрсетілген. Архив материалдарынан Байтілеу Чукин, Бармақ Тукин дегендер бұрыннан бізге белгілі еді.

Бұдан кейін Сағыrbайдың балалары аталады. Бірак

әуелі Айбас Сағырбайұлы, сосын Жаманқара, Тілеуберген Сағырұлдары деп жазылған. Сағырбай демей «Сағыр» деп қысқарту көшірушіден болғанға үқсайды. Әйткені, бұдан бұрынғы бетте Сансызбай Кошқарұлы, Мәстекбай Ізбасарұлы, Сүйінбай Қисықұлы дегенді қысқартып, Сансыз, Мәстек, Сүйін деп жазған. Бұған қарағанда «Сағырұлы» дегені Сағырбайұлы болады.

Бұдан кейін, 1861 жылы осы Қызылқұрт руының Ерші ауылы 2—3-ке бөлінген екен, соның бір бөлігінде жоғарыда аталған адамдардың көбі Бармақ Тоқаұлының қарауында екен. 1861 жылғы тізімде сол есімдердің көбісі қайталанады.

Сонымен, Сағырбайдың әкесін, туыстарын жазбалы документтер негізінде анықтай отырып, оның өскен ортасын, олардың әлеуметтік, рухани жағдайын да біртіндеп анықтай бермекпіз.

Жоғарыда, яғни 1840 жылғы тізімде көрсетілген кісі аттары мен жер атауларын салыстырсақ, Ерші ауылы азаматтарының бірталайының мекендері анықталады. Мысалы, 1840 жылғы тізімде Шоланбай Күшікұлы Жиделіде болған, ал қазіргі Жаңақала ауданы «Мәстексай» совхозында «Шоланбай түбегі» деген мекен әлі де аталады және Жиделіде Ерші аулынан осы қазак-орыс жеріне көшіп келген делинеді.

Құрманғазының туған жері туралы.

Ел аузында Құрманғазы Сағырбайұлы «Жиделі» деген жерде дүниеге келген деген сөз ертеде тараған. Ал Бөкейліктегі Жиделі деген 3—4 жер атауы бар. Сондыктан болар, ұлы күйшіні «біздің Жиделіде туған» дег иемденушілер де бар¹.

Архив деректері бойынша Қызылқұрт ауылдары Бекейліктегі Бекетай құмында, Алтышағыл — Таубұйрат өнірінде, Бесшоқы, Қара өзен сағаларында мекендерген. Академик А. Жұбанов Құрманғазыны «Гурьев облысы Теніз ауданының Жиделі деген жерінде 1816—1818 жыл-

дар шамасында туды», — деген². Ал бұл ауданда 2 Жиделі бар, қайсысы екенін айтпайды. Қошалақтың жаңындағы Жиделіні III дейді де, Бесшоқы, Қененбай үнгірі қасындағыны — кейбіреулер II Жиделі дейді. Біз осы Жиделіге де, яғни Теніз ауданының Балқұдық, Сүйіндік ауылсоветтерінің жеріне де 2 рет әдейі бардық. Сағыrbай қыстауы Бесшоқы, Алтышағыл аралығындағы Жиделіде деген сыйбысты естіп, көне көз қариялар білер ме екен деп Асан, Жандар, Бесшоқы, Керей ашығы, Ұштаған, т. б. жерлерде болдық. Анызда Сағыrbай кедей болғасын Өтешқали, Шаңқала (Шағбала болуы да мүмкін) деген байлар қыстауының қасында мекендеген дегесін сұрастырып едік, ешкім қуаттамады. Сол жерде туып-өскен, жұмыс істеген, Құрманғазыны билетін Пауеден Досжанов деген ақсақал бізге бұл жерде Қызылқұрт руының Соба бөліміне қарайтын 5—6 ауылы мекендеді, ал Ерші бөліміне қарағандар Бекетай құмын мекендеді деп, оқымаса да архив мәліметін қуаттап отыр. Бізде ешкім де Сағыrbай қыстауының шамасын айтпады. Тарихи материалдарды салыстырып қарасақ, Сағыrbайдың қыстауы, оның жақын туыстарының (Аршанов Төлеген, Уахап Қабиғожин, Залел, Қалел Бисенбиеев, Сатқан, т. б. «Аршаның ақ қыстауы» деген орын әлі айтылады.— И. К.) қыстаулары осы Жиделіде.

Осындай мәліметтерді салыстырған болар, академик А. Жұбанов Құрманғазы туралы негізгі енбегінде ұлы күйші Бекетай құмында дүниеге келгенін жазады. Бірақ айқындалп айтпаған. Ал Қазақ Совет энциклопедиясында Құрманғазы Сағыrbайұлы Орал облысы Жаңақала ауданындағы Жиделіде дүниеге келгені жазылған³. Біз тағы да ұлы күйші тұрған, болған жерлердің көбін аралап, архив материалдарын да қарап, көпшіліктен сұрастыра келіп, жиған материалдарымызды ықшамдап Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» га-

зетінде жарияладық⁴. Бұл көмескі жайды айқындау оңай болмады. Бұл жұмыс — ұзақ әңгіме. Біз қысқаша айтып отырмыз. Жоғарыда біз Сағырбайдың мекені туралы әңгіме қозғадық: аталған мақаладан кейін біздің адресімізге бірталай хат келді. Бірақ Қ. Сағырбаев Теніз ауданының Құрманғазы атындағы совхозындағы «Жиделі» деген жерде болыпты деген мәлімет түспеді. Ол жерден келген хат бізді басқа жаққа сілтеді. Эрине, Құрманғазы бұл өнірде талай болған шығар. Бірақ ол «Жиделіде» өсті екен деп бұрынғы Бекейлікте болған 4—5 Жиделі деп аталатын жердің әрқайсысына қарай тарта беру жөн бола ма? Әркімдерден естіген сан түрлі мәліметтер мен баспасөздердегі белгілі жайды салыстырып, тексеріп көрдік. Оларды архивте бар кейбір мәліметтермен салыстырдық. Сонда Сағырбай аулының атамекені Жаңақала ауданындағы Жиделі екен. Ол Жиделі құмы Новая Казанка (қазақша Жаңақала дейді — И. К.) қонысынан онтүстікте 60—70 км жүргесін басталады.

Сондай-ақ, Сағырбайдың қыстауы Бесшоқы, Уштаған (жаңасы), Керей ашығы аралығындағы Жиделіде Шаңқала (біреулер Шағбала дейді), Өтешқали орны касында болғанын ешкім қуаттамады. Қызылқұрт ауылы Гурьев облысының Кошалақты маңындағы Жиделіде, Құрманғазы атындағы совхозда мекендермен болды және оны келген хаттар да қолдамады. Ал Балыкшы ауданында тұратын Арухан Исламова өз хатында Сағырбай қыстауының (Нарында әлі «қорғаны» деп айтады) орнын 1945—1946 жж. анасы көрсеткенін жазады. Арухан, анасы, т. б. кіслермен Жиделіге жидетеруғе барып, оның онтүстік-батыс жағында өз ата қонысы болғанын, одан кейін сол маңдағы Сағырбай қыстауының орнын көрсеткенін айтады. Сонда бұлар Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты «Алғабас» колхозы Бекетай ауылсоветінде тұрған екен. А. Исла-

мова келесі хатында сол жердегі өзі білетін адамдардың аты-жөнін жазған. Солардың бірі — «Алғабаста» бірнеше жыл мұғалім болған Аманғали Оразғұлов деген кісі, біз ол кісіге барып сөйлестік. Ол кісі бізге Сағыrbай қыстауы Бекетай Жиделісінде екенін айтЫП, оны қалай тауып барудың жолын мегзеді. Сағыrbай мекені Бекетайдағы Жиделіде екенін біз бұдан бұрын да естігебіз және бұл пікірді анықтай түсу үшін Бекетайда, Ұштағанға дейін бардық. Солардың бірі — Дәүлет Бірәлиев деген білікті қария 1972 жылы Құрманғазының атамекені Бекетай Жиделісінде деген еді. Дегенмен, талай жыл сұрау сала жүріп, Сағыrbай мекенін анықтауда бірді-екілі адамның айтқанын дерек етіп ала жүгірмей, мәселеге байсалды қарауға тырыстық. Ол үшін ұлы күйшінің жерлестерін, туысқандарын анықтауға ұмтылдық. Бұл қыын жұмыс екен. Дегенмен, көп кісі және жер атаулары, Сағыrbай туыстары — Аршан, Сатқын, Сыралы, Қалел, Залел, Кошым, т. б. болғанын және бұлардың үйлері қанаттас жақын отырғанын білдік. Ең жақын көршісі Зәлел деген екен, соның келіні Әлімғалиеваның айтуынша, Сағыrbай қыстауы күні кешеге дейін сақталған. Өздері жас кезінде соған кіріп отырған. Ал оған Новая Казанка қонысынан Қараөзек немесе Махамбет жолымен шығып баратынын айтты.

Бұлармен қатар біз бір кезде («Алғабас», «Э. Тельман» колхоздарында) Бекетай ауылсоветінің жерінде жұмыс істеғен Нақуов Табылды, Елжанов Нұрқан, Шұнғілов Қадем, Аманов Мұнтақан, Арыстанов Байғазы, т. б. көптеген адамдармен сөйлескенбіз. Бұлардың бәрі де Сағыrbай қыстауы Жиделіде екенін және шамамен тұрған жерін айтЫП берген.

1985 жылы Жиделіге — Сағыrbай орнына баруға жиналғанымызда таба алар ма екенбіз деген үлкен күдікпен келдік. Ел өзгерді, жер-су аттары, жол бағыты өзгерді, әлдеқашанғы қыстау орнын кім біле қояр екен

деген үлкен күдікпен келдік. Орал облысының Жаңақала ауылсоветіне, Новая Казанкаға келгенімізде бұл үшілк сейілді. Біз әркімнен Сағыrbай орнын сұрай бас-тапанымызда көптеген адам білетін болып шықты. Жоғарыдағы аталған адамдардың айтқан, сілтеген бағыттымен біз Новая Казанка қонысына Махамбет жолымен Айбас, Ескі Уштағанға қарай жүріп отырып, тұра Қалел, Залел қыстауына жақындалдық. Кейде алдыңғы жолдан шығып, солға бұрылып басқа жолға түстік. Қашір «Әлжан терегі» деп аталатын «Жұмабай қорғаны», Батау, Ескі Boқан орнынан асып, Сағыrbай қыстауының орны делінетін тапауга келдік. Шамамен 80—90 шақырым жер жүрдік. Жиделінің құмының іші жағалай дөң-дөң құм, тапаудың қасында 50 метр жерде бір топ ақ терек өсіп тұр, айнала жиде ағашы. Бұл манда құм әлсін-әлсін көшіп тұрады екен, бейіттерді құм басып қалған.

Сағыrbай орнының осы екенін білер ме екен деп жақын отырған (5—10 км айнала) малшыларға барып сұрастырып едік, көбі біледі екен. Солардың бірі — Мұрат Мұқамедияров деген шопанға жолықтық. Ол осы өнірде 17 жылдан бері тұрады екен. Сағыrbайдың қыстауының сол екенін ол кісі де біледі екен, бізге рас-тап берді. Одан әрі Аршанның ақ қыстауын (белгілі домбырашы Аршанов Төлегеннің әкесі — И. К.) Қалел, Залел, Молдағаппар, т. б. жерлестерінің орнын біліп шықты және олардың қанша шақырым жерде екенін айтты.

Сонымен, Сағыrbай мен оның ағайындарының қыстаулары бұл өнірде мәлім екен. Бұдан біз жоғарыда аталған және аталмаған жерлестерінің сөзіпе сүйеніп, Сағыrbай мекені негізінен Бекетай Жиделісінде, бұрынғы Бекетай ауылсоветі территориясында болған дей аламыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, Құрманғазының туған жылы туралы да бірыңғай пікір жоқ. Академик А. Жұбанов Құрманғазы туралы негізгі еңбегінде оның туған жылын арнайы атап жазбаған. Тек ұлы күйшінің өмірінің тарихын баяндауының соңғы беттерінде Құрманғазының қайтыс болған жылы әңгіме болғанда ғана оның құлпытасына 1806 жылы туғаны жазылған деп көрсетіледі⁵. Бірақ осы және басқа еңбектерінде күйшіні 1818 жылы туған деген пікірді араластырып жаза берген⁶. Міне, осыдан келіп ұлы күйшінің туған жылын, жерін, әркім өзінше бұрмалап, өзінікін жөн көрін жүргендей. Содан, Қазак Совет Энциклопедиясында да туған жылы екі датамен жазылған.

Біздіңше, бұндай екі ұшты баяндауды тоқтатып, бір үйфарымға келетін уақыт болды. Ол үшін күйшінің қабірінің басына қойылған құлпытастағы туған жылы туралы датаны негізге алайық та, 1806 жылы туған деп тұжырайық.

Ел аузында Құрманғазының өмірі туралы үстіртін не шатастырылған әңгіме де кездеседі. Соның бірі — Құрманғазы бала кезінде Байбақты руының Әлтеке бөлімінен шыққан бай Әубәкір Ақбаевқа жалшы болған дейді. Бұл пікір тексерілмей тұрып, кейбір кітаптар мен мақалаларға да енген. Мысалы, Бекейліктің он-түстік-батысында өскен және Бекетай құмы өңірін жete білмейтін Хайдар Ирмұратов деген азамат өзінің Құрманғазы туралы «Чарадей» деген кітабында бала Құрманғазыны Әубәкірдің жалшысы етіп қояды. Бұны тексеріп, анықтаудың сәті түсті. Бұрынғы қалыптасқан пікірді өзгерту үшін бірталай дәлел керек болғасын, біз бұл мәселеге біршама тоқтап өтелік. Оның үстіне Құрманғазы өміріне Ақбай би мен оның ұлы Әубәкірдің белгілі бір қатысы бар екені талай жазылып жүр. Күйші Ақбай туралы күй шығарды, ал Әубәкір жөнінде сол өңірде Құрекенің мынадай өлеңі сақталған:

«...Әлтеке, Құдайназар жазғаным жок,
Халқының жалғыз тайын алғаным жок.
Баласы Ақбай бидің би Әубәкір,
Жолықсан өн далада арманым жок», —

деген.

Бұл өлең бізге бала күнімізден таныс еді. Бұндағы Әлтеке, Құдайназар — Байбақты руының ауылдары екен. Бірақ қазактың басқа рулары секілді «Әлтеке» де бытырап кеткен, бүкіл Қіші жүзге дерлік тараған. Бұл қай жердегі әлтекелер? Бұрынғы Құрманғазы туралы қазылып жүрген кітапта Ақбай Жиделі құмының маңында деп көрсетіледі де, содан Құрманғазы әділетсіздікке шыдамай, Самар көлдеріне, яки Фокей жағына қашып кеткен делінеді. Ақбай мен Әубәкірдің қонысын, фамилияларын анықтау үшін амалсыз шежіре іздел қарадық. Жаңақала ауданының Жаңақала ауылсоветіне (Новая Казанка қонысына) барып, сол жерде туын-өскен қарияларға сұрау салдық. Сөйтіп жүріп, Сейтім Такесв деген қария Әубәкірдің мешіті деген жердің соның жаңында Ақбай мен Әубәкірдің зираты бар екенин хабарлады. Әубәкірді жас кезінде көрдім деген 82 жастағы Бірәлиев Мерген деген қарияны, тағы басқа адамдарды кездестірдік. Мерген атай бізге Ақбай мен Әубәкірдің ата қонысы бір, жаңағы Фокейдің онтүстік жағында Сарышығанақ деген көлдің жағасына жақын екенін айтты. Сонымен Ақбай мен оның баласы би Әубәкір Құрманғазы аулымен ұзақ жылдар бойы жаңағы Қара өзеннің Самар көлдеріне құяр сағасында шекаралас болған көрінеді. Енді Ақбай мен Әубәкірдің құлпытастарын тапсақ, бұл естігепінізді құптап әрі олардың жас шамасын анықтауға мүмкін болар еді.

Біз Жаңақаладан Ақбаев Әубәкірдің жерлесі Мерген Бірәлиев пен Эйіп Бектасов деген қарияларды алып, Тайпыл сайынан 5 шақырым жердегі Әубәкір Ақбаевтың бұрынғы орнына бардық. Мерген қария бізге «Мынау қыстауы, міне, Әубәкірдің мешітінің орны»

деп көрсетті. Мешіт үйінің құландысы әлі биік, алыстан көрінеді. Сосын Мерген қария сол мешіттің қасындағы бейітке әкеліп, бір құлпытастың қасына келіп: «Міне, мынау Әубәкірдің құлпытасы» деп көрсетті. Әйіп Бектасов ағай екеуміз жайлап оқи бастадық. Байбакты, Әлтеке деген сөздерді оцай айырдық. Әйіп ағайдың көпті көргендігі мен ескіше сауаттылығы көмек етті. Ақырындал «Назарымбет» деген сөзді анықтады. Ол — Ақбайдың атасы. Сосын «Ақбайұлы» дегенді айырып, сөйте-сөйте аяғына дейін оқып шыкты. Сонда, Әубәкір Ақбаев 1904 жылы 71 жасында опат болған екен. Құлпытасын қойған баласы Тілекқабыл деген. Бұл да дұрыс, Әубәкірде 2—3 үл болған, біреуі — Тілекқабыл деген естігенбіз.

Сонымен, Әубәкір 1832—1833 жылдары туған болады. Олай болса, көп әңгімелердің шындығын ашуға септігін тигізеді. Құрманғазы 1806 жылы туған болса, ол жас кезінде Х. Ирмұратовтың «Чарадей» кітабында жазылғанындей, Әубәкірге жалшы бола алмайды. Екіншіден, Құрманғазының балалық шағы Жиделі құмында өткен, ал Ақбай мекені одан көп қашық!

Әубәкірдің атасы осы Сарышығанақ қасындағы бейітте жерленген екен. Яғни, бұл — атамекені деген сөз. Бекейліктегі, әсіресе, Нарындағы ауылдар ұзаққа, жер жайылыс жетіспеуінен жайлауға қашыққа көше алмаған. Әубәкір аулының Жиделіге көшіп баруы да мүмкін емес. Үшіншіден, Әубәкір 60-жылдары ғана би болады. Сонда, оған Құрманғазы өмірінің қартайған шағы ғана байланысты болғаны.

А. Жұбанов «Құрманғазы» деген кітабының екінші басылуында кімнен естігенін айтпай, «Құрманғазыны алты жасқа жаңа келгенде, қабырғасын қатырмай, бұғанасын өсірмей жатып-ақ сол өредегі Шағбала деген байдың қозысының соңына салып қоюға мәжбур болады», — деп тағы жазады⁷. Кисыны келмейтін әңгіме.

Біріншіден, Нарындағы тұрғындар тығыз тұрады және тек мал шаруашылығымен айналысады дедік жоғарыда. Жұмыс қолының артықтығы сонша, жыл сайын тағай мың еркектер басқа губернияларға кесін іздең көтөтінін айтқанбыз. Сондықтан Нарында мал бағатын ісі жеткілікті, алты жасар бала емес, 16 жасар үлкендер, әйелдер жұмыссыз отырған. Сосын бай қозызы бөліп, қой сауып неғылсын, оның сиыры да жетеді. Қой, ешкіні сауу кедейдің ісі. Екіншіден, біз Орал, Гурьев облыстарында болғанымызда Шағбала деген байды ешкім білмеді. Ал Жаңақала деген жер бар, бірақ, ол Сағыrbай қонысынан көп қашық. Сөз жоқ, кедейдің баласы жасынан байдын, ауқаттының малын бағып, үйін, қора-қопсысын күзетіп, баласын күтіп, күннін көруге мәжбүр. Есейе келе Құрманғазының мал бағуы мүмкін.

Сол секілді автордың: «Бір күні қызыл өгіздің ұстаптандегі ерді сыпрып алып, он сегіз жыл бойы әкесінің әнбегін жеп келген Байбакты Ақбайдың Әубәкірінің әлалы жылқысына қарай мандайды түзейді»,— дегені де орынсыз⁸. Біз жоғарыда айттық, Құрманғазы ер жетіл, азамат болғандағана, яғни 1833 жылы Әубәкір Ақбаев дүниеге келеді. Сондықтан бұл төніректегі әңгімелер де қисынсыз.

Құрманғазының үлкен ұстазы деп Ұзак деген күй-шіні айтуши еді, бірақ оның әкесінің атын да, мекенін де ешкім атамайтын. Бөкейлікте оны ешкім білмеді. Сосын біз Құрманғазы туралы материал іздең, Орал облысының Жымпіты, Қаратөбе аудандарына бардық. Сайтсек бұл аудандарда Ұзак күйшінің үрпағы бар екен. «Хан базарда (Орданы бір кезде солай атайды),— дейді А. Жұбанов,— болып тұратын домбыра тартыстың қызу ортасында жүретін Бөкей хандығына әтағы жайылған Ұзак атты күйші болды. Өзінің туып-екен жері Жайық өзенінің шығыс жақ беті болғанмен,

домбырашылық дәстүрде Ұзақ Бөкейлік жағына бейім болды»,— деген. Бірақ себебін айтпайды. Анықтай ке-
тейік, хан базары деген ол уақытта Ордадан 35 км ба-
тыста «Бұлдіргенді» деген жерде өтетін.

Біз Құрманғазы туралы мәлімет іздеп жүріп, Орал облысының Қаратөбе ауданы Аққозы ауылсоветінде белгілі Ұзақ күйшінің (ешкім де домбырашы демейді.— И. К.) үрпағы бар деп естідік. Содан сұрастыра келе аудандық газет қызметкери Қайыржан Хасановтың кө-
мегімен осы жерде тұратын Шейітова Фалия, Қазыбаев Қасанның Ұзақ күйшінің үрпағы екенін білдік. Бұлар-
дың және Ақжайық ауданында тұратын Сағынтай Сау-
келиннің айтуынша, Ұзақ, Құлшық деген ағайынды кі-
сі Барамық Алаша Мырзабай дегеннің ұлдары екен.
Ұзақтың өзінен бес ұлы болған, қазір көбінің үрпақта-
ры бар. Олар Жымпіты, Қаратөбе аудандарында тұ-
рады екен. Кейбіреулерімен біз сөйлестік. Орал облы-
сының Қазталовка ауданында тұратын К. Дәuletқали-
евтың айтуынша, Барамық ауылы Нарынның ірге құм
және Қара өзен бойындағы Жалпақтал деген жеріне
бөлінеді де, содан XIX ғасырда Жайықтың шығыс жа-
ғына олардың бірқатары көшіп кеткен. Солардың ішін-
де Ұзақ күйші де болыпты. Өйткені, сол көшкен ауыл-
дан біреулер кері келгенде, Ірге құмда қалғандар: «Жа-
йықтан өткенде Ұзақтың домбырасы суға кетті деп еді
фой, сол рас па»,— деп сұрапты.

Бұған қарағанда Ұзақ, шынында да, Ірге құмда тұрған және Жайық өтіп Қаратөбе, Қалдығайты жағы-
на өткені дұрыс. Екіншіден, Ұзақтың домбырасы Жа-
йық сүйнан көктей өткенде, яғни Махамбетше айтқан-
да, ат салып өткенде суға кетеді. Олай болса, Ұзақ ауы-
лы жергілікті әкімдерден қашып, жасырын өткен. Бұн-
дай өту 1820—1830 жж. ханның қысымымен отарлық
езгінің күшейген кезінде жиі болды. Ірге құм мен Жи-
делі құм арасы жақын, көлікпен араласып тұруға бо-

ліді. Сонда Ұзақ пен Құрманғазы ауылдары ілкеде іргелес қонған фой.

Ұзақ асқан домбырашы болған. Домбырасының шапшы кішкентай, ожаудың үлкендігіндей екен, ат дорбасына салып, қанжығасына байлап жүріпті. Топсалы домбырасы да болған. Ұзақтың Ораз деген баласының үрнағы Қасан Қазыбаев аталарының, ағаларының шебер домбыраши болғанын, солардың бірі Төлеген Саукелин Ұзақтың бірталай күйлерін тартатынын мәлімдеді. Қасан Қазыбаевтың айтудың Ұзақ Мырзабаев осы Аққозы советінің жерінде «Ақтұлым» деген бейтте Қасанның анасының қасына жерленген. Ұзақтың үрнағы Саукелин Асқар, Сагынтай өз аталары туралы да азды-көпті әнгіме біледі екен. Бұлардың білуінше, Ұзақ кезбе күйші болған. Бір жылы Ұзақ ел аралап келе жатып шөлдеп, бір ауылға бұрылып ағаш үйге келіп тоқтайды. Ішке кіріп, үйде отырған қыздан сусын сұрайды. Қыз бір аяқ қымыз әкеліп береді. Сусындал отырған Ұзақ көзі қабыргада ілулі тұрган домбыраны көріп:— Қарындасым, ана домбыраны алғып берші, көрейін,— деді. Қыз:— Домбыра әкемдікі, ол кісі домбыраны бөгде адам ұстағанды біледі, сосын бізге ренжиді,— деп бермейді. Ұзақ қайта сұрай бергесін, қыз ұялып домбыраны алғып береді. Сонда, Ұзақ домбыраны бірталай қарап, бірер шертіп, «қайта орнына қоя қой» деп қызға береді. Сосын сыртқа шығып атына мініп, өз жөніне кетіп қалады.

Кешікпей үй иесі келін қызынан: «Ана домбыраны кім қозғады?»,— дейді... Қыз амалсыз шынын айтады. Экесі: «Ол жолаушы қалай кетті?»,— деп бағытын сұрап алғып, атына міне сала, қуа жөнеледі. Кешікпей келесі ауылда, қыз айткан түр-түсін сипаттауымен, әлгі азамат Ұзақты тауып, үй иесіне сәлемдесіп, домбыра тартысуға шақырады. Екеуі де шебер екен, бірталай тартысады, ақырында Ұзақ мәсісін шешін, башпайымен

тартады, жаңағы азамат бұлай тарта алмай: «Мен жеңілдім, сенің жеті мүшесң де домбырашы екен»,— деп мойында, Ұзакты үйіне әкеліп, бір ай жатқызып құрметтейді.

Ол кездегі өнерпаз адамға ел аралау занды құбылыс. Өйткені ол аудиторияны, тыңдаушыларын іздейді. Екіншіден, әркімнен жаңа шығарма үйреніп, репертуарын байтады, үшіншіден, ойнау, өлең айту, шығару тәсілдерін жетілдіріп, мамандығын арттырады. Еріксіз қашқан, кезбе болған Құрманғазы да осы университеттен өтті ғой.

Тағы бірде Ұзак бір жылдың үстінде үйіне оралмай хабарсыз кетеді. Әркім оны жоғалдыға таңып, біреулер оның өнерін жаратпай, оны «пері әкетті», деп өсектеп, үмітін үзеді. Бірақ, күзінде Ұзак үйіне келеді. «Қайда болдың?» дегенге әуелі қалжында, кейін оңашада: Бекейліктен шыққан Құрманғазымен бірге Манғыстау, Үстірт жағына, одан да әрі талай жерге барып, ел аралап келгенін айтады.

Біз бұдан кейін Ұзакты анықтау үшін аталарын, туыстарының есімдерін сұрап алғып, шежіре қарадық. Ұзактың әкесін, атасын білетін басқа да кісілер бар болып шықты. Сонымен қатар Құлшық Мырзабаевтың үрпағы Сағынғали Нұрғазин Алматыда тұратынын білдік. Сол кісінің айтуынша, аталары Ұзак, Құлшық Бекейлікте Ірге құмда қысталап, Жалпақталды (Орал облысы, Фурманов ауданы) жайлап, Подтяжкіде (Камень ауданы) күздеген. Содан аулымен XIX ғасырдың 1-жартысында болар, қазіргі Қаратөбе ауданының жеріне көшіп келген. Ағайындарының бірқатары Ірге құмда, Жалпақталда қалған, кейін көпке дейін араласып тұрғандығы жөнінде фактілер келтірді.

Бұдан Ұзак, Құлшық Мырзабаевтар Бекейлікте аз жылдар болса да мекендегенін көреміз. XIX ғасырдың бірінші ширегінде Қіші жүздің көп ауылы Жайықтын

шығысынан Нарын жағына қарай қоныс, жайлау ізделеп көшіп барғанда, ішкі тарапта Бекей, Жәңгір ханның қарамағында болған. Бірақ, ел көбейе келе Нарын жағында қоныс тарылған, жайылым азайған. Оның үстіне Орал, Астрахань қазақ әскерлерінің қысымы күшейіп, шаруалардың жерін, малын тартып алу, айыптап жазалау көбейіп кеткен. Бұған наразы болған шаруалар 1827—1829 жж. Науша Қаржауов пен Қараторғай Мөмбетовтың бастауымен толқып, Жайықтың шығыс бетіне қашып өте бастайды. Ұзақ әуелгі бір қарқынмен Нарынға өтіп, біраз жыл Бекейліктегі тұрып, өмір сүруі мүмкін. Сосын шаруашылыққа қын болған соң кері Жайықтың Бұқар жағына көшуге мәжбүр болса керек.

Енді Лауышке туралы әңгіме. Ізденушілер Құрмангазының досы болған И. Ф. Бородин туралы ертедегі газет материалдарын тауып, соңғы жылдары жарияладынмен, ұлы күйші туралы кітапқа бұл мәлімет әлі толығырақ енбеген. Біз қысқаша тоқталайық. Орал қазақ әскері XVII ғасырдан бастап Жайық өңірін отарлай бастаған дедік. Сонымен бірге Жайықтың батысын — Қара өзен, Сары өзен, Самар көлдері алқабын күшпен иеленген. Қазақ шаруалары Каспий жағалауынан солтүстікке — Қара өзенге дейін далалықты жайлап келген. Құныққан Орал әскерінің старшиналарына бұл «тиімсіз» болады. Олар бұрын көп жерге заңсыз иелік жасап, қазақ шаруаларына жайылымды, шабындықты, суатты жалға беріп, көп пайда табатын. Орал әскерінің басшылары Бекейлік шаруаларға қысым жасаудың жаңа түрін шығара бастады. Соның бірі — Бекейлік пен Орал жерінің шекарасы Қара өзен емес, одан батыс жақтағы — Сары өзен деп шатақ шығарады. Сары өзен бойына 1813 жылдан бастап Қақташтан (Малоузенск) бастап әр жерге әскери гикет, форпосты (бекініс) орнатып, әскери линия құра бастады. Бұл жаңа әскери линия Өзен линиясы деп аталып, оның бойына Жайық

жағасынан қазақтарды күшпен көшіріп әкеліп орналастырады, қалмақтарды қоныстандырып, әскери бақылаушы етіп қояды. Осы кезде Қара өзеннің Самар көліне құяр сағасына Орал әскері офицерлерінің малына сақшы болу үшін Бородин Никифорович Фокей деген казакты көшіріп әкеледі. Бородиннің, жергілікті ел айтуынша, жөнді үй мұлкі, малы, көлігі болмаса керек. Әуелі ол Қара өзен жағасындағы бір қазақ шаруаның жер кепесіне кіріп отырады. Сосын оның кедей екенін көрген қазактар көлік, құрал беріп, үй тас соғуына, үй салуына, мал өсіруіне көмектеседі. Бородин қазақ шаруаларымен жылы қарым-қатынаста болады, балалары да араласып тұрады. Содан бұл жер орыс деректерінде «село Бородино» деп жазылады да, қазактар өзінше — Пакей (Фокей) дейді. Пакейдің бір баласы Иов деп аталады, оны ата-анаstry еркелетіп «Иловушка» десе, тілі келмеген қазактар «Лауышке» дейді⁹. Лауышке қазақта үйір келеді, қазақ тілін үйренеді, қазақша өлең айттып, ән салуды, домбыра тартуды біледі¹⁰. Бұл жөнінде «Уральские войсковые ведомости» газетінде біз жоғарыда атаған Н. Ф. Савичев анық жазған еді. Мақалада И. Ф. Бородин ақылды, тәжірибелі адам, сол Фокеево селосында балық аулау, мал өсіру, бау-бақша отырғызумен айналысқан. Бау-бақшасы жақсы, онда қауын, қарбызын қатар редиска, қант қызылшасы, бүршак, сәбіз, т. б. бұл жерге өспейді деп жүрген нәрселерді өсіреді¹¹. Әрине, автор да, одан бұрын жасаған Бородин де бұл өнірде ертеде қала болғанын, мәдениеті болғанын қайдан білсін!

Автор бұдан әрі И. Ф. Бородин «Бөкейлік қырғыздардың (қазактардың — И. К.) тілін, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін жете біліп араласа алатындықтан, кедей қырғыздардың ішінде үлкен бедел алып, көбімен таныс болды, олардың өкімет басшыларымен өте достық қарым-қатынаста болды», — деген Н. Ф. Савичев: «Фокеев

(Пакей) селосының қожайыны И. Ф. Бородиннің музикант, скрипкада, гитара да жақсы ойнайды, балалайка мен домбыра тартуы өте үздік», — деп жаныты. Міне, бұл айтылғандардан кедей қазақ шаруаларының, Құрманғазының досы Иов Фокеевич Бородиннің қандай адам екенін көреміз. Біз осы Пакейге барғанымызда бізге «Лауышкенің үйі» деп бір ескі үйді көрсөтті. Пакейден құбылада 2 км жерде «Лауышке» деген көлшік те бар екенін білдік. Бұдан біз Лауышке осы жерде болған адам деп сенеміз.

Жоғарыда аталған газеттің 1889 жылғы 15 октябрьдегі санында есаул И. Ф. Бородин өлімі туралы некролог жазылған. Онда да оған өте жақсы сипаттама берген. Некрологте: «Қырғыздар марқұм Иов Фокеевичі «Лауышке» деп атайдын, бұл есім әкесі мен шешесінің жас кезінде еркелетіп «Иовушка» дегенді бұзып айтудан шыққан. Марқұмның «Лауышке» деген атағы қырғыздар (қазақтар — И. К.) арасында бүкіл Қамыс-Самардан асып, Орал шаһарына жеткен еді.

Көрші қырғыздар ездерінің сыйласп, құрметтейтін қарты Лауышкенің қайтыс болғанын естіп қатты қайырды және оны ақырғы рет көріп қалуға асықты», — деген.

Орал казак әскері ішінен бұндай беделді, ізгі адам аталмаған. Олардан тек озбырлық, күш көрсету, талау көріп өскен көрші елге есаул И. Ф. Бородин өзі әуелде кедей және қазақ шаруаларының көмегін, қайырымдылығын көргесін сол ниетке сай адамгершілік көрсеткені таңғаларлық құбылыс. Бұған біз жоғарыда келтірген мақалада: «Орыс адамына бөтен діндегі қыр адамдарының мұндай қайғыруы Орал әскері жерінде бұрын болып көрген емес және болуы да екіталай. Марқұм Иов Фокеевичтің бұндай халықтық құрмет, сенімге өзінің шапағатты істері нәтижесінде жеткенін мойындау керек», — деп жазылған.

И. Ф. Бородин 1889 жылы 76 жасында өлген, яғни Құрманғазымен бір жылда қайтыс болған. Сонда Құрманғазы түрған жаңа алдыңғы аталған Топай көлі мен Пакей қонысының арасы 3—4 км, үйлері, адамдары анық көрініп тұрады. Иов Фокеевич Бородин сонымен «Лауышке» болды, оның жас шамасы да Құрманғазымен замандас. Сонда И. Ф. Бородин жас жігіт Құрманғазымен көп жылдар көрші түрған, қатар өскен, бірін-бірі жақсы билетін болып тұрғой. Өйткені, Исатай — Махамбет бастаған Бекейліктегі шаруалар көтерілісі кезінде көтерілісшілер Орал әскері офицерлерінің малын тартып әкетеді. Соның ішінде Сламихин деген урядниктің екі өгізін 1836 жылғы көтерілісшілер айдан әкетеді. Сонда Құрманғазы 1836 жылы да осы Қара өзеннің Самарға құяр жерінде мал бағып түрған болды ғой. Бұл бізге белгілі деғен 7—8 жылдың ішінде көрші түрған Құрманғазы мен Лауышке бірін-бірі жақсы танып, дос болуы да мүмкін. Патша әкімшілігі, помещиктер мен купеңтер орыс пен қазақ шаруаларының тығызы араласып, татуласуына барынша кесел жасап, қайта жалған сөздер айтып, араздастырып, таластырып қоюға тырысқан. Осы өңірдегі Сламихин, Молотков, Богатырев, Мизинов, Акутин, Глухов, Миронов, Бerezov, Кожухаров, Серебряков, Логашкин, т. б. казактар қазақ шаруаларын барынша қанап, зорлық, озбырлық жасап отырған. Офицерлер, старшиналар өз мекендеріне шаруаларды жолатпайтын болған, ал жақындай қалса көлігін тартып алып, өзіне түрлі жала жауып, айдатып жіберуге дейін барған. Міне, осындаі түнек заманда ел ішінде Фокей, Иов Фокеевич секілді саналы адамдар қазақ шаруаларынан жиіркенбей, қудаламай, қолышан келгенінше көмек жасаған. И. Ф. Бородиннің осы ниетіне сай Құрманғазы оған арнап бір тамаша шығармасын атайды. Ол «Лауышке» күйі. Бұл күйдің шыққан уақытын атая ете қын. Деғенмен, Құрманға-

на Пакей қонысына көрші болып тұрғанда шығарылған болар.

Ұлы күйшінің көп күйлерінің қай жылдары шығарылғанын айту әзір мүмкін емес. Ол үшін көптеп бірталай зерттеу жұмысын жүргізу қажет.

Ал Лауышке туралы әңгімемізді кейінгі тарауларда тағы жағастырамыз. Сонымен, Құрманғазы 1829—1830 жылдары Пакей төңірегінде мекен теуіп, мал бағын жұмыс істеген. Бұл қазақ-орыс жері және басқа жерлермен байланысты, барып тұруға ыңғайлы жер. Мисалы, Жайық жағалауындағы мекендерге, Теке, Орынбор қалаларына баруға болады.

Сөйтіп, Құрманғазы жас кезінен бұл жерлермен таныс болуы мүмкін. Құрманғазы туралы көп мәліметті білге Орал облысы Жанақала ауданындағы Мәстексай қонысында тұрған Құбиев Қабдолла берді. Бұл кісінің жеке өз білігімен қатар атасы Жантөре, әкесі Құби сауатты адамдар болған, жазбаларын сактаған. Эсіресе, атасы Әбдірақман Құбиұлы Жантөрин ұлы күйші өмірі мен творчествосы туралы 1925—1935 жж. бірталай ізденіс жасаған, он шақты білікті адамның шежірелерін қажетті мағлұматтарды көшіріп, Құрманғазының өмірбаянын жазбақшы болған. Жазбалы деректерге сүйене отырып, Ә. Жантөрин ұлы күйшіні 1806 жылы Бекетай құмы, Жиделі құмы деген жерде туған дейді. Құрманғазы бозбала кезінде төлеңгіт Дулат деген байдың малын бағып, бала Зарбайға домбыра үйретіп жүргенде тәбелесіп, т. б. кінәсі болып, қорқып елінен қашып кетеді. Еңбекақысын төлемеген байдың жүйрік, қадірлі атын міне кетеді. Содан жөн таба алмай бірталай қыншылыққа ұшыраған, қаша отырып Қара өзен сағасына, Қара Самар көлдеріне келіп, тығылып паналайды. Бірақ патша құғыншыларынан құтыла алмай, 1834 жылы үсталып, абақтыға қамалады. Артынан Ескі қалаға (Ф. Глиннянский) анасы Алқа келеді. Осы

жерде «Қайран шешем» деген күйін шығарады. Хан мен билер күйшіні Үркітке жер айтатады. Міне, оқигалар осылай жалғасып, өрбіп, Сібірден қашқанын, Манғыстауға Төремұратқа барғанын, еліне қайта оралып, Лауышке мен Шәріп правительмен кездескендерін, Қабан, Мәти, Тоғайбай, т.б. шәкірттерін атап жазған. Э. Жантөрин 1903 ж. туған, Саратов рабфагін, 1935 ж. Ленинград пединститутының филология факультетін бітірген педагог. Қүйші туралы көп материал жиғанмен, жазбаларын аяқтай алмай қайтыс болған. Ескі кітаптар жинаған сауатты адам болған. Бұл кісінің күйші туралы жазғандарының бәрі бірдей күмәнсыз дей алмаймыз, деғенмен көптеген мәліметтері нанымды, алдағы тарауларда пайдаланамыз.

Әдбірахман Жантөрин әкесі мен атасының жинаған тарихи, әдеби, фольклорлық материалдарын толықтырып, бір жүйеге келтіріп, анықтап жинақтаған.

Қабдолла қарияның әкесі Құба Жантөрин Уфа медресесін 1880 жыл шамасы бітірген. Құби жазбаларының ішіндегі бізге қажетті 1881 жылғы май айында «Қазарма» мекені қасында өткен қызызату тойы туралы жазғаны. Оның ішінде ақын Білек Қапар қызының (Құрмангазының туысқаны) Өтебаймен айтысы және сол тойға қатысқан Мәмен, т. б. домбырашыларды жасына дейін көрсеткен. Бұл материалды да біз пайдаланамыз.

Құбиев Қабдолла ескіше, жаңаша сауатты, көп жерлерді аралап, ескі тарихи, әдеби материалдар, қолжазбалар жинаған. Ішінде Махамбеттің, Шәйтім ақынның белгісіз өлеңдері бар. К Құбиев Құрмангазы туралы көп мәлімет біледі екен. Солардың ішінде күйшінің түрған жерлерін көрсетті. Ең алдымен бізді Қара өзен-ді батыс жағымен жағалай жүргізіп, өзеннің Қара Самарға құяр сағасына жақындаپ, жағадағы бір қыстау орнын көрсетіп: Мынау Топай деген Қызылқұрттың ес-

кі орны, ал алдындағы көлшік «Топай көлі» деп айттылады дегені. Бұдан өзен жағалап 80—100 м жүргізіп, бір қыстау орнына апарып, бұл Құрманғазының үйінің тапауы, ал батыста көлшіктегі құрақты нұсқап, оны «Құрманғазы құрағы» деп атайдынын айтты.

Сонда, әлгі «Құрманғазы қыстауы» деген жердің батысында Қара өзеннің жарқабағындағы Фокей қонысының 3—4 км екендігі көрініп тұрды. Олай болса, Құрманғазы мен И. Ф. Бородин көрші тұрған екен. Қабдолла ағай бұдан кейін бізді осы Фокей (Пакей) қонысына апарып, көшениң батыс жақ шетіндегі екінші үйді Лауышкенің үйі деп көрсетті. Үй өте ертеде салынғаны көрініп тұр, мұжіле-мұжіле әбден тозған, бірақ әлі де үлкен, биік.

Осы жерде айта кетеік, біз кейін осы Пакейге тағы барып, оның қызылысында 1,5—2 км жерде «Lauышке көлі» деген бар екенін анықтадық.

Ал Қ. Құбиев Фокейдің батысындағы көлді жағалай отырып, Лауышке мен күйшінің кездесуі туралы әңгімені жалғастырып, әлгі көлдің батыс жағалауындағы Қара өзеннен келетін сый бойындағы ескі 2 үйдің орнына әкеліп, біреуін Құрманғазы үйінің орны деп көрсетті. Ал суватты қазірде ел «Құрманғазы суваты» атайдынын айтты. Бұл мәліметтерді біз басқалардан бұрын да естігенбіз, бірақ қай жерде екенін білмеуші едік. Міне, енді Қ. Құбиевтің арқасында өз көзімізбен көрдік.

Сонымен күйші Пакей төңірегінде талай жыл мекендер тұрған болды. Бұл жер күйшінің аулынан көшіп келген ағайындарының мекендерінен де онша алыс емес екен.

Келесі бір мәселе — Құрманғазының Маңғыстау, Шың, Сыр өнірлерінде болуы, Төремұрат, Нарынбай-лармен кездесуі туралы. Себебі Құрманғазының Үстірт, Шың, Маңғыстау өнірінде болуы туралы ел ішінде азыз-әңгімелер көп. А. Жұбанов келтірген бір

әңгімеде Төремұрат жас жігіт болып суреттеледі, ол Қыз Данай деген қызға ашына болып, алып қашып үйленіп, бітпес дауға қалады. Бұның қаншалықты шындық екенін бағдарлау қын. Ол үшін Төремұрат, Нарынбай қай елдің адамы, мекенін, жасын анықтауымыз керек. Осындаі қомескі жайларды анықтау үшін біз арнайы Гурьев, Манғыстау облыстарына барып, Адай елінен Төремұрат, Нарынбай деген батырлар болды ма екен деп бірнеше рет сұрау салып іздедік. Біледі деген кісілерден шежіре қарадық. Бұнымен қатар жергілікті мерзімді баспасөз бетінде де мақалалар жазып сұрас-тырдық. Бірақ Адайлар ішінде Төремұрат, Нарынбай деген адам аттарын білетін ешкімді кездестірмедік. Сөйтін жүріп, Құрманғазыға Маңқыстау, Жем, Сағыз өнірінде Шөкен деген қыздың кеміте айтқан өлеңі есі-мізге түсті. Онда Құрманғазы:

«Жүресің ас, сый күрметті олжа көріп,
Қайдағы Адай, Таздың арын арлап»,—

деген. Бұндағы «Таз» деген он екі ата Байұлына кіре-тін ру аты. Осы кезге дейін елдің қоныстану тарихын жете білмегесін, Таз деген рудың ауылдары бұл өңірде мекендейтінін білмей, мән берmedік. Жоғарыда аталған облыстардың Бейнеу, Шетпе, Құлсары (Ембі) аудандарының жергілікті жағдайын сұрастырып жүргені-мізде, Таз ауылдары Жем, Сағыз, Жылой өңірін мекендейтінін білдік.

Сөйтіп жүргенде Гурьев азаматы Мұқан Қөптілеуов бізді Исламғали (Слаш) Кереев деген ағаймен кездестірді. Бұл кісі Жылойда, Жем, Сағыз бойында туып-өскеи азамат екен. Төремұрат, Нарынбай, Өтенді біле-тін боп шықты. И. Кереевтің айтуынша, Төремұрат Таз руының Жастабан бөлімінен, әкесі Тайбек, мекені Жем, Сағыз. Өтен бейіті «Ембі» совхозының жерінде деген.

Төремұрат, сірә, бай болмаса керек. Өйткені, Қосшалыда мынадай сөз бар: «Төремұрат көшем десе кім түйесін бермейді» деген. Сол өңірге белгілі ақын Қашқынбай Қожамбетұлының өлеңінен мынадай үзінді келтірелік:

«...Қаратаздың баласы,
Төремұрат, Өтен мен
Тілі сақау Нарынбай,
Дәңгелек бөрік түрікпенді,
Манғыстаудан бездіріп...»—

деген. Бұндағы «Қаратаз» дегені «қарапайым, шаруа» деген мағына береді еken. Нарынбайдың тілі мүкіс болса керек. Төремұрат бір сырлы, сегіз қырлы жігіт болыпты, батырлығы да, билігі де қатар жүретін, адамгершілігі мол адам болыпты. Өтен де жаугер еken. Нарынбай ұрыста ту ұстап, қасына кісі жолатпайды еken. Соғыс барысында біреу келіп халін сұраса, ұсті-басы алба-жұлба, қан-қан болып тұрса да, соған қарамастан Нарынбай: «Жан шыдаса, мен шыдаймын ғой»,— деп ұстамдылығын көрсетіп, басқаларға күш, қуат, рух беретін көрінеді. «Жан шыдаса, мен шыдаймын ғой» деген сөз сол елге мәтел болған. Слаш ағай сол арада Мұрат ақын өлеңінен:

«...Ерлігі бір қазақтың Өтендей-ак,
Оны да аңсыз күні жазым қылған»,—

деген шумағын айтты. Бұ да Өтеннің тарихи болған адам екенін растайтын жолдар. Бұдан біз Төремұрат, Нарынбай, Өтендердің де белгілі, беделді адамдар екенін, тіпті олардың кейбір істері, мінездері, сөздері сақталғанын көреміз. Бұл пікірді дәлелдеу үшін Слаш Кереев бұдан әрі бізді Балаораз деген ақын өлеңдерінде жогарыдағы ерлер аты бар екенін айтып, соларды тауып, пайдалан деді. Оны қайдан табамыз?

Балаораз ақын шығармалары ертеде Қіші жүзге кең жайылған, беделді ақын. Бала күнімізде қарттар оның шығармаларын, әңгімелерін түйдегімен азыз қылып айтатын. Оны жазып алмадық.

Амалсыз біз тағы да ізденип, Гурьевтің Ембі ауданы, Құлсары, Қосшағыл деген жерлеріне бардық. Қосшағылда Ашылғалы деген қария (алаша, 1900 ж. туған, сауатты) көп әңгіме біледі екен. Өтен батыр бейтінің сол жерде екені анық болды. Сонымен, Жем бойы Төремұрат, Өтеннің мекені деген сөз. Енді жоғарыда айтылған Балаораз өлеңдерін білетін адамды таба алмай қиналдық.

Ақырында, біреуден-біреу жалғасып Гурьевтің батысындағы Аққыстау станциясында, тұратын Пазылов Құсиын деген ақсақалға бардық. Бұл кісі мұғалім болған, қолжазбалары бар, көп өлеңді жатқа да білетін жинақты кісі екен. Бізге Балаораз Өтебайұлы мен Мұрат Мөңкеулының кездесуін әңгімелеп, өлеңдерін айтып берді. Бұл өзі ұзак, қызық әңгіме, ертеректе естігенбіз. Біз одан қысқартып, өзімізге қажетін айтайық. Балаораз өз елін мақтайды:

«...Толықсыған өлеңдерім,
Сол елдердің ішінде,
Төремұрат, Нарынбай,
Өтен деген ерлерім
Дүшпанға тендік бермеген»,—

дейді. Бұдан А. Жұбанов кітабындағы жоғарыда аталған өлең жолдары Балаораздан екенін көреміз. Бұдан әрі бізге қажетті жері — Мұрат жауабында екен. Ол Балаоразбен айтысында былай депті:

«...Толықсыған елдерің,
Сол елдердің ішінде
Төремұрат, Нарынбай,
Ол бақытсыз туған ерлерің.
Оның бақытсызыдығын айтатын,

Сол екеуі өлгенде
Кезінмен бар ма көргенін,
Колыңнан бар ма көмгениң»,—

дей келе, екі батырдың жаугершілік шайқаста қаза болғанын еске салады.

Ал Қажанұлы Досжан деген тағы бір ақын Бала-
оразбен айтысып:

«...Мактайсың Төремұрат, Өтенінді,
Айтпайсың одан басқа бөтенінді»,—

деп кінә тағады. Осы мәліметтермен қатар біз Гурьев облысының Ембі ауданына барып, Төремұрат, Нарынбай, Өтен батырды білетін кісілерді таптық. Қосшағылда тұратын 83 жастағы Ашығалы Тағанов, Құлсарайдағы жас қаламгер Аманғали Әміржанов жоғарыда аталған батырлар туралы бірталай әнгіме біледі еken. А. Әміржанов осы аудандағы 92 жастағы Өтеулиев Өрбіген, Балжігітов Құдайберген, Қөптілеуов Есмұқаш, т. б. осындай қариялармен сөйлесіп, тарихи мәліметтер жинақтаған еken, солардың кейбірімен бізді таныстырыды. Сонда Төремұрат Тайлыбекұлы, Нарынбай Шондыұлы, Өтен Ақтогайұлы еken, XIX ғасырдың I жартысында өмір сүріпті. Бұлар өз елін түрлі феодалдардың шапқыншылығынан қорғап, ерлігімен аты шыққан адамдар еken.

Құрманғазының осы Төремұрат аулына баруы, ерлігі туралы әңгімелер ел ішінде сақталған. Біз олардың кейбірін пайдаланамыз. Қүйшінің бұл сапары творчестволық жағынан да сәтті болады. «Төремұрат — Нарынбай», «Манатау», «Бозқанғыр», «Адай», «Қызданайдың қырғыны», «Амандасар», «Ақсақ киік», «Балқаймақ» күйлері шығарылғанын айтады. Бұлармен қатар, (ел аузынан, тарихи әдебиетten, архив қағазда-
рынан) Құрманғазы өміріне байланысты әр түрлі мә-

ліметтер жинастырғанбыз, олардың да қажетімізге жарайтынын алдағы тарауларда баяндаймыз.

Сонымен, жоғарыда айтылған әңгімелер мен өлеңдерден Төремұрат, Нарынбай, Өтен Жем, Сағыз өзендері бойын, Маңғыстауды мекендеген Таз руынан шыққан ерлер екенін көреміз және олар өз еліне қорған болған азаматтар. Біз бұл естігенімізді тізіп отырған себебіміз — Төремұрат, Нарынбай, Өтен өмір тарихын әлі де зерттеп, анықтау үшін керек. Соның бұл бастамасы, зерттеушілерге бағыт болар деген ойдамыз.

¹ «Мәдениет және тұрмыс» журналы. 1982 ж. № 2, 16-бет;

² Құрманғазы Сағыrbайұлы. Қүйлер. А.—1961. 5-бет.

³ Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., 1975, 7 т., 47-бет.

⁴ «Коммунистік еңбек», Гурьев обл. газеті 1983 ж., 11 ноябрь.

⁵ Жұбанов А. Құрманғазы А.—1978, 128, 144-беттер.

⁶ Жұбанов А. Қазақтың халық композиторлары. А.—1962. 5-бет, Гасырлар пернесі. А.—1975, 28-бет.

⁷ Жұбанов А. Құрманғазы. А.—1978, 54—55-беттер.

⁸ Бұл да сонда, 58-бет.

⁹ «Уральские войсковые ведомости» газеті, 1889 ж., 15 октябрь.

¹⁰ «Коммунистік еңбек». Гурьев обл. газеті. 1971 ж., 14 август.

¹¹ «Уральские войсковые ведомости», 1868 ж., № 44, 11 октября.

ЖОЛ БАСЫ

Қызыл іңір. Үйде қазақ пешінің түбіндегі екі қолымен жер таянып, кейде шалқақтап сүйеніп сұсту әке отыр. Алдында еденде 17—18 жас шамасында сұңғақ бойлы, балғын жас жүрелеп отыр. Үй-іші қара көленкесе. Ошақ қасындағы бір әйел әлсін-әлі әке мен балаға қарап қояды. Іңір караңғысымен үйде бірге отырғандардың да қабағы түйіле түскендей. Әңгімені төсекте отырған әке бастанады:

— Неге Дулат байдың баласын сабадың? — деп сұрады. Балғын жас:

— Ол маған домбыра үйрет деп жалынып қоймады, өзі домбыраның ішегін үзіп, маған пәле салып, мазақ етті. Әкесі зорлық етеді, баласы мазақ етпек, мен оған көне алмаспсын,— деп жауап қатты.

Әке ойланып отыр. Сосын:

— Дулат дегеи төлеңғіттен шыққан бай саудагердің Жәңгір хан болғалы елге өктемдік жасап, жайылымы мен шабындығын тартып алғып отырғаны анық, біздің Жиделіні иемденіп мекендеремек, лек сылтау ізден отыр. Оған біздің қарсы тұрар жайымыз жоқ. Тұрмыс та нашар, ағаларың кәсіп ізден Тәңізге кетті, оларда не та-быс болады. Мен болсам ауырып, тұра алмай отырмын. Дулаттың баласын сабады деп бір қызметшісі келіп, үрсып кетті. Бай келгесін күніміз не болады,— деп бір

тыныстады.— Ия, шырағым,— деді одан әрі әке.— Хан, сұлтандар мен байлар кедей Сағырбайды, оның шиет тей балаларын неғылсын. Дулат ойына келгенін істейді. Сасық байлар ағайындарымызды бостырып жіберген. Сен енді аз уақыт көзге көрінбей, басқа жерге ба-рып, бас сауғалай түр,— деп тұжырды. Үнсіз отырған балғын Құрмаш не айтарын білмейді. Кетейін десе атаана, ага-інілерін қимайды, кетпейін десе Дулат байкөптен бері еңбегін бермей жүрген. Енді баласы үшін тағы өшіге түсіп, бүкіл үй-ішін талқандауы мүмкін. Ал кеткенде қайда барады?

Әкесі енді баласына кешіріммен қарап:

— Сені жұрт домбыраши, күй шығарады дейді. Өнерінді көрсетші,— деп ауыр ойды бөлмек болады. Құрманғазы анадай жердегі домбыраны алып, күйіне түсіріп, шертіп бірталай отырып, бір күйді тарта жөнеледі. Басы ызгарлы, қату болғанмен күйдің аяғы баяулап, жұмсал, байсалдана түсіп біtedі.

— Құрмаш-ау, мынау мен естімеген күй ғой, не күй?— дейді Сағырбай.

Балаң жігіт орнынан тұрып:

— Бұл әкениң балаға қоштасардағы өсиеті,— деп жай басып шығып кетті. Сол түнде Құрманғазы үйінен қашып шықты. Кетсе де тек кетпеді, үйден жаяу шығып, «Жиделі» құмының шегіне келіп, қоныстанып жатқан Дулат байдың ақ шаңқай үйлерінін үстінен шығады. Үй сыртында байдың ең қадірлі сәурігі қантарулы түр екен. Ыза кернеп, ашулы келе жатқан балғын өжеттігіне салады. Қараңғылықты пайдаланып, жұрт үйқыға кеткенде, байдың сәурігін қададан шешіп алып, міне жөнеледі. Бай менің ет еңбегімді онайлықпен бермес, онан да өзім осылай есептесейін деп тұжырады.

Шығысқа бет алған Құрманғазы әуелі қайда ба-рын білмей, біраз тентіреп жүргенде тан атты. Жарық бола бір жер кепеге келсе, Дулаттың Зарбай деген

ылкышысы екен. Балғын жігіттің астындағы сәурікті көріп, Зарбай түсіне қояды. Құрманғазыны үйге кіргізін, дем алдырып, ақ боз сәурікті бір тасаға байлаап, сұтып.

Құрманғазыны әсем домбырашы, ер көнілді балғын кігіт деп естіген Зарбай хал-жайды сұрап біледі де, үйнен жасырып, дем алдырып, болашағын ақылдасады. Қалайда елден шұғыл кету керек. Зарбай Қара өзен жағында апайың бар емес пе? Соған бара тұр. Ал жігіт кеткісі келмейді, төнген қауіпті жете түсінбесе керек. Кір жуып, кіндігін кескен Жиделідей жер бар деймісің деп ойлайды. Осы өнірде Бекетай құмында Босага, Беке құм, Жаман құм, Жекер деген, т. б. жерлер бар, солардан Жиделі артық боп көрінеді. Бөкейліктегі талай Жиделіні атайды. Қайран туған жер!

Зарбай үйінде жата беруге болмады. Эр жерде іздеушілер көріне береді. Құрманғазы атқа отырып, «Караманды Қара өзен қайдасын?»— деп жолға шығады. Тұн ортасы ауа бір ауылдың қасынан өте бергенде күмбірлеғен домбыра даусы алыстан естіледі. Қөп толғанып, Құрманғазы күй тым шебер орындалғасын, ауылға соғып, домбырашыны көріп, біліп кетпекші болады. Атын байлаап, киіз үйге жайлап келіп сығалап ішке қараса, төрде толық денелі ақ сары кісі домбыра тартып отыр. Тыңдады. Үй сыртында да кіслер отыр, олар:

— Ой, шіркін, осы Ұзақ сияқты домбырашы бар маекен,— деп қояды. Сонда ғана бұл домбырашының атақты Ұзақ күйші екенін біліп, қыстырыла ішке кіреді. Кірсе, үй иесі Ақбай деген әлтеке аулының байы әрі биі бұны ұнатпай қалады. Сол арада қызметшілері де келіп, баймен ымдасып: мына жігіттің астындағы Дулаттың жоғалған ақ боз сәурігі деп мәлімдейді. Сол арада Құрманғазыны ұстап, тәмпештеп соғып, ертеңіне Дулатқа жөнелтпек болып, байлаап тастайды. Араға

Ұзақ түсіп, айырып алады. Үй ішінде бірталай жанжал болады. Ақыры Құрманғазыны бір жер кепеге апарып, камап тастайды.

Жағдайының қындағанын білген Құрманғазы тұнімен ұйықтай алмайды. Дулат байдың жүзін де, баласының ыскағын да көргісі келмейді. Түрекеліп, әр жерді турғаштеп жүріп, терезеге келеді. Қолымен жағалай сипаса, қуысқа саусағы сияды. Соны, іргелей қосыта отырып, терезені суырып алады. Басын сұғып, сыртқа қараса, ешкім жоқ, таң қараңғысы қоюланған. Қызыла терезе аңғарынан шығып, жан-жағына қарап, тағы да байлаулы аттарға барып, біреуін шешіп алып, міпіл, аяндап жүре, көрінбей кетеді.

Тағы қашты. Енді бұл өнірде оған тіршілік қын. Не де болса алысқа кетейін, қарамды көрсетпейін деп шаба жөнелді. Ауылға барғанда кім ара түсе алады. Экесі Сағыrbай Өтепберген батырдың ұлы, әрі Тоқа, Шоқа, Бұқа, Тәнірберген деген бес ағайынды болса да, биге қарсы келер жайы жоқ. Өтепбергеннен бірге туған Қүшіктің балалары Шоланбай да елден безіп кетті ғой. Мен де сондай болармын. Жас та болса Құрманғазы ел ішіндегі жағдай туралы үлкендердің әнгімесін құлағы шалатын, талай талас-тартысты естіген.

...XIX ғасырдың басында Кіші жүз бұрынғыдан бетер саяси әлсіреп, тәуелсіздігін жойып, Россия империясының отарына айналды. Патша өкіметі Кіші жүздің жергілікті басқару орындарын әлсіретіп, өз билігін күшетуге тырысты. Бұдан келіп феодалдық шапқышылық өрістеп, хан тағына, әкімшілікке қазақ сұлтандарының, феодалдарының таласуы, барымта көбейген. Патша өкіметі қазақ феодалдарының өзара қырқысын көре тұра оны тиょға батыл шара қолданбай, Кіші жүздің саяси құлдырауын өз мұддесіне пайдаланды. Феодалдық шапқышылық шаруалардың бейбіт отырып, бір жерде тұрақтап, мекен салып, егіншілікпен, кол

өнеркәсібімен шұғылдануына зор кесел жасады. Патша офицерлері мен сұлтандары Кіші жүзде рулық бөліністі сақтап, әр ру, ата, ауылды бір-біріне қарсы айдалсалып, арандатып, өзара шапқыншылыққа итермелей берді. Кіші жүздің саяси ыдырауы оның бөлшектенуіне әкелді. Әуелі ішкі немесе Бекей хандығын құрудан бастады. Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы Каспийден Сырт қыратына дейінгі жер «Самар даласы» деп аталатын. Сол өңірге жайылым мен шабындық, көп жылғы құрестен кейін Бекей сұлтан басқарған ауылдар рұқсатпен мекендеп, 1811 жылы Бекей хандығы құрылды. Сол көшіп келгендердің ішінде Сағыrbайдың әкесі Өтепберген және оның ағайындары Айтқожа, Күшік, Арыстанбай ұлдары болған. Ілкіде жайылым жер мол болғанмен, ел көбейе келе, мал да көбейіп, жайылыс азайды. Оның үстіне Бекей шұрайлы жерді әркімдерге бөліп бере бастаған. Ал Жәнгір хан оны жалғастырып, сұлтандар мен байларға жайылым мен шабындықты бөле берді. Оның үстіне хан алым-салықты да көбейте береді, бұрынғы соғым, зекет салығының мөлшерін көбайтумен қатар, пишен салығы, қызыл киіз, көлік-арба салымы, т. б. көбейіп кетті. Руды басқарушы сұлтандар салықты өздері жинап, елдің алдындағы малын күшпен айдал алу, інаруаларды жәбірлеп сабау, орынсыз айып төлету жиілене түсті. Солардың бірі — Қызылқұрт руы ауылдарын басқарушы Өтепәлі Шығайұлы деген сұлтан болды. Ол ауыл аралап, төленгіт шабармандарымен келіп, ел үстінен тамақ ішіп, бермесін тартып әкететін. Салық жинаушылар берер малың болмаса, ақша, қымбат бүйым, аң аулайтын тазы, құс, қару-құрал, елтірі, аң терілерін, әбзелдерді іздең жүріп алатын.

Сондай алым-салықтың көптігінен шаруалар күйзеле бастады. Құнелтіс тек малға қарағасын, шаруалар оны сатып киім-кеинек, астық, құрал, жабдық алатын.

Бұның бәріне Сағыrbайдың халі жетпейтін. Оның көп баласының бәріне киім де, тамақ та жетіспей, Құрманғазы жастайынан жалшылыққа шыққан. Ал ағайындары, ауылдастары күнелтіс іздең, Қаспий теңізі жағасына, Жайық жағалауындағы казак әскеріне, Саратов, Самар губернияларындағы помещиктер мен купецитерге жалшылыққа, маусымдық жұмыстарға баратын. Оны да бір жылы Құрманғазы көрді, ұзақ күнгі жұмысқа болмашы акы алатын...

Алысқа баруға жол білмей, Құрманғазы үйіне, Сағыrbай қорғанына кері бұрылды. «Қорған» деген аты болмаса, тал мен қурайды жиده мен шым топыракты араластыра басып салған шетен аула. Жылдан жылға шөптің қалдығымен биіктей берген. Аулаға жалғасқой қамайтын қора. Жартылай жерден түрғызылған шым үй. Жыл сайын бөлшектеп алдынан, жанынан бөлмелер салына бергесін, іші бұрма-бұрма қаранды жайлар.

Кундіз құмның бір бытқылында Жиده түбінде тығызып, қаранды түсе үйіне жақындал еді, үй маңы көп аттылы адам. Этебелі сұлтанның шаңқылдаған даусын таныды. Зәресі үшты. Дәт тұтып тұра алмады, үйге баруға қорқынышпен бірге әке-шешесінен үялу да бар. Көрінбей дөңнің сыртымен батысқа қарай, Бекетай құмына қарай жүре берді. Түн жүрді, күн жүрді. Алты шағылға қарай шығып кетті. Сұрағанға жолаушымын, нағашымды іздең келем деу ойына түсті.

Үшінші күні жылқышылардың қосына тап болды. Бір көрі жылқышы балғынның жүдеу түрін көрін, қымыз, ірімшік беріп тамақтандырды. Сол жерде үйықтап қалған ол ертеңіне сәскеде түрді. Оянып, жан-жаяна қарады. Төбеде бір қара домбыра ілулі түр екен. Қуанып кетті, үшып тұрып, алып шертіп қалып еді, күйінде екен. Қызумен 2—3 күйді тартып-тартып жіберді. Сағынып қалыпты. Ақбайдың үйінде естіген Ұзақ күйшінің тартқан күйлерін қайталай жөнелді. Көбі есіне

дал түсे берді. Қызықтап отырып байқамапты, үй сыртында біреу тындап тұрыпты. Бір кезде әлгі адам ішке кірді. Қараса өзінің ауылдасы Қосым деген жігіт. Екеуі куана амандасып, ауыл жайын сұрасты. Қешікпей басқи жылқышылар да келіп, тамақ ішіп, Құрманғазының онерін тамашалады. Бағып отырғаны Шағбала деген байдың жылқысы еken. Қешікпей қоныс аударып, теніз жағасына қарай барады.

Жылқышылар домбырашы балғынды жібермей, бізде паналай тұр деп кідіртті. Сонымен жылқышылардың шілінде қыс өткізді. Құндіз жылқы қарады, бие сауысты. Бұрын білмеген асау үйретісті. Ол бір қыын, қауіпші, қызықты іс еken. Әуелі асау тайды ұстап, мініп үйретті. Сосын құрық салу, бұғалық үйіру де шеберлікті, еңтілікті керек етеді еken. Қосым ағайы аттың үстінде шауып келе жатып бұғалық лактырып, небір шұрқыраган асауды кілт тоқтатып, шалқасынан тусіреді еken. Ол аса қауіпті және батылдықты, сактықты қажет ететін өнер көрінді.

Жылқышылар Теніз жағасына қарай барғасын ауыл-ауылдармен араласа бастады. Құрманғазы жылқышының қастерлі, қыын жұмысына қызыға жүріп, ел қыдырып, жиын-тойға барып та жүрді. Өлең айту, ән салу өнерімен машықтанған берді. Сөйтіп жүріп, теңіз жағалауындағы елдің тұрмыс жағдайымен танысты.

Шекаралық аудандарды және Қаспий теңізі жағалауын тартып алған помещиктер, Орал әскери линиясындағы озбыр элементтер — саудагерлер қазақ шаруаларына неше түрлі озбырлық жасап машықтанған. Олардың түрі көп. Жайылымды шабындықты тартып алып, пішен, қамыс шаптырмау, өзендер мен теңізден балық аулатпау, солардан тұз алдырмау, Жайықтан өткізбеу, рұқсатпен өте қалса, алым жинау, т. б. Шаруа қазақ мал жайылымынан не жолға жақын жерден пішен шауып алса, кейін сол үшін «малың шөбімді тап-

тады, не өзің үрладың» деген бәлемен айып төлету, малдарын тартып алу сияқты зорлық істер жиі болған.

Қаспий жағалаудыңдағы помещиктер сулы, қамыстың жерді зансыз иеленіп, оны малмен қыстап шығуға жаға беріп, әр қыста 10 мыңға дейін қой жинап, мыңдаған сом ақша алған. Сол секілді Орал әскері мен шекарадағы помещиктер, купецилер қысқа мерзім ішінде төбіндеуге көп жерді «өмірлікке» деп берін, көп ақша алып отырған. Құрманғазы жылқышылармен бірге бірталай жүріп қалды, көп нәрсе үйренді, ер жетіп, буыны бекіп, бұғанасы қата берді. Енді оны әркімдер жиын, тойға шақырып, түрлі ойынға үйрететін болды. Жастар тұрған жерде белдесе кету салт екен. Әуелі жығылып, тауы шағылғанмен, өжеттігі жеңіп, күрес әдістерін, ат үстінде ойын көрсетуге де, сайысқа да машиқтана берді. Жылқышылар іші еркіндеу, атқа мініп, ойлаған жерге барып келудің көп пайдасы болды. Бірақ ақысызын енбек ету, үй-күйсіз жүру шаршатты ма, Құрманғазы алаң бола берді. Оның үстіне жаз шыққасын бай бөтеп адамның жылқы маңында жүргенін жаратпай қуып шықты.

Тағы ел қыдырып, Мынтөбе, Сасықтау, Дыңқызыл, Бесшоқы деген құмды жерлерді аралап, беріш Баракбай дегеннің үйіне тұрақтап, мал бағысты. Баракбайдың балалары көп болғанмен ұсақ екен, көмекшіге жарайтыны аз болды. Ишінде қыз балалары да бар. Ишінде көз тартатыны Әуес деген өрімдей қыз, атқа өзі мініп, мал қайыруға, үй шаруасына жарайды. Бірақ бұл жакта да Құрманғазы көп тұра алмады. Баракбай балғын жігіттің қашқын екенін білді ме, әйтеуір үйіңе барсайшы деп қыңқылдай берді. Өзі де ата-анасын, аға-інілерін сағынып жүр еді. Үйден кеткеніне 2 жылға жақын уақыт өтті. Содан бері көп жер көрді, өнері асты, бойы өсіп, денесі шымыр тартты. Енді ана жылғыдай қорқақ қоян секілді үрге-

күтепбейтін болды. Қосым ағасы дойыр, шоқпармен салай қорғануға да баулыған. Бұл жылқышыға өте көрің қабілет. Бірер рет ұрылардың тұнгі шабуылына солтарыс беруге де қатынасқаны бар. Жазғы салым Құрманғазы жаяулап Бекетай құмына қарай журді. Барақбай үйімен қоштаспай кетті. Қимады. Жолшыбай бір жүргіншілерге ілесіп, Ірге құмға келді. Бұл Алаша руның Барамық деген ауылы екен. Қелген жолшылармен бірге Құрманғазы бір үйге түсті. Ас ішіп, жайланип соң, әңгіме айтып, домбыра тартуға кірісті. Қезек Құрманғазыға тигенде ол домбыраны ұстап, бірталай құбылып, жүрексініп отырғандай болды. Қасындағы мілдердің күте-күте шыдамы кетті ме, біреулері кекете бастады. Бір уақытта домбыраны қағып-қағып жіберіп, бір күйді бастап кетті. Отырғандар әуелі құлғемен, кейін таң қала бастады. Жас жігіттің домбыра тартуы ойнақы, шебер екен, әр буынды нақышына келтіріп, айқын да әсем, үнді етіп ойнайды екен. Тыңдаушылар— Мынау біз естімеген күй ғой,— десті.

Құрманғазы күйді аяқтап, тағы да үндемей отырып:

— Бұл жаңа күй «Әуес» деп аталады,— деді.

Отырғандар Әуестің кім екенін білмесе де, бір әдемі, қысқа, нәзік күй орындалғанына риза болып, мактасып сөйлеп кетті. Сол кеш домбыра тартумен өтті. Қөрші үй намыстанды ма, ертеңіне жүргіншілерді үйне қонаққа шақырып, төрде отырған орта бойлы, ак сары кісіні қөрсетіп:—«Біздің ауылдың азаматы Ұзақ деген күйші»,— деп таныстырыды. Құрманғазы тани кетті. Екеуі құшақтасып амандасты, бірақ артық сыр ашпады. Жиылғандар жайласа келе, домбыраға ауысты. Әуелі Құрманғазы тартқан, Ұзақ сабырмен тындал, жымып отырды. Қезек өзіне келгенде оның тартқан күйлерін қайталамай, басқа күйлерді орындауды. Онысы жас жігіттің кемшілігін қөрсетіп налыштайын дегені

болар. Бұл отырғандар домбыра, сыйзызы, қобыз шығармаларын жақсы түсінеді, үлкен сыншы, ымырасын ашық айтады.

Жолаушылар кетті. Құрманғазы Барамық аулында қалып қойды. Ұзак күйшінің ыңғайын түсінді ме, әлде жас жігіттің домбыра тартуы, мінезі ұнады ма, ауыл жібермеді. Бір айдай Құрманғазы осы жерде болып, Ұзак екеуі оңаша талай әңгімелесіп, домбыра тартысты. Қазтуған, Асан, Карасай, Қозы күйлерінен бастап, белгілі күйлерді қалай орындау керектігін Ұзак ерінбей көрсетті. Өзінің киік мүйізімен әдемілеп оюлаған кішкене топсалы домбырасы бар екен. Жолға шыққанда домбыраны екі бүктеп, шуберекпен орап, киіз қапқа салады да аузын жауып қанжығаға байлайды. Одан басқа да үлкенді-кішілі бірнеше домбыра үйінде ілулі түр. Бір қызығы өнге қосылғанда, әр түрлі күйлерді орындарда Ұзак домбыраны ауыстырып отырады. Әр домбыра өзінше үн шығарады білем.

Ұзақтың әкесі Мырзабай деген кісі 8 ағайынды болған, шаруалары шағын болғанмен, ешкімге жалынбайды. Жазда Қаза өзені бойына «Жалпақтал» деген жерге барып, пішен шабады. Кейде бірнеше үй қыстап тақалады. Ұзақтың 5—6 баласы бар, шаруасы шағын, оның інісі Құлшыққа тапсырады да, ел қыдырып, домбыра тартып, ән салып кете береді. Алыстағы жәрменкелерге барып, өнер көрсетеді, өзі де талай домбырашы-күйшілерді көріп, көп нәрсе үйренеді. Сөйтіп, ел қыдырумен жүріп, өзінің тыңдаушыларын көбейтіп, репертуарында байытып, шеберлігін арттыра түседі. Құрманғазы бұрын Төлеғазы, Байжұма деген кісілерді аға тұтса, енді Ұзак күйшіден көп нәрсе үйренеді. Атақты домбырашы өнерде терен түнғиық секілді, көп тәжірибе жинақтаған, білігі бітер емес, Құрманғазының оның қасынан кеткісі келмейді. Құрманғазының жағдайын білгеннен кейін Ұзак аз ойланып: «Сен үйінді сағынған

ноларсың, ертең екеуміз жолға шығып, ата-анаңа ба-
рыңқ, хал-жайды білейік. Жиделі деген алыс жер емес
Сосын көреміз ар жағын», — дейді.

Ертеңіне екеуі атқа отырып, тұнделетіп Жиделі құ-
мының «Қызыл ой», «Үш оба» деген мекеніндегі Са-
ғырбайдың қорығына келді. Ата-анасы жылап көрісті.
Окесі науқасынан айығып кетпегенмен, тәуір екен.
Құрманғазының қайда жүргенін хабардар болды.
Цулат бай әлі райынан қайтпаған, ақ боз сәуріктің
майы» деп Сағырбайдың бір жылқысын тартып әке-
ти, балаңды тауып бер, дүреге жығып, Үркітке айда-
там деп қорқытады екен. Үй төңірегіне аңду да қойған.
Калайда қолға түсірем деп кіжінетін көрінеді.

Ұзақ пен Құрманғазы көп кешіге алмай, атқа ко-
шип, қош айтысып кетуге мәжбүр болды. Екеуі шаңқай-
туске дейін елге соқпай, терістікке —«Қараманды Қа-
ра өзенге» бет алды. Бірталай уақыт Самар көлдерінің
жағалауындағы ауылдарды аралап, өнер көрсетіп жүр-
ді. Жазда бұл өнірде ел көп болмайды, шаруалар көбі
қыста келіп, қыстауларына орнығады. Ел сирек болға-
сын бұл екеуіне қауінсіздеу болды. Дегенмен, Құрман-
ғазының құлағына билер күңкілі, тіміскісі шалына бер-
ді. Ол ойдана келе Ұзақ күйшіні қауіпке тоса бермей,
бөлініп кету амалын іздеп, бір күні: «Менің Қара өзен
бойында апайым бар еді», — деп рұқсат сұрап, ризалық
білдіріп, қоштасып шықты.

...Қара өзен, Қара Самар, Қамыс Самар көлдерін
Орал казак әскерлері күшпен иеленіп алған.

Кіші жұз шаруаларының тұрмысына, саяси өміріне
Орал, Орынбор, Астрахань казак әскерлерінің басшы-
лары үлкен нұқсан келтіріп отырды. Казак офицерле-
рінің бейбіт елге жасаған зиянын патша чиновниктері
де мойындал, кейде әшкерелеп отырған. Бұл казак әс-
керлерінің басты бір кесапаты — тұрлі сұлтаулар мен
әскери команда алып, бейқам ауылдарға барып, ойна-

келгенін істеген. Малдарын тартып алып, дүниесін тонап, адамдарын жәбірлеп, қарсыласқандарын өлтіріп те кеткен. Бұндай талауды, шапқыншылықты үйымдастырушиның өзі губернатор, генералдар болғасын, кейінгі офицерлерге тыым болмаған. Ал кейбір сұltандар мен билер казак әскерлерін өштескен ауылдарынан өш алу үшін пайдаланып отырған.

Бұл туралы Кіші жұз адамдары Орынбор әскери губернаторына, патшаға талай арыз жазған. Бірақ бұндаи сойқанға бағыт, дем беруші патша өкіметінің өзі болғандықтан, шағым аяқсыз қала берген. Құрманғазы патша өкіметінің осы Орал казак әскері иеленген Қара өзенге қарай солтүстік-шығысқа қарай жүріп келеді. Кештетіп ел жағалап жүріп, сұрау салып Айша апайы, Шынтас жездесін әрен тапты. Жиделіден келген қашқын балаға бұлар қуана қоймағанмен сыпайылық жасап барынша қамқорсып жатты. Ұзақты күн үйде жатуға жалықкан балғын жігіт Қара өзенді жағалап, қамыс тауып, сыйбызы жасады. Бір күні дауылдан құлаған ағаштың сынықтарын әкеліп, домбыра жасауға да кірісті. Кешке жұмыстан келген жездесі ағаш сынықтарын үй төнірегінде көріп ренжи бастады.

— Шырағым,— деді Шынтас,— өзен, су, оның ағашы мен қамысы, балығы мен шөбі казак әскерлерінің қожалығында, ал бұларды алған кісіні қатаң жазалай-ды. Ана ағаш сынықтарын алған жеріне түнде апарып тастав гөр,— деп өтінді. Ағаштың ұнтағы мен жаңқасына дейін жинап, көзін жоғалтты.

Айша апасы Құрманғазының жұмыссыз отырғанын ыңғайсыз көріп, Шынтасқа бірге ала кет деді. Ертеңіне екеуі жайдақ арбаға отырып, сай-салалардан өтіп, бір кең сайдың жаймасындағы егін басына келді. Егіс көлемі үлкен емес, басында қамыстан жасалған шалаш, ағаш соқа, тырма, т. б. құралдар. Келгесін жездесі жағдайды түсіндірді.

Мына егінді біз жасырып егеміз, ешкім көрмеуі
көрек, сондықтан сен апаң екеуің қырдың басына ке-
нек барып, қарауыл болындар, біздер егін орайық деп
қол орағын алып, жұмысқа кірісті. Сөйтіп, 4—5 күнде
орып, масақтарды қолмен уқалап, дәнін жиып ал-
ды Сөйтсе, бұл осы жердегі шаруалардың бір қатары-
ның астыртын кәсібі екен.

Құрманғазы кеш сайын домбыра тартып, көнілін
аллады. Домбыра тыңдауға келгендер риза болып, мақ-
тасып кетіп жатты. Сөйтіп жүргенде күз де келді. Енді
болашақты ойлану керек болды. Осы түйткілді Айша
шайы сезді ме, бір күні Құрманғазыға: «Ертең Қазар-
ма, Мұқыр жағына барамыз, сонда Топай ағай бар, са-
рап бір көмегі болар», — деді.

Топай ағайы Орал казак әскерінің бірі Фокей Боро-
дин дегениң қасында офицерлердің малын бағады
екен. Құрманғазының келуіне ол ренжімеді, 2—3 күн-
нен кейін Қара өзеннің Қара Самар көлдеріне құяр
сағасындағы жарқабақтағы Фокейдің үйіне апарды. То-
пай Фокейге бірден: «Мына жігітке жұмыс пен баспа-
на керек», — деді. Фокей семьясымен қарапайым, қаза-
қы адамдар екен. Бәрі де қазақша біледі және тіксін-
бей, сыпайы сөйлеседі. Сол жерде Құрманғазыға
уақытша жұмыс та табылып, әзірге Топай ағайының
үйінде тұратын болды. Содан ол Қайдалов деген офи-
циердің малын бағып қалды¹. Топай үйінің қасынан құ-
рақ шығатын Қара өзеннің жаймасы жағасына үй са-
лады. Осы жерде Құрманғазы бірталай жылдар мекен-
деп, өмір сүрген, өнерін шындаған.

Патша әкіметі Қіші жұз шаруаларына бір жерді
мекендей, үй соғып, егін салуына мүмкіндік бермей,
кесел жасап отырды. Жайық бойында егіншілікпен шұ-
ғылданған көп шаруалар 1820—1830 жылдары патша
әкімшілігінің кертартпа саясаты нәтижесінде егін жа-
йынан, қонысынан айрылды. Дегенмен, бұл секілді ай-

уандық әрекетке қарамастан шаруалар жасырын жер төле, қақыра (мазанка), ағаш үй салып, егіншілікпен шұғылданған. Мысалы, Қара өзен жағасындағы Жал пақтал, Ақкөл деген жерлерде бірнеше жер үйлер болған. Егін салу Қара өзен мен Сары өзен аралығындағы далалықта болған, өнімі әр десятинадан 60 пұт². Ал Балықты су жайылмасы жағында шаруалар жасырын егін салып келген. Нарын құмы өңірінде 20 шақты ағаш үйлер де болған³.

Патша өкіметі Қіші жүзді шаруашылығы, саяси өмірі мен рухани тіршілігі артта қалған мешеу ел, Россия империясының шикізат базасы етіл ұстағысы келген. Дегенмен, ғасырлар бойы талпынғанмен, екі ел арасында сауда, саяси, мәдени қатынас кенейгенмен, Қіші жүз өмірі бір жерде ұзак тоқырай алмады. Орыс қоғамының прогрессивті ықпалы патша чиновниктерінің еркінсіз-ақ өте берді.

Патша әкімшілігі қазақ шаруаларынан көптеген алым-салық жинап отырған. Қөшіп-қонғаны үшін деп 1837 жылы бір үйден 1 сом 50 тиын жинаған, басқа жерге жұмысқа барса — тағы айына бір сомнан билет алымы, қақыра (мазанка) салғаны үшін әр жыл 1 сом 50 тиын, патша әскеріне киіз, жұн, пішен, қамыс жинау да жиі болған⁴.

Патша әкімшілігі мен помещик, купецилердің қызымына шыдамаған Шекті, Табын, Алаша, т. б. көп рұлдардың ауылдары ежелгі мекеннен күйліп, Қіші жүздің онтустігіне қарай ығыстырылып шығарылады. Ал бұл жақта Қаразым (Хиуа), Қоқан хандығы үстем болуға тырысып, қазақ ауылдарын өздеріне бағындыруға күш салды, әлсін-әлсін әскер жіберіп, ауылдарды күшпен бағындырып, алым-салық жинап, озбырлық жасайды. Россия армиясы бас штабының офицері Л. Мейер Қіші жүз шаруалары 1820—1830 жылдары екі оттың ортасында қалды деп жазады. Бір жағынан — патша әкім-

шілгі, екінші жағынан — Қоқан, Қаразым (Хиуа) ханықтары Қіші жүздің онтүстігінің бағынуын талап етеді⁵. 1833 жылы Қоқандықтар Шөмекей ауылдарына шабуыл жасап, көп мал, дүниелерін тартып әкетеді. Ал Хиуа (Қаразым) билеушісі осы жылы 4000 әскерін жіберді, Маңқыстау, Жем әзеніндегі Сүйінқара, Қайыпқали, Құлбарақ батыр, Құлсары батыр ауылдарын торап, жас әйел, қыздарын, қолына іліккен дүние, малдарын ібідан әкетеді. Бұл шапқыншылыққа төзбеген қазак азаматтары атқа отырып, артынан қуып, соғысып еді, қүш тең болмады. Өздерінен 4—5 есе көп жауынан қазақ ерлері күйрей жеңіліп, Құлбарақ батыр, т. б. қаза болып, бір қатары қолға түседі. Сөйтіп, Маңқыстау, Шың, Үстірт далаларындағы бірқатар қазақ ауылдары амалсыз Қаразым (Хиуа) ханының билігін мойындауға можбур болады. Патша әкімшілігі бұл жайды біле тұра, еш шара қолданбайды, Қіші жүз ауылдарына көмектеспей, тек өздеріне бағынуды талап ете береді. Кіші жүз шаруаларының бұл ауыр әлеуметтік, саяси жағдайы олардың тұрмысын нашарлатып, жаралы жаңын қансырата береді. Осындаі бір кезеңді ұлы күйін «Ақсақ киік» деген күйінде шебер көрсеткен. Бұл шығарма туралы Құрманғазы: «Біздің тұсымында жаралы жалғыз киік пе? Жазықсыздық, қарусыздық тек онда ма? Талай жандар жазықсыз жараганып, ақсақ-тоқсақ болып қалмай жатыр ма? Анау ақсап кеткен киіктей, жаралыларға арнадым бұл күйімді», — депті⁶. «Ақсақ киік» күйі,— дейді Қазақстанның белгілі музыка зерттеушісі Б. Г. Ерзакович,— бізге қазақ домбыра музыкасында реалистік творчествоның жоғары өнерінің тамаша үлгісі іспеттес», — деген⁷. Құрманғазы өз тұсындағы еңбекшілер тұрмысын осылай дәл, мазмұнды және аса шебер көрсете білген. Шаруалар бұнымен қатар сауда-саттық ісінде де қаналуда болған.

Кіші жүз шаруалары сауда-саттық істерін Россия

мен Қоқан, Бұқар, Қаразым (Хиуа) қалаларына, сауда орындарына барып жасаса, көрші елдердің саудагерлері қазақ жеріне келіп те сауда жасайтын. Шаруалардың алатыны мата, тігулі киім, жеміс, үй тұрмыс бүйымдары, ер-тұрман, шаруашылық құралдары. Қазақ шеберлері зергерлік бүйымдар, ыдыс-аяқ, киіз үй құралдарын, үй-тұрмыс бүйымдарын (кебеже, күбі, көнек, адалбақан, кереге, уық, шере, т. б.), жегу құралдарын (арбаның дөңгелегін, шенін, күпшегін, тоғанын, кеге йін, бақалағын, тәртесін, т. б.), қайыстан істелген әбзелдер (жүғен, ноқта, дойыр, делбе, шідер, т. б.), жүн нен тоқылған нәрселерді, тері, май, т. б. дайындағатқан. Шаруалар базарға мал, аң терісін, жүн, май, т. б. әкелген. Бірақ сауда-саттық жұмысы шаруаларды әлеуметтік қанаудың бір құралы болған. Саудагерлер нашар товарларды қымбатқа өткізіп, арзанға жоғары да аталған бүйымдарды, мал, оның өнімдерін алған.

Міне, осыдан келіп, шаруалар күйзеліске ұшырай береді, олардың арасында үстем тапқа, отарлық езгіс қарсы наразылық өрши берді. 1827—1829 жылдары толқу Самар көлдері жағасында, күйші ауылы қасынан Науша Қаржауов, Қаратогай Мәмбетов деген екі батырдың бастауымен болды. Бірақ толқу жеңіліске ұшырады. Шаруалар бұрынғы қыншылығын басынан өткізе берді. Үстем тап аса үлкен қорытынды жасай алмады, тек кейбір озбыр офицерлерді, Орал әскері атаманың орындарынан босатты. Шаруаларды қанау, түрлі қысым жасау жалғаса берді. Әсіресе, Жәңгір хан Бекейлікте өз тәртібін орнатып, жерді сұлтандар мен қожаларға, байлар мен билерге бөліп беріп, көптеген шаруалар талай жылғы мекенін, қыстауы мен жер-суынан айрылған. Солардың бірі Исатай Байманұлы, Махамбет Өтемісұлы, т. б. Еділдің саласы Қиғаш өзені өңіріндегі Қарақамыс, Қүйген арал, т. б. жерлерінен, үйлериңен айрылған. Сондай-ақ, Ұса Төлегенұлы, Қалдыбай

Қосаяқұлы, Қабланбай Қалдыбайұлы, Үрсалы Қесен-
ұлы т. б. көптеген шаруалар жерсіз қалған.

Бұның үстіне хан, сұлтандар алым-салықты көбей-
ди, тіпті өзінің Петербургке баратын жол шығынын,
берегін сыйын ел үстінен жинаған. Би-старшиналыққа
нара берген адамдарды бекіткен.

Міне, осындай әділетсіздік, қанау шаруалардың
түрмисын нашарлатып, көбі қүнелтіс үшін қаңып,
Іліл, Жайық өзендері бойына жұмыс іздел кеткен.

Халықтың басындағы аса бір ауыр жағдайды Құр-
манғазының атақты, мазмұнды шығармасы — «Қісен
ашқан» күйі баяндайды. Бұл күй абақтыдан азаптан
қашып шығып, аяғындағы кісенін ашып, жаны жаңа бір
жай тауып, өз басынан кешкен жағдайды көзге елестете-
ді.

Академик А. Жұбанов «Қісен ашқан» күйінің мазмұ-
ны туралы сөзінде: «Бұл кісінің өз басының трагедиясы
смес, еңбекші халықтың трагедиясы», — деген болатын⁸.
«Бұл күйде еріксізден, жарадан ауырган адам жаны-
ның жағдайы бар,— дей келін,— «Қісен ашқан»— улken
идеялы, адам бақытсыздығын суреттейтін философия-
лық күй», — деп тұжырған⁹. Ауыр жағдайға шыдамаған
шаруалар 1836—1838 жылдары Исатай, Махамбеттің
бастауымен қарулы көтеріліске шықты. Архив дерегін-
де 1836 жылы Құрманғазы Сағырбаев бағып жүрген
офицердің 2—3 түйесін Қара Самар көлі маңынан кө-
терілішілер айдал кеткен. Бұл шаруалардың патша
офицерлеріне өшпендейлігін көрсетеді. Көтерілішілер
сұлтандарды, қожаларды, ірі, озбыр би-старшындарды
аяусыз соққылады, мал, дүниелерін тартып алып, өзде-
рін жазалап отырды. Қызыл құрт руынан көптеген ша-
руалар көтеріліске қатысып, өздерінің зұлым биінің
жылқысын, т. б. малы мен дүниелерін тартып, әкетті.
Әсіресе, Сәрсенбі Еселбайұлы, Бөрі, Нәдірғұл, Дауыл
Сәрсенбіұлдары, т. б. Шыңғыс деген сұлтанды шауып,
мал дүниесін алып кеткен¹⁰.

Бұл көтеріліс шаруалардың таптық түсінігінің кеңеюіне үлкен сабак болды. Махамбеттің отты жырлары мен шешен сөздеріне үйіған шаруа билеуші, қанауышы таптарға қарсы құресін тоқтатпады. Махамбеттің аты көтеріліске дейін де әйгілі болған. Жоғарыда аталған Ә. Жантөрин жазбасында Құрманғазы жас кезінен қашып жүріп, Махамбетті іздең, оны ақылшы, қамқоршы тұтады. Күйшінің бұдан кейінгі өмірі мен қимылынан Махамбетке тән өжеттілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттерін көреміз. 1836—1838 жылдары шаруалар көтерілісі, оған қатысушылардың ерліктері Құрманғазы творчествосына сарқылмас ықпал жасап, өмір бойғы құресінің, шығармаларының лейтмотиві болған. Міне, бұл Құрманғазының:

«...Исатай мен Махамбет,
Өкіне ме екен «өлдім» деп»,—

деген толғауымен байланысты. Исатай мен Махамбет әсері, көтеріліс рухы күйші шығармаларын жоғары дәрежеге көтереді, оның әлеуметтік сипаты айқын — шаруалардың ауыр жағдайы, қапастағы тіршілік, қажырлы еңбек, қайтпас, қайсар құрес.

1836—1837 жылдары Бөкей хандығындағы антифеодалдық көтеріліс женілгесін, патша әкімшілігі оған қатысушыларды қудалап, қысым жасап, атып, шауып, үлкен жәбір жасаған. Содан көптеген шаруалар Жаяқ өзенінің шығыс жағына қашып өтеді.

Бұл кезең, яғни 1830—1840 жылдары Құрманғазы өмірі мен творчествосында елеулі, жемісті уақыт болған. Академик А. Жұбановтың болжамынша, осы шамада «Кішкентай», «Балбырауын», «Ұзак ақжелең», «Бас ақжелең»¹¹ күйлері дүниеге келген. Бұлардың біріншісін Исатай, Махамбет көтерілісіне арнаған, яғни көтеріліс басшысы Исатайға бағыштаған. Академик А. Жұбанов бұл «Кішкентай» күйінің музыкалық жа-

ынан піскендігін және авторының творчестволық жетілген кезеңінің жемісі деп қарайды. Бұл, әрине, 17—18 жастағы балғынның шығармасы емес. Олай болса, Құрманғазы 1818 жылы туған еді деген сөз үстірт пікір. Құй авторы 30 жастан асқан деуге болады.

Ұлы күйшінің шәкірттерінің айтуынша, осы бір кезеңге жататын күйлерінің бірі — «Балбырауын» болса керек. Зерттеушілер қазақтың аспаптық музыкасы қорында «Балбырауын» атты күйдің көп кездесетінін және «көңілді, шабытты күйдің ырғағы жеңіл болып келеді» дейді. Ал Құрманғазының «Балбырауын» күйінің «Музыкалық терендік, техникалық даму, формалық қалыптасу, динамикалық күш жағынан тенденсі жоқ...»¹² Бұл күйді республика сахнасында алғаш орындаушы, Құрманғазының жерлес шәкірті Уахап (Охаб) Қабиғожин шығарма ауыл жастарының ойын-сауығына арналған болу керек деп болжайды. Күйдің музыкалық кейіпінде бидің негізі бар екені айқын. «Балбырауын» күйін музыкалық жағынан шебер талдаған академик А. Жұбанов «Образдық жағынан, шынында да, ауыл жастарының «ақсүйек», т. б. ойындарының жарыс суреттері бар сияқты», — деген еді. Күйдің ырғақ икемдігі лаулаған жалындай екпінінің өзі уайым-қайғыға, заманының ауыр азабына беріле қоймайтын жас адамдарды көңілді сауық ойынына шақырады.

Құрманғазының алғашқы шығармаларының қатарына «Қызың ақжелен», «Бес ақжелен» күйлері жатады. «Ақжелен» деген күйлер жеңіл орындалып, қысқа, ойнакы келетіні белгілі. Біз Махамбет Өтемісұлы шығармаларын іздең жүріп, Орал облысының Тайпақ ауданының тұрғыны Иманбаев Қанаштан «Ілме ақжелен», «Махамбет ақжелені» деген Махамбеттің күйлерін жазып алғанбыз. Сонда К. Иманбаев: «Ақжеленің» ұзын саны 62 болады, олар өзі музыка мектебі секілді, соларды толық менгерген кісі ғана күйші бола-

ды. Күйші болатын кісі өз «Ақжелең» шығарып, көпшіліктің көңілінен шығып, қолданатындағы болуы керек»,— деген еді.

Ел арасында Құрманғазының үстазы Ұзақ күйші деген пікір әлі бар. Міне, Ұзақ Бөкейліктен қашып келіп, Қалдыгайты, Бұлдырты өзендері өніріне орналасқан соң, бір жылдан астам уақыт хабарсыз кетеді. Ұзақты жаратпайтындар оны жынданып өлдіге сайын үміт үзе бастайды. Жыл аса, күзде, Ұзақ үйіне аманесен қайтып оралады. Осынша уақыт қайда болдың дегендеге Ұзақ әзілмен жауап беріп, жөнін айта қоймайды. Дегенмен, бірінде Құрманғазы дегенмен ел аралап, қаша-қаша екеуінің өте алыс жерге барғанын мойындасты дейді қазіргі үрпактары. Бұндай жүріс, сөз жоқ, Құрманғазы үшін үлкен өнер мектебі, үстазымен қатар отырып шындалу кезеңі. Біз жоғарыда атаған «Қыз ақжелең» күйі Ұзақ күйшінің әсерімен дүниеге келуі мүмкін. Бұл күйді алғаш жазып алып, нотаға түсірген белгілі музыка зерттеушісі А. Затаевич. Ол өзінің «Қазақтың 500 күйлері мен әндері» деген еңбегінде «Қыз ақжелең» Құрманғазының «Серпер» деген күйімен жалпы штрихтері бір, мүмкін сол автордікі болар»,— деп жазған¹³. Бірақ бұл күй Құрманғазының шығармалар жинағына әлі енген жоқ.

Музыка зерттеушілер Құрманғазының осы кезеңде шығарылған күйлерінің қатарына «Бас ақжелең» шығармасын жатқызады. Бұл күйді республиканың белгілі домбырашысы Мұрат Өскембаев көпшілік алдында алғаш орындаған. М. Өскембаев бұл күйді өз әкесінен үйренгенін және Құрманғазы Маңқыстауға бір келгендеге шығарған деп естігенін айтты.

Ұлы күйшінің туған анасына арнаған «Алқа», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» және «Қош, аман бол» деген күйлері бар¹⁴. Ел аузындағы әңгіме бойынша күйшінің анасының аты Алқа екен. Түрлі

жылдарға байланысты Құрманғазы жоғарыда аталған күйлерді шығарған, ал пайда болған кезеңі белгілі. Академик А. Жұбанов бұл күйлерді XIX ғасырдың II жартысында шықты деп мензейді. Бірақ соңғы кезде сабылған тарихи деректер бұл пікірді өзгертеді. Өйткөнші біз жоғарыда атаған, Құрманғазы аулының 1840 жылғы тізімінде мынадай тағы бір жол бар. Қүйшінің атасы, туыстары туралы жаза келіп, «Сағыrbай, Эммә оның қатыны да өлген» дейді, бұдан соң оның мал салын береді. Сонда Сағыrbай, оның әйелі 1840 жыл қарашында қайтыс болғанда, үйінде мал-дүниесіне ие бала-лары болғаны ғой. Бірақ есімі аталмайды.

Осындай деректерге сүйенсек, жоғарыда аталған күйлер 1840 жылға дейін шығарылған деп пайымдауға болады.

Сонымен, 1830—1840 жылдары Құрманғазы ондаған күйлер шығарған, өнерпаздық өрісі пісіп, жетілген, өз оперінің шынына тапжылмай өрлең келе жатқан іздешімпаз, жаңашыл, шебер және халқының өмірімен тығызы байланысты музика қайраткері болды.

¹ Қазақ ССР ОМА, 4-кор. 1-тізбе, 4770-іс, 65-парап.

² Қазақ ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 8-іс, 63-парап.

³ Ханыков Я. В. Состояние Внутренней Киргизской Орды в 1841 г. Спб. 1849, 130-бет.

⁴ Қазақ ССР ОМА, 4-кор, 1-тізбе, 2156-іс, 22-парап.

⁵ Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Спб. 1865, 50-51-беттер.

⁶ Жұбанов А. Фасырлар пернесі. А.— 1975 ж, 70-бет.

⁷ Ерзакович Б. Г. /Затаевич А. В. Исследования, воспоминания. Письма и документы. А.— 1958, с. 146.

⁸ Жұбанов А. Құрманғазы. А.— 1978, 104—105-беттер.

⁹ Бұл да сонда.

¹⁰ Қазақ ССР ОМА, 4-кор, 1-тізбе, 1963-іс, 402-парап.

¹¹ Жұбанов А. Құрманғазы. А.— 1978, 66—68-беттер.

¹² Бұл да сонда.

¹³ Затаевич А. 500 казахских песен и кюев. А.—1931, с. 455.

¹⁴ Қенжалиев И. «Ұзақ күйші» /«Жұлдыз» журналы. 1986 ж., № 3, 204—205-беттер.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ТВОРЧЕСТВОСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ ЖАЙЛЫ

Құрманғазы туралы мәліметті көп жинастырған академик Ахмет Жұбанов өз кітабында ұлы күйші 3—4 рет ұсталып, абақтыға қамалған, бірінде Сібірге де жер аударылған деп жазады. Бірақ қанша жасында, не себепті абақтыға жабылғаны айтылмайды. Бұл — бір қын мәселе және әлі де ізденіп, анықтауды қажет ететін жай. Өйткені, Құрманғазы творчествосы көбіне осы ұсталып, абақтыда жатуына, одан қашуына, қуғындауына байланысты өрбиді. Архив деректерінен бізге күйшінің 1857 жыл және 1864 жылдары абақтыда жатып шыққаны белгілі, бірақ олар туралы материалдар толық емес. Тергеу орындары жүргізген іс қағаздары табылмай, тек қосалқы материалдар ғана бар. Бұл мәлімет бойынша, Құрманғазы 1857 жылы абақтыдан қашып шығып, жасырынып жүріп, 1864 жылға дейін қолға түспеген. Ал 1867 жылдан кейін елде бірталай еркін жүрген. Сонда біз Құрманғазы Сібірде, Орынборда қай жылдары болды дей аламыз? Маңқыстау, Үстірт, Сыр бойында қашан болды? Бұндайда Үстірт, Шын, Жем, Сағыз бойында күйшіге пана болған Төремұрат, Нарынбай туралы, олардың өмір сүрген жылдары, мекені жөнінде материалдар қажет. Архивтен бұлар туралы материал табу өте қын. Себебі олардың фамилиясы не руы белгілі емес. Ендігі үміт — шежіре билетіндер-

ден Төремұраттың фамилиясын, ағайындарын, солардан оның мекенін, тіпті бейітін сұрастырып табуға болар еді. Бірақ бұны қүнттап іздестіріп жүрген ешкім жок. Әлі де болса анығын білетін кісілер табылар деген умітпен жазып отырмыз.

Құрманғазының күйлері өз басындағы, ел өміріндегі түрлі тарихи оқиғалар мен құбылыстарға байланысты шығарылған. Бірақ бұдан олар «өмірбаяндық» күйлер деген сөз шықпайды. «Біздіңше,— дейді академик А. Жұбанов,— Құрманғазы күйлері бір адамның өмір образын баяндаудың тар қаузына сыймайды»¹. Шынында да, бұл орынды тұжырым.

Ұлы күйшінің шығармаларының ұзын санын әзір ешкім анықтаған жоқ және бұл әлі де көп зерттеуді керек етеді. Өйткені, Құрманғазы күйлері еліміздің әр түкпірінде жүрген 60 жыл аумағында шығарылған. Алғашқы күйі 1836—1837 жылдары Исатай — Махамбет көтерілісіне арналған болса, соңғы күйі «Итог», «Не кричи, не шуми» Астрахань қасында Еділ сағасында 1886—1889 жылдар шамасында шығарылған. Арасы — 50 жыл. Бірақ, Құрманғазы күй шығаруды ертерек бастады ма деген пікір бар. Ал ел аузындағы әңгімеде Құрманғазы күйді бұдан да бұрын шығарған болып есептеледі. Мысалы, жоғарыда аталған Э. Жантөрин жазбаларында алғашқы күйі «Өсиет» 1823 жылдары шамасында шығарылған делінеді. Бұл күйлердің шыққан жері, географиялық шеңбері әр түрлі. А. Жұбанов 40 шакты күйді өзінің «Құрманғазы» атты кітабында атап, 50 күйдің нотасын береді. Солардың 20 шактысы нағана тарихи түсініктеме берген. Бір тобы — Бекейлікте («Ақбай», «Кішкентай», «Алқа», «Бұқтым-бұқтым», «Назым қызы», «Жігер», «Серпер», «Лауышке», «Аман бол, шешем, аман бол», т. б.); екіншісі — Үсігрт, Ақтөбе, Маңқыстау даласында («Қызданойдын қырғыны», «Төремұрат», «Адай», «Бозқаңғыр», «Ақсақ

кик», «Бас ақжелен», «Амандасар», т. б.); үшіншісі — Сібірде, одан қашып келе жатқанда («Алатау», «Сарыарқа», т. б.); төртінші тобы — Орал, Орынбор облысында жатуына байланысты («Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Тұрмеден қашқан», «Қайран шешем», т. б.); бесінші тобы — Еділ өзені бойында («Итог», «Машина», «Не кричи, не шуми», «Саранжап», «Демалыс») шығарылған деп айтуға негіз бар. Бұлардың ішінде соңғы топтағылар күйшінің өмірінің соңғы кезеңінде, яғни 1885—1889 жылдары шығарылғаны анық. Ал басқаларының қай жылы, қайда пайда болғаны белгісіз. Бұл мәліметтерді Құрманғазы күйлерін жинап, жариялаушылар да анықтамаған:

Құрманғазы күйлерін А. Затаевич 1931 жылы шықкан өзінің жинағына алғаш рет ендірген еді². Онда «Ақсақ киік», «Серпер», «Адай», «Кісен ашқан» және авторы аталмаған «Бозшолак атты боқ дүние», «Қызы ақжелен», т. б. күйлері бар, бірақ түсініктемелері тым қысқа, тіпті кей жерінде қате пікір де жазылған. Оған таңғалуға болмайды. Ахмет Жұбанов құрастырған Құрманғазы шығармалары жинағына жоғарыда аталған А. Затаевич кітабынан 3—4 күй енбеген. Белгілі музыка зерттеушісі Тымат Мерғалиев құрастырған «Домбыра сазы» атты жинақта Құрманғазының 10 күйі бар. Республиканың мерзімді баспасөз беттерінде 10 шакты күйі туралы жарияланған, бірақ нотасы жазылмаған. «Өсиет», «Құлагер», «Нар иген» секілді 12 күйі бар. Бірақ олар әлі зерттеп анықтауды қажет етеді. А. Жұбанов «Құрманғазы» кітабында тағы да «Қаспий», «Бекер келдім», «Ара сокқан» күйлерін әңгімелейді. Сонымен, Құрманғазы өз өмірінің саналы 50—60 жылында 60-тан астам күй шығарған. Бұл аса көп және тым қымбат мұраның әлеуметтік мәнін, тарихи маңызын, эстетикалық талғамын анықтай түсу музыка зерттеушілері мен тарихшылардың, жанашыр қауым-

ның ардақты міндеті. Қай күйдің қашан шыққанын анықтау аса қын жұмыс болғанмен, ол әр күйді түсіну, оның мәнін, дәнін айыруға өте қажет.

Құрманғазы жинағында күйлер шығарылу ретімен қойылмаған. Академик А. Жұбанов құрастырған жинағы «Қызыл қайың» күйінен басталады. Оның себебі айттылмайды. Бұл жинақта күйші шығармаларының қашан, қайда шығарылғаны көп әңгіме болмайды. Тек «Кішкентай» күйі ғана Исадай — Махамбет көтерілісі кезінде шығарылған алғашқы күйіне жатады. Біз жоғарыда Құрманғазы күйлерін 5 кезеңде, бес жерде шығарылғанын топшыладық. Бұның толық рас болып шығуы үшін әлі де зерттеу жұмысын жүргізуіміз керек. Ол үшін тағы да архив деректерін, әдеби мәліметтерді жинастырумен қатар қолда барын да ойластыру жөн. Мысалы, алғашқы шығарылған күйлерінің қатарына «Ақбай» да жатуы мүмкін. Оған бірінші негіз — бұл күй нотасының басы «Асықпай, ызамен» деп жазылған. Олай болса, «Ақбайда» күйшінің ыза-кегі, езілгендердің есесі бар. Ақбай — Байбақты руының бір биі, ол Құрманғазы мекенінен, яғни Пакей маңынан төтелей 30—35 км жерде тұрады. Кедей Құрманғазы байдың жалшылығында болуы ықтимал. Ақбай XIX ғасырдың 1 жартысында жасаған. Өйткені, оның баласы белгілі Эубәкір (Абубәкір) Ақбаев патша қызметіне, яғни өз аулына би болып 1859 жылы белгіленді. Айтылмыш күй осы кезге дейін шығарылуы тиіс қой³. Бұдан әрі Ақбайдың баласы Эубәкірмен арада тартыс басталады.

Біз жоғарыда атаған Құбиев Қабдолла қарияның қолындағы Әbdірахман Жантөрин қолжазбасы бойынша Құрманғазы 1834 жылдары ұсталып, Сібірге айдалады. Бұның анық-қаныны әлі белгісіз. Дегенмен, Құрманғазының Сібірде болуы туралы ел арасында аныз-әңгіме көп. Осы жерде айта кетеік, ел аузындағы тарихи әңгімелерге мән бермеске де болмайды. Құр-

манғазы туралы мақала жазып, кітап шығарған музыка зерттеушісі П. Аравин архив дерегін өзі қарамасада, Құрманғазы Астрахань жағында абақтыда болған емес деп қайта-қайта жазған болатын. Бұл үстірт әңгіме болып шықты. Біз Астрахань облыстық мемлекеттік архивінен Құрманғазының абақтыда жатқаны туралы материал көрдік. Сөйтіш, Құрманғазы Астрахань жағында абақтыға қамалды деген әңгіме расталып отыр. Осы секілді ұлы күйшінің Сібірде болуы да шындық болып шығар. Бірақ қай жылдары екені әзірге белгісіз.

Сібірге барып, қайтқан сапарында Құрманғазы бірнеше күй шығарған. Сібірге кетер алдында, ол қашып жүрген жерінде Самар көлдері өңірінде ұсталып, Өзен әскер линиясының орталығы болған Ескі қалаға (орынша — Ф. Глининский, Глинин.— И. К.) алып келінген. Артынан азық-тұлігі бар анасы Алқа асығыс жетеді. Осы жерде алдағы ауыр жағдайы ойна түсіп әрі шешесін көріп, Құрманғазының көңілі босайды. Сонда анасы баласына ақырып: «Мен ұл таптым ба деп жүрсем, жаман, жасық неме екен фой туғаным. Қімнің алдында көзіңнің жасын шығарып тұрсын?»— деп жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы жалма жан анасынан рухани қуат алып, есін жияды, бойына қайрат, жігер толады. Осы арада «Аман бол, шешем, аман бол» деген күйі шығарылған деген сөз бар. Анасының сөзі Сібірге айдалған кезінде де Құрманғазыға талай медеу болады. Күйші Үркітке (Иркутскіге) жер аударылады. Жоғарыда аталған Эбдірахман Жантөрин жазбасында күйшіні бір қалың орман ішіне, елсіз, жыртқыш андары көп жерге апарып тастайды. Патшаның қатығез қызметкерлерінің жер ауған адам елсіз жерде өзі азаппен өлсін дегені болар. Құрманғазы әуелгі күні ағаш бұтағына қонып шығады. Ертеніне көп кезіп жүріп, бір құлаған ағаштың қуысын баспаған жасап, үстін шөп, жапырак, бұталармен жауып, ішіне шөп

төсеп, сонда жатып жүреді. Сосын талдан сарыжа, ағаштан оқ жасап, ағаш ішіне жасырынып жатып, келген аңды жақыннан атып алып қорек етеді, терісін төсениш, жамылғы жасайды.

Ал «Қайран шешем» күйі А. Жұбанов жазуында капастағы жағдайды суреттегендей, алып ананың образын бергендей болады, аяғында мұң ауырлай түседі. Бұл күй осында қапаста, аса бір қын жағдайда қуат берер анасы есіне түсіп шығарылса керек. Сібірде ұлы күйшінің қасында Лавочкин емес, басқа бір орыс азатының бірге болғаны әңгіме етіледі. Міне, осы бір шақта «Қайран шешем» күйі дүниеге келеді. Күй қапастағы жайды елестететіндей, жай, салмақты басталады да одан әрі музыкаға «Қайран шешем» деп сөйлеп тұрғандай дыбыс беріледі.

Ә. Жантөрин жазбасында, Құрманғазы қыстай аңның қылышын, жұндерін жинап, арқан есіп, әзірленіп, көктемде еліне қарай қашады. Жолда Байқал көлінен өте алмай қиналып әрі жол таба алмай, орманнан сырый, өрім ағаштарды жинастырып манағы арқанмен байлап, сал жасайды. Ескекпен есіп, екі апта бойы Байқалды көлденең жүзе отырып, батыс жағасына шығады. Қыстайғы кептіріп жинаған азығын қорек етіп, жолшыбай ешбір елге соқпай қазақ жеріне келеді. Осы жолында бірталай қазақ жерін аралап, «Сарыарқа», «Алатау», «Бас ақжелең», т. б. күйлерін шығарады. Құрманғазы «Сарыарқа» күйінде өз кезеңіне, өз дәуірінің рухына сай дыбыс тапқанын, ол әуені құйғыта шапқан аттын, жеңіс жырының өжет, тегеурінді жауынгерлік екпінімен басталып, тыңдаушысын бірден баурап әкететінін айта келіп, А. Жұбанов «Сарыарқа» Құрманғазы творчествосының шарықтау шынының бірі деп әділ баға береді.

Ахмет Жұбанов жазғандай, Құрманғазы күйлері хронологиялық тәртібімен қағазға түспеген соң қай

күйдің кашан, қайда шыққанын кесіп айту қын. Шәкірттері мен күйшіні көрген адамдардың баяндауынша, Құрманғазының жас жігіт кезінде шыққан күйлерінің бірі — «Балбырауын», екіншісі — «Ақжелен».

Құрманғазының өлең шығару қабілеті де болған. Оның Шыман төреге, Тәтімән деген досына, баласы Қазиға арнап, т. б. оқиғаларға байланысты өлеңдері бар.

Шыман төре (дұрысы — Шыңғали Орманов) «Құрманғазы» деген кітапта Шыман «Шолтыров» деп қате аталған. (Шолтыр ұрпағында ондай есімді адам болған емес.) Нұралы ханның ұрпағы Кіші жүздің батыс бөлігіне 1825—1830 жылдары билеуші сұлтан болған, кейін патша әкімшілігіне жақпай қалып, орынан босаған. Жәңгір хан оны өз қарамағына көшіртіп алған, Нарынның Бекетай құмы жағынан қоныс берген. «Шыман қорығы» деген жер атауы әлі бар. Шыман төре Истай — Махамбет көтерілісін патша әскерлерінің күшіне сүйеніп басып-жаншуда қатыгездігімен атағы шыққан залым адам. Ханға бағынбаған адамдарды атып, асып, ауылдарын түгел өртеп, бесіктегі сәбіді найзаның ұшына шаншып алғаны, екіқабат әйелдің ішін жарған сұмдық әрекеттері ел ішінде әлі күнге дейін әнгімеленеді. Шыман — шаруалар табының зұлым жауы. Құрманғазының кедейлігін басынып, қараша үйін кемсітіп, «куйінен басқа байлығы жоқ, құрым киіз үйде өткен өмірін еске салып», «Құрымбай» деп мысқылдан атқояды. Құрманғазы Шыманнан кек алу ниетімен бірінде төренін отыз жылқысын айдал кетеді де, жана шырларына үлестіріп береді, сосын бір шағын жиында.

«...Сұрасаң менің атым «Құрымбай-ды»,
Жайықтың суы маған жұрындайды.
Шыманың отыз атын бір айдадым,
Құрекен жай адамға ұрынбайды», —

деп өлеңдетеді.

Шыман XIX ғасырдың I жартысында өмір сүрген. Бұл — тап күресінің бір көрінісі. Шыман — үстем таптың белгілі көсемі. Ондай адаммен алысу Құрманғазының езілген еңбекші тап мүддесін өзінше қорғап, солар үшін әлінше қызмет істегенін көрсетеді. Қази сары аурумен ұзақ ауырып, жүдеп қалады. Кедейліктің қысымына түскен Құрманғазы баласына дұрыс қуатты та мақ тауып бере алмай налып, төмендегі өлеңін шығарады:

«Сұрасаң менің атым Құрманғазы,
Күтқармас кашса қоян құмнан тазы.
Үйіне досың келіп құр аттанар.
Қайтейін, кедейшілік, малдың азы.

Күреннің тобығынан тарттым таңба,
Бай менен бас имедім биге, ханға.
Арықтап «сары» аурудан тұрғанында,
Ас тауып бере алмадым Қазижанға.

Айтайын айт дегенде өлеңімді,
Білемін ертелі-кеш өлерімді.
О да бір маған берген бакыт шығар,
Кетейін жайып жұртқа өнерімді.

Қүрекен ұшқан құсқа мылтық атқан,
Жігітке жараспайды үйде жатқан.
Кешегі буырқанған кезеңімде,
Хандарды қабар едім зар жылатқан»⁴.

Бұл өлеңнің әні бар және оны зерттеушілер зор мәнді өлең екенін, құндылығын жазады. Бұл өлең жоғарыда айтылған, ұлы күйшінің үстем таппен қолынан келгенінше арпалысып өткенін дәлелдейді.

Сонымен, Құрманғазының өлең шығару өнері бар екен. Демек, оны да күрес құралына айналдыра білген.

¹ Жұбанов А. Құрманғазы. А.—1978, 13-бет.

² Затаевич А. 500 казахских песен и кюев. А.—1931.

³ Құрманғазы Сағырбайұлы. Қүйлер. А.—1961, 80-бет.

⁴ Қазақ ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 1346-іс, 37-парап.

ШАРЫҚТАУ

Құрманғазы творчествосының шарықтау кезеңі XIX ғасырдың орта кезеңіне, II жартысына тұра келеді. Қүйшінің шығармаларының мазмұны, түр жағынан үлкен өзгерістерге ұшырауы, жаңалық нышанының көбейі, шеберлігінің дами тусуі, репертуарының байып, күйлерінің Қіші жүзге кең тарауы, оның еліміздегі болған көптеген жаңа құбылыстарға, даму процесіне байланысты екені сөзсіз.

XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда ірі өзгерістер бола бастады. Ең алдымен тап куресінің дүмпүнен және қоғамдық қарым-қатынастың ілгері дамуы нәтижесінде ғасырлар бойы шаруаларды буындырып келген крепостниктік право жойылды. Шаруалар үлкен қызындықпен басыбайлышықтан босана бастады. Россияда капиталистік қарым-қатынас дами берді. Бұл екі құбылыс Россия империясының отарлы елдеріне белгілі әсерін тигізді. Капиталистер Қазақстанда өз кәсінорындарының дамуына жұмылды. Біртіндеп женіл, та-мақ өнеркәсібі мен тау-кең өндірісі жандана бастады. Қіші жүз бен көршілес Астрахань, Царицын, Орал, Бұзаулық (Бузулук), Самар (қазір Куйбышев), Қазан, Орынбор, т. б. қалаларда капиталистік кәсіпорындар көбейіп дами бастаған. Бұнымен қатар жұмысшы табы да біртіндеп қалыптаса бастады. Ал Қіші жүзде елді

мекендер, жаңа сауда орындары пайда болады. Ішкі тарапта, яғни Бөкей хандығында Новая Казанка, Таловка (енди ол «Киргизская» деп атала бастады.— Н. К.), Сайхын, Ганюшкино, Сламихин, Басқұншак, т. б. көптеген елді мекендер пайда болды не бұрынғынан недәүір өсті. Бұларда сауда-саттық ісі жыл бойы тұракты жүріп жатты. Эрине, сауда көлемі ірі қала-лардағыдай кең көлемде емес, тек тұрмысқа аса қажетті бұйымдар көбінесе мата, аяқ-табақ, ауыл шаруашылық құралдары, киім және айна, тарақ, ине, жіп, былгарыдан істелген түрлі бұйымдар секілді заттар сатылды. Ал жергілікті жұрт мал, май, тері, жұн; ағаштан жасалған бұйымдар: кереге, уық, жастағаш, сандық, адалбақан, арбаның дөңгелегі, тоғыны, шені, күпшегі, т. б.; қайыстан жасалған бұйымдар: жүген, делбе т. б.; киім (шапан, ішік, бас киім, етік, т. б.) сатты. Бұл айтылғандардан біз қазақ шаруалары, қолөнершілері сауда-саттық ісіне араласып, рыноктың талабына сай бұйымдар жасап, базарға әкеліп сату ісімен шұғылдағанын байқаймыз. Бұған Ресеймен байланыстың көбеюі, елдегі саяси жағдайдың, мал шаруашылығы даму бағытының өзгеруі, халық санының өсіп, егіске жарамды жердің тапшылығы, т. б. себеп болса керек. Біріншіден, халықтың құрамы өзгере бастады. Қіші жүздер мекендерге алыс түкпірлерге жетуге тырысқан. Саудагерлер қазактар тұрған аймаққа көшіп келді не агенттерің орналастырды. Мысалы, Таловкада көршилес Саратов, Қазан, Самар губернияларынан саудагерлер, басына бостандық алған шаруалар көшіп келиң, үй салып, мал өсіріп, ұсақ саудамен шұғылдана бастады. Ал Қазан татарлары Құрманғазы өсken Пакей қонысына жақын 24 км жердегі Тұщықұлақ көлі жағасына 1869 жылы Жанақала (с. Новая Казанка) деген қоныс салып, сауда орын қалың қазактың ортасына жеткізді.

Сол секілді форт «Таловая» (Еріген қар сұы жиналған, ағыны жоқ сайды орысша «Таловая», казақша «Қарасу» деп атаған. Мұндай атаулар Еділ — Жайық алқабында жиे кездеседі.) аз уақытта сауда қалашығына айнала бастады. Екі жүзден астам үй салынып, 2 мектеп, 29 лавка, мешіт, қолөнер кәсібі пайда болады¹.

Бұл қалашықтардың өлкеде шаруашылықтың жандануына, қоғамдық қарым-қатынастың дамуына белгілі әсері болғаны сөзсіз. Сол секілді, Қіші жүздің басқа бөліктерінде де елді мекендер өсіп не жаңадан пайда болып жатты. Мысалы, Ойыл өзені бойында, Жымпыта, Жем, Сағыз өзендері өнірінде қалашықтар пайда болды. Атап айтқанда, енді Орал, Орынбор, Астрахань казак әскерлері тыныш елге бұрынғыдай ашық әскери команда шығара алмады. Жайылым, суат, шабындық туралы да озбырлығы шектеле бастады. Казак әскерінің қанды талауы тыйылғандай болды. Оның үстіне Астрахань казак әскері, шекарадағы Өзен әскері, т. б. бірталай әскер кордондар таратылды. Бұл ішкі тарап шекарасындағы бұрынғы мазасыздықты, озбырлықты азайтты. Бұған бір себеп, қазақтың өз ішінен шыққан кейбір қызметкерлері Орал әскері озбырлығын, қиянатын әшкерелей берді. Орынбор кадет корпусын бітірген Салық Бабажанов² Петербург газетіне Орал әскер Орал мен Еділ арасында өз кезегінен тыс 2 млн. десятинадан астам жерді босқа иеленіп, қазақ шаруаларын жерге мұқтаж етіп, қанап келгенін жариялады³. Бұл көпшіліктің назарын аударып, өкімет амалсыз шара қолдануға мәжбур болады. Содан Орал әскерінің терриориясы қысқартылып, Өзен әскер линиясы тартылды. Сары өзен, Самар көлдері жағалауындағы шабындық, көп жайылым, суат, егінге қолайлы жерлер қазақ шаруаларына беріліп, одан өкіметке алым-салық деп пайда түсе бастады. Оның үстіне Глиннянский, Абин-

ский, Вебовский, Таловский, т. б. бекіністер таратылып Бөкейлікке берілді. Сары өзен бойына орналасқан бұл коныстар ежелден шаруашылыққа қолайлы мекендер еді. Мысалы, соның біреуіне, яғни Вербозский форпостысына (казақша «Қөктерек») кейінірек Құрманғазы ауылы көшіп келіп, мекен салды. Таловка форпостысына орыс, татар, қарақалпак, ногай, қазак шаруалары көшіп келіп, үй-жай салып, орныға бастады.

Екіншіден, саяси-әкімшілік басқаруда да өзгерістер болды. Ең алдымен, Бөкей хандығында басқару жүйелері өзгерді. 1845 жылы елді жегідей жеген Жәнгір хан белгісіз аурудан тез өлді. Ол өлгесін патша әкіметі хандықты сақтағысы келмеді де, «Кіші Орданы басқаратын Уақытша совет» дегенді құрды. Бұл совет 4 советник пен председательден құралды. Оның кеңесі, қызметкерлері болды. Жергілікті елді басқаруда Жәнгір хан кезінде ру-руға бөлінетін, ол 2 округтен (Теніз және Самар) тұратын. Уақытша совет ру-руға бөлінген елді басқарудың қыындығын көрді. Бұндай шашыраған ауылдарды басқару, әсіресе, алым-салық жинау, санақ жүргізу қын болды. Сондықтан Орынбор басшыларының құптауымен 1860 жылы Бөкейлік 2 теңіз округіне, 5 қисымға (орысша часть) бөлінді. Бұл қисымдардың жер көлемі, халқының саны, шаруашылығы уезге бар-бар еді. Сонда Құрманғазы туып-өскен өнір — Нарын қисымы, оның терістігінде Қамыс-Самар, Сары өзеннің орта өнірі — Таловка, Еділ жағында Қалмақ, Тарғын қисымдары болды. Құрманғазы көбіне, Қамыс-Самар, Таловка қисымдарында болды. Бұл қисымдар старшиналық, кейін ауылдарға бөлінді. Бұларды старшина мен ауыл би басқарды. Сонда Нарын қисымында II старшиналық, Қамыс-Самар қисымында 16, Таловқада 10 старшиналық болады. Алдағы әңгімеміз түсінікті болу үшін айта кетейік, Қамыс-Самарда 1860 жылдары № 10 старшиналықтың би жас Әубәкір Ақбаев болды,

№ 13 старшиналықтың биі Майқы Бөкенбаев, ал Қызылқұрт, Ысық ауылдары № 16 старшиналыққа қаралған⁴.

Әкімшілік-басқару ісінде тағы бір өзгеріс — 1876 жылы Бөкей даласы Орынбор губернаторы қарауынан алынып, Астрахань әскери губернаторына бағындырылады. Бұл көптен бері қажет болған шара еді. Ең алдымен, шаруалар Орал әскерінің озбырлығынан құтылды. Екіншіден, Еділ бойындағы қалалармен, орталық Россиямен байланыс өсе түсті. Губерниялық басқару орнының жақын болуы жергілікті басшылардың заңсыз қимылдарын әшкерелеп, озбырлығын тежеуге де әсері тиді. Бұнымен қатар жер пайдалану, жайлау, қыстау орындары, тұракты қоныс мәселелері де біртіндеп реттеле бастады.

Ал Қіші жұз (Жайықтың шығыс жағы) 1824 жылы батыс, шығыс орта боп үш бөлікке бөлінді. Оларды сұлтан-правительдер басқарды. 1868 жылы тағы өзгеріске ұшырады. Қіші жұзді толық иемденуге талпынған Орал әскерінің басшылары өз тілегіне жетті. Қіші Жұзде Орал, Торғай облыстары Маңқыстау приставтығы болып қайта құрылды. Бұның нәтижесінде Жайық жағалауы Електің сағасынан Ойылға, одан Каспийге дейінгі жер (яғни бұрынғы Қіші жұздің батыс, Орта бөліктері) Орал облысына кірді. Бұл реформаға қарсы бағытталған көтерілістер де болды. Сол секілді сот құрылышына да өзгерістер енгізілді, алым-салық тәртібі, түрлері де, жер пайдалану ісі де өзгеріске ұшырады. Бұлардың бәрі отарлық езгіні күшеттіп, Қіші жұзді толық отарға айналдырыды. Бұл реформалар таптық бағытта, қазақ сұлтандары мен байларының мұддесін қорғау мақсатында да жүргізілді.

XIX ғасырдың II жартысында қазақ шаруаларының шаруашылығында кейбір өзгерістер болған. Ең алдымен, патша өкіметі отырықшылану, егін егу мәселесіне

қанша кеселдік істегенмен енді бұрынғыда тыйым сала алмайды. Бірақ артта қалған өндіріс қатынастары, күйзелген шаруалар бірден толық отырықшыланып, не егінмен жалпылама айналысып кете алмайды. Эйтсе де өзендер аңғарларында, ойпаттарда егін салу жиіледі. Бұны, әрине, патша чиновниктері өздерінің ықпалы мен қамкорлығы арқасында болған деп жазып, масайрап келді⁵. Тыйым салуға, қудалауға қарамастан Торғай өзені аңғарында 1866 жылы 1200 десятина жерге егін салынған. Кіші жүздің шығыс бөлігінде 2019 десятина жер егіндік болса, ал ол 10 жылдан кейін 17000 десятинаға жетіп, одан 3,7 млн. пүт өнім алған. Сондагы құралы — жер жыртатыны «тіс» деген соқаңың ескі түрі, тырмалайтыны — сүйретпе ағаштың бұталары, кеппен және атызға қол қауғамен, не шығырмен су құйған. Атпа да қолданған⁶. Біртіндеп қазақ шаруалары еңбек құралын жетілдіріп, молырақ астық алғып, артығын базарға шығара бастады. Міне, 1880—1890 ж. Кіші жүз шаруалары Теке, т. б. қалалар базарына ақ бидай, тары, сұлы әкеліп сатады⁷. Торғайда да солай болған. Бұл — тарихи сапалы өзгеріс.

Кіші жүзге жайлап капиталистік қатынас, товарлы өндіріс жайыла берген. Техника жаңалықтары өндірісте де көрінеді. Міне, бұндай жаңа құбылыс қағілез Құрманғазы назарына түсіп, «Машина», «Итог», «Не кричи, не шуми» деген күйлерін шығарады. XIX ғасырдың II жартысында қазақтың жұмысшы табы да пайда болып⁸, күйіші өмірінің соңғы 10 жылын солардың арасында өткізіп, пана табады.

Кіші жүздің мәдени өмірінде де өзгерістер болды. Бұл кезде Россия мен Кіші жүздің байланысы көбейіп, рухани өмірде түрлі жаңалықтар бола бастады. Ең бастысы — патша өкіметінің кертартпа саясатына қарамастан ел ішінде мектеп, медресе саны көбейе береді. Құрманғазы туып-өскен Жиделіде тағы бір мектеп

пайда болды. Патша әкімшілігінің жинаған мәліметтегі бойынша 1865 жылы тек Бөкейліктегі 93 мектеп пен медресе ашылып, оларда 3136 бала оқыған. Ал Құрманғазы мекендеген Қамыс-Самар қисымында 39 мектеп 1157 оқушыны қамтыған. Эрине, бұл мектептердегі оқу жағдайы тым нашар еді. Мектеп үйі, оқу қуралдары, әдеби дайындалған сқытушы болмайтын. Балаларды сауаты бар кез келген адам жеке бір киіз үйде не жер кепеде оқытатын. Қамыс-Самар қисымында 39 мұғалімнің 21-і қарапайым сауатты ғана адамдар, оқыту тәсілі ескі, дөрекі, негізінен жаттау еді.

Ағарту ісінің жандануы халықтың рухани өмірінің біртіндеп дамуына, мәдениеттің таралуына үйткы болды. Бұл кезде Россия мен Қазақстан арасындағы байланыс жан-жақты өрбіді. Орыстың түрлі мамандары, ғалымдары Қазақстан жерімен, халқымен, табиғатымен, тарихымен таныса бастайды. Бас штабтың офицері Вларамберг И. Ф. Қіші жүз географиясын, шаруашылығын, халқының тұрмысын зерттеп, көрген-білгенін кітап етіп шығарды. Онда Қіші жүз шаруаларының халі, өндіріс күші, қоныстануы, т. б. туралы құнды мәліметтер бар⁹. Бұнымен қатар, Петербургте Солдатенков дегеннің баспасында Қіші жүз жағдайы туралы тағы бір кітап шықты¹⁰. И. Казанцев дегеннің Қазақ өмірі мен тарихы туралы қысқаша тарихи очеркі жарық көреді¹¹.

Бұның бәрі Россия оқырмандарын қазақ елімен таныстырып, шаруалардың мүшкіл халі, олардың адамгершілігі, еңбеккорлығы, ақ көңілділігі туралы шынайы мәліметтер береді. Бұндай басылымдар екі халықтың арасындағы түсінісу, араласу процестеріне елеулі пайдасы тиеді. Осының негізінде орыстың саналы азаматтары езілген отар елге жанашырлықпен қарап, оның тағдырының аз да болса жеңілдеуіне үлес қосуға ты-

рысқан. Орыс баспасөзінде қазақ елінің ауыр жағдайы туралы мақалалар жиі шыға бастайды. Бұл кейбір шаруашылық мәселесін, мысалы, қосымша жер, жайылым беру, мәдениет, ағарту ісін жандандыруға, яғни жаңадан мектеп ашу, ескі мектеп үйлерін өндеу, қоныстану, отырықшылану мәселесін шешуді жөнделдетуге, сөзсіз, әсер етеді.

Құрманғазы бұл өзгерістердің мазмұнын, сипатын өзінше түсініп, жаңа мән беріп, пайдаланған көрінеді. Бұл құбылыс, ең алдымен, Қіші жүздің шығыс дала-сында жүрген кезіндегі творчествосынан байқалады. Сонымен, Құрманғазы творчествосындағы басты кезеңнің бірі — оның Үстірт, Жем, Сағыз өзендері мен Маңқыстау даласында, яғни қазіргі Ақтөбе, Гурьев, Маңқыстау облыстарында болуы. Академик А. Жұбанов өзінің кітабында күйшіні бұл жақта 2—3 рет болған деп жазады, бірақ жылдары белгісіз¹².

Бұндай бірнеше жылға созылған сапарында Құрманғазы талай оқиғаның күесі болады. Солардың бірі — «Қыз Данайдың қырғыны», екіншісі — көрші елдің батыры Беспай мен Төремұрат, Нарынбай ауылдары арасындағы қақтығыс. Қыз Данайдың қырғыны тура-лы әңгіме бізге әлі көмексі және әр түрлі айтылады. Біреулер Төремұратпен оны байланыстырып, екеуін ашына қылып, содан екі ауыл арасындағы араздық, кү-ғын шыққанын әңгіме етеді¹³. Бірақ көптеген әңгімелер Құрманғазы ізден барғанда Төремұратты қартая бас-таған кісі деп сипаттайды. Бұндай пікір, әсіресе, Құрманғазының өзінің туып-өсken өнірінде, яғни Орал облысының бұрынғы Қамыс-Самар қисымында, қазіргі Жанақала, Қазталовка, Фурманов аудандарында және оған көрші аудандарда көп айтылады. Бұны айтушылар ұлы күйшінің туыстары, жерлестері.

Құрманғазы, көбіне, Орал облысының қазіргі Жанақала ауданында тұрғанда, көрші Қазталовка ауданы

жерінде де оқтын-оқтын болған. Қейін Құрманғазының шәкірттері де Казталовка аудандарында тұрып, оның күйлерін, өмірінің ауыр да қызықты жайларын ел арасына жайған. Сондай әңгіменің бірі Құрманғазының Жем, Маңқыстау жағына барып жүргені туралы. Бұл әңгімені Казталовка ауданы Бірік ауылсоветінің азаматтары Айдыналиев Құбаш, Кенжалиев Насекеңнен талай естіп едік. Бұлардың айтуынша, 1915 жылы күзде Саралжын көлі жаңындағы ауылға Ресей жағынан Сапаралы деген белгілі ұры және Ахмет деген азамат келіп қонады. Жолаушылар қонатын үй іздел, ақыры күзгі сұықта Кенжалиев Насекеңнің үйіне түседі. Шай ішіп жайланып отырған соң көршісі: «Әй, балалар, мына қарттың шоң мұрны насыбайға, ұзын салалы саусактары домбыраға арналған секілді, ана домбыраны алып беріңдерші,— деп төрдегі Ахмет қартты нұсқайды,— осы қарт дәу де болса үлкен домбырашы болар». Жолаушылар бұл сәуегейлікке таң қалып біріне-бірі қарайды. Сосын Сапаралы: «Мына жігіт дұрыс айтады, Ахмет Құрманғазының жақын туысы әрі шәкірті, 17 жыл екеуі бірге болған»,— дейді. Домбыра Ахметтің қолына тиғенде, үні де өзгеріп жүре береді. Ахмет көп сөйлемейтін, сабырлы кісі екен, анда-санда күйлердің шығу тарихын, Құрманғазы, Байжұма, тағы басқа күйшілердің өмірін айтып, домбырасын тарта береді. Ертеңіне ауылдағылар домбырашы келді деп естіп, сәлем бере келіп, үйлеріне шақырып, қонақ етіп, домбыра тартқызып, бірнеше күн жібермей тамашалайды. Сондағы айтылған әңгіменің бірі — Құрманғазының тұрмаден қашып шығып, Маңқыстауға баруы. Күйші өз елінде қуғын көріп, тағы да ұсталатын болған соң Жаяық өтіп, Жем, Сағыз өзендерінің сағаларына қарай кетеді. Осы жақта нағашыларым бар деп, Құрманғазы Маңқыстаудың шығысында Төремұрат, Нарынбай, Өтендердің аулын іздел табады. Ауыл сыртында бірта-

лай жігіттер ат үстінде сайысып наизаласып жүреді, біреулері нысана атады, екіншісі атпен шауып келе жатып теңге қағады. Енді біреулері алысып, куресін жатады. Құрманғазы бір шеткі үйге түсіп қонадды. Ертеңіне ол сол ауылдағы бір жиынның үстінен шығады. Үйде отырғандар сәлем бере кірген Құрманғазыға онша көңіл қоймайды. Ол жайлап төменгі жақтан орын алып, әнгімелерін тыңдалап отыра береді. Жұпны ғана киініп келген бейтаныс жолаушыны қапелімде ешкім елемейді. Бір уақытта қонақ күтін жүрген жігіттердің біреуі: «Мына жолаушы жігіттің қанжығасында байлаулы домбырасы бар еken. Осы жігіт өнерлі адам секілді, кезекті осыған берейікші!»— деп қолпаштай кетеді. Құрманғазы көп күттірмей домбырасын алып, жай шертіп-шертіп жібергенде, отырғандар жамырай кете-ді: «Е, мынаның қол алысы бөлек қой, домбырасы да күмбірлеп тұр еken, ал, кәне, сілте, жігітім»,— дейді.

Сол жерде Құрманғазы манағы өзінен бұрын тартқан домбырашылардың күйлерін бірінен соң бірін қайта тартады. Бірақ бұның тартуында әлгі күйлер өзге-ше, адам көңіліне қонымды болып шығады. Отырғандардың еңсесі көтерілін, жақсы орындалған күйлерден, домбырашының шебер қол алысынан үлкен қанағат алады. Ауыл адамдарының назары Құрманғазының өзіне ауады. Сонда отырғандардың біреуі: «Бөкейлікте аса бір шебер домбыраши бар деп еді, сол тамаша тартады еken»,— дегенді айтады. Енді біреуі: «Жок, ол тек домбырашы ғана емес, күй шығарады»,— десе, үшіншісі ойлана отырып: «Әй, осы соның өзі болмасын. Біздің Манқыстау, Атырау — Жайық бойында мынадай домбырашыны көрмедік те, естімедік те гой»,— дейді. Қасындағылар: «Ой, мұнда қайдан келсін, жер шалғай гой!»— деп қояды. Сол уақытта Құрманғазы бір күйін тартып болып, бетінің терін сұртіп, енді өзінің шығарған күйлерін тарта бастайды. Жиналғандар таңдана

түседі де, үндемей тыңдай береді. Содан Құрманғазы бір күйін тартып бола келіп, тыныстап отырғанда, үйдегілердің біреуі: «Әй, шырағым, Бекейлікте өте бір шебер домбырашы әрі күйші бар деп еді, сен сол емессің бе?»— дегенде Құрманғазы: «Болсақ болармыз деп»,— шынын айтады. Отырғандар жол мәнісін сұрағасын, күйші Бекейліктен құдалау салдарынан қашып шыққанын, осы жаққа Төремұрат, Нарынбай деген нағашыларын іздең келгенін айтады. Сол жерде Төремұратпен танысады. Күйшіге бәрі де ықылас білдіреді. Қешке таман ауыл сыртында жігіттер әскер ойынын тағы бастайды. Осы жерде отырып, Төремұрат мұның мәнісін айтады.

— Біз,— дейді ол,— Қаразымге (Хиуа) жақын тұрамыз рой. Бізге шектес Қаразымның Бейісбай деген батыры бар, аулымызға қайта-қайта шабуыл жасап, мал, дүниемізді тартып ала береді. Оған қарсы тұратын Нарынбай екеуміздің жайымыз жоқ, қартайдық. Мал баққан ауыл малсыз қайтып күн көреді, енді сол малымызды қайтып алмағанмен, барын қорғайық, әйел-қыздарымызға қорған болайық деп едік. Сол үшін Бейісбайға қарсы қүресеміз деп жігіттердің жаттығып жүргені. Бірақ батырымыз жоқ бас болатын. Ана бір ысқаяқ қара жігітті дайындал жүрміз, бірақ Бейісбай өктем, бәрінің зәресін алып болған.

Құрманғазы бұл ауылда қыдырып, дем алып жата береді. Қунде кешкісін ауыл адамдары кезек-кезек шакырып, Құрманғазыға күй тартқызып тамашалайды. Сөйтіп жүргенде бір күні кеш жатып, қатты ұйықтап кеткенде: «Бейісбай, Бейісбай»,— деген ашы дауыстан жұрт дүрлігे ұшып тұрады. Қолына қару ұстауға жарағанның бәрі атқа мінеді. Бір тобы ауыл қорғаса, екінші тобы Бейісбайға қарсы шықпақ болады. Бұл жерде Құрманғазы да: «Ауылға келген ауыртпалыққа мен де ортақ үлесімді қосайын, мені де ала кетіндер,

жасақтарына қосып»,— дейді. Соңда ызалы біреу: «Бозқаңғыр бізге не тірек болар дейсін, онсыз да өзіміз бірдене етерміз»,— деп лепіреді. Басқалар да онша қоштай қоймайды. Құрманғазы Төремұратқа: «Мен батыр емеспін, дегенмен бір керегіне жаарармын, ала кетіндер»,— дейді. Сонымен Құрманғазы жасаққа ілесіп кетеді. Қанжығасында дсмбырасы, ерінің қасында ілүлі мылтық, астында Нарынбайдың бір қызба жүйрігі.

Кешікпей Бейісбай тобының қарасы да көрінеді. Жасақты көріп айқайлап, Бейісбай шығады. «Қайтындар кейін, мен Бейісбаймын»— деп айқайлайды. Төремұрат жігіттері оған ығыспай қарсы жүреді. Сол екі ортада Бейісбай да келіп, Төремұрат жағының батырымен айқаса қалады. Эккі болған долы батыр екен, әпсөтте Төремұрат батырын найзамен қағып тастайды. Бұл женісіне мәз болған Бейісбай еліріп: «Ал енді кім бар маған қарсы шығатын»,— дейді. Төремұрат жігіттері аңтарылып тұрып қалады. Ешкім шыға қоймайды. Кешегі «бозқаңғыр» деп тілін тигізген жігітте де үн жоқ, бозарып кетіпті. Сол арада Бейісбай «Тағы кім бар?»,— деп одырандайды. Бұлар жағынан жұлқынып ешкім шыға қоймағасын, амалсыз ыза кернеген Құрманғазы: «Мен бармын»,— деп астындағы атының ауыздығымен алысып алға шауып жөнеледі. Ат өте бір қызулы, басы қатты жылқы екен, Құрманғазының колы қуатты болғанмен, аты оны Бейісбайға жақыннатпайды. Құрманғазыда найза, қылыш жоқ, қолына қанжығадағы мылтығын алады. Бейісбай бұның артынан қуып шаба жөнеледі. Еліріп келе жатқан батырдың алдынан мылтық гұрс өте түседі де, Бейісбай аттан үшады. Құрманғазы бір қолымен тізгінді тартып, астындағы атын сыңар езулете бұрып, жанағы топты шыр айнала шабады. Атынан құлаған Бейісбай тірі екен, тұра сала жолдастарына жүгіріп, бір атты ұстап, тағы

міне шабады. Бұл уақытта Құрманғазы да шыр айналып жүріп мылтығын қайта оқтап үлгереді. Жақындай берген Бейісбайдың атын тағы атып жығады да, Бейісбайдың жігіттеріне жақындал: «Бейісбай ер жігіт кой деп екі рет атын аттым. Енді қайтсын, қайтпаса үшінші рет өзін атам»,— деп айқайлайды. Бұған тоқтар Бейісбай ма, екі көзі қанталап, еліріп тағы да атқа мінбек болады. Сол уақытта Құрманғазы астындағы қызып алған атымен Бейісбайға әрен деп оралып келіп: «Ой, азамат, жан керек пе, мал керек пе, қайсысы қымбат! Мен арадағы адаммын, босқа қан төкпей келіске келейік»,— дейді. Бейісбайдың жігіттері оған мерт болады деп ат бермейді әрі өзін де жібермейді. Содан Төремұрат жігіттері малдарын айдал елдеріне қайтады. Бәрі Құрманғазының ерлігіне, акылды қимылы мен сөзіне дән риза болады. Қешікпей Бейісбайдың әкесінен де елші келіп, «бітісейік» деп қонаққа шақырады. Төремұрат жігіттері Құрманғазыны алып Бейісбай аулына барады. Бейісбайдың әкесі қартайған кісі екен, ол қонақтарынан «Қазақтан бір батыр шықты дейді, менін баламды жыққан ол кім?»— деп сұрайды. Қелгендер үрпісі қалады. Карт Құрманғазыға риза болып, екі елдің дауын шешуге кіріседі.

Сөйтіп, Құрманғазы жаушылықта жүрген екі ел аулының арасын қан төктірмей бітістіріп кетеді де, өзін енді «Бозқаңғыр» деп айтушылар тыйылады.

Бұл оқиға дәл осылай болды ма, тап басып айтуғын. Бірақ Құрманғазының Манқыстау жағында Устірт, Шың, Жем, Сағыз бойында болғаны көп айтылады. Манқыстаудағы күй орындау мәнері, музикалық дыбыс өрнегінің ықпалы Құрманғазы күйлерінен сезіліп тұрады. Бұл да оның Манқыстауда ұзак болуының салдары болар:

«Төремұрат, Нарынбай,
Іздеп келген ерлерім»,—
деп өлеңдетеді.

Құрманғазы осылай елін сағынып жүргенде тағы бір көлденең оқиға тап болады. Төрекмұрат аулында бір той болады, оған жан-жақтан адамдар келеді. Құрманғазыдан көп сайыста жеңіліп жүрген кейбір жігіттер «өш алмақ» болып, Шөкен деген ақынсымак қызды айдап салады. Содан тойда әлгі Шөкен деген қыз айтысалық деп жабысып, кезек күтпестен өлеңін бастай береді. Сондағы айтқаны:

«Байлардан қазық қалады қонған жерде,
Тұлқинің еті қалады сойған жерде.
Жүресің ас, сый, құрметті олжа көріп,
Қайдарғы Адай, Таздың арын арлап,
Сен жүрген бір «Бозқаңғыр» біздің елде.
Шет жерде әлін білмей әлек болған.
Сөзім шығын болады-ау сендей кемге».

Есерсоқ қыз сөз мәнісін түсінбей, ел құрметіне бөленген ер азаматқа осынша аузына түскенін айтады. Құрманғазыға бұл сөздер ауыр тиғенмен сөз есесін жібермей, өлеңмен жауап береді:

«Шыға алмай жаман жүреді туған жерде,
Қайда да ер жүреді сыйған жерде.
Сайрандаң сардаланы көшип келиш,
Өнерпаз атым шыкты сіздің елде.
Тенедің кемітем деп мені итке,
Адасканның өзіне алды жөн де.
Жазғырган біреулердің тіліне еріп,
Құрбыжан, тілім тисе артық көрме,
Көргенді, көпті білген елдің қызы
Аулына келген жүртқа «итсің» дер ме?»—

дейді.

Бұл айтыс барысы үлкендерге де мәлім болып, айдап салушыларды мәжілістен қуып шығады. Бірақ тойдың шырқы бұзылады. Қыз өлеңнен жеңілгенмен, оның сөзі Құрманғазының намысына тиеді. Елін сағынып жүрген ол мықтап налиды. Бұндай сөзді естіп мұнда жу-

рудің жөні жоқ екен деп үлкен ойға қалады. Ә.Жантөрин жазбасында 1851 жылдың көктемінде болған еді дейді. Күйші Төремұраттан еліме қайтам деп ұлықсат сұрайды. Қешегі тойдағы айтысты естіген Төремұрат амалсыз ризашылығын беріп: «Құрмашжан, кетерінде риза бол, өзің бағып жүрген жылқыдан тандап керегінді ал, қолынды қақпаймыз»,— дейді. Сонда Құрманғазы: «Көп жылқының маған қажеті не, ішіне барып маған мойның бұрып қарағанын алам»,— депті.

Нарынбай секілді ауыл азаматтарының Шөкендей шөп-желке, шот мандай қыздың дарақы сөзіне мән бермей, елде журе бер дегеніне Құрманғазы өзінше өлеңмен жауап береді.

«Аш бөрі еті қалады соған жерде,
«Ит» болып журе алмаймын тойған жерде.
Ел кезіл, ор киқтей жүрсем-дагы,
Соғармын тағы айналып туған жерге.
Ас жетер, көңіл жетсе бір ауылға,
Іс жетер жігіт қайда бұл қауымға!
Қайтпаған қалың жаудан Құрманғазы,
Тағдырың бөгелмейді дырауына.
Жан шошыр бастан өтті талай майдан,
Шықкан жоқ атқан серкем терен сайдан.
Өзіммен ұлы дауға бір түсетін.
Ұл туар мендей бала қатын қайдан!»—

депті.

Содан жылқы ішіне барып араласа, бір құлагер тайғана бас көтеріп қараған. «Бүйірғаны осы болар» деп әлгі құла тайды ұстап мініп, Төремұрат аулымен қоштасып, еліне қарай жөнеледі. Кетер алдында «Бозқаңғыр» деген күйін шығарады. Бұл күйде шет жерде жүрген адамның елін есіне түсірген сағынышы, мұны мен ызыасы білінеді. «Ақсақ киік» деген күйі де осы Адай елінде аң аулап жүрғендегі оқиғаға байланысты шығарылған дейді аңыз. Бұл да жааралы жанның жай-куйін баяндаі келіп, аяғында қуат беретін секілді.

Осы еліне оралу сапарында шаршап келе жатып, Құрманғазы жолда бір үйге түсіп, бейтаныс қыздан шөлін қандыра дәмді шай ішеді. Шайы балдай тәтті осер еткен қызға Құрманғазы жалман-жан күй шығарды, күй «Балқаймақ» деп аталады.

Құрманғазының Маңыстау, Шың, Үстірт өнірлеріне, Жем, Сағыз өзендері бойындағы (қазіргі Ақтөбе, Гурьев облыстары — И. К.) сапары творчестволық түрғыдан өте бір сәтті, жемісті жылдар болады. Бұл кезде Құрманғазының музикалық творчествосының тағы бір басты шыны «Адай» күйі дүниеге келеді. Құрманғазы күйлерінің, ел айтуынша, «осы қалай» дейтін осалы жоқ. Бәрі де тамаша шығармалар. Бірақ бұлардың ішінде де әсерлісі, шоктығы биқтері бар екені белгілі. «Құрманғазының осы творчестволық кезеңнің аяқжағына жататын күйлерінің бірі көпке аты белгілі — «Адай». Бұл күйдің шығуы жайлы ел аузында әлденеше түрлі аңыз бар», — деп және күйдің ерекшелігі туралы, музикалық мәні, орындалу тәсілі туралы академик Ахмет Жұбанов талай жазды¹⁴. «Адай» күйі адамга үлкен үмтүліс, әсер, күш, қуат береді. Одан әрі Жұбанов: «Ірі суреткердің көбінде болатын бір жағдай: олар қайсы уақытта бір идеяны айту үшін тарихтың пе аңыздың, бір елдің не рудың басынан өткен оқиғаны ала салады. Сол жағдай осы күйдің атында да бар сияқты. «Біздіңше, Құрманғазы Адай руы атын жалпыланған ұғыммен алып, еркіндік сүйген елінің қайтпас күшіне арнап шығарған болу керек»¹⁵, — деген. «Адай» күйінің шығуы туралы А. Жұбанов ел аузына кең жаїылған бір әңгімені жазады. Ұлы күйші жолаушылап келе жатып Адай аулының бір үйіне түседі. Үйде тек кемпір мен шал болады. Амандық сұрасып болған соң үй иелері шаруаларын жайлау үшін далаға шығып кетеді. Құрманғазы манадан керегенің басында ілулі түрған үкілі сары домбыраға қызығып отырған еді. Қолы-

на ұстап қараса, домбыра күйінде тұр екен, иесі тәуір тартатын кісі екенін біледі де, шегін аздал бұрап қояды. Бір кішкенеден соң үйге кемпір мен шал, іле-шала бойжеткен қыз келеді. Қыздың аты — Ақмандай екен. Ол жалма-жан домбырасын алып бір-екі шерткенде, домбыраға бөгде кісінің қолы тигенін біледі де, әке-шешесінен сұрайды. Кемпір, шал келген қонағына қарайды. Қыз бұдан әрі домбырасын тез күйіне түсіріп, бір күйді тарта түседі. Ел аузындағы әңгіме бойынша қыз бірнеше күй тартады. Үндемей тындалап біраз отырған Құрманғазы қызға: «Ей, шырағым-ай, күйдің шоғын тартпай, жоғын тарттың-ау! Домбыраны бере тұршы»,— деп алыш, өзі тарта жөнеледі.

Ақмандай қыз да, әке-шешесі де аң-таң болады. «Бұл арада Ақмандайдың домбыра тартысы жөнінде ешкім бір ауыз сөз айтып көрген жоқ еді, бұл неғылған «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» адам екен деп бір-біріне қарайды.

Құрманғазы бір күйді тартып болған кезде үйдегілер біріне-бірі сыйырлап, қонақтың домбыра тартысының тым биік екенін айтысады: «Шырағым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына ұқсамайды, Қызылқұрт Құрманғазы деген бар деп еді, сен соның өзі емеспісін, «қол алсың» тым әлей екен»,— дейді. Құрманғазы мұртынан күліп:

«Болсақ болармыз»,— деген екен. Енді үй іші болып қолқалап, Құрманғазыға қайтадан домбыра тарткызып, бірнеше күн жатқызып, сый-құрметпен аттандырады. Сондағы қыздың тартқан күйі «Адай» да, Құрманғазының тартқаны «Серпер» екен дейді. Бұл әңгімені 1937 жылы Дина айтқан. Уахап Қабиғожин «Адай» күйінің Қали Жантілеуов орындаудағы вариантын Құрманғазы күйі дейді. Оған қоса А. Жұбанов: «Адай» күйінің бұл вариантының құрылышы, «тілдік» ерекшелігі, динамикалық жағы Құрманғазының «ночерткіне»

келеді деген. Екінші жағынан,— дейді А. Жұбанов,— Құрманғазының бұдан бұрынғы шығармаларына қарағанда, «Адайда» айта қаларлықтай творчестволық жаңалықтар бар. Оларды күйдің тақырыптық дамуынан, өлшеу-ырғақтық құрылсынан, «тілінің» өткірлене түсінен, бейнелеу күшінің қомақтала бастаудынан, бір адамның немесе бір рудың басына сия қоймайтын қымыл-қадамынан, қамығу, ойлану, жай қобалжу емес кескілескен күреске белсene шыққан программалы идеяның қажырынан көрінеді»,— дейді¹⁶.

Бұл Жантөрин жазбасында былайша айтылады: «Төремұраттың елінен кетерде.— дейді Э. Жантөрин жазбасында,— Құрманғазы 45 жаста екен. Ақ Жайық қайдасың деп құлагер таймен жөнеледі. Жайықты ол кезде Орал казак-орыстары иеленіп, әрлі-берлі кісі өткізбей, күзетіп тұрады дедік. Егер рұқсатсыз біреу өтсе, көлігін, мұлігін тартып алып, өзін жәбірлейді, абақтыға қамап, жаламен сottap та жібереді. Құлагер Құрманғазыны Жайықтан аман-есен алып шығады, жол торушыларға да кезікпей, кен далаға барып, жайғасып дем алады. Жолдағы бір қауіпті су мен торушыдан құтылғанына риза болған әрі еліне жақындағанына қуаныш сезім билеген Қүрекең қолына қанжығадағы сылдырмалы домбырасын киіз қабынан алып, шерте бастайды. Қөнілі көтерілген күйші сол мезетте бір түрлі сезімге бөленіп, домбыраны тарта жөнеледі. Сонда жаңадан бір күйі қалыптаса қалады. Оны күйші «Құлагер» деп атаса керек.

Құрманғазы атына тағы мінін, Нарын құмына қарай тіке жүреді. Жол жүріп шаршап келген ол бір ак боз үйдің түсына келіп, атынан түсіп, сәлем беріп үйге кіреді. Төр алдында бір шал жатады, басқа адам көрінбейді. Қүрекең жайғасып отырып, айнала көз жіберіп қараса, кереге басында дәу қара домбыра ілулі түрекен. Әрі-бері отырып, ешкім сырттан келе қоймаған-

сын Құрекен шыдай алмай тұрып барып, домбыраның қолына алып, шертіп жібергенде бағанағы шал баж ете түседі: «Шырағым жолаушы, домбыра менің қызы баламның домбырасы еді, бекер ұстайсыз, ренжу болады, орнына іліп қойыныз»,— дейді. Құрекен қарияның сөзін сыйлап, домбыраны жалма-жан орнына іліп қояды. Артынша бие сауғаш шелегінен ақ көбіргі төгіле, ақ білегін сыбанған жеңі түрінген, ұзын бойлы, ақ құба, шалқақ кеуде, жазық мандай бойжеткен қыз кіріп келіп, шелегін жерге қояды да, қолын жуады. Сосын дәуқара сабаны пісін-пісіп жіберіп, жолаушыға бір сапті аяқ қымызды бере салғанда, кереге басындағы домбырасына көзі түсіп кетеді. Ерке қыз атасына: «Мениң домбырамды орнынан қозғаған кім?»— деп қарақаттаң сөйлей бастайды. Атасы сонда айтады: «Шырағым балам, қозғаса мына жолаушы жігіттің қолы тиіп кетті білем, шамасы бір өнері бар шығар, сол үшін, балам, жолаушыға арнап, бір күй тартып жіберші»,— деп шал әңгімені беледі.

Сол жерде қыз домбыраны қолына алып бір күйді тарта жөнеледі. Күй «Адайдың термесі» деп аталады екен. Сонда Құрманғазы: «Қарындастым, күйдің шоғын тартады екен десем, қайдағы бір жоғын тартады екенсін. Мен енді Қызылқұрт елінің термесін тартайын, тыңдал қара»,— депті. Құрекен домбыраны тарта-тарта келе, күйдің соңын аяғындағы мәсісін шешіп тастап, башпайымен «ән-тән», «ән-тән» деп тартқан көрінеді. Қыз сонда: «Атамың алдында қайдан жалаң аяқтанып жатайын, Сіз жендіңіз»,— десе керек. Қыз домбыраны Адай елінің атақты шешені, күйшісі Атақозы деген картынан үйренген екен. Бойжеткен домбыраны өте шебер тартады. Талай домбырашыны көрген, тәрбиелеген Құрманғазы таң қалып, қызға риза болады. Сол арада шай келіп, жайлана отырып үй іші шүйрекелесіп. Құрманғазының жайымен танысады. Болған жайды

түрлі естіп, ұлы күйшіні үйлеріне шақырып, тыңдаған, мәз болып, оның өнеріне бас иіп, өзіне қол қусырып, қонақ етеді. Кетерінде иығына шапан жауып, астына үлгі мінгізіп жөнелтеді. Ал бұнда тартылған күйлер «Адайдың термесі», «Қызылқұрттың термесі» деп ертеңде аталған екен. Бері келе біртіндеп, бұл күйлердің үшін атауы қысқарып, ықшамдалып «Адай» күйі, Құрманғазының «Көбік шашқан» күйі деп аталып кетіп-ті...»

«Адай» күйінің күшті вариантын Қали Жантілеов ақелген еді. Ол Құрманғазының жерлесі әрі екінші бүшін шәкірті. Бұл «Адай» күйі вариантын академик Ахмет Жұбанов бұдан әрі былай деп тұжырады. «Корыташтарымыз, «Адай» күйі Құрманғазының ірі шығармаларының бірі, «Адайда» Махамбет Өтемісовтің жалынды поэзиясының кейпі бар деп айта аламыз. «Адай» еркіндік ұраны сияқты болып естіледі. Халық арманын қоқсеген Құрманғазы бұл күйде... «Халық — күш иесі» дегенді музыка тілімен айтып кеткен¹⁷. «Адай» күйінің келесі варианттарының біреуін Дина әкелсе, екіншісін А. Затаевич «Қазақтың 500 ән-күйлері» (1931) жинағына ендірген. Бұлардың ұқсайтын, қайталайтын жерлесі бар, сол үшін олардың бәрін бір күйге жатқызуға бола ма? Өнерпаз адам басқадан кейбір сөз, сөйлемді, шікірді, штрихтарды мирас етіп алып өзінше дамыта бермей ме?

А. Затаевич «Қыз ақжелең» күйінің Құрманғазының «Серпер» күйімен жалпы бірдей штрихтары бар де-ген¹⁸. Бірақ бұл екі күйі әлі де жеке-дара шығармалар деп саналады. Ұқастық, қайталау көркем шығарма мен өнерде бола береді.

«Адай» күйінің үш варианты бар. Соның алғаш қағазға түскені А. Затаевичтің «Қазақтың 500 ән-күйлері» жинағында жарияланған. Екінші вариантын Алматыда бірінші орындаған Қали Жантілеов, содан оркестрге

түсіріліп орындалып жүр. Қазіргі атақты, құнды варианты осы. Бұдан кейін атақты қүйші, шебер домбырашы Дина Нұрпейісова үшінші вариантын орындаған. Мамандар бұл үш вариантың бірінен-бірінің өзгешелігі бар екенін айтып келеді. Бірінші вариантында қуат, ерлік, толқу ырғағының орнына басынан аяғына дейін жұмсақ, тербету музыкасы бар делінеді. «Осы жағынан қарағанда,— дейді А. Жұбанов,— бұл «Адай», шынында да, қыздың қолынан шыққан нәзік гүл сияқты»,— деген¹⁹. Өйткені ел аузында бұл үш күй бір сәтте, бір жиында музикалық айтыс, сайыс кезінде шығарылған деген де пікір бар. Оның үстіне бұл үшеулерінің атаулары болек. Бұлар, сірә, белгілі Тоқа күйшінің бір баласының қазасына арнап 4—5 күй шығарғанындей, бір оқиғаға арналған, бір кезеңде шығарылған музикалық айтыс не эпопея болып, кейін жеке-жеке орындалған.

Сонымен, Құрманғазының Жем, Сағыз өзендері мен Манқыстау, Үстірт өнірлерінде жүрген кезі оның творчестволық бай кезеңі болған. Осы сапарда «Маната», «Төремұрат — Нарынбай», «Қыз Данайдың қырғыны», «Тойбастар», «Амандасар», «Ақсақ киік», «Балқаймақ», «Бозқаңғыр», «Бас ақжелең», т. б. күйлері дуниеге келеді. Солардың ішінде «Адай», «Сарыарқа», «Серпер» күйлері ерекше. «Адай» күйі — Құрманғазының Манқыстау, Ақтөбе өнірлеріндегі елдің тарихын біліп, тұрмысымен терең танысып, рухани өмірін көру нәтижесінде мәдени, музикалық творчествосын тиянақты менгеруіне тікелей байланысты дуниеге келген шығарма. Бұл өңірде патша құғынанан қашып жүріп (1838—1841 жж.), одан кейін айдауда жүріп (1841—1845 жж.) Махамбет Өтемісұлы да бірнеше күй шығарып, толғаулар айтқан. Атап айтқанда, Борсық құмы мен Үстірт қыраты аралығында жүріп, «Ат айда», «Матай екі құм» деп басталатын толғауын, «Өкініш», «Кай-

ран Нарын», «Жұмыр, Қылыш», т. б. күйлерін шығарған. Бұндай туындылар автордың өз қабілеті мен ба-сынан кешкен тарихи оқиғаларын түсініп білуімен қатар сол өңірдегі адамдардың, ортаның, музыка мәдениетінің түрлі ықпалына да байланысты болған. Махамбет, тек батыр, ақын емес, әрі талантты музыканы, композитор. Біз ұлы Махамбеттің өмір тарихын зерттей жүріп, оның тағы да 7—8 күйлерін жазып алдықта, белгілі домбырашы К. Ахмедияровқа әкеліп бердік. Ол М. Ысмағұлов екеуі бұл күйлерді менен көшіріп алған күйінде жинақ етіп шығарды²⁰. Солардың ішінде «Жайық асу», «Қиялдағы қырғын», «Шілтерлі терезе» деген күйлер — тамаша туындылар. Бұдан біз Махамбеттің асқан күйші екенін көреміз, ол — өзіндік стилі, үні бар композитор. Құрманғазы Махамбетті пір тұтқан, өнеге алған. Құрманғазы дарынының дамуына Махамбеттің үлесі бар.

Жем, Сағыз өзендері арқылы үйіне қайтып келе жатып, Құрманғазы тағы бірнеше күй шығарады. Соның бірі —«Кедей зары». Музыка зерттеушісі Тымат Мерғалиев бұл күйді Қарағанды облысының Жанаарқа ауданында тұрған Мұхит Битеңовтен 1960 жылдары жазып алыпты²¹. Айтұшы күйдің шығу тарихын былай баяндайды. Құрманғазы жолшыбай бір ауылға соғып, шеткі бір қараша үйдің жанына келіп, дыбыс берсе зарлап жылаған адамның үні естіледі. Атынан түсіп үйге кірсе, іште жылап отырған кемпірді көреді. Мәнісін сұраған жолаушыға кемпір жағдайын айтады. Сол жердең би оның жалғыз ұлын атымды ұрладың деп бекер айыптап, соққыға жығады, соның зардабынан әлғі жігіт өледі. Кемпір соның қайғысынан егіліп отыр екен. Күйші ұлken кісіні жұбатып: «Жыламаныз, шеше. Сорлы болған кедейдің бәрінің күі осы ғой», — деп кемпірдің көңілін демеп, өзі де қобалжуға түседі. Езілген таптың мұн-зарын, азапты өмірін көзімен көріп,

иығымен көтеріп жүрген азamat тебірене отырып, «Кедей зары» деген күйін шығарады. Бұл — сол кездегі әлеуметтік тенсіздікке, таптық қанауға қарсы ашық айтылған күрес жыры.

Осы кезеңдегі шығармаларының қатарында «Қебік шашқан», «Қапы» күйлері бар. Т. Мерғалиев «Қебік шашқан» күйінің (II түрі) шығу тарихын жазған²². Ал «Қапы» күйі — бұрын еш жерде жарияланбаған шығарма. Бұл күйді тауып берген Орал облысында тұратын Мина Оразалиева оның шығу себебін былай түсіндірген. Құрманғазы ел аралап жүріп, бір тойға кез болады да, тойдың ат шабыс, палуан күрес, алтын қабак ату бәйгелерінің бәрін жеңіп алады. Бұл жүлделерден құр қалған бір би ызадан күйшінің артына түсіп, кек алу үшін бағып жүріп, ақыры бір жиында «Йсатай — Махамбет толғауын айттың» деп Құрманғазыны ұстады. Сондықтан ол қапылыста ұсталғанын баянdap, «Қапы» күйін шығарыпты.

Үстірт, Манқыстау сапарынан қайтқанда Құрманғазы тағы басқа да қызығылықты, мағыналы күйлер шығарған. Қазіргі Орал облысындағы Жаңақала, Қасталовка аудандары көрші, шекаралас. Қамыс-Самар кисымының Таловкамен (Қасталовка) аралығындағы «Иінбидайық» деген жерде Құрманғазы талай қыс құнышылардан жасырынып жатыпты. Бұл әңгімені бізге жеткізуши сол жерге көршілес Саралжын, Қамысты көлдің тұрғыны Кенжеғали Мендәлиев, Байжекен Кенжалиев деген домбырашылар еді. Бұлар Құрманғазының шәкірттерін көріп, солардан күй үйренген. Эрі ұлы күйші шығармаларын насхаттап, елге таратқан. 1930 жылдары өнерпаздың аудандық, облыстық слеттеріне қатысқан. Бұл екі домбырашы «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Құлагер», «Қызыл қайың», «Лауышке», «Кісен ашқан», «Балбырауын», т. б. күйлерді шебер орындайтын. Бұлардың ішінде «Кош,

аман бол» күйін Тымат Мерғалиев Орал облысы Тай-шақ ауданының тұрғыны Мина Оразалиевадан жазып алғып, жариялады. Бұл кісінің айтуынша, Құрманғазы қашып жүріп, тағы да ұсталады да, Орда абақтысына камалады. Сонда елімен қоштасып, көріскенше «қош, аман болындар» деп осы күйді тартыпты²³.

Сонымен, Құрманғазы, академик А. Жұбановтың жазуынша, 1851 жылдары Бекейліктегі үйне келип, еліңе аман-есен қауышады. Осыдан кейін Бекейліктегі Есенғұл беріш Бақақбайдың немересіне үйленеді, аулында біраз уақыт тыныш тұра береді. Біздің ойымыз-ша, Құрманғазы бұдан ертеректе үйленген. Олай деуімізге бір себеп, жоғарыда айтылғандай, Құрманғазының жасы 45-тен асып кеткен ғой. Екіншіден, біз Құрманғазы аз уақыт болса да мекен еткен, қазіргі Орал облысының Фурманов ауданындағы Қектерек деген қоныста болып, сол жерді біледі деген азаматтармен сөйлестік. Солардың бірі, жергілікті орта мектептің оқытушысы Темеш Жұнысовтың айтуынша, осы Қектерек қонысына 1877—1878 жылдары Фокей төңірегінен Қызылқұрт аулының 40 шақты шаңырағы көшіп келген. Олардың арасында Құрманғазының Қазы деген баласы, Бекқали деген немересі болады. Бұл жерде біз тек Құрманғазының 1877 жылдары немересі болғанын ғана айтып қоямыз. Олай болса, күйші, кейбір адамдар айтқандай, 1850 жылдан кейін емес, ерте-рек үйленген демекпіз. Осы Қектерек қонысына Қазы Құрманғазиев, шамасы, 1902 жылы Астрахань жағынан 60 жастан асқан шамасында келіп, 1—2 жыл қыстап кеткенін айтады. Сонда, ол 1840 жылдары дүннеге келген болады ғой!

Сонымен, осындай мәліметтерді салыстыра келгенде, Құрманғазының семья құруы XIX ғасырдың ортасынан ерте болуы тиіс деген пікір туындейды.

Белгілі музыка зерттеушісі А. Затаевич «Қазақтың

500 эн-күйлөрі» деген кітабында «Кұрманғазыны абактыға көп қамалған» дейді. Сол көп қамаудың бірі — 1850 жылдың ортасы. Ауызша деректер бойынша, ол Орынбор түрмесіне жөнелтіледі, себебі белгісіз. Ұзак жолдан қажығасын ба, әлде кейінде қалған әйел, ба-ла-шагасы уайымымен бе, жолда күй шығарады. Күй «Арба сокқан» деп аталып, музыка зерттеушілерінің бағалауынша: бұнда арба үстінде езіліп, еріксіз елінен тағы айдауға кетіп бара жатқан адамның мүшкіл жағдайы суреттеледі. Күйші өз басының ауыртпалығы емес, осымен еңбекші елдің, жалпы езілгендердің ауыр түрмисын көрсетеді. Орынбор түрмесінде күйші домбырасын серік етіп, қасында жатқан өзі секілді жарлы жақыбайларға күй тартып, әңгіме айтып, жамаулы көңілдерін көтереді. Кұрманғазының аса шебер домбырашы әрі күйші екені түрмे басшыларына, одан басқаларға да мәлім болады. Бұл, сірә, Орынбор басшыларының құлағына да шалынса керек. Бірде Кұрманғазыны абақтыдан шақырып алғып, Орынбор әскери губернаторы Перовскийдің кеңесіне әкеледі. Генерал Перовский өз ісінде карауындағы елге тым қатығез, мейірімсіз адам болған. Эсіреле, Польшадағы 1830 жылғы көтеріліске қатысып, жазасын Орынбор өнірінде өткізіп жатқандар мен қазақ, украин, орыс шаруаларының азаттығы, бостандығы үшін күрескендеге тым қатал еді. Сонымен қатар генерал өзін мәдениетті адам етіп көрсетуге тырысып, сол кездегі мәдениет, өнер қайраткерлерінің бірқатарымен сыпайы араласуға тырысқан. Мысалы, А. С. Пушкин 1833 жылы Орынборда болғанда генерал Перовский снымен жылы сөйлесіп, бірге болады. Ол — Владимир Дағы секілді оқымысты, белделді адамды өз тәңірегінде үстаган сүм адам. Кұрманғазы генерал-губернатормен кездескенде жаңа бір шығармасын тартады. Ол марш екен. Генерал Перовский Кұрманғазының творчествоның дарынының күшті

екендігіне таң қалады. Патша генералы дым білмейтін, оқымаған надан елдің ішінен Махамбет секілді екі тілге шешен, ақын, Құрманғазы секілді асқан композитор шығады деп ойламайтын. Губернатор өзінің жылдық баяндауларында (отчет) осы пікірді жазып, патша өкіметінің, өз қызметінің жергілікті халыққа ықпалын дәріптей беретін. Енді, міне, қарауындағы қарапайым шаруа өз өмірінің әр қалтарысында тыңдан тесіп жаңа музыкалық шығарма береді екен. Мына шығарып отырған марш қай жорыққа бейімделді екен? Генерал Перовский 2 рет әскери басқыншылық жорық үйымдастырған. Біріншісі — 1839 — 1840 жылдары Каразымға (Хиуа) қарсы жорығы. Біз Орынбор архивінде 1830—1840 жылдары және 1850 жылдың материалдарын қарап едік, абақтыда жатқан арестанттар тізімі ішінде Құрманғазы фамилиясын көрmedік. Дегенмен, кейбір азаматтар Құрманғазы Орынбор генерал-губернаторының соңғы жорығы кезінде Сыр бойында болуы мүмкін деген жорамал келтіреді.

Сонымен, біз жоғарыда, 1850 жылдың ортасында Құрманғазы тағы ұсталып, Орынборға жөнелтіледі де-дік. Орынбор түрмесінде Құрманғазы біраз жатады. Бірде далаға жұмыска шығарған кезде кешкі іңірді пайдаланып, Құрманғазы кісенімен қашып кетеді. Жаңық жағалай отырып, таң ата бір үйге барып паналайды. Үй иесі бұны аяп тамақтандырады. Құрманғазы аяғын қажаған кісенді ала алмай көп азаптанып, ақыры кісенді ашып, аяғын босатады да, көнілі жайланағады. Дем алып, тойынып, көнілі көтерілгесін Құрманғазы серпіліп, домбыра алдырып, тарта бастайды. Ойна жаңа бір дыбыстар оралып, ол сонында тағы бір жаңа күй болып шығады. Оны «Кісен ашқан» деп атаған. «Түнімен қашып жүгіріп, әбден шаршап, қалжырап, сайдың бойына келіп кісенімді алып отырғанымда жараның аузы ашылып, түні бойы ауырып үй-

қы бермеді. Жүрге де мүмкіншілік болмады. Сол бір сәтте осы бір күй басыма келіп еді», — деген еken күйші²⁴. Бұл күй де ел басындағы ауыр әлеуметтік жағдайды көрсететін шығарма. «Кісен ашқан», «Серпер» күйлерін 1927 жылы жазып алғаш нотага тусіріп, 1931 жылы жариялаған А. В. Затаевич еді²⁵. Ол бұл күйлерге профессионалдық жоғары баға бере отырып, ұлы күйші өмірі туралы үстірт пікір жазған. А. Жұбанов аудармасында оның сөзі былай: «Құрманғазы романтикалық жаңды қаракшы, тонаушы, нағыз «бас кесер» болды. Үйінде тұрмай, өмір бойы бәле іздей, домбырасы иығында, ат үстінде ел кезуші еді», — деген²⁶. Бұған Затаевичті кінолау қын. Ол уақытта тарих ғылымы әлі қазақ қоғамын марксистік тұрғыдан жете зерттемеген еді. Откен қоғамдагы еңбекшілер өмірін нақты баяндау қын еді. Академик А. Жұбанов бұл үстірт пікірді бірнеше түрде жазып, «Біздіңше, оның бәрі де А. Затаевичке мәліметтер берген адамдардан болуы керек», — деп, бұдан әрі «бұл моселені тиісті тұрғыдан қарап» дұрыстап жіберуді ескерткен. Үстем тап өзіне мойынсұнбай, қарсылық білдірген адамды ор уақытта да жала жауып, «ұры», «қарақшы» деп балағаттап, елге жеккөрінішті етіп көрсетіп, оларды жазалап, жоюдың сылтауыш іздеген. Сөйтіп Исатайды «жыртқыш», Махамбетті «бұзық, соткар» деп, Құрманғазыны «ұры, қарақшы» деп атағандарына таң қалуға болмайды. Тек осындай сөзге мән беріп, уақытында зерттеу жұмысын тиянакты жүргізе алмағанымыз екінішті-ақ. А. Затаевичке Құрманғазының бұл күйлерін беріп жүрген кісі Махамбет Бекейханов (1928 жыл шамасынша). Ол — Орда қаласы манында, аукатты ортада өскен адам. Ұлы күйшінің өмірін, XIX ғасыр тарихын пакты білмей, өз төнірегіндегі адамдардан естігенин айтқан болар. Ал 1929 жылдан кейін М. Бекейхановтың Құрманғазы жөніндегі көзқарасы және өзінің

білігі, домбырашылығы күрт өзгерген. Оған, біздіңше, мынадай бір жағдай әсер етеді. Ол кісінің домбырашылығы жөнінде әкем Насекеннің мына әңгімесін талай естіп едім.

Әкем Құрманғазының туысы Ахметті 1929 жылы күзде Орда қаласында базарда көреді де амандасып, кешке жатқан пәтеріне қонаққа шақырады. Сол пәтерде 2—3 күннен бері Махамбет, Науша Бекейхановтар жатыр екен, кеш болса екеуі домбыра тартады. Науша үстамды, аз сөзді адам екен. Махамбет жеңілтектеу, көп сөзді, мақтана береді білем. Сол қасиетінен бе, көп күйді нақышына келтіріп тарта алмайды екен. Әсіресе, Құрманғазының, Мәменин, Баламайсан күйлерін не шолақ, не бұрып тартатыны әкемнің шамына тиіп, Ахметті әдепті шақырған екен. Ахмет кешкісін келіп, сыйнайы ғана отырып, әлгі екеуінің домбыра тартқанын, мақтан сөздерін бірталай тыңдалап шыдап отырады. Сонымен, Ахмет Махамбетке: «Шырағым-ай, не төренің (Дәүлеткерей, Сейтек), не қараның (Құрманғазы, Баламайсан) күйлерін дұрыс тарта алмадың-ау, домбыраны бері берші!», — деп қолын ұсынады. Отыргандар азырып, таң қалады. Ахмет домбыраны алып: «Құрманғазының туысы әрі шәкіртімін. Оның күйлерін былай тартады деп, манағы Махамбет тартқан күйлерді қайта тартады да, ұлы күйшінің басынан өткен оқиғаларды, әр күйдің шығу тарихын, орындау тәсілін айтып береді. Әлгі екі домбыраши аузын ашып, әсіресе, Науша үлкен ілтипатпен, рақаттана тыңдалап: «Е, бәсе, бәсе солай болуға тиіс», — деп мақұлдалап қояды. Ахмет қария сонда 70 жас шамасында екен. Құрманғазы 1889 жылы өлген болса, оның ұлы күйшіні көруі, бірғе болуы шындыққа келеді. Екеуінің ауылы бір жерде, Астрахань облысында. А. Жұбанов «Құрманғазы» атты кітабында «Астрахань облысының Зеленгі ауданындағы Маково селосының тұрғыны Ахмет Сисенов деген

90 жастағы қарияның «Ұлы композитор Құрманғазы Сағырбаев жөнінде есте қалдырығандары» туралы хатын келтіреді. А. Сисенов: «Ұлы күйші біздің қасымызда өз өмірінің соңғы жиырма жылын өткізді», — деген. Бұған қарағанда, жоғарыда аталған Ахмет деген домбырашымыз осы кісі болуы әбден мүмкін.

М. Бекейхановтың кейбір мінезін басқа адамдар да айтатын. Махамбет 1920 жылдардың басында А. Затаевичке отызға тарта күй берген, соның ішінде Құрманғазының 10 шакты күйлерін, оның әрқайсысының түсініктемесі мен тарихи анықтамасын қоса берген. Бұл — оның жоғарыда аталған Ахмет қарияға жолығуынан бұрын болған. Олай болса, Махамбет орындаудағы Құрманғазы күйлерінде бірталай кемшіліктердің орын алуы материал берушінің оны жеткілікті білмегеніне байланысты дейміз. Оның үстіне Махамбет Бекейханов Ұзак, Құрманғазы, Баламайсан т. б. секілді кезбе емес, Құрманғазы елінде болмаған. Қысқасы, М. Бекейханов берген музикалық және ауыз екі мәліметтерге сын күзімен қарауы керек.

Енді жоғарыдағы үзілген әңгімемізді жалғастырайық. Орынбордан қашқан Құрманғазы еліне қарай кетеді. Жолшыбай талай қындық, қуғын көреді. Көрінген қазақтың бәрі бұған құшағын аша бермейді. Бірде жолда біреу бұның артына қуғыншыларды салып жібереді. Сол жолы барап жері болмаған Құрманғазы жалғыз өскен қызыл қайыңың бұтағын жамылып жатып, қуғыншылардан құтылады. Соның қуанышымен күйші: «Менің елім де, жерім де, бұтам да, ағашым да пана екен. Анадай қойын ашып, жапырағын жауып паналатқан қызыл қайыңға арнап едім», — деп жана бір күйшығарып, оны «Қызыл қайың» деп атаған. «Қызыл қайың» — екі вариант, бірақ құрылсы, мағынасы бөлек-теу дейді зерттеушілер²⁷. Бұл жерде біздің айтайын дегеніміз — елден естіген пікір бойынша, кейбір дом-

бырашылар Құрманғазы күйлерінің атын шатастырып берсе керек, содан «Адай» күйі, «Серпер», «Терісқақпай» үш вариант, «Қызыл қайың», «Қайран шешем», «Балқаймақ», «Қісен ашқан» екі варианттан болып шыққан. Шынында, бұлардың көбінің өз атаулары бар. Әр түрлі жағдайда шығарылған бөлек-бөлек шығармалар деп қарайды. Музыка зерттеушілері бұл пікірді алда ескерер дейміз.

Сонымен, Құрманғазы ақсандай басып Нарын күмындағы Жиделіге келіп өзінің ағайыны әрі көңілдес адамы Залелдің (Жәлел емес) үйіне келеді. Бірак Залел ашылып сөйлесе қоймайды. Құрманғазы досының қабағында бір кірбің барын сезіп, кібіртіктеп айта алмай отырған ойының себебін ашық сұрайды. Ақыры Залел Құрманғазыға әкесі Сағыrbайдың бұдан екі ай бұрын дүниесалғанын айтады. Залел, Қалел деген ағайынды екі жігіт Ерші Қызылқұртынан, үйлері Сағыrbай үйінен көп қашық емес, бәрі де Жиделіде тұрған, жиі араласқан. Ауыл жағдайын айта келе, Залел тағы бір сүмдүкты естіртуге мәжбүр болады. Құрманғазыны жағалай іздеген солдаттар оны таба алмай, торуылдап жүріп бұдан 2—3 күн бұрын күйішінің әйелі мен жас баласын алып кеткен. Құрманғазы елге келсе әйел-баласын іздер, сонда біз оны ұстаймыз деп Орынборға әкетеді. Бұны естігенсін Құрманғазы бірталай налып, еңсесі түскенмен жалма-жан есін жиып, кимылға кіріседі. Осы жерде тағы да көп толғаныстан кейін көңіл шабыты келіп, домбырасын алып жайлап шертіп отырып, жана бір күй шығарады. Күй анасына арналған соң «Алқа» деп аталады. Досы Залелдің көмегімен бір байдың екі атын ұстап алып, мініп, сол түні әйел-баласының артынан қуады. Орынбор жолының бағытымен жолшыбай сұрай жүріп, солдаттардың ізіне түседі. Малшылардың сілтеуімен солдаттардың конатын жерін де анықтап алып, түн қараңғысы түсіп,

тынышталуын күтеді. Солдаттар қатты үйқыға кеткей кезінде арбаларына жақындаپ келіп, әйелі Әуеске дыбыс береді. Құрманғазының үнін таныған Әуес баласын омырауына басып, еңбектей шетке шығады. Сол кезде бұқпалап келген Құрманғазы бұларды қарсы алыш, кейін қалған аттарына әкеліп, мінгізін алыш, еліне кетеді. Бұл оқиға да елеусіз қалмай, күйші «Бұқтым, бұқтым» деген күйін шығарады.

Академик А. Жұбановтың жазуынша, осыдан кейін Құрманғазы 1857 жылы Орда түрмесіне түседі. Ол туралы архив дерегінің бар екенін айтады да, бірақ оны қысқаша болса да пайдаланбаған. Бұл жылғы архив деректері Құрманғазы туралы бірден-бір ғана сақталған мәлімет болғандықтан, оның мазмұнына тоқталайық. Орынбор архивіндегі деректе — Құрманғазы Сағырбаев 1857 жылы 26 сентябрьден Орда абақтысында. Құрманғазының осы абақтыда жатуы туралы қыска мәлімет архивте арестанттар тізімінде бар, бірақ қысқа. Академик А. Жұбанов жазуынша, осы жылы Оралдың казак әскерінің бір топ жылқысы жоғалады. Іздері Қызылқұрт ауылы жағына келді деп, қарулы отряд бұл ауылдың көп жылқысын қуып кетеді деп жазған²⁸. Бұндай бейбастақтықта шыдамаған Құрманғазы, інісі Байғазы және басқа 7—8 кісі алыш, Глинин мешітінің (жоғарыда аталған Құрманғазы суатынан 12—13 кмдей.— И. К.) казак-орыс әскерінің азаншысы болған Сейітқұловтардың 9 жылқысын айдал кетеді. Бұл туралы сотник Черноморское шағым түсіріп, Құрманғазы «ісі» туралы жазу шекаралық комиссия, Уақытша совет, Орынбор әскери губернаторлығының арасында бірталай жүреді. Бірақ бұның дерегі көрсетілмейді, біз өзіміз іздел кездестіре алмадық. Бұдан әрі автордың «архивтік» деректердің бірінде: «Бұл іс сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің бүйрығы

бойынша қысқарады», — дегенін қайдан алғаны да белгісіз.

Егер тергеу ісін губернатордың өзі қысқартса, Құрманғазыны бұдан кейін қудаламас еді және 1864 жылы абақтыға қайта қамамас еді. Өйткені, 1864 жылғы престанттар тізімінде: «Құрманғазы 1857 жылы абақтыдан қашып кеткені үшін қамалды» деген сөз бар.

1857 жылы Құрманғазының ісін тергеуді Жаншаға береді. Себебі белгісіз. Өйткені, күйші Қызылқұрт руының адамы деп жазылған. Онда бұл істі Көшекқали Шығаев тергеуі тиіс еді. Ал жоғарыда аптылған 1857 жылғы 5 октябрьден бастап тергеу ісі тоқтатылуына Жанша көне ме? Жаншамен арпалыс 1850—1860 жылдар арасында болады. Академик А. Жұбановтың: «1865 жылдары Әубәкір Ақбаев пен Жанша Шынғалиев тізе қоса отырып, күйшіні қудалады» деуі үстірт пікір²⁹. Жаншаның жылқысын Құрманғазының айдал кетуі 1860 жылдан бұрын болар. Себебі архив дерегі бойынша, Жанша 1860 жылы өлген, осыған байланысты оның мүлкін, арба, саймандарын, пішенін аукционнан сатады³⁰. Ақбайдың Әубәкірі 1859 жылы би болды, содан кейін ғана ол Құрманғазының астында жақсы ат бар екенін біліп, қызығып, ұрыларын жіберіп, бір түнде Сары атты үрлатып алады.

Міне, осы Жанша тергеп жатқанда, одан үміт, қайырым болмайтынын Құрманғазы түсініп, өзімен бірге жатқан Нұrbай Тұмашев дегенмен ноябрьдің 2-сінен 3-іне қараған түні Ордадағы абақтыдан қашады. Осы қашуына байланысты «Кісен ашқан», «Тұрмеден қашқан», «Ертең кетем» секілді күйлер дүниеге келген.

Бірақ Нұrbай Тұмашев 1857 жылғы 12 ноябрьде қайта ұсталады, сонда берген жауабында, арестанттар абақтыда үйқыға кеткенде Құрманғазы оған бірге қашайық дейді. Сосын өзі ескі бәкімен терезенің шілтерін (решеткасын) кесе басгайды. Кешікпей терезе шілтерін

кесіл. өзі сыртқа шығады. Артынан Нұрбай шыққан. Бұл кезде қарауыл үйықтап жатқан. Былай шыққасын екеуі бөлінген. Құрманғазыны ұстай алмай патша әкімшілігі алас үрады.

Ал қазақ ССР мемлекеттік Орталық архивінде сақтаулы түрған Құрманғазы Сағырбаев, Нұрбай Тұмашевтің турмеден қашқаны туралы Бөкейлікті билеген «Уақытша совет» деп аталған басқару мекемесінің жергілікті билеушілермен жазысқан қағаздары бар.

Бөкейлікті басқаратын Уақытша совет мекемесінің іс қағаздары ішінде «Тұтқындалған киргиздар (қазақтар) Сағырбаев пен Нұрбай Тұмашевтің ісі» деген материалдар да бар. Іс қағаздары Уақытша советтің Қаспий жағалауындағы 1-Приморье (Теніз) округінің билеушісіне 1858 жылғы 30 қаңтарда жазған қатынас қағазынан басталады. Мұнда Құрманғазы Сағырбаев пен Нұрбай Тұмашев 1857 жылғы ноябрьдің 2-іне қараған түні Орда қаласы абақтысынан қашып шыққан жайларды баяндалады. Қайдан кімнен келгені белгісіз, әйтеуір, К. Сағырбаев турмеден шырып, өзінің балдызы Балқыш Игіліков (мүмкін Балқаш болуы да) үйінде болып, ат мініп, қару-жарақ алып, тығызып жүр дегенді естіп, Уақытша совет округі билеушісіне Беріш руының Есенғұл арысының азаматы Игіліковтің үйін тінтіп, ат пен қаруды тауып алуды міндеттейді. 1-Приморье округінен Нұралыханов деген өз қарауында «Б. Игіліков деген кісі жоқ» екенін жазады. Бұл жауапқа Уақытша совет қанағаттанбай, 1858 жылғы 14 ақпанды 1-Приморье округіне тағы да тәртіп беріп, Игілік үйін тінтуді тапсырады. Осы бойынша наурыз (март) айында 1-округ билеушісі тағы жауап жазып, «Балқыш Игілікұлының әкесі Игілік Барықбаевтың (мүмкін, Баракбаев болар.— И. Қ.) Кокарев постысы жанындағы үйіне барып тінту жасап едік, ештеңе таба алмадық. Ал Балқыштың өзі 1855 жылдан бері Қызыл-

құрт руы шаруаларының арасында екен, әкесі оның кімде жалшылықта жүргенін білмейді»,—деп хабарлаған. Уақытша совет енді Қызылқұрт руының басқарушысына «Балқыш Игілікұлын іздең, табыңыз»,— деп тапсырады.

Сонымен, архив дерегіне сенсек, Құрманғазының қайын жұрты — Есенғұл Берішінің ауылы, оның ішінде Игілік Барықбаев. Құрманғазы туралы көптеген аныз-шілдемелерде оның әйелінің аты әр түрлі аталады. Бірінде Ақшолпан десе, екіншісінде Әуес делінеді. Осы күнге деңін Құрманғазының қайын жұрты документті турде белгісіз болатын. Енді мына архив дерегіне қарағанда, ұлы күйшінің туыстарын білетін кіслер табылып қалар деген үміттеміз.

Жоғарыдағы жауапқа қанағаттанбаған уақытша совет 1858 жылы 18 июльде 1-Приморье округінің билеушісіне тағы да қатынас қағаз жазады. Онда «Құрманғазы Сағырбаев сіздің округте жасырынып жур, Беріштің Есенғұл бөлімі аулында Балсал (мүмкін, Балсан болар.— И. К), Жақсылық, Мәжит Баракбаев, Қосжан Жанысов және Өтеген Игіліков деғендегер қашқынның әйелінің туыстары болып, оның жасырынуна жағдай жасап отыр...» дей келіп, Сағырбаевты тұтқындау үшін барлық шараны қолдануды міндеттейді. «Ал егер бұл істе сәтсіздік болса,— дейді уақытша совет председателі қатулана,— сіздің жеке басыңыз жауапты. Өйткені сізге өткен қантар айында өз қарауыңыздары қызметкердің жоғарыда аталған қылмыскерді жасыруышылар мен олардың қимыл-әрекеті жайлы мәлімдегені советке белгілі. Бірақ сіз уақытында оны үстаяға еш шара қолданбадыңыз және қашқындарды жасырып жүрген адамдарды советке хабарламадыңыз»,— деген.

Округ билеушісі Едіғе Сүйінішқалиев енді өз басын актау мақсатында 1858 жылғы 14 шілдеде (июльде)

Қосдәulet тұрағынан Уақытша советке жауап жазады. Бұл жауабында ол жоғарыда аталған «Баракбаевтар әулетінің қашқынға көмек беріп, жасыруға еш қатысы жоқ және уақытша советтің 1857 жылы 5 ноябрьдегі қатынас қағазы бойынша жалма-жан 8 ноябрьде округтегі барлық билерге өз қарамағындағы бөлімшелерде тиянақты іздестіру жүргізуді тапсырды. Билер маған аталмыш тұтқынның ауылда жоқ екендігін мәлімдеді», — дейді. Жауап соында Е. Сүйіншқалиев «қашқынды біз жасырып жүр» деген сөзге дәлел келтіруін сұрайды. Едігенің талабына Уақытша совет тағы да оған қатынас қағаз жолдап, Беріштің Есептүр бөлімінің бір биі — Төлек Өтепқалиев дегеннің 1858 жылы 1-маусымда (июнде) советке жіберген рапортын оған қоса жібереді. Бұл рапортта би советке: «Қызылқұрт руының Ерші белімінің азаматы қашқын Құрманғазы Сағырбаевты сұрастырып жүріп, менің қара мағымдағы бөлімнің қырғыздары (нұскада осылай делинген — И. К.) Балсан Жаксылықов, Мәжит Баракбаев, Досжан Жанысов, Өтеген Игіліковтің қашқынға ат беріп, тығылуына жағдай жасағанын анықтадым. Бұл туралы мен 1-округ бөлімшесіне өткен қантардың 28-індегі рапортында мәлімдегем. Бірақ маған бұл жөнінде жарлық бермеді», — деп көрсетеді. Бидің бұлай айтуының себебі бар. Едіге өзінің жауабында бидің онымен бас араздығы бар екенін айтады. Өш алу үшін Төлек би Құрманғазыны да, баскаларды да байлап беріп отыр. Бұнымен қоймай, Т. Өтепқалиев Уақытша советтің бір сенімді кісісін жіберуін өтінеді және Сағырбаевты ізdep, табатындығын айтады. Уақытша совет Едігеге осы рапорт бойынша түсінкітеме беруін талап етеді. Бірақ Төлектің өтініші бойынша, Уақытша совет оған сенімді кісісін жібермеген. Едігенің 18-тамыз бен қыркүйекте (август пен сентябрьде) жазған жауаптарында «Өтепқалиев екі рет барғанда да үйінде болма-

ды», — депті. Сонымен, мәселе созылып, 1859 жылға ауысады.

Уақытша совет 1859 жылы марта Төлек Өтепқалиевтің өзінен түсініктеме алады. Онда «Бидің жоғарыда аталған сөздерін қуаттайтын деген күәгерлері Мәулен Таңатаров пен Дауылбаевтаи сұрағанымызда олар Құрмангазыны жасырғандарды білмейміз», — деп жауап береді. Бұл жерде осы адамдардың аты-жөнін әдейі штап отырған себебіміз, тағы да таныс адамдар табамыз ба деген үміттеміз. Есенқұл аулының адамдары өз биінші сөзін растамағасын Кенедік (?) Асауов, Мака Таңғатаров, Мемі (?) Дауылбаев дегендерден тағы суралады. Осы арада бұл мәселеге қалай екені белгісіз М.—Салық Бабажанов араласып, өзінің советке жазған рапортында ол: «Т. Өтепқалиев айтқан» Құрмангазының қайны Өтегүл (?) Игліковтің (енді Өтегүл деген есім шықты. — И. К) уйінде болуы және оның басқа да көрсетулері дәлелденбеді», — деп хабарлайды³¹.

Сонымен, екі жылдай жүргізілген іздеу, қағаз жазысу еш нәтиже бермейді. Бұл уақыт ішінде Құрмангазы шығандап, ізін де көрсетпей ұзап кетеді.

Бұл әңгімені егжей-гегжейлі жазған себебімізді тағы да айтамыз, жоғарыда аталған адамдар, олардың қонысы, Құрмангазыға көмегі туралы ел ішінде қандай әңгімелер бар екенін білгіміз келеді? Біздің мақсатымыз — ұлы күйшінің өмірі мен творчествосы туралы әліде болса ел ішінде сақталған деректерді жинау.

¹ Қазақ ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 373-іс, 7-парап.

² Қазақ Совет Энциклопедиясы, 2-том, 63-бет

³ «Деятельность», 1868 ж., № 109; Аравин П. В. Даулеткерей и казахская музыка XIX века. М.,—1984, с. 46—47.

⁴ Қазақ ССР ОМА, 4-кор, 1-тізбе, 6036-іс, 18-парап.

⁵ Алекторов А. Тургайская область.—Оренбург,—1891, с. 50.

⁶ Полферов Я. Я. Земледелие в Тургайской области. 1896. Оренбург,—1986, с. 13—14.

- 7 «Оренбургский край» газеті, 1894 ж., № 106.
- 8 «Астраханский листок» газеті, 1882 ж., № 116.
- 9 Вларамберг И. Ф. «Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней и Зауральной (Малой) орды. «Оренбургского ведомства» Военно-статистическое обозрение Российской империи. т. XIX. ч. 1. Спб 1865 г.
- 10 Очерки Зауральной степи и Внутренней или Букеевской орды. Изд. К. Солдатенков и Н. Шепкина. М.— 1859 г.
- 11 Казанцев И. Описание киргиз-кайсак. Спб. 1987.
- 12 Жұбанов А. Құрманғазы. А.—1978, 78, 81, 91-беттер.
- 13 «Орал өңірі» газеті. 1982 ж. 14 август.
- 14 Жұбанов А. Құрманғазы, А.—1978, 69-бет.
- 15 Бұл да сонда, 71-бет.
- 16 Жұбанов А. Құрманғазы, А.—1978, 71-бет.
- 17 Бұл да сонда.
- 18 Затаевич А. 500 казахских песен и кюев. А., 1931, 252-бет.
- 19 Жұбанов А. Құрманғазы. А.—1978, 73-бет.
- 20 Өтемісұлы М. Шашакты найза, шалқар күй. А.— 1982.
- 21 Мерғалиев Т. Домбыра сазы. А.—1982, 311-бет.
- 22 Бұл да сонда, 312—313-беттер.
- 23 Бұл да сонда, 313-бет.
- 24 Жұбанов А. Құрманғазы. А.— 1978, 104-бет.
- 25 Затаевич А. В. 500 казахских песен и кюев. А.— 1931.
- 26 Жұбанов А. Құрманғазы. А.—1978, 90-бет.
- 27 Бұл да сонда, 106-бет.
- 28 Бұл да сонда, 100-бет.
- 29 Бұл да сонда, 111—114-беттер.
- 30 Қазақ ССР ОМА, 78-кор, 4-тізбе, 300-іс, 5-парак.
- 31 Қазақ ССР ОМА, 78-кор, 3-тізбе, 1—33-параптар.

ҚҰРМАНҒАЗЫНЫң ЕЛІНЕ ОРАЛУЫ

1857 жылы Орда абақтысынан қашып кеткеннен кейін, Құрманғазы бірнеше жыл жасырынып басқа елде журіп, 1860 жылдардың басында еліне оралады. Бұл жөнінде біз Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінен мынадай шағын мәлімет таптық. Бекейліктің Қамыс-Самар қисымы басқарушысының жазған қағаздарын тіркеген журналында 1863 жылғы 26 октябрьде және 1864 жылғы 8 февральда № 12, 46 санды қағаздарда Құрманғазы Сағырбаевтың жауаптарын ішкі Орданы билеуші совет кеңесіне жібердік деп өте қысқа жазылған¹.

Бұдан кейін, әлгі журналда Қамыс-Самар қисымының басқарушысы 1864 жылғы 14 ноябрьде Орал казак әскері кеңесіне хат жазған, онда арестант Құрманғазы Сағырбаевтың үйіне жаппай тінту жасалғанын және оның Бекейлікте жасырынып жүруінің жайы туралы жазылғанын көрсетеді².

Бұл екі мәлімет — Құрманғазының осы Қамыс-Самар қисымын мекендегендігін көрсететін бірден-бір документ. Бұны ел аузындағы төмендегі әңгімелер де растайды. Екіншіден, 1863 жылы ұлы қүйші осы өңірде журген болады. Академик Ахмет Жұбановтың Құрманғазы 1860 жылдардың басында еліне оралды дегенін шындыққа шығарып отыр. Үшіншіден, бұл документ патша әкімшілігінің ұлы қүйшінің қудалауын тоқтатпа-

ғанын көрсетеді. Бөкейліктегі ол үшін тыныштық өмір бола қоймайды. Патша өкіметің қатаң тәртібі мен жергілікті бай мен билер Құрманғазы еліне оралыпты деген дабылды естіп, тіміскілеп, оны іздестіруде болады. Бұл жайды айтпас бұрын, зерттеушілер осы кезеңде Құрманғазы мен Дәuletкерей Шығаевтың кездесіп, достасуы басталғанын жазады.

Бұл екі даңқты күйшілердің кездесуін академик А. Жұбанов пен профессор П. В. Аравин екі түрлі жорамалмен баяндайды. Мысалы, А. Жұбанов «1860 жылдардың басында Қызылқұрт, Ноғай руларын Дәuletкерей билейді... Дәuletкерейдің бұл руларды билеуі Құрманғазыға жаман тимейді. Өйткені осы жылдары екі күйші танысады»,— деген³.

Бұл жерде біз архив деректері негізінде тарихи анықтама бере кетейік. Біріншіден Қызылқұрт руын Дәuletкерей билеген емес. Ол 1852—1854 жылдары ноғай-қазақ (елде «ноғай-қазақ» деп атайды.— И. К.) руын басқарушы болды. Екіншіден, 1860 жылдан Бөкейліктегі руға бөліп билеу қалғанын біз жоғарыда жаздық, яғни Бөкейлік бұрынғы 2-теніз округтері үстінен 5 қисымға бөлінген.

Ушиншіден, Дәuletкерей 1860 жылдан Қалмақ қисымының басқарушысы, ол Бөкейліктің батыс шеті, ал Қамыс-Самар қисымы — шығыс шеті. Қалмақ қисымында қызылқұрт, ноғай рулары тұrmайды, мұнда негізінен төре, қожа, төленгіт мекендеген.

Ал профессор П. В. Аравин бір кітабында: «Құрманғазы мен Дәuletкерейдің қарым-қатынасы туралы мәселе қызықты,— деп мән бере отырып,— бұлардың кездесуі тек 1857 жылы Құрманғазы ұсталған кезде немесе 1867 жылдан кейін, яғни ол қудалаудан босап, толығымен ақталып шыққан соң болуы мүмкін»,— дейді⁴. Айта кетелік, ұлы күйші өлгенінше қудалаудан босаған емес.

П. В. Аравин келесі бір кітабында: «Құрманғазы мен Дәулеткереңдің кездесуі 1868 жылдың күзінде Хан ордасындағы (дұрысы «Жасқұстағы хан жәрменкесі».— И. К.) күзгі жәрменкеде болуы ықтимал». «... Осы уақытта Құрманғазы Бапастың (Дәулеткерең.— И. К.) кіші Бөгде тауы маңындағы қыстауына баруы мүмкін»,— деп жорамалдайды⁵. Құрманғазы елді көп кезген кісі, өзі ізден баруы да ықтимал.

Біздіңше, екі ұлы күйшинің кездесуі бұл айтылғандардан көп ертеде болды-ау дейміз. Өйткені, Дәулеткерең Құрманғазыдан 14—15 жастай кіші, ал Құрманғазының күйшилік атағы ерте шығып, Бөкейліктен асып, Жайықтың шығысына жайылды. Сондықтан жас талапкер домбырашы Дәулеткерең Құрманғазы секілді данқты күйшині өзі ізден келуі тиісті ғой. Оған мынадай мүмкіндіктер бар. Дәулеткерең ауқатты адамның баласы, көлігі көп, басының еркіндігі мол әрі сауықшыл кісі. Ал Құрманғазы өскен Қызылқұрт руының ауылдары, негізінен, Бекетай құмында, Жиделі, Тау бүйрат, Алты шағыл (Алтыбай) және Қара өзен сағасында мекендегенін біз жоғарыда айттық. Бұл ру ауылдарын Дәулеткереңдің Өтебәлі деген (1825 жылдан) ағасы, сосын Мірхайдар, Қөшекқали деген ағалары биледі. Сол 1825—1865 жылдар аралығында Дәулеткерең туған ағаларының үйіне талай келді ғой. Мірхайдар орны Жиделі қасында, әлі солай аталады, ал Қемекқали орны (үй) Қамыс-Самарда «Құрманғазы суатынан» 8—10 км болар. Бұл елдің бір салты — алыстан келген қонақ құрметіне ауыл төңірегіндегі қадірлі адамдарын, әнші, домбырашы, бишілерді шақырып таңыстырып, қонақ жасаған, тіпті ат жарысын, алтын қабақ ату, т. б. сайыстар да үйымдастырған. Осындаі мәжілісте екі күйшинің талай кездесуі мүмкін.

Бұлардың тағы бір кездесетін жері — 1833 жылдың май және сентябрь айларында «Бұлдіргенді» деген жер-

де (1866 жылға дейін.—И. К.) өтетін «Хан жәрменкесі». Жәрменкеге бүкіл Бөкейліктен, одан тыс жерлерден Ұзак Мырзабаев секілді күйшілер, Махамбет Өтемісұлы се-кілді ақын, жыраулар, бишілер, мергендер, балуандар, өнерпаздар жиналған. Ал «Бұлдіргенді»—Дәuletкерей мекені «Қарамоланың» қасында. Бұның үстіне, Орда қаласында, архин дерегі бойынша, Дәuletкерейдің же-ке үйі болған, әлі бар. Өлкені билеуші адамдарға жа-қын Дәuletкерей ұлы күйшінің Орда абақтысында жатқанын естімеуі мүмкін бе? Әсіресе, соңғы — 1864 жылғы қамалуын, Құрманғазы абақтыға талай түсті дейді ел, солардың ішінде бізге белгілісі — ол Ордада З жылдай жатқан. Міне, осындай жағдайда жас дом-бырашы Даuletкерей ұлы күйшіні көріш, үйрепін, тәлім алуы, үйіне шақырып, әнерін қызықтауы обдеи мүмкін. Сондықтан Даuletкерей Құрманғазы мен Ұзақтың ал-ғашқы талантты шәкіртері болуы ықтимал.

Ел аузында бұл екі күйшінің кездескені туралы ән-гіме бар, бірақ нақты әмес. Сол кездесу екеуіне де творчестволық тәжірибе алмасу, өз репертуарларын байыту және жаңадан күй шығару істеріне пайдасы болған. Осы кездесу кезінде «Бұлбұл», «Бұлбұлдың құрғыры», «Айда бұлбұл Айжан-ай», «Жігер» секілді күйлер дүниеге келеді. Халық Құрманғазы, Даuletке-рей, Айдан қыз секілді үш санлақты бір кездестіреді. Бұл да мүмкін жағдай. Оның үстіне, 1860 жылдары Құрманғазы мен Даuletкерейдің тагы кездесуі мүмкін.

Қыскасы, үстем таптың кай тобы болмасын Құр-манғазыны мінез-құлқы, қылышы үшін жаратпай, қуда-лауға салады. Ұлы күйшінің өмірі мен творчествосын зерттеуші ғалым П. В. Аравин «Соттың Құрманғазыны қудалауы — даңқты халық композиторының творчест-волық биографиясындағы ең бір адамды толқытатын беттері»,— деуі өте бір дұрыс айтылған пікір. Біз жо-ғарыда 1863—1864 жылдары жергілікті әкімдер Қа-

мыс-Самар қисымына ұлы күйшінің үйін тінтін, өзінен 2 рет жазбалы жауап алғаны жөнінде архив мәліметін келтірдік. Тіміскілеу, тінту, қудалауға тағы ұшыраған ұлы күйші өзінің осы кездегі бір өлеңінде:

«...Шығады Апқатыдан шұбар қайрак,
Туады боз інгеннен бозша тайлак.
Калды закон, ауыра келіп едім,
Бар әкім отыр екен тісіп қайрап», —

деген.

Қамыс-Самар қисымының басқарушысы Қәшекқали Шығаев, Байбақтының бір аулының биі Әубәкір Ақбасев, т. б. уstem тап өкілдері қудалай береді. Солардың бірі — Әубәкір. Әубәкірдің шаруаларға, Құрманғазыға озбырлығы туралы елде әңгімелер көп. Сондықтан, Әубәкір туралы жоғарыда айтылған жаңа мәліметтерімізді одан әрі жалғастыра берейік. Ел аузындағы әңгіме архив материалдарын қайта қарауымызға негіз болды. Өз жоғарыда көрсеткен құлпытастағы жазу бойынша Әубәкір 1860 жылдары атқа мініп, билікке араласуы мүмкін деп есептеп, осы кезеңнің қағаздарын актарлық. Сонда анықтағанымыз Әубәкірдің қонысы Сарыөзен сұы құятын Сарышығанақ деген көлдің батысында құмдасындау далалық бар екен, ол «Ақбай алқабы» деп аталыпты. Міне, сол Ақбай алқабының батысында «Кара өзен» деген судың жағасында Әубәкірдің аталағының бейті, қыстаулары бар екен. Архив дерегі бойынша, Әубәкір 1859 жылы 7 январьдан бастап 22 жаңында Әлтеке, Құдайназар деп аталатын ауылдың биі болады⁷. Өзі сауатсыз, бірақ ділмар, айлакер әрі озбыр болған. Өз қарауымында шаруаларға зорлық жасап, шабындығын тартып алып, басқаға арендаға сатады. Бұл туралы ауылдастарының Әубәкірдің үстінен жазған арыздары бар. 1865 жылы Қамыс-Самардың 10 шақты биі басқарушысы Қәшекқалидың үстінен: «Озбыр, еңбекақымызды бермейді, орынсыз жәбірлейді»

деген арыз береді⁸. Солардың ішінде Әубәкірдің де мөрі бар. Уақытша советтен келіп, бұл арызды тексергенде Әубәкірден түсініктеме алған. Сонда «Жасым 32-де, 1859 жылдан Әлтеке аулының биімін», — деп жазылған. Бұдан кейін, Қамыс-Самар қисымының билеушісі (пра-вителі) М.-С. Бабажановтың Уақытша советке берғен мәліметі бойынша, Ә. Ақбаев 1866 жылы Әлтеке аулының биі, қарауында 300 шанырақ бар, оларда 500 түйе, 800 жылқы, 1250 ірі қара мал, 800 қой болған. Бұлардың қосысы — Кара өзеннің Қамыс-Самардағы жайылма-сында Терен өткел, Сағыз өткел, Қара өткел, Оразбай, Шерубай, Ақшағыл, Құлын Сары, тағы басқа осы өнір-дегі жерлер екен⁹. Егер де 1820—1830 жылдары бұл ауыл шағын жерді мекендегеи болса, 1866 жылы көп жерге ие болғанын көреміз. Жоғарыда аталған «Сағыз өткелі»— Алаша аулының жері; «Көбе мола», «Ақшағыл»— Байбақты аулының жері. Қалай болса да Ақ-бай, одан кейін Әубәкір бұл жерлерге ие болып, қоны-сын підәуір кеңіткен болып тұрғой.

Сонымен, архивтегі бірнеше материал тағы да Әу-бәкір Ақбаев жасын, мекенін қызмет істеген кезеңін анықтап, біздің алдыңғы мәліметтерімізді тағы да нақ-ты растап отыр.

Бұдан Ақбаев Әубәкір тарихи болған адам, оның қонысы, өскен кезеңі, жасы туралы Мерген Біралиев-тің бізге берген мәліметі қағаз жүзінде дәлелденгенін көреміз. Архивте оның жеке мөрінін жазуын да оқы-дық. Онда «Әубәкір Ақбайұлы» деген¹⁰. Сонда Әубәкір Құрманғазы егде тартқан уақытында атқа мініп, билік-ке араласқан. Әрі жас, орі озбыр би Әубәкір өз аулы-ның жоғалған малын Құрманғазы үрлады деп кінәласа керек. Бұл туралы ел аузында осы күнге дейін сақталған Құрманғазының белгілі өлеці осы шамада, яғни 1860—1880 жылдары айтылған болар. Бұл мәліметтер күйшиңің үстем тап өкілімен катынасын анықтап береді.

Әубәкір мекенінен «Құрманғазы құрағы», «Құрманғазы сұаты» деген жерлер салт атпен төте жүрген кісіге 50 км-дей. Атақты тәжірибелі ұрылардың ол кезде жақын жерден мал ұрламайтыны белгілі. Сондықтан Құрманғазының жазықсыз екені дұрыс болар.

«Ұры» деп кінә тағуға себеп табылады. Құрманғазы бір байға пішen шабуға жалданып, ақысына арық жабағы алған. Ол өсе келе торы құнан болып сымбаттанып, бәйгеде алда келе береді. Ақбайдың Әубәкірі күйшінің жүйрік торы аты бар екендігін естіп, қызғаншақ бай баласы, төніректегі жақсының бәрі сонықі болуға тиіс деп біледі: «Жалаң аяқ Құрманғазыға ондай ат қайдан бітті дейсің, біреуден ұрлап алған шығар, барып тартып алып келіндер»,— деп екі кісіні жібереді. Бірақ Құрманғазы ол екеуіне ат бере қоймайды. Бай мен билердің шаруаға істейтін ежелгі озбырлығы күйшіге үлкен ой салып, үstem таптың шексіз зорлығын әшкере-леп, жаңа күй шығарады. Күйдің басы ыза мен қайғыдан басталып, тереңдей келе ашуға айналады. Аяғына таман күй қайғыдан серпіліп, көңілдене шырқап, күш, қажыр суреті баяндалады. Құрманғазы шығармаларының ерекшелігі, күй — күрес нышанын, аяғында жақсылықты меңзейді. Тыңдаушы қауым бұл күйдің аты бізге күн көрсетпей келген озбыр Ақбай би мен Әубәкірге арналып «Ақбай» деп аталсын деп үйғарады. Үstem тапқа бағытталған бұл күй байларға ұнамайды. Жасырынып жүрген күйшіні аңдушылар көбейіп, ақыры оны 1863 жылы ұстап алады, бірақ бірден айдал жіберуге жүрттап қаймыгады.

1864 жылы 1 март күні Құрманғазы Орда абақтысына қамалған. Арестанттардың тізімінде ол туралы: «1857 жылы, хан ордасындағы казематтан қашқаны және әр түрлі адамдардан мал ұрлағаны үшін ұсталды» деп жазылған¹¹. Осыдан тергеу ұзакқа созылып, Құрманғазы Ордада 2 жыл 7 айдай жатады. Тергеу ісі

Орал әскерінің кеңесіне түсіп¹², 1866 жылы октябрьде ол Орал қаласына жөнелтіледі. Бұдан әрі қалай босаңып шыққаны туралы материал таба алмадык.

П. В. Аравин өзінің аталмыш кітабында Құрманғазы 1867 жылы февральда Орал түрмесінде жоқ және ол туралы іс қыскарды деген. Содан кейін, 1864 жылы сот туралы жана устав бойынша және 1866 жылы жазалау туралы «Уложениеиң» 1007, 1036-статьялары бойынша Құрманғазы бұдан әрі қамауда жатпауға тиіс, содан ол босатылды дейді, мәнісін түсіндірмейді¹³.

Әйтеуір, 1868 жылы Құрманғазы өзінің елінде, Фокейде жүргенін Н. Савичев деген Орал әскерінің қызметкері «От форпоста Кармановского до Глинянского» деген мақаласын жариялады, онда Бородин (казақша Пакей) селосында Иов Фокеевич Бородиннің (казақша Лауышкенің) үйінде Сағырбаевпен кездескенін жазады. Н. Савичев өз мақаласында «Құрманғазы кіші пейілді, жарқын жүзді, ақылды, жұпның гана киінгей кісі екен... Құрманғазы домбыраны жедел күйіне келтіріп, басын сәл бұра түсті де, бірден құйқылжытып тарта жөнелді,— дейді.— Мен алғашқы кезде таңданып едім, кейін оның домбыра тартысына кайран қалдым. Екі ішекті, мұндай жұпны аспаптан музыкаға үқсас бірдене шығады ғой деп күтпеген едім, бірақ адам қабілетінің күші сол емес пе — домбырадан соншалықты таза музыка естіледі. ...Мен оның домбыра тартысын бозторғайдың не бұлбұлдың еркін сайрауы деп атар едім... Ол домбыраны құлшына, жан-тәнімен тартады, сол кезде оның он қолы әр түрлі ойнақы қимылдар жасайды, кескіні құбылып нұрланады. Ол өзі шығарған бірнеше күйлерін гартып берді, ал осының өзі-ак оның дарынды композитор екенін бірден анфартады, сонымен бірге, өзінің домбырага арнап өндеген қырғызың (казақтың) үрпақған үрпакқа көшіп келген ескі би музыкасын тартып берді»¹⁴,— дей келіп, Савичев

казақ биінің мазмұнына тоқтап өтеді. Біз жоғарыда Н. Савичевтің осы мақаласында қазақ биінің мазмұны туралы жазғанын көлтіргенбіз. Автор қазақ билерінде сүйіспеншілік не сағыныш, кек алу секілді күшті сезімдер көрсетілетінін айта келіп, музыкант бір музыкалық мотивті биші басқа сезімге көшкенге дейін қайталай береді деген. «Сағырбаев,— дейді будан әрі Н. Савичев,— мотивтердің осындай алмасуын істей отырып, бұнымен қатар бір тоннан екінші тонға ауысады таң каларлық музыкалық тaktімен істеді. Музыкалық идеялардың жүйелілігі тым сымбатты»,— деп айқын да, оділ баға береді¹⁵.

Казақ билері мен Құрмангазының асқан шеберлігі жөне өзі күй шығарып, тамаша орындағыны турали оның сауатты замандасының дұрыс бағасы Құрмангазының ұлы күйіші екендігін көрсететін тағы бір дәлел. Н. Савичев тіні Құрмангазының домбырасын да сипаттап жазған. Күйшінің домбырасы, Н. Савичевтің жазуынша: «Ұзын, қылта мойынды, екі ішекті, әшекей-леп безендірілген ожau тәрізді (ковшообразная) бала-лайка екен»¹⁶. Бұған қосарымыз, ел аузында Құрмангазы домбырасы сүйекпен әшекейленген, бұктемелі, топсалы деп айтылады, яғни жол жүрерде домбыраны мойынан екіге бүктеп қиіз қапқа салып алғып, қанжығасына байлайтын болған. Н. Савичев ұлы күйшіні қарапайым, ақыл иесі адам дей келіп, жұпны киінгенін де жазған.

Сонымен, ел аузындағы Құрмангазы жөнінде айтылып келген көптеген суреттеулерді күйшіні көзімен көріп, құлағымен естіген сол заманың бір білікті адамының жазғаны растап отыр. Айта кететін тағы бір шындық, ұлы орыс халқының прогрессивті көзқарастағы екі өкілі Құрмангазының өнеріне аса жоғары баға беріп, таң қалады. Бұған осы мақаланың соңындағы Н. Савичев түжырымы күэ.

«Қорыта айтқанда, Сағырбаев — сирек кездесетін музыкалық жан, егер ол европалық білім алса, онда музыка дүниесінің бірінші тұлғалы жұлдызы болар еді»— деп бітіреді¹⁷.

Осы шамада Құрманғазы қайтадан ұсталады. Бұл жерде тағы да би Әубәкір Ақбаев аты аталады. Ол жиырма шақты биге «боплық» («құлақтандыру») жарияладап, жағалай іздеу салады. Ақыры Әубәкір Құрманғазыны ұстасып, (сірә, Айбас, Бабан деген жерлерде болар), ел аузындағы әнгіме бойынша, сосын оны жайдақ арбаға отырғызып, Сарытау (Саратов) қаласына жөнелтеді. Осы арбаға жегілген еріксіз аттың жағдайын, оның жүрісін, қымылын негізге алышп, өз өмірімен бапланыстырып, «Бозшолақ атты бок дүние-ай. енді бізге жоқ дүние-ай» деп жана күй шығарады. Бұл кейін қыс картыла келе «Бозшолақ» болып аталады. Осы жолы ма әлде басқа уақытта ма, әйтеуір А. Жұбановтың жазуынша, күйші 1868 жылы Орал түрмесіне тағы қамалады, бірақ бұның да дерегін айтпайды. Біздің оймызша, бұл Құрманғазының 1864 жылы Орда қазематына қамалып, содан Орал түрмесіне жөнелтілген кезі еді.

Осыдан кейін де Құрманғазының ұсталып, Үркітке айдалуын, одан қашып, Ертісті кесіп өтіп, Сарыарқаны қыып өтіп, ақбас Алатауды көріп, Шудың бойын қуалай отырып, Сырды сағалап Жем, Сағызды басып өтіп, Жайыққа барып, одан асып Жиделіге барғанын А. Жұбанов тағы да бірталай әңгімелейді. Ұлы күйшінің Үркітке баруын біз бір рет жоғарыда айткан сон, бұл жолғысына тоқталмадык. Сірә, бәрі сол бір жолғы баруы болар. Құрманғазының бұдан кейінгі өмірі, яғни 1870 жылдар шамасы Астраханьнан шакыру қағаз (повестка) келуімен, Астрахань түрмесіне жатып, Саранжап деген қалмақпен танысып, түрмеден қашып шыққаны, одан Теніз округінің билеушісі Мақаш Бекмұха-

медовке барғаны әнгіме болады. Біздіңше, бұл оқиғалар сәл кейінірек болар. Өйткені Бөкей хандығы бұл кезде әлі Орынбор қарауында, Астраханьға 1876 жылы таша бағынады¹⁸.

Бұл кездегі оқиғалар Қамыс-Самарда Шәріп правитель болған кезде Тәтіман Иманов деген азаматқа байланысты секілді. Ізденушілер үшін айта кетейік, Шәріп (толығы Шарафеддин) белгілі патша офицері Қошекқали Шығаевтың кіші ұлы¹⁹. Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген, 1868 жылы Уақытша советте аудармашы, сосын кенесші (советник) болады. 1877 жылы Қамыс-Самар қисымында правитель, штабротмистр²⁰ болады. Шәріп мекені Сары өзен сағасындағы Глиннянский бекінісінің шығысында 5—6 км, ал Құрманғазы суатынан 6 км жерде. Ол әлі «Шәріп орны» деп аталады. Ел аузында Шәріп пен Құрманғазы арасындағы қарым-қатынас туралы қазір де жиі айтылады.

Шәріп қарауындағы елге қатал болған. Ұрлықты тиям деп неше түрлі қатаң жаза қолданбақ болған. Шәріп Құрманғазының ізіне түсіп, қудаласа керек. Жогарыда аталған Қабдолла Құбиев қарияның айтуынша, осы кезеңде Құрманғазы тағы бір құғыннан келіш, алыс өңірде қашып жүріп, ел жағына оралып, өзінің дос-жарандары Мәти, Мәмен, Қабан, т. б. ауылдарында болып, содан белгілі досы Лауышкенің үйінде жатады. Досы Құрманғазының өнеріш бірталай тамашалап, енді қалайда жергілікті әкімдерден Құрманғазыны бітістіру амалын ойласа керек. Лауышке (И. Ф. Бородин) Құрманғазыға осы ойын айтып: «Мен Шәріпті үйге қонақ-қа шақырам, сен ана көрші бөлмеде отыр. Дыбыс шығарма. Мезгілі жеткенде мен қайта-қайта жөтелем, сонда сен домбыраңды бір-екі шертіп қой да, үнсіз отыра бер»,— деп келіседі. Айтқанында, «Лауышке» Шәріп Шығаевты үйіне шақырып сыйлайды. Шарап ішіп

қыза келгенде Лауышке 2—3 рет жөтөліп жібереді. Сонда көрші бөлмeden домбыраның дыбысы естіледі. Шәріп: «О, кім ана жақтағы», — деп сұрайды. Лауышке: «Балалар болар», — деп әңгімені домбыраға, әнкүйшілер өнеріне аударады. Бұл әңгімеге Шәріп те қосылып, домбырашыларды сынап, ақыры екеуі: «Шіркін, домбыраны Құрманғазыдай тартатын ешкім жок кой» деген қорытындыға келеді. Әттеген-ай, Құрманғазының қадірін білмей, ұстасып жібердік-ау, одан асқан күйшині көрмедік, — деп өкініш білдіргендей болады. Сол арада Лауышке оны қолдап: «Егер Құрманғазы аман-есен елге қайтып келсе, бар кінәсын кешірер ме едің», — деп сұрайды. Сонда Шәріп: «Е, тәйірі-ай. Құрманғазыда не көп кінә бар дейсін. Оны ұры деушілердің де кім екепшін білеміз ғой. Олар күйшіден аскан, үйірімен үрлаушылар смес пе, білмей қалдық қой», — деп тағы өкініш айтады. Лауышкеге керегі де осындай мойындауы болса керек: «Сол Құрманғазы осы қазір мына жерге кіріп келсе, қолына акқағаз берер ме едің», — деп сұрайды. Шәріп қолын сілтеп: «Ей, Құрманғазы қайдан келсін, құрыды ғой ол байғұс», — деп бір жағына қисая кетеді. Лауышке сонда да коймай. «Сол бейшара осы қазір кіріп келсе, Тәтімен секілді сабап алып, жаяу айдамайсың ба?» — деп тықтастырыды. Жол жерде Шәріп: «Бәрін кешіріп, қолына сұрағанын берсер едім», — деп айта салады. Бұны естіген Лауышке: «Сөзіне ие бол», — деп алақанын 2-3 соғып, белгі береді. «Әй» дегенише үстеріне Құрманғазы кіріп келіп, үшеуі амандасып, мәз болысады. Сол үйде Құрманғазының өнерін тамашалап, әңгімесін қызықтап Шәріп 3 күн жатты дейді. Сөйтіп, Құрманғазының өнері алдында оның дүшпандары да басын июге мәжбүр болған екен. Бұдан әрі К. Құбиев тағы бір әңгімені жалястырыды.

Ә. Жантөриннің жазбасы бойынша, Құрманғазы

өзінің талай жылғы көршісі әрі досы Лауышкенің жылқысын ұрлағаны үшін айыпты болады. Шынында, біреулердің қате нұсқауымен, өшіктіруімен Жиделідегі Құрманғазының туысқандары Бижік, Кошым дегендер Лауышкенің 17 жылқысын алса керек. Бәрі бір түсті шым қара, шыбық қара қасқа айғырмен бір үйір екен. Оны айдағанның ішінде Құрманғазының кейінгі шәкірті болған Тоғайбайдың әкесі Мәти, Жауғашты аулынан Қабан деген болады.

Бірақ бұл жылқыны Құрманғазы ұрлады дегенге Лауышке онша сенбесе керек. Әуелде мал ашуымен күйші тағдырына ара түспегенмен, Құрманғазы айдаудан қашып келді деген сыйбысты естігенде И. Ф. Бородин әлгі Бижік (шыны Һижігіт.— И. К.)¹ дегенге: «Егер Құрманғазы тірі келген болса, оған айт, мен бәрін де кештім. Құрманғазы маған келсін, жасқанбай»,— дейді. Бұны естіген күйші бірталай ойланады. Әркім әр түрлі ақыл береді. Өне бойы қашып жүруден шаршаган әрі амалы таусылған Құрманғазы қасына Қабан мен Бижікті ілестіріп, Пакейге келеді. Екі жолдасын тасаға қойып, өзі Лауышкенің үйіне келеді. Есік алдында Құсайын деген жерлесі жүр екен. Содан өзінің келгенін хабарлайды. Лауышке: «келсін,— деп шақырып, амандасып,—«ал немен келдің»,— деп сұрайды. Сонда күйші домбырасын алдырып, жаңа бір күй тартады. Лауышке бір орында отыра алмай, әйелімен екеуі билеп кетіпті»,— дейді Құсайын, күйдің аты «Лауышке» депті. И. Ф. Бородин көршилерін жинап, қуанышына той жасапты. Лауышке Құрманғазыға «аққағаз» алып бермек болып, Шәрін правительге барайық деп екеуі бірнеше жолдасымен Пакейден салт атпен шығады. Пакейден Шәріп қыстауы 12—13 км батыста дедік. Жолда Құрманғазы суаты бар. Соған жақындай бере көлшік-жайылма су бар. Лауышке бір уақытта Құрманғазыға: «Осы сізді жүрт мерген дейді, батыр

леді. Батырлығынды білейін, мына мениң басымдағы бөркімді атып, алдыма түсірші», — дейді. Сонда Құрманғазы айтады: «Бұл қойған талабың тым ауыр талап, бөркінді атам дег өзінді өлтірін алсан, келмеске кетем ғой. Ал бұл айтқаныңды істемесем, Құрманғазыда ерлік жоқ екен дейсің ғой. Ей, не де болса, «Қазакқа тәуекел жарасқан» дейді ғой атамыз, нар тәуекел», — деп бірталай толғанады. Сосын атының басын тежеп, кейін қала береді. Бір уақытта мылтық гұрс еткенде Лауышкенің сопак қара бөркі бірталай қадам алдына ұшып түскенін езі де сезбей қалады. Таң болған Лауышке: «Жарайсың, Сағырбаев, әкел қолынды, нағыз батыр әрі құралайды көзден атқан мерген екенсің. Қандай мерген болса да, досының басындағы бөркін атып түсіруге ешкім тәуекел етпейтін, жүректі екенсің», — деп ризалығын білдіреді.

Сөйтіп келе жатып Жаңақалаға жақындайды. Сол жақта «Айдын» деп аталатын үлкен көл бар. Айдын десе айдын, жарқырап жатады. Бергі шетінде екі дала қазы жүзіп жүреді. Сонда Лауышке: «Сізді халық мерген дейді. Шәрін правитель құс етін жақсы көреді, ана қаздың біреуін атып ала кетейік. Сіз соның біреуінің бір көзін атып түсірсөңіз», — деп өтініш айтады. Амал жоқ, дос көңілі қымбат. Суды жағалап барып, Құрманғазы мылтығын көтерер-көтермesten шүріппесін басын қалады. Оғы қаздың оң көзіне тиген екен.

«...Қүрекен үшқан құсқа мылтық атқан,
Жігітке жараспайды үйде жаткан», —

деген өлеңі де бар ғой. Қазды Лауышке аттан өзі түсіп барып, қанжығасына байлап алады. Содан Шәрін правительдің үйине келіп, рұқсатпен кіріп отырады. Лауышке: «Мына Құрманғазыны біз бекер айыптаң жүр екенбіз. Біздің Фокей балаларының бұдан енді талабы жоқ²². Біз тағы да дос болдық. Сіз де кешіріңіз, доста-

су үшін алып келдім. Біз енді бұны қолдаймыз», — дейді. Сонда Шәріп: «Сен кепілдік, сенім берсең, Құрманғазымен бітісуге болады», — деді. Лауышке кепілдік бергесін, Шәріп амалсыз оған еркін жүргүре куәлік қатызын береді. Сөйтіп, Лауышкенің көмегімен Құрманғазы бір бәлден құтылыпты.

Шәріп Шығаевтың Құрманғазымен араз болуының бір себебі — ол Тәтіман Иманов деген қайратты, қайтар жігітпен дос болады. Иман — Байбақтының Дауымшар аулының атақты есер байы Бірәлі Есейұлының ағасы. Бірәлі 500 қызыл нар иемденген, мақтанышпен қара жерде шанаға нарды қосарлап жегіп, ауыл арамаған. Бұл — баяғы Махамбет Өтемісұлының Айғанша деген қызын алып қашатын Бірәлі бай. Махамбет Қаратогай Мәмбетұлы деген батырдың ара түсімен, кудалаудан, өштесуден құтылған дейді. Бірәлінің балалары көп. Ішінде байы да, кедейі де, ақылдысы да, тентегі де бар. Бірәлінің өз балалары көзінің тірісінде-ак бірімен-бірі қырғи қабак, араз болған. Тәтіманның өз агайындарымен араздығы алым-салыкты жинаудан басталған. Мысалы, архив мәліметі бойынша, Тәтіманның ағасы Исаберген Біралиев одан бір жылда 2 рет салық алмақ болған²³. Сондай-ақ, Дауымшар аулының биі Болат Мұнасипов те Тәтіманға зорлық жасаған. Арыз айта барған Қамыс-Самардың билеушілері Көшекқали Шығаев, одан кейін Ғұбайдолла Есенбаев та бидің сөзін қолдаған. Ыза болған Тәтіман бұлардың өзіне шабуыл жасап, F. Есенбаевтың 70 жылқысын 1860 жылы айдал кеткен де, Жайық өткен²⁴. Бірак Шәріп сұлтан бәрібір оны ұстап, сабап, 1000 шақырым жерге жаяу айдатқан. Тәтіман мен оның туыстарының жергілікті басшылармен арпалысы 20 жылға созылған. 20 шақты тергеу істері сакталған. Солардың ішінде 1—2 жерде Құрманғазының аты аталады, көп істер болмашы нәрседен басталып, Тәтіманды аға-інілерімен, ба-

лаларымен «ұры, бұзық» деп айыптаپ, бірақ дәлелсіз болған соң аяқсыз қалған. Соның ішінде Шәріп Шығаев 2—3 рет Тәтіманды балаларымен үстап, жөнсіз айыптаپ, түрмеге жапқан. Бірақ Шәріп Құрманғазыға бұл жолы белгісіз себеппен кешірім жасаған. Ал байлар мен Әубәкір секілді билер күйшінің артынаң сонда да қалмаган.

Біз жоғарыда қызылқұрт руынан шыққан 40 шакты шаңырағы бар ауыл Казарма (Ф. Мухорский). Пакей төңірегіндегі Қызылқұрт шағылынан 1878 жылдары Сары өзен жағалауындағы «Қөктерек» мекеніне көшірілген дедік. Орал әскері көшірілген сон бұл жер бос калыпты. Өзен әскері де таратылып, солдаттары қайтарылған. Көшіп келген ауылдың кедейі иесіз 10 шакты жер кепеге кіреді, қалғандары жаңадан үй түрғыза бастаған. Біз сол Қөктерекке барғанымызда, оның тұрғындары қоныстың батысындағы 10 шакты тапауды сол ескі жер кепенің орны деп көрсетті. Ал одан әрі 300 метрдей жерде батыста өзенге құятын сай бар екен. Ол Құрманғазының «нар сойған сайы» деп аталыпты. Сол сайдың терістігінде қыр жағындағы бір тапауды көрсетіп, бұл Құрманғазы қыстауының орны деген. Көшиң келген жылы Құрманғазы жерлестеріне: «Мен қоныраулымын фой, шетірек отырайын, кесірім тиер, ана бір теріскейдегі тал, ғаштардың қасынан үй салағын», деп сол жерді иемденіпті. Құрманғазының баласы Қази да сол Қөктеректе тұрыпты. Оның қыстауының оры Орталықта, мектеп үйінің қасында. Жергілікті тұрғындар Қазидың орнына да ілтипатпен қараған. Қазидың баласы Бекқали де жақсы домбырашы болыпты. Ол сол Қөктерек зиратына жерленіпті. Қөктерекке келгендер Сағыrbайдың туысы Шоқа, Бұқа, Тоқа, Құшік дегендердің балалары екен. Архивте бұлар жоңе басқа аталған туыстары туралы толық мәлімет таба алмағанмен, үзік-үзік мынадай мәлімет көрдік. 1853

жылы 11-ші Ерші аулының би Байтілеу Шоқаұлы болған²⁵. 1860 жылы қызылқұрт руының Ерші аулына Һармақ Тоқаұлы деген би болған²⁶.

Қысқасы, осы Қөктерек қонысында Құрманғазы семьесі тұрған. Бекқалидан екі-үш бала қалған. Біреуі Наурызғали асқан домбырашы болыпты. 1918 жылы Ордада бірінші атты қызыл әскер күрылғанда, соған өз еркімен жазылып, азамат соғысы майданында Совет әкіметі үшін қаза болған.

¹ Казак ССР ОМА, 74-кор, 1-тізбе, 3166-іс, 33-парак.

² Бұл да сонда, 78-кор, 3-тізбе, 362-іс, 19-парак.

³ Жұбанов А. Құрманғазы. А.— 1978, 110-бет.

⁴ Аравин П. В. Степные созвездия. А.— 1978, 67-бет.

⁵ Аравин П. В. Даuletкерей и казахская музыка XIX века. М.— 1984, с. 45.

* Ақката — өзен атты.

⁷ Казак ССР ОМА, 4-кор, 1-тізбе, 1346-іс, 37-парак.

⁸ Бұл да сонда, 78-кор, 4-тізбе, 204-іс, 1—11-парактар.

⁹ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 1341-іс, 200-парак.

¹⁰ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 1590-іс, 14-парак.

¹¹ Казак ССР ОМА, 4-кор, 3166-тізбе, 33-парак.

¹² Бұл да сонда, 33-парак.

¹³ Аравин П. В. Степные созвездия. А.— 1978, с. 65.

¹⁴ «Уральские войсковые ведомости» газеті, 1868 ж., 17-октябрь.

¹⁵ Музыкальная культура Казахстана. А.— 1957, с. 61.

¹⁶ Бұл да сонда, 61-бет.

¹⁷ Музыкальная культура Казахстана. А.— 1955, с. 647.

¹⁸ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 162-іс, 12-парак.

¹⁹ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 95-іс, 20-парак.

²⁰ Казак ССР, ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 2064-іс, 5-парак.

²¹ Жұбанов А. Ән-күй сапары. А.— 1976, 68-бет

²² Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 1351-іс, 291-парак.

²³ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 9380-іс, 22, 41-парак;

Сонда, 9815 «а»-іс, 1—3-парактар.

²⁴ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 170-іс, 3-парак.

²⁵ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 736-іс, 116-парак.

²⁶ Бұл да сонда, 221-парак.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ӨМІРІНІЦ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ

Үстем тап ұлы күйшіге қартайса да тыныштық бермейді. Ол тағы қудалауға түседі. Құрманғазы Қөктекректе көп тұрақтай алмайды. 1879 жылдың жазында Камыс-Самар қисымына Ұақытша советтің кенесшісі Жанболатов деген келеді. Күйшіге, т. б. шаруаларға азының басып жүрген Әубәкір секілді байлар мен билер ыңғайлы кезеңді күтіп жүрсе керек. Қәрілікті мойындағы қоймаған Құрманғазыны бұлар тағы жазаламақ болады. Ол үшін жалған сөз айтудан да іркілмейді.

Әлгі Жанболатов деген жұзбасы (сотник) Қамыс-Самар қисымына командировкаға келгенде оған «турлі рулардың кейір адамдары» төмендегі шағымды айтыпты. Осы қисымның № 2 старшиналығындағы Қөктекректе («Абинской нарезке» деп жазылған.— И. К.) тұратын «Құрманғазы Сағырбаев, оның баласы Қазы (архивте «Қазы» деп жазған.— И. К.) және № 1 старшиналықта тұратын, бұрын жаман мінезд-құлқы үшін («Задурное поведение» деген) Ордада полиция бақылауда болып, осыдан 2 жыл бұрын жер аударылған Қарабек Қалқаманов пен оның баласы Мендіғазы үрлыхпен айналысады,— дей келін,— Құрманғазы Сағырбаевты, оның баласы Қазыны, Қарабек Қалқамановты, оның баласы Мендіғазыны Орда полициясының қарауына беруді Ұақытша совет председателінен сұрайды. Бұл ра-

портқа Бөкейлікті билейтін Уақытша совет председателі 1879 жылғы 3 ноябрь күні «Приставке: полиция бақылауына алынуына рұқсат берілсін» деп виза жазады².

Осы арада Жанболатов Қамыс-Самар қисымына билеуші (правитель) болып тағайындалады. Эрине, ол Құрманғазының кім екенін түсіне қоймайды. Бұның алдында Әубәкір Ақбаев сауатсыз болса да, Қамыс-Самар қисымы билеушісінә көмекшісі (яғни орынбасары) болған. Сөз жоқ, Әубәкір Ақбаев секілді Құрманғазыға азын басып жүрген үстем тап өкілдері жаңадан келген әкімге талай «өтірікті шындаі, шынды құдай үрғандай» етіп айтқан. Егер Құрманғазы үрлігі дәлелді болса, оны полиция қарауына бақылауға беру туралы жеңіл жаза берілмес еді. Жанболатов келе сала Қарабек Қалқамановты баласымен үстап, 1879 жылды 29 ноябрь күні оны Орда қаласына жөнелтіп, Уақытша совет председателіне жіберген хатында: «Сіздің 5 ноябрядегі жарлығының бойынша түзелмейтіп Қарабекті жөнелтіп отырмын, ал Құрманғазы мен оның баласы Қазы (документте «Қазы» деп жазылған.— И. К.) әлі маған жіберілген жоқ және олар кешікпей әкелінеді»,— деп сендіреді³.

Сонымен, Құрманғазының қартайған шағында тағы қара тунек күн туады. Бұдан әрі Жанболатовтың күйіні үстағаны не кешіргені туралы мәлімет көрінбейді.

Ал Қөктеректе тұратын Иқсан Құбиев бізге өз әкесі Құбиден естіген мына әңгімесін айтты. Құлшық Бұқаұлы деген Қөктеректе тұрған Ерші аулының азаматы екен. Құрманғазымен жасы қатарлас білем, 1879 не 1880 жылғы күзде Құбиды шақырып алғып: «Балам, Қөктерекке барып, Құрманғазы атаңды шақырып келіші. Повестке келіп, атаң көшейін деп жатқан көрінеді, үйден дәм татып кетсін, алысқа кетеді білем, енді көреміз бе, жоқ па»,— деп өзі отырған «Бұқа құдығы» деген жерден Қөктерекке Құбиды жібереді. Бұл кішкентай

ғана әңгімендегі Құрманғазының бай өмір тәжірибелі көрінеді. Жас бала үмытпайды ғой, сондыктан Құбі жыл мөлшерін шатастырып алды деу қын. Олай болса, 1879 жылы күзде Құрманғазы Қөктеректе тұрғанда кошіп кеткен. Жанболатовтың жоғарыда жазған рапортындағы «Абинской нарезке» деген жер аты қазақша «Қөктерек» деп аталады⁴, ал орысша Абинский. Сонда бұл орында Құрманғазы баласымен бірге тұрғаны туралы әңгіме рас болғаны да. «Повестке» деген күйі осы үақытта шықпады ма екен? Жергілікті би мен байлардың Жанболатовқа шағым еткені, сірә, Құрманғазы қалай да жеткен болар. Міне, осы күзден бастап Құрманғазы көшіп кеткен. Кейін оны Үақытша совет басының Астрахань басшыларының талабымен іздестірғенде қайда жүргенін таба аламайды. Сонымен, Құрманғазы Сағырбаев 1879 жылы күзде әлі тірі болды.

Бұны айтып отырған себебеміз, Астрахань облысы «Алтын жарда» (Сахмадағы) Құрманғазы бейітіндегі құлпытаста оны 1879 жылы қайтыс болған деп жазылған. Бұл жазудың қате екенін Құрманғазының сол жер дегі үрпағы, жерлестері кезінде айтқан еді. Бірақ біздің әдебиетімізде басқа жазбалы дерек болмаған соң, Құрманғазы 1879 жылы өлген деп жазылып келді. П. В. Аравин өз еңбегінде күйішіні 1879 жылы өлген деп көрсетеді. Енді, міне, бұл жылы Құрманғазының әлі Сахмаға бармағандығы туралы, Қөктеректе тұрғаны архив дерегімен дәлелденіп отыр. Араб жазуында римше бес («ұ») цифры төңкеріліп жазылса («л»)— сегіз болып шығады⁵. Құлпытасты қашаған адам рим бестігін қателесіп, аударып ойған ғой.

Құрманғазының 1879 жылы қайтыс болмағандығына тағы бір дәлеліміз бар.

П. В. Аравин өзінің аталмыш кітабында Құрманғазы 1867 жылдан кейін Астрахань абақтысында жатқан

емес, бірде-бір рет ешбір сот қудалауында болған емес деп жазған⁶. Өзі Астрахань облыстық архивін қарамай тұрып, бұндай үстірт тұжырым жасағанына таң қаладың. Біз бірде басқа бір жұмыспен жүріп, Астраханның облыстық архивінде болдық. Сонда, 1882 жылғы қағаздар арасында арестанттардың тізімі сақталған. Солардың ішінде Құрманғазы Сағырбаевтың Краснояр түрмесінде жатқаны жазылған. Басқа ешбір мәлімет кезде стірмедік⁷. Сонымен, Құрманғазы 1882 жылы да тірі болды фой! Екіншіден, П. Аравиннің жоғарыда айтылған «көрегендігі» жаңсақ болады. Яғни күйші Астрахань жағында тағы абақтыда жатқан. «Саранжап» күші осы шамада шықпады ма екен? Құрманғазының 1879 жылы қайтыс болмай, әлі де тіршілік етіп, өз творчестволық қызметін жалғастырып жүргеніне үшінші дәлелімізді Қазақ ССР Орталық архиві материалынан көрдік. Ол Тәтіман Имановқа байланысты тергеу қағаздары мен Астрахань және Уақытша совет, жергілікті әкімдер арасындағы ұзақ жылдар бойы жазылған қатындар. Олардан мынандай жағдайларды анғарамыз. Тәтіман мен оның өзіне пікірлес туыстарының артына түскен жергілікті әкімдер оларды Алақай Елеушевтің малын ұрлады деп 1879 жылы ұстап, Орда түрмесіне қаматады. Олардың ішінде Тәтіманның інілері Нұғман, Бекман, Шөкман, Қали, Өтебай, Ақмамбет, Ермұхамбет, ағасы Кешубай Имановтар, балалары Эбіл, Үмбеттілі Тәтімановтар және Көкеш Байболсынов, Ағай Құрманғазиев, т. б. бар⁸. Тәтіманның өзі 1881 жылы гана ұсталады. Оған тағылған айып та сол. Бұл оқиғада жергілікті әкімдердің арандату бар секілді. Соларға Алақай Елеушев арандату құралы болады. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1964 жылғы бір санында Құрманғазының өлеңдері жарияланған. Солардың ішінде мынадай шумақ бар:

«...Тәтіман қайсар еді көлтен озған,
Ер еді бәйтерекке қолын созған.
Алсып күштілермен өле-өлгенше,
Өзінің мақсатына таймай тұрған.
Залымдар сүйткен елді тайдырғанда,
Көп халық оны жақтап тілек қылған.
Баласын Тәтіманчың өлтіргесін,
Қайсар ер Алакайға әлек салған»,—

деген⁹. Бұл өлеңдегі оқиға мен біз атап отырған архивтегі материал мазмұны дәл келеді. Елеушов, Бөпееев дегендер Тәтіманның Сундетәлі деген баласын өлтіреді. Ыза болған Тәтіман жолдастарымен барып, Алакайдың 130 ірі малын айдал әкетеді.

Тәтіманның аға, інілері, балалары туралы тергеу ұзаққа созылып, 1885 жылы Астраханның губерниялық біріккен сот палатасының үкімі шығады.

«Хан, тәре, байларменен жұбай еді,
Алақай оларменен сыйбай еді.
Тәтіман қарсы болып оларменен
Сібірге айдалуы содан еді,¹⁰—

деген Құрманғазы. Бұл өлең жолдары да шындыққа жанасып тұр. Үкім бойынша Тәтіман, Кешубай, т. б. Сібірге айдалуға тиіс болады. Ал Құрманғазы мен Қазы үкім бойынша акталады. Сонда бұл үкім шыққан соң Құрманғазы елге жасырынып келген болады. Негізгі тергеу материалдары сақталмаған, сондықтан істің толық мазмұнын, онда Құрманғазы мен Қазының қандай қатысы болғанын біле алмадық. Анығы — Сот палатасының үкімін жариялау үшін Уақытша совет Құрманғазыны іздестіре бастайды. Бұл жерде Құрманғазының акталып шыққанына таң қалуға болады. Амал жоқ, ел аузында кең жайылған Құрманғазының бірінші теңіз округінің билеушісі Мақаш Бекмұқаметовке барғаны туралы әңгіме ссы уақытта туған секілді деген пікірге келесін. Мақаштың Уақытша совет пен

Астрахань басшылары арасында беделді болғаны айтылады¹¹. Міне, Астрахань өніріне қашып келген Құрманғазы Мақаш правигельге барып, төменгі өлеңін айтады:

«Торға түскен бозторғай,
Шырылдайды күйінде.
Таланыс тоқтап бұл күнде,
Шыға алмай жүр үйінде.
Жақсылық сенен күтпеймін,
Отырсам да төрінде.
Тақыс бігкен қисықпын,
Көңілім жұмсап еріме.
...Арқама сүйеу болатын
Асыл туған ер жігіт,
Болмады-ау кайран елімде!
Елсізге шығып еңіредім,
Алыстап кетіп халқымнан.
Дүшпаннан корлық көрсем де,
Іздейтін болмай артымнан.
Жаластымен дүшпанның
Тағы да түстім торына.
Құладым қазған орына.
Ризамын не қылсаң,
Өзінің келдім қолыңа»,—

депті¹². Мақаш бұны тыңдалап, бірталай ойланып, сосын Құрманғазыға 2—3 күн күй тартқызып, көңілін көтеріп қошеметтенті. Содан кейін Астрахань губернаторына барып: «Құрманғазы енді ешкімге зиян іstemейді, мен өзім кепіл боламын»,— деп бостандық алып беріпті. Сондықтан да олар Астраханның қылмысты және азаматтық істер жөнінде біріккен сот палатасының 1886 жылғы 24 апрельде жазған қатынас қағазында Құрманғазы мен оның баласын тауып, олардың тергеу ісінің акталғаны туралы үкімді естіртіп, қолдарынан қағаз алуды (расписка) талап етеді. Осыған байланысты Уақытша совет Қамыс-Самар қисымының билеушісіне қарауындағы № 3 старшиналықта тұратын Құрманғазы

мен Қазыға жоғарыдағы тапсырманы орындауды міндеттейді. Қамыс-Самар билеушісі «Құрманғазы Сағыраев Таловке қисымында тұрады» деп жауап береді. Таловке билеушісі Құрманғазының Қамыс-Самар қисымының № 3 старшиналығында тұратынын жазған. Сөйтіп, бұл қағаз жазысу бірнеше жылға созылған. Ақырында, Қамыс-Самар қисымы билеушісінің орынбасары Құрманғазы мен Қазы (қазіргі Волгоград маңындағы) Царев уезінің № 1 станында «Тайарал» деген төбенің қасында тұрады деп жауап береді. Бұдан кейін осы іске байланысты басқа кісілердің тұрағын анықтай келіп, Құрманғазы мен Қазының мекені Қамыс-Самар қисымының № 3 старшиналығы екенін анықтадық деген.

Ең сонында, 1893 жылы № 3 старшиналықтың би Жақсыбаев деген өзінің жауабында Құрманғазы мен Қазы бұрын өз қарауында болғанын көрсетіп, сосын 1880 жылдан белгісіз бір жаққа кеткенін жазады және қазір қайда тұратынын білмейміз деген.

Сонымен, Тәтіман мен оның туыстары туралы тергеу ісінің шағын материалы Құрманғазы туралы кейбір анық мәліметтер беретінін көреміз. Біріншіден, архив дерегі бойынша, Құрманғазының Қазы деген баласы болғанын білдік. Екіншіден, күйшінің 1878—1880 жылдағы тұрағын анықтадық. Бұл Т. Жұнысов, К. Омаров, И. Құбиев әңгімелерінің бірталайын растайтын секілді. Үшіншіден, Құрманғазының Мақаш правительге айтқан өлеңіндегі жағдайының шындық екенін, оның жазықсыз айыпталғанын білеміз. Төртіншіден, Құрманғазы Сахмаға, Алтынжарға (қазір Астрахань облысы Зелеңгі ауданы) бірден бармаған. Әуелі Таловка қисымына, содан Таловка тұсындағы Еділ жағында жүріп, елін сағынған Құрманғазы 1880 жылдардың аяғына та-ман Қамыс-Самарға келіп, Тәтіманның өлімін естіп қайғырып, өлең шығарады, біз жоғарыда оның үзінділерін келтірдік.

Еділ бойында да күйшіге тыныш өмір, жақсы тұрмыс бола қоймайды. Қунелтіс іздеген қазақ шаруалары көршілес Саратов, Самар, Астрахань губернияларындағы орыс байларының түрлі жұмыстарын істеген. Мысалы, Құрманғазы кашып барған Царев уезінде (қазіргі Волгоград облысында.— И. К.), полициясының мәліметі бойынша, 1881 жылы № 26 участкениң З-станицында 53 қазақ семьясы, № 27 участкеде 41 семья, № 24 участкеде 27 семья мал бағып жүрген¹³. Бұлардың көбі 15—20 жылдан бері тұрады екен. Тізімде Құрманғазы жоқ, себебі ол рұқсатсыз қашып келген кісі. Ал бұнда полиция бақылауы күшті болған. Күйші амалсыз Еділді төмен жағалап жылжып, Красноярға келген.

Жасы сексенге келсе де, өзінің творчестволық қабілетін жоймайды. Біздің ойымызша, Құрманғазы Ресей жерінде жүріп, осы уақыттағы өмір жаңалықтарымен танысып «Машина», әкімдердің озбырлығын шенеп «Не кричи, не шуми», сосын «Демалыс», «Итог» деген күйлерін шығарады. Бұл күйлердің музикалық құндылығы талай әңгіме болып жүр, әсіресе, А. Жұбановтың кітабында жақсы жазылған. Сөйтіп, ұлы күйші өмірінің акырына дейін зұлым заманда залымдық әрекетімен алғысып өткен. Ол өз шығармаларында халықтың сол кездегі азыр әлеуметтік халін арқау етіп, өзінің музикалық шеберлігін толассыз жетілдіре отырып, еңбекшілердің рухани тарабын қанағаттандыруға талмай қызмет істеген. «Аман бол, шешем, аман бол» деген күйін ғылыми талдау жасай отырып, П. В. Аравин «Құрманғазының творчестволық мұрасында программалылық өз уақытының алдыңғы қатарлы қофамдық және эстетикалық идеялары тығыз байланыста терең оригиналды жүзеге асырылған»,— деп қорытынды жасайды⁴.

Құрманғазы Сағыrbайұлының ұлылығы, міне, осында. Оның ұлы композитор, курескер қатарына көтерілуіне екінші жағдай — ол қазақ домбырасының тар-

шешберін кеңітіп, қазақ музыка творчествосына жаңалық әкеліп, өз мектебін, ізбасарларын дайындаған. Ұлы күйші шығармаларын музыка ғылыми түрғысынан зерттеген П. В. Аравин: «Бозшолақ», «Сарыарқа», «Лауышке» деген күйлерін ең жетілген және жаңашыл шығармалар деген. Құрманғазы екі оқтавалы домбыра дыбысының мүмкіндігіне ден қойып, оның зор жігерлі мелодиялық дамуына жол ашты», — деген⁵. Ол өз өмірінің қысылтаяқ шағында да шәкірттерін үйретуге, тәрбиелеуге мүмкіндік тапқан. Жоғарыда аталған Э. Жантөриннің жазбасы бойынша Мәти өзінің Тоғанбай деген ұлын 1865—1879 жылдары Құрманғазыға ілестіріп, шәкірт етеді. Күйшінің үйінде жүріп, Тоғанбай бала көп күйлер үйреніп, күйшінің басынан өткен оқиғалар туралы әңгімелер тындейды. Бұл — үйренғендер мештігендерін Тоғанбай кейінгі үрпаққа жеткізеді.

Тоғанбаймен қатар Мәмен де көп күй үйренеді. Біздің қазіргі музыка тарихында Мәмен туралы мәлімет ете аз, тіпті оның фамилиясы, өскен жері де, жас шамасы да белгісіз. Біз ол кісі туралы материал іздестіріп жүріп, қосымша мәліметтер алдық. Бұны Э. Жантөрин жазбасы, мерзімді баспасөз мақалалары қуаттайады.

Құрманғазы Қашағанмен бірге жүріп, «Көбік шашқан» поэмасының программасын алғып, жаңадан күй шығаруға кіріседі. Академик А. Жұбанов: «Құрманғазының бұл күйінің тілі бай, программасы кең, мелодиялық даму кезеңдері тамаша болып шыгады. «Көбік шашқан» тек күй емес, шын мәнісінде екі ішекті домбыраның мүмкіншілігінде шығарылған еңбекші елдің трагедиясына ариалған поэма болады»¹⁶, — деген.

А. Жұбанов өз кітабында Құрманғазының шәкірттерінің бірқатарын, оның мектебін, салтын жалғастырушыларды, күйлерін жеткізушілерді біршама жазып берген. Біз Құрманғазының Бөкейлікте көп жерде болған, соның ішінде өзі өскен Нарын, Қамыс-Самар ки-

сымдар (қазір Орал облысы Жанақала ауданы), көрші Таловка (Орал облысы Қазталовка ауданы), Фурманов аудандарында жи болғанын көрсөттік. Айдыналиев Құбаш деген қария бізге Құрманғазының Әубәкір Ақбаев туралы өлеңін беріп, күйшінің шәкірттері туралы да әңгіме айтып берген. Солардың ішінде қазіргі Орда ауданы Құрманғазы атындағы совхоз жерінде Иінбидайық деген мекенде «Сәрсен қаспақ» деген Алаша руының Малбасар бөлімінен шықкан кедей тұрған. Экесінің атын анықтай алмадық, баласы Сәрсенов Алмас — 1936 жылы Қызыл Ту орденімен наградталған атақты қойшы. Сәрсен кедей болғандықтан, Қамыс-Самарға көше алмай Иінбидайықта қыстап, жалғыз үй қалады екен. Кейде байдың жылқысын тебінге жаяды. Міне, осы Сәрсен кедейлігі үшін «Қаспақ» деп аталған, атасы Шоман. Құрманғазы қыста Сәрсенге келіп, жасырынып жатып, талай паналяған. Қөптеген күйлер үйреткен. Кейін Сәрсен де көп кісіге күй үйреткен. Бұлармен қатар осы өнірде Қаратайұлы Төлеген деген шәкірті болған. Құрманғазы бұл шәкіртіне Ұлыш деген қызды алып қашып, әкеп береді. Екеуі де асқан домбырашы екен. Тағы Тұрак деген домбырашы өткен. 1910 жылдары Төлеген 60 жастарда екен, ол 1850 жылдары дүниеге келген. 10 жыл Құрманғазы мен Сәрсен екеуі жолдас болады. Бәрі қатар өмір сүрген, жастарға домбыра үйретіп, Құрманғазы өнерін елге таратқан. Ұлы күйшінің шәкірттері көп. Бұл — жеке бір зерттеуді, ел аралауды талап ететін үлкен жұмыс.

Ұлы күйши 1879 жылы күзде Қөктеректен кетіп, Царев уезіне келіп, тұрактай алмай, сырғып Астрахань келіп мекендейді. Қазіргі Зеленғі ауданындағы «Алтын жар» деген жерде 1889 жылы қайтыс болады. Сол жерде қазір бейіті, басында ескерткіші бар.

Сонымен, Құрманғазы — жасы 80-нен асқанша өмір жасап, артына үлкен музикалық мұра, қайтпас қайсағ,

өнегелі өмір туралы ақыз қалдырған ерекше адам. Ол өмір бойы күресумен өткен. Қартайса да «Не кричи, не шуми» деп ойындағысын, халық мұның жасқанбай, ашық айтқан.

Біз бұл шағын деректі повесте ұлы күйші өмірі мен қызметіне байланысты әдеби және тарихи мәліметтерді жинақтап, шамамыз келгенше, бір ізге түсіріп, белгілі жүйеге салдық. Құрманғазы өмірі — бай шежіре. Ол өзінің зерттеушілерін күтуде. Бұл — бастамасы.

Құрманғазы шығармалары — халқымыздың аса құнды, рухани байлығы. Ол әлі талай үрпақтарды тәрбиелеп, өсіруге қызмет етеді. «Құрманғазы күйлері,— дейді академик А. Жұбанов,— кинофильмге түскенде, операның, симфониялық оркестрдің орындауына түскенде басқаша шүйдесі шығып кетеді. Қүйшінің өмір бойы аңсаған арманы орындалғандай болады»¹⁷.— деген.

¹ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 203-іс, 19-парап.

² Бұл да сонда, 18-парап.

³ Бұл да сонда, 26-парап.

⁴ Форт-Абинский — Өзен. Әскер линиясындағы бір тосқауыл, бекініс еді. Әскер линиясы ажыратылуына байланысты солдаттар басқа жаққа көшіріліп, ол жер «Қектерек» деп аталды.

⁵ Жұбанов А. Эн-күй сапары. А.,—1976, 65-бет.

⁶ Аравин П. Степные созвездия, А.—1978, 62-бет.

⁷ Астрахань ОМА, 203-кор, 3-тізбе, 4-іс, 23-парап.

⁸ Ағай Құрманғазиевтің кім екенін анықтай алмадық — И. К.

⁹ «Қазак әдебиеті» 1964 жыл, 12 июнь.

¹⁰ Бұл да сонда.

¹¹ Казак Совет Энциклопедиясы. А.,—1975, 7-том, 402-403-беттер; «Қазақстан мұғалімі», 1984, № 1.

¹² Жұбанов А. Құрманғазы. А.,—1978, 121-бет.

¹³ Казак ССР ОМА, 78-кор, 2-тізбе, 5155 іс, 2—10-парактар.

¹⁴ Аравин П. В. Степные созвездия. А.—1978, 79-бет.

¹⁵ Бұл да сонда, 83-бет.

¹⁶ Жұбанов А. Гасырлар пернесі. А.—1971, 95-бет.

¹⁷ Жұбанов А. Эй-күй сапары. А.—1976, 64-бет.

ХАМИТ ДӘРІБАЕВ

ТӘТТИМБЕТ

ӨМІРБАЯНДЫҚ ШТРИХТЕР

БЕЛ-БЕЛЕСТЕ

«Тәттімбет арғын асқан ардагерім.
Шығарған қырық күйін өрім-өрім.
Аркада одан асқан күйші бар ма,
Сузының қандыратын туған елдің».

Біржан сал.

Құттымбет інісіне мейірлене қарады. Тәттімбеттің жас та болса, өмірге байыпты зөр салатын ұшқыр сезім-түйсігіне риза еді.

Сондыктан да Тұрпан байдың аулына Тәттімбетпен бірге барғысы келген. Ал Тәттімбетте Ақбөпеге үйленгеннен бері ес жоқ. Дүниенің бәрін ұмытып, сұлу келіншектің қасынан шығуды қойған. Сурыпсалма шешен, сері інісін қасына ертіп жүруді мәртебе санайтын Құттымбеттің дегеніне де бүгін ол амалсыз көнген еді.

Құттымбеттің астында неше бәйгеден жұлде алған жүйрік торы. Жан-жағына елеңдеп қарап, ауыздығын қарс-қарс шайнайды, басын оңды-солды шайқап, жұлқына ұмтылады.

— Шіркін, өткен жылы да, биыл да баптап қоса алмадық,— Құттымбет торының мойнынан аялай сипады,— ылғи ат үсті болып бір тері қайтарылмай жур.

— Көке, осы шын жүйрік болса, төрт-бес жылдан бері бір озып шығар еді ғой,— деді Тәттімбет.

— Оның да жөні бар-ау, әйткенмен анау-мынау жылқыны шаң қаптыр-а-ды,— деп Құттымбет сөзінің соңын ризалықпен созды.

— Эй, қайдам-ау, біздің жылқыдан жүйрік қалай табыла қалды деп едім-ау басында. Меніңше, шын тұл-

пар мынау Сазанбайдан келген көк. Мен бір-екі рет шауып көрдім. Қызық, төрт түяғын ескен ескекше жаңына қарай серпіп отырады екен. Екпінімен жел соқтырып, аяғы жерге тимей жүзіп келе жатқан сияқты.

— Пау, пау, мақтауын жеткіздің,— деп кеңкілдеп құлді Құттымбет,— кәне онда сезіннің растығын байқап көреік.

Тәттімбет бас изеп келісе кетті. Ауыздығымен алсып әзер тұрган қос жүйрік үшін-қыры жок жазық дала да көсіле жүйткіді, қатты шабыстарымен қан қызыдырып, көзден жас шыгарды.

Ат басын қоя берген бетте далақтап шабуды лайықсыздау санаған Құттымбет келе-келе қиқуга өті қызып, есі кетті. Өзін соншалықты жеңіл сезініп, зәулім бінк basынан құлдырап түсіп бара жатқан сияқты. Арындан шапқан аттар құлақтарын қайышлап құстай ұшты. Енді-енді байқады, Тәттімбеттің астындағы көк қалысар смес. Қүйрек тістей ілесіп, бірде үзенгілесе жүйткіді. Арыны тау соғардай Япыр-ай, ә. шын жүйрік болғаны ма? Онда неге озбайды. Өзіңе тән аңғарымпаздықпен ол бірден түсінді. Тәттімбет көктің басын еркін босатпай келеді. Сыйластықка үлкен мән беріп өскен інісі аға алдына түскісі келмейді. Жүйріктер түяғымен жер сабай түсті, өлсе беріспес түрлері бар.

Құттымбет көңіліне бір сәт көк емес, Тәттімбет заулагап келе жатқандай сезілді. «Бұл жақсы ырым, інім сұнқардай самғайды-ау»,— деп ойлады.

— Қөгің шын жүйрік екен,— деді Құттымбет аянға көшкен кезде. Осының атасы үшін ғой өзбектердің Сазанбайды қазашдағы қайнаған суға салып өлтіргені.

— Е, сол жөнінде айтыңызшы, шындығын ешкім біле бермейді ғой.

— Оу, Тәттім, ол ұмытылар жай емес. Ел дурбелен-ге үшырап, қырқысып қала жаздал тынған ғой.

Кояншы Таңай Сазанбай нағыз серінің өзі болса ке-

рек. Оның бер жағында, қай қазақ жүйрікке қызықаған. «Қашса құтылып, қуса жетер жүйрік» мінуді, «қызды ауылдың тұсынан ән шырқауды» мұрат еткен халықпаз ғой.

Сол Сазекең өзбектің бір манабында тұлпардың тұқымы бар деп естиді де, сол елге жоқ іздеген бол бара-ды. Манаптың жылқысын қарулы қол қараса, бірді-екілі жүйріктері кісендеулі болады екен. Бір күні ма-наптың өзі ғана аяқ артатын көк айғырды кісенін алыш екі малай ер салуға әкеле жатады. Сазанбай да әр жұ-дырығы балғадай мықты жігіт екен, дейді. Алдарынан қарсы келіп екеуін екі тебеді де, айғыр үстіне бір-ак қарғиды. Құғыншыға алдырмай, ізінен адастырып, ау-ылға аман-есен жетеді. Жайдақ мініп қашқандықтан атын Қекжайдақ қояды.

Айтулы жүйрік даңқы осы өнірге тегіс жеткенімен, айғырдан өсіп-өнген тұқымнан жүйрік шықпайды. Қек-тің бір үргашысын алыш келу үшін өзбек манабының аулына Сазанбай тағы аттанады. Бұл жолы барлау үшін керек деді ме, қасына 13—14 жастағы бала ерт-кен екен, барған бетте қолға түсіпті.

— Сені осында қалдырамыз,— депті манап,— ал мына бала еліне хабар берсін. Егер олар көк айғырды әкеп бермесе, көзінді жоямыз.

— Мені өлтіре берсін,— депті сонда Сазанбай бала-ға,— көкті әкелуші болмасын. Қояншы Таңайдың бір қатыны мен сияқты тағы бір ұл табар.

Әбден кектенген манап тайқазандағы қайнаған суға Сазанбайды тірідей салдырып жіберіпті. Баланы да басында өлтіреік десе де, ақыр соңында аяп бақылау-мен қой бақтырған екен, бірер жылда қашып шығып елге жетіпті. Сазанбайды қазандағы суға қалай қай-натқанын естіген Қояншы Танайдың екі жұз жігіті әл-гі баланы жолбасшы етіп өзбек еліне бет алса керек.

— Үрім-бұтағымен қазанға қайнатып өлтіреміз,—
деп күпініті бәрі.

Әзбек елі де құлағын түріп отырса керек, бұлардың
шығады.

Қаптаған қалың әскерді көріп, Қояншы Таңайлар-
даш ес кетеді. Жүрек жұтқан біреулері — шайқасып
олейік десе, көпшілігі — қой, құр босқа мерт болма-
йық,— деп ат басын кейін бұрган екен. Сол жолы бұ-
лар әүпірімдеп әзер қашып құтылады гой.

Содан бері қаншама жылдар өтті. Сазанбайлар да
көктің тұқымын сыртқа шығармай, көздің қарашығын-
дай сақтап бақты. Бірақ мән болмады. «Алып анадан,
ат биеден туатыны» рас екен, қара жолды қақыратып
топтан озған, аты шулы жүйрік шықпады. Әйтеуір, бір
тұқымында асылдың жүрнағы қалар тұлпар ғой, сол
тұқымы осы сенің көгің болар, бәлкім.

Құттымбет інісіне жүйелі әңгіме тауып айтқанына
риза еді. Откір көзді ойнақы жүзінде кімге де болса
ықпал етер бір күш бар, ісі де тегеурінді. Ол тұра сөй-
лейтін «туғансыз би» болатын.

Бұлар тойлы ауылға кешкі елең-алаңда келді. Нұр-
бике Шаншар елі билеушісінің екі ұлын ауыл адамда-
ры — көбіне жігіт-желен, қыз-келіншек топ-тобымен
шығып қарсы алды. Әкесінің ығында билікке қатысып,
сөз тартысына түсе бастаған Құттымбет пен осы өңірге
өнерпаз домбырашы, сері болып танылып үлгерген Тэт-
тімбеттің сипаты елден ерек еді. Аттарының қара са-
фьян жүген-тартпа, өмілдіріктері, айшықты күмістер-
мен апталған күміс ерлері жарқ-жұрқ етеді. Екеуі де
құндыз тақия, бұхардың көк жібекінен шапан киіпті.
Қызыл батсайы көйлектерінің жағалары, жендері ақ
жібекпен әдіптеліп көмкерілген. Құттымбетке салмақ-
ты көзқарас, түпінді сөз, салқын ғана иба тән болса,
Тэттімбет жарық дүниеге көзін жаңа ашқан қырандай

көптен көріспеген жора-жолдас, доспен қуана қауышуда.

Болыстың екі ұлы да елге сыйлы. Үлкені өнегелілігімен, келелі кеңесімен жүртқа қадірлі де, кішісі сауық-сайранның, тойдың гүлі. Түрлі бас қосу, мәжілістерге де Тәттімбетті шақыру әдетке айналып барады. Оның өнеріне енкейген кәріден еңбектеген жасқа денин бәрі тәнті. Тартқан күйлері кімге де болса түсінікті. Ырінен-бірі өткен сырлы әуендерінде кәріні де, балаша да аялайтын тәтті әуез бар. Ерлікке, серілікке үндепши асқақ, туған жер көрінісін сипаттайтын, көңілге салыныш ұялататын сылқым күйлері естігеннің құлақ күрышын қандырып, жанын тебірентеді. Бүгін де жүрттың аңсап-күткені сол.

Ел — мәз-мейрам. Алма жүздерінде құшақ-құшилқ күлкі ойнаған сұлу қыздар үшқындаған көздері жарқа жүркә етіп, он екі де бір гүлі ашылмаған тылсым дүниесіндей мөлт-мөлт етеді. Кейбір ерке келіншектер де қызыл, көк бешпенттерімен белін қынай тартып, әлі де ынтығы басылмаған сыңай байқатады, көздері тұнын жаудырайды.

Құтуші жігіттер аттан түсіріп, оларды өздеріне арналған уйге бастады.

— Көрімдік, көрімдік,— деп шықкан жеңгелеріне Құттымбет 25 сомдық ұстартты. Бұл — бір аттың құны. Алар, берер жерін айыра білетін зерделі жігіт ұтылмас жағын ойлап келген.

Жолдан келген екеуін төрге шығарып, шәйі тысты үлпілдеген жастықтар тастанады. Жастар қосыла кіріп, жайғасып отырды. Қонақтарын сусындарып, дем алдырганша да біраз ән айтылып, күй тартылған.

Домбыра қолдан қолға өтіп, Тәттімбетке жеткенде ел тына қалып еді. Қос ішекке жан біткендей, бірдең күмбірлеп сөйлеп кетті.

Бұл кез Тәттімбет өмірінің қайталанбас тәтті кезе-

ші гіл. Элі тірлік тауқыметін тартпаған, жастық пен сүйікті жар қызығына мас күйшінің бұл өмірдегі сана-сезімінің алаңсыз, ең бір ұшқыр, жарық дүниені, аспан мен жерді, тау мен даланы таусылmas бақыт деп түсінген шағы еді.

Бір қалыпты қонырлатқан сырлы саз тыңдаушысын шексіз рақатқа бөлейді. Кеш аясында қалқыған байыпты әуенді тіршілік біткен үйіп тыңдалған тәрізді. Жүрек қылын шертерлік бұдан да асқан ләззатты күйеніқашан да бола қоймас. Табиғаттың ең сұлу да, ең сырлы әуенінің шегі осы болар.

Құттымбет көзіне жас үйірліп, бойын тік көтеріп отырды. Ол бұл күйді таяуда бір рет ауылда тыңдаған. Ал шаршы топ алдында тыңдау тіпті өзгеше екен. Қөпшілік қолпаши күйші сезіміне де әсер етіп, лепірте түсетінін аңғарып отыр. Тұрпан бай — Тәттімбеттерге жақын туыс. Оның әнші, домбырашы қыздары Мал қара мен Ұлжан да жайсан күйші өнерін құмарта қызықтауда. Киіз үйдің айналасы да елге толып, сәлден соң «Тәттімбет сыртқа шықсын. Тәттімбет ел алдына шықсын!» деген дауыстар айналаны жаңғырықтырды.

Бұл — 1838 жылдың көктемінде Тәттімбеттің «Косбасар» күйі тартылған кеш еді.

* * *

Қазанғап төртбақ қара сұр адам еді. Ертегінің батырларындай сұсты, айтқанынан қайтпайтын бір бет жан. Түрі арғы атасы Шаншарға келеді деген сөз бар. Эйтеуір, осы жеткен жерін місе тұтып, бұдан да жоғары атак, данқа қызықпаған адам. Эйтпесе, сөйлер сөзге де кенде емес, қажетті жерге жұмсар малы да жеткілікті. Әкесі Мешекеге біткен төрт-бес мың жылқының санын төмендеткен жок. Колы ашық, жомарт бай бір болыс ағайын-жүртіның да аш болмауын көздел, ақыл-кеңесі мен қол көмегін де аяған емес.

Тәттімбет ізетпен жай басып кіргенде, әкесі Қазанғаң қалың ой үстінде еді. Тәттімбетке оң жағынан орын көрсетіп, «отыр» дегендей иек қақты.

— Шақыртқан себебім,— деп, сәл мұдірді,— таяу күш Омбыға жүреміз. Генерал-губернатормен бас қосқан мәжіліс болатын көрінеді. Сен де азамат болдың, ел таны, жер таны. Тәттімбет домбырасын ала келсін, деп Құсбек хабар жіберіпті. «Қосбасарыңың» үші оған да жеткен-ау, шамасы. «Мың асканға бір тосқан» деген, ұлым сен ешқашанда сабаңнан аспа. Таршылықты көрсетпей өсірдім, табаның тастан да таймастай сезінесің. Дүние сен ойлағандай тым тәтті емес, естірсің де білерсің. Айтылған сөздің бәрі бірдей рас емес, ішіндегі асылын саралай біл. Алдыңда талай асу бар, орны толмас өкінішке қалыш журме. Аяғыңды андалап бас, ұлым. Қолыңды жай, батамды берейін. Шығар биігің көбейсін, өнерің өрге жүзсін, әумин.

Омбы қаласы — қазактардың бас қосар орталығының бірі. Мұнда ағыл-тегіл келіп-кетіп жатқандар көп.

Сонау бір кездерде ақ патшаның бүйрығымен салына бастаған қорған үйлері қазір кіши-гірім қалаға айналған. Басында қайран өлкем кәпірлерге қор болды дегендер де кейін осы қаладан береке тауып, орыс халқы өнерінің озық үлгілерінен нәр ала бастаған.

Омбының шығыс жағалауындағы Тұндік өзенінің бойына жиналған жұртта қисап жоқ. Осы бір көрікті, кекорай шалғынды тұсты ел дем алу үшін көптен қалап алған. Генерал-губернатор, сұлтандар, би-болястар бас қосқан бүгінгі мәжіліске ел көп жиналды. Олар Тәттімбет күйін тындауға асыққан.

Генерал-губернатор ұзын бойлы, толық сары адам еді. Ол мағыналы сөз айтып, жұртты үйіріп алуды мақсат еткендей көп сөйледі. Жиналған ығай мен сығай, шынжыр балақ, шұбар төстер оның әр сөзін бас изеп күптауда.

Ұлық ақ патшаның елге істеп отырған жақсылығын дәрінеді. Өкімет тарапынан жүргізіліп отырған шаралардың игі жактарын атап өтіп, патша ағзамның құзырына құлай берілуді уағыздады.

Ұлық алдында көзге түсіп қалуды мақсат еткен біреулер бағалы сыйлықтарын өткізіп, мәре-сәре болып басылғанда, бүгінгі жиын құрметіне арналған концерт басталды.

Омбы горизонының әскери оркестрі екі марш орындағаннан кейін, орыс халқының дәстүрлі киімімен қолына балалайка ұстаған дудар бас, қызыл шырайлы өнді жігіт күлдіргі әндерге басты.

«Көрген бетте сүйдім сені,
Сүйдім сені, арысым.
Ернің қандай сүйкімді еді,
Көрейіші танысып».

Әрнекті камзол, көйлек киғен жылтыр етікті төрт-бес сары шашты қыздар әнге қосыла жүріп биледі. Қолдағындағы әдемі қызыл-жасыл гүлді орамалдары желмен ойнайды. Әдемі жүздері албырап, бишілер өзге дүниені ұмытқан, көздері үшқын атады.

— Болды,— деген генерал-губернатордың даусы өсіншама ойнакы, әсерлі көріністі тоқтатып таstadtы,— мұнданай билерді көріп жүрміз. Әлгі бір қазақ музықант бар деп ел дүркіреп жүр ғой. Соны тыңдайық.

Олардың не деп даурығысып жүргеніп, бишілердің неге қоя қойғанын түсінбеген Тәттімбетті генерал-губернатордың алдына шақыртты.

— Мынау жап-жас қой,— ұлық оған таңдана қарады,— жігітім, сен ең мықты шығармаңды ғана орында. Соның өзі жалықтырып жібермесе, аяғына дейін тыңдармыз, бәлкім.

Оның сөзін аудармашы лезде Тәттімбетке түсіндірді.

— Е, өзі білсін, тыңдағысы келмесе зорламаймыз,— деді Тәттімбет.

— Эй, байқап сөйлесейші,— деді аудармашы, бірақ күші сөзін ұлыққа жеткізуден именді.

Бөстек жабылған ағаш орындыққа отырған Тәттімбет айналаға жымыңдай қарады. Қөнілі өсіп, марқайып елге еркелей қарайтын сияқты. Мұнда бүгін қаланың қазак, орыс жатақтары да көп жиналған. Кейде ол самғауға беттеген сұнқар тәрізді, өзін жеп-жекіл сезініп шалқышты. Көтеріңкі көңіл-күй үстінде ол «Қосбасарды» тартты.

Күй күмбірлеп қеткен бетте ұлық зейін қоя тыңдай бастады. Ағаштан жасалған шанақ кеудесінен мұндай құдіретті музыка шығады деп ойламаған сыңайы бар. Таң қалып, алға қарай үмсина отырды.

Шалқар күй сарыны оның көңіліне тосын сыр ұялатқандай болды. Жарық дүние қызығын бұрын еш уақытта да бұлайша сезінбегендей. Қоңыр сазды күй есін шығарып, жүрек қылын дәл басып шерте түсті.

Раждап әуеннен көл-көсір тәтті сезім, өмірге құштарлық лебі еседі. Ұлық та өзін Петербордағы Эрмитаж театрының ложасында отырғандай сезінді. Сылқым музыка үні айналаны салтанатты күйге бөлеп тұр.

Ғаламат музыка ләzzатынан айрылғысы келмеген ұлық:

— Тартсын, тағы да тартсын,— деді.

— Е, маған да керегі сол,— деді Тәттімбет.

Тау бұлағындағы сыңғырлаған нешеме сырлы күйлер ақ жауын болып төгілді. Жатақтардың мәртебесі көтеріліп, көңілдерін беймәлім қуаныш кернеді. Өмірге деғен сенимдер артып, алдарында үміт оты жанды. Бұйыры, мешеу дүние жарыққа үмтүлды.

Карқаралы округі бойынша бас қосқан мәжіліс болады, «Қырға жандарал шығатын көрінеді» деген хабардың кең далаға тараған кеткеніне де көп болған. Көлеңкесінен шошынатын қаранғы ел елегізін, бір-бірінен түртінектеп сыр тартып шабысқа түскен. Әйтсе де, шынжыр балақ, шұбар төс «игі жақсылардың» «иығымен көк тірегендері» бұл жайға өзгеше мән берген. Сайлау уақыты емес, сандалып елден бірдеңе жирап алайын деп жүрген шығар дескен олар сыйға не беретіндерін ойланған бастаған.

Мұндай жиылыстардың ақын-серісіз, әнсіз-күйсіз отпесі белгілі. Ауыл арасындағы кіші-гірім той-томалакқа бір шет қырыдан аты шулы өнерпаздар жинала бермейді. Ал осы жолы мұнда даусы жер жарған Жанак жырау, аты Орта жұз елінен енді-енді аса бастаған Тәттімбет күйші келеді екен деген сөз тез тараған..

Шынында, Тәттімбет те осы жиынға бармақшы. Кемел кезіне жетсем дейтін көшелі күйшіні кейінгі күндері көңілсіздік басқан. Ұзакты күн ойланып, күй шығарған сәті де, тың туындының дүниеге келуі де бұрын оны шексіз қуанышқа бөлеуші еді. Соңғы кездері ол өзінің бар күйін бір сарынды санай бастаған. Тосын ырғақ, өзгеше өрнек іздеген. Келімді-кетімді кісілерден, табиғаттың тамаша көріністерінен, әңгімелерден, адамдар қуанышынан лап стпе сезім, сылқым сыр аңсаған.

Бүгін де Ақбөпे сапырып құйып берген қымызды орталай ішіп алдына қойды да, келіншегіне қарады. Ол да ою-өрнекті әдемі тостағанды шамалап жұтып, қолында ұстап отырған еді. Үнемі жарқылдаپ жүретін ақ жұзіне, шаралы тұнық көзіне қараса, адам тоймайтын сұлу келіншек Тәттімбет жүрегін жібіткендей болды. Осында әсем жаратылыс жанында шалқымаған шабыт, табылмаған күй болуы мүмкін бе. Жо-жоқ, жеткен жері, шығар

бүйгі осы-ақ болар. Қажи бермей, баяғы қалпымда көшесін деп ойлады күйші.

Осы сәт әдемі еріндерін жымқырып сәл езу тартқан Ақбөпеге:

— Немене, танымай отырсың ба, Тэттеке,— деп сыйлайы әзілдеді.

— Бір сұлу сыр іздеп...— деп күбірледі күйші.

Ақбөпеге сылқ-сылқ етіп күліп жіберді. Меруерттей ақтістері жайнап, бет ұштарына қан жүгіріп алаулады. Үлбіреген еріндері қызыл ғүл қауызындай құлпырды.

— Тэттекем-ау, сен білмейтін сырым бар ма еді менің.

Әуелі оқыс сөзіне өзі де мырс етіп күлген күйші лездестінген, Ақбөпеге бейнесіне қайыра көз тастады. Бұл неғажап, ғажап, апымай, ә. Көңіліңнің түкпірінде көсем ой ұшқыны жарқ еткендей еді. Неден болды еken. Әлі де күлімдеп отырған Ақбөпеге:

— Тағы да күлші,— деді.

— Қойышы, несіне күлем, қайдың жоқты шығарып,— деді де, Тэттімбеттің қисынсыз сөзіне шыдай алмай қайта күлін жіберді. Бүкпесіз, бұлақ суындаі таза, сылқым күлкі, сылқ-сылқ, сылқ-сылқ...

— Тоқта енді. Сонша не болды есің шығып,— деді, өзі де күлген Тэттімбет келіншегіне ынтызар көңілмен қарап.

* * *

Ертемен ат ерттеткен Тэттімбет сағымданған сары белге бет түзеді. Қөрнекті ой, көшелі күйлерінің отаны — Мыржықты, сары қамысты, сан бұлақты шолып қайтуға көңілі кеткен еді. Көптен қинаған ойдың дауасы табылар ма деген уміт те бар.

Мінгениң жуас курен. Момындығына тоқтасқандығы қосылып жалқау тартқан, сылбыр аяңдайды. Шабыт қайнарына түсіп, өзімен-өзі боларда Тэттімбеттің аяқ артараты осы. Шамырқанған шайпау жылқының ой бұзары хақ.

Күн көтеріле айнала ашық нұрға бөленип, шілденің штап ыстығы ентелей түскен. Таңғы салқын, таза ауа, кок майсаның көңіл ашар жұпары лезде көзден бір-бір үшіп, шаңытқан кермек тынысты қыса бастады. Эйтсе дәала кейіп азанғы бұлыңғыр жап-жасыл бояуынан сұр-ғылт түске көшкені болмаса, күндіз де әсем қалпынан айырылған емес. Бетегесі белден келген кең жазықтың биік өскен шалғынды көрінісі биыл да семіз малдың жұп-жұмыр жоны тәріздес. Шаңқан сәулемен шақиған дүние, санаға сағыныш сынды сезім ұялатады, сай-саланы сары алтын буы шымқагандай әсер әкеледі.

Шоқ ғұлдері жарқыран жаңып, коз тартып қыр беті құлышыра түскен. Күрең аяғының астынан шаң бұрқырайды. Алдынан көбелектер жалт беріп, шегірткелер пыр-пыр үшады. Секендереген қосаяқ та осы арадан безіп өтті. Тәттімбет Мыржыққа жете бере тау етегінде сылдырай әкқан бұлак сұына бірден бас қойды. Шөліркеп те қалыпты. Басында туып-өскен, бауыр басқан бұлакқа деген сағынышы, ілтипаты да сезіледі. Осындағы биік құздар-дің айналасы ағыл-тегіл айна бұлак. Жакпар жартас, койтастардың арасынан сыналап, тастан-тасқа құлай әккан мөлдір сулар сылқ-сылқ етіп, айналаны әдемі әуенге бөлеп тұр. Шырылдаған шымшық, бозторғай, қарлыгаштар шомпылдатып шомылып, ойпаттағы суда сұқсыр үйректер шоршып сұңғиді, сап түзеген сәнді сары қамыстың іші құс базары.

Таяу қыратқа шыққан Тәттімбет биіктеген тау жотасына, еңістегі ен далаға, биіктегі тырмыса өрлеген қарағай, кайың, шіліктерге көз тастады. Бәрінен бір кербез келісім, әсемдік, тамашалап таңдай қаққан тебіреніс аңгарылып тұр. Бұлак сылдыры мен Ақбөне құлкісінің қосындысындағы бір сынғыр, сұлу әуен жүзіп жүрген сияқты бол көрінді. «Иә. иә, жасаған» деп қайталай берді ғажайып күй құшағында куана елтіген күйіші. Төменде жайылып жүрген жаман күрең шыбындалп бас шұлғиды.

Қарқарадан бастау алатын Талды ертеден келе жаткан ескі өзен. Қең арналы, мол сулы өзеннің кезер жолы қып-қысқа. Ол толқынданып бұрандап ағып Нұраға барап құяды. Талды бойы осы өлкедегі ең бір шұрайлы, көрікті жер. Қектем кезінде таудан құлаған қар сүй жарқабақтан асып жайылып кетеді де, сусыны қанық аймақ жаз бойы жап-жасыл боп жайнайды да тұрады. Жағалауларды жағалай өскен үйір-үйір талдар өзен аңғарын көмкеріп, алыстан көз тартады.

* * *

Аға сұлтан Құсбек Таукин Қаракесек Тұрпан байға хабар салып, Талды бойына он үй тіктіруді жүктеген еді. Ішкі есебі өзінде болып, әміршінің айтқанын екі етпей көндіккен әккі бай өзеннің ең бір көрікті тұсына он ақ боз үй тіктірген. Атшы-косшы жайын да ойлап, шалғайырақ жерге олар үшін екі үй дайындағы. Межелі мерзімнен бұрын сойыс малын алдырып, шай жабдығын молынан қамдал еді. Әлем-жәлем киінген, сәнді ат-әбзелдері жарқыраған ел басшылары ағылып келіп жатты. Қөздің жауын алатын жүйріктерге мініп, бірінен-бірі бағасын асыруды мақсат еткен сұлтандар, би болыстар менменсіп сұспен сәлемдеседі. Салтанатты бас қосудың бар жоралғысы өз жөнін тауып-ақ еді. Амал нешік, «куырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, мәртебелі ұлық әлдебір себеппен бұл жолы келе алмайтын болыпты деген хабар жетті. Сырт естіртіп сыр шашпағанымен ел бұған қатты қуанды. Бәрінің де ендігі ойы қызық көріп кайтуға сайды. Әңгіме-дүкен, ән-күй қектемгі толассыз ақ жауындай басталып кеткен еді.

«Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» деген. Келелі кенес, түйінді әңгіме бастауы өзіміз ғана деп біле-тін жуандар жағы дәрежесі төменді көз алартып сөйлеткісі келмейді.

Алайда, семсердей өткір шешендік сөз, асқақ ән-күй

биді де, бекті де көзге ілмейді. Жұзден жүлде алған, ел сүйген ерен жүйрік қана тағы да бір жарқ етеді. Бүгінгі жыныға Қаржас-Сүйіндіктен Жаяу Мұса, Ұлытаудағы Бағаналыға сіңген Каракесек, Жанақ жырау, аты алты алашқа мәлім бола бастаған атақты күйші Тәттімбет келген еді.

Шаршы топтың ортасына алдымен шыққан Жаяу Мұсаны жақтырмайтынын қайсыбір шонжарлар жасырмады.

— Япыр-ай, мынау тағы не деп оттар екен,— деп салды қарны кебежедей біреуі қасындағы шұңқрек көзге сыйырлап.

— Эйтеуір, маған тиіспесіне кәмілмін,— дейді бірі ыржыып. Сөз сарынынан «сені маған десе нісіріп жесін» деген келемеж байқалады.

— Мұның көзін құрттым деп еді ғой сұлтан,— деді мыртық бойлы, шұңқрек көз.

Ал көпшілік жұрт болса әнші лебізін аңсап, одан көніл құрышын қандырар асқак әуен күткен еді. Мардамсыған желөкпе жуандарға жайшылықта жыны ұстайтын Жаяу Мұса елдің ойын айқын сезіп, бұл жолы артық ауыс кекесінді сөзге барған жок. Әдемі ой, өрнекті сөзге құрылған әсем әндерін айтып берді.

Кейде ашу-ызыға амалсыз жарылыш кететіні болмаса Жаяу Мұса, негізінен, нәзік жанды әнші. Жарықшақсыз, бір калыпты сырғитын майды қоңыр даусы, ән дыбыстарын ұзакқа созатын кең тынысы оның табиғи талантының сипаттары.

«Ақ сиса, қызы т сиса, сиса-сиса,
Көрінер бешпент сұлу белін қиса...»

Қандай өрнекті сөз, жатық үйқас. Сөз сұлуын сұрыптаپ, шыбық сияқты майыстырып, шеңберлеп тұп-тұтас әдемі дүние жасай салған.

— Жаса, жаса, Жаяу,— ел гулесіп әншіні қолпаشتап кетті.

Тәттімбеттің Жаяу Мұсаны алғаш көруі еді. «Аттымен жаяу жүріп алысатын» есімі ақызыра айналған ұзын мұрынды, селдір сақалды әншігে таңыркай көз тастады.

— Тәттімбет қайда, Тәттімбет?— деген Құсбектің даусы қатты шықты. Кекшіл, адудын әншиден аға сұлтан да тезірек құтылуға асыққан сияқты.

Көк жібек шапанын желбегей жамылған Тәттімбет домбырасын алып ортаға бетtedі. Ел желсіз күнгі қогадай тына қалған. Киіз үстіндегі көрпе шетіне малдас құрған Тәттімбет «Қосбасар» күйін тартып еді.

«Қосбасарда» ғажап ырғақ, әсем саз бар. Жанға жағымды аққу ғеккуіндей үн жүрек шымырлатып, бойды балқытады. Бұрын-соңды күйлердің кәусары дерлік мөлдір күй терең философиялық түйін жасап, түсінікті тілде сөйлем тұрган тәрізді. Ол өмір жайлы сыр шертеді. Қызығы да, қуанышы да мол жарық дүние, жайсан қөңіл, ерлік, адамгершілік жайлы жыр толғайды.

Қөсем күй әсем басып, ырғалып кеп тоқтады. Тыңдаушылар тебіренісінде шек жоқ.

— Ой, пәлі-ай!

— Көп жаса!

— Бұдан асқан күйші болмас!

— Десе дегендей-ақ екен!

Тәттімбет тағы бір күйді бастап кетіп еді, қолпащ сөздер сап тыйылды. Домбыра үні екпіндеп кетті. Үсті-үстіне лекілдей шапшыған күйден майдан даласы елес береді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап құлағын қайшылаған, желдей ескең жүйріктер. Ұрандақан дауыстар. Жағалаудағы жартасқа ұрған жал-жал толқындардай найзаласқан, жағаласқан екі жақ.

Тәттімбеттің «Алшағыр», «Айдос» атты күйлері шапқыншы жаудан елін қорғап қалған ағайынды екі жігіт

туралы. Бұл күйлер елді ерлікке, бірлікке шақырады. Тұған жерді сүюге, жасыл белдің, айдын көлдің қадірін білуге уағыздайды.

Тәттімбет бұл күйлерді теріс бұраумен орындаиды. Домбыра шегінен қобыз даусындағы үн шығарып, дүниені құцірентіп келін, ақыры салтанатты сазға көшеді, жеңіс сөтін шалқытады. Шертпе күйдің асқан шебері Тәттімбет домбыраны теріс бұраумен тартуда алдына жан салмайтын.

«Тағы да тарт, Тәттімбет», «Тағы бір күй тартыңыз, Тәттеке» сияқты тілектер қаумалап күйшіні көп уақыт жібермеді. Ел риза болып, мың да бір рақметін айтты.

Әйтсе де күйші көңілі толмады. Ол қай күйді толғаса да, санаасы шырқ айналып, беймәлім күй құшағынан шыға алмай қалды.

Шамалы үзілістен кейінгі кезек Жанақ жырауға тиді. Ол — жұқа өнді, сүйық сақалды, безек қақкан жылдам адам. Небір асыл сөзді түйдек-түйдегімен төгеді. Ол да өмір жайлы толғады. Шетсіз-шексіз кең дала. Құн мен тұн ауысқаны болмаса еш қызығы, өзгерісі жок дүние. Аспаны да, ауасы да, жері де, сұы да ортақ емес пе. Азгана өмірде араздасып өтіп адамдарға не жетпейді дегенді аңғартып өтті.

Тәттімбет әрі қарай тындалады. Оған бұл сөздер таңсық емес. Өз ойымен өзі арпалысуда. Ол қазір үмітсіздік емес, өмірге деген құштарлық құшағында. Көңілі алып-ұшып, сан-саққа жүгіреді. Жыраудың Қозы Қөрпеш — Баян сұлу жайындағы жырын да ансан күткен. Мұның бала кезінде ел кезген бір жыраудың осы мөлдір махабbat жайлы жырды жырлағанын естігені бар. Кейбір шумактары есінде қалыпты.

«Жарқыраған жұлдыздай,
Жанып бір тұрған құндыздай.
Байтақ елі сүйіпті-ай,
Баяндай сұлу бір қызды-ай.

Аш белі қылдай талыпты,
Әркімнің есін алыпты.
Бәркінің ұшын үкілеп,
Айнала шолпы тағыпты.

Құбылмалы, мың түсі
Қырдың қызыл тұлқісі,
Тап бір солай құлпырар
Баянның сылқ-сылқ құлқісі».

Жырдың басқа шумактарын ұмытыпты. Ол кезде өзі де ойын баласы еді, жыршының кім екені есінде жок. Бірақ оған керегінің өзі де тек осы жолдары ғана сиякты. «Баянның сылқ-сылқ құлқісі» деп ішінен кайталай берді.

Бұл кезде Жанақ жырау «Қозы Қөрпеш — Баян сұлуды» жырлап кетіп еді. Шексіз сүйіспенішілік жайлы ұлы жырды ел де, кең байтақ дала да үнсіз тыңдаپ қалған төрізді.

«Қозы Қөрпеш іздейді ауган елді,
Алла тағалам жаратты аскар белді.
Бір бөгетпен құтылып бара жатса
Аскаралы бір тауға тағы келді».

Жырши асқар тау да, ешқандай қындық та бөгст бола алмайтын махаббат жайлы толғайды. Бірін-бірі сүйген екі жас ақыры табысады.

«Қозыкені сол жерде білді дейді,
Жаксы көріп бетінен сүйді дейді.
Аулак үйде екеуі сөйлескен соң,
Сонда айқасып екеуі қалды дейді.

Боран болып, түгел мал ыкты дейді.
Өз ісіне Қозыкем мыкты дейді.
Оз жарымен ойнасып Қозы Қөрпеш,
Бір құмардан екеуі шыкты дейді

Қарабайдың құлдары көпті дейді,
Көре сала бір нәрсе өтті дейді.

— Торғай жырлап тұрады сұлу Баян
Таң атыпты турегел депті дейді.

Адам қалмай жиынга кетті дейді,
— Жата түршы, а жарым, нетті дейді.
Таң атпактан күн шықсын, шырағым-ау,
Тар төсекте жан шықсын депті дейді».

Жыраудың азыраған қобызы осы бір тәтті шаққа жеткенде көңілге жағымды өте нәзік әуенге басты. Ел мәртебесі өсіп, жайрандап, дала көркі одан әрі құлпыра түскендей болды. Тәттімбеттің де аңсап күткені осы ма-хаббат салтанаты еді.

* * *

Тұрпан байдың қызы Малқара сәби шағынан күйге құмар болып өсті. Ақ сүр жүзді, әдемі қыз 14—15 жасқа келгенде осы төңірекке әйгілі домбырашы болған еді. Ол сырттай естіп жүріп Тәттімбет күйлерін де ден қоя үйрен-ді. Оның сүйіп орындайтыны Тәттімбеттің күйлері. Семей жағына тұрмысқа шыққан ол осы жолы атақты күйшімен кездесуге асықкан еді. Күйеуі бір сыйырғы момын адам еді, жолына бөгет болмаған.

Жанақ жыраудың бірнеше күнге созылған толғаула-рының арасындағы үзілісте ел-жүрт, замандас құрбыла-ры Малқараның күй тартуын өтінген.

Кос етек көйлек киген, белі бұраңдаған ерке сұлу ал-ма жүзі албырап күй тарта бастады. Нәркес көк көзі құлімдеп, сүйріктей аппак саусактары домбыра бетінде еркін ойнайды. Қоңыр баяу дыбыс дірілдеп, нәзік тербе-ліп барып, келе-келе шалқи түсті. Жылға-жылғадан жы-лай ағып жиналып, бара-бара ағысы қатты өзенге айна-лып бара жатқандай. Жастық шақ, қызығы мол бал дәу-рен. Кен далада керме иық кербез жігіт. Мінгені жорға салкоңыр, ат-әбзелдері көз тартып жарқырайды. Жас жігіт қыздың женгесі арқылы уәдесін алып, сүйгенімен кездесуге келе жатыр. Қөңілінде арнасынан асқан куа-

ныш. Салқоңыр әсем басады, тұяқтарымен сәнді бір күйді — шаттық күйін шертіп келе ме, қалай?

Малқара Тәттімбеттің «Салқоңыр» күйін тамаша орындарды. Шаттық жырын толғаган күйі айнала әлемге қуаныш шашуын шашып тұрып алды. Ел ракатқа, бақытқа кенеліп қалды.

Манадан бері үнсіз тыңдаған ел күй аяқталысымен тебіреніс үстінде дуылдасып кетті.

- Ойпырмай, ә!
- Шырағым-ай, ә!
- Қадамыңа нұр жаусын!
- Өркениң өссін!
- Саусағыңдан айналайын!

Тәттімбет көңілі де көктемгі гүлдей құлпырды. Жадында серпінді, сері күй туғанын сезді. Домбырашы келіншектің қасына келіп маңдайынан өпті.

- Өнерің өрге жүзсін, шырағым!

Малқараның жан дүниесі де көктемгі тасыған өзендей сапырылысып, сендей соғылысты. Аға алдында ізетпен сәл иіліп:

— Күйші аға, қашанда ел тілегі Сіз. Өзіңізге деген ел ілтишатында шек жоқ. Алыстан аңсап келгенімізде ауылға ала баратындағы бір асқақ күй тартып берсеңіз екен.— деді.

Тәттімбет шаралы көздері үшқын атқан келіншек жүзіне ризалық сезіммен қарады. Жас сұлудың табиғи жақсы мінезі, жарасымды қылышы, сүйкімді пішіні оның қиялышына қанат бітірді. Шадыман шабыт үстіндегі күйші көңілі одан әрі өсеп түсті. Тек қана адалдық, сұлулық шенберіне түсіп, айналаға баяғы балалық көңілмен көз салды. Туған елге, Отанға, аяулы жарға деген ыстық ықыласқа, бал сезімге бөленген күйші жаңа бір күй тартып, асқақ бір сыр түйінін ағытып еді.

Күй сарынына көктем лебі еседі. Таң рауаны сан-сары нұр шашып тұр. Көкжиеекке дейінгі дала ине көзінен жа-

Ша өткен көкжасыл кілемге ұқсайды. Мың бүралған қара
көк талдар жібектей желийлдеп желмен ойнайды.

Күй сөйлеп түр.

«Құшамын бар шапағат, асылдарын,
Кешемін өмірімін жасыл бағын.
Күн сайын күлім қағып тұрамын да,
Келесі күн шықканша асығамын».

Көктемгі кеш. Сіркіреген жауын тамшылары киіз үйге
тырс-тырс тамады. Самал жел шашқан көк пен қызғал-
дақ иісі бұрқырайды. Тіршілік біткенді лепіртіп ауада
жүзген ағыл-тегіл сізім.

Жүрек қылын шерткен күйді сылқ-сылқ еткен қыз
кулкісі, тастан-тасқа құлаған бұлақ сылқылы ма дерсің.

«Есігінді жайымен ашып қана,
Журегімің пернесін басып қана,
Келіп едің көйлегің көлбең етіл
Жаңбырыл туң есте ме, ғашық бала».

Жарық дүние ғажап. Айнала сән-салтанатты өмір.
Күн көзі күліп жарқ-жарқ етеді.

Қыр-қырдың асты шоғырланған ауыл. Ашық-жарқын
кулген адамдар. Адал көңіл, ақ ниеттер. Таң атпай дала-
ны дубірлеткен көш қызығы. Эзілдері жарасқан қыз-боз-
бала. Ауыздығымен алысқан әсем жорға. Арнасынан
асып шүпілдеген бал сезімдер. Сүйіспеншілік оты аяла-
ған бақытты сәттер.

Күй өмірдің ұлылығы жайлы жырлады. Дала табиға-
тымен жарасып болашаққа шеру тартқан бұл күй «Сыл-
қылдақ» еді.

Тәттімбет ауылы был да Нұраның жағасын жайлайған. Мол сулы өзен арнасын қуалай өскен талдар мен мұндалап, көзге алыстан шалынады. Жағалаудың шығыс жақ бетіне бірінен-бірі жүз елу-екі жүз метрдей алшақ қонған он-он бес үйдің жартысына жуығы еңселі, жана ақ боз киізбен жабылған. Әрлі-берлі жүрген адамдар кейпі, көгендеулі қозы-лақ, қазан-ошақ, тағы басқалары осы арада қызықты да қым-куыт тіршілік барын аңғартады.

Кешкі шақ. Әлгінде ғана батқан күннің шапағы көкжиекті күлгін-қызылт түске бояп, мынау таңғажайып әлеммен жылап айрылысып бара жатқан тәрізді. Мал өрістен қайтып, ауыл абыр-сабыр. Өзеннің шапақпен шағылысып, жалт-жұлт еткен айна бетіне қадала қарған Тәттімбет көп сырларды ой таразысынан өткерді. Өмір деген осы-ау. Қеше ғана желкілдеген тал шыбықтай бала еді. Міне, бүгіндері бұл да отыздан асып барады. Әкесінің жылын бергелі де жылға тарта уақыт болыпты. Нұрбике Шашар елінің билеушісі болып, дегені іске асып тұр. Әйтсе де жақсылыққа жеткізер деп сеніп, соңынан ерген елге бұл не қайыр етер. Неше ғасыр түйікқа тіреліп келген жүртқа көрсетер жолы қайсы. Отырықшы бол, егін сал деген ақылына қай қазак көне қояр, қанына сіңген әдетін тастай алар ма? Дегені болған күнде, ол жолдың опалы боларын кім біліпті. Апымай, ә? Өстіп ырду-дырдумен өмір өте бергені ме?

Ымырт шақта иықтаса жата кеткен, дөңкіген дәулер тәрізді тау жақтан қайықтай жылжыған бір нокат көрінді. Келе-келе аттылы кісінің нобайы байқалды. Лекілдете шауып келді. Тап бір дүниедегі ең жауапты арман-мақсатынан қалып бара жатқан сияқты-ау.

Тәттімбеттің бұған бойы үйренген. Тәйірі, кезекті дау да, әйтпесе атасының басына шауып келеді деймісін, деп

мырс етті ол. Айналысар кәсібі жоқ, іші пысқан ел өсек-
ниң, дау-дамай десе ішкен асын жерге қояды. Ертелі-кеш
қымызға қызара бөртіп, тиісерге қара таба алмай жүр-
гени.

Қан сорпа жүйрік торыдан солбырайып әзер түскен
ұзын қара жігіт:

- Ассалаумагалейкум,— деп жақындай беріп еді.
- Эликсалам,— дей салды қабағын түйіп жалт қара-
ған Тәттімбет,— немене осыншама шауып, әкең өлді ме?
- Жо-жоқ. Әлгі... ел арасындағы дау ғой...
- Жә, болды. Маған қазір сөздің керегі жоқ. Барып
дем ал. Кейін сөйлесерміз,— деп тыйып тастады Тәт-
тімбет.

— Ағатай-ау, оған қарайтын емес қой. Нұрбике, Ай-
бике болып, қырқысып өлейін деп жатқан жоқ па. Был-
тыр атам үйінің көк айғыры жоғалып, Айбикенің мына
бізбен іргелес қонған тұқымдарынан көріп жүр едік қой.
Біз де өткен күні түнде үш жігіт барып, оның бес жыл-
кысын бөліп алып, менің нағашымның аулына асырып
тастап едік. Із кесіп келіп тапса керек, кешеден бері ау-
лымызды камап жатыр. Не істейміз енді?

- Е-е, сор. Сонда олар не істе дейді?
- Жылқымызды қайтар дейді.
- Е, неге қайтармайсың?
- Ойбай-ау, сонда көк жүйрік құнсыз кеткені ме?!
- Құныңың әкесін... Көк жүйрігің қашан жүйрік
болып еді. Ол мәстегінді Айбикенің алғанын қайдан бі-
лесін? Ирделес отырғанына жауапты ма. Қасына қонған
елді кірпідей көрсөң, өз сорың! Міне, менің айтарым!—
Тәттімбет осылай деді.— Бір мәстектің дауымен астың-
дағы мына атыңды өлтіріпсің ғой. Эне, танауынан қан
ағып түр. Абыройдан да жүрдай болдың. Қайтар жыл-
кысын. Осыдан жігіттердің бірінің денесіне таңба түссін,
тұқымыңмен құрисың.

Өзі де әбден қалжырап, құр жаны тұрған қара сұр

жігіттің түрі тіпті аянышты боп кетінті. Соны аңғарған Тәттімбет сәл жұмсап:

— Шырағым, бар айтқанды істе. Мына атынды тастап кет те, әлгі шабдарды ұстасып мін. Бар, тез жет,— деді.

Сүмелетіп сұры қашқан жігіт аяғын сүйрете басып, атын жетектеп, ауыл жаққа жүріп кетті.

Тәттімбет әлгі жігіт төңірегіндегі ой шырмауынаш шыға алмай отырып қалды. О, тоба, Айбике, Нұрбике деп бөлініп, қу дүниенің құлдығында жүргендер бір атанаң балалары, шешелері де бір туысқан. Осылайша болмашыны себеп етіп, үрім-бұтақтары бір-бірімен ырылдасады деген ой ата-бабасының ойына кіріп шықты дейсің бе. Тәттімбет пенделік, күйкі тіршілік иелерін біржолата ұмытқысы келгендей, өткен тарих тұңғиғына ой жүгірте бастады.

Қаракесек Шаншар заманында сөзге жүйрік, шешен адам болған. Ел бастап қалмақтармен талай ұрысқа да араласқан. Сыр бойында туып-өскен ол ежелгі жау қақтығысынан қажыған елін орталыққа қарай Қарқара өніріне алып келеді. Жасыл желең жамылған шұрайлы өлке, көл-көсір сан бұлақты осы арадағы ағайын жүрт бұларға бөліп беріп, сыйфа тартады.

Әйткенмен, қалмақ мұнда да жетеді. Талай қанды шайқас болады. Екі елдің игі жақсылары бас қосып, қантөгісті тоқтату жолын ойлайды. Қалмақ батыры Мыржықтың қызын Шаншарға қоспақшы боп шешеді. Ел бастап, ту ұстаган кезде Шаншар жиырманың үстіне жана шықкан қылышындаған жас екен. Ақ сұр өні құбылып, көздері ойнақшып желдей есіп сөйлегенде алдына жап салмайтын көрінеді. Сөздері уитты, бір сөзінен бір сөзі асып, ең дұрыс шешімді бұлтартпас дәлелмен түйіндесе керек.

Өзара мәжілісте соңғы сөз Шаншарға тиіпті.

— Қалмақ,— деген екен сонда Шаншар,— қызынды

әлі алған жоқын, «ежелгі жау ел болмас...» деген. Эйтсе де ел болып көреік. Сен де тым ұсақтап кетпе. Қимасынды амалсыздың күнінен ұсынғандай болма. Қөнілде көлеңке қалмасын. Бар ниетіңмен актарылып төгіл. Сениң үш қызың бар, бірінен-бірі өткен сұлу деседі. Ушеуін бірдей бер маған. Қазақ, қалмақ түрі бір, тілі бір туыс елміз. Бір саптан, бір қаптан шыққан ағайындылар да екі рұлы ел болып итше жұлысып жүрген жоқ па. Санасыздық сағынды сындырады. Тығырықтан шығар жол таппай жүрген елдер ғой. Кезі келсе қазір ет бауыр тұғаның да өлгеніне қарамас. Сөзге қонақ берсен, екі елдің арасына дәнекер болып көрейін.

Мыржық та көз жұмып, үрдіс кететін көшелі батыр болса керек. Дегеніне қөніпті. Құлын мүшелері күмістей ақ, жарқылдаған қара көздерінен адам жанына беймәлім тәтті сезім құйылатын Айбике, Нұрбике, Қыздамбике атты үш қызын 50 түйеге артқан жасауымен Қаракесек еліне ұзатыпты. Қалмақ батырының қөніліне шексіз риза болған Шаншар үш жұз жылқы қалықмал беріп, қазақ, қалмақ қатысқан ұлан-асыр той жасапты.

Шамалы уақыт екі ел бейбіт қатар күн кешкен еken. Бірақ бұл ұзаққа бармапты. Ел арасынан ушықтырып жүретін қылауыздау, небір есерлер «елді ала тайдай булдіріп» дау үстіне дау тудыра беріпті. Соның ақыры, Мыржық батыр тағы да қолына найза ұстап, қол бастап Қаракесек еліне жеткен еken. Алдынан ағайынды Алшагыр, Айдос батырлар тосқауыл болып шығыпты. Бұл шайқаста Мыржық женіліп, ауыр жаараланады. Өлер алдында Алшагыр мен Айдос батырга:

— Өмірдің опасыздығын баяғыда-ақ білгем. Эттен, тек өкінерім, желөкпе шабыс, айқай-сүренмен күндерім босқа өтті. Таудан құлаған тасқын ішіндегі шөп-шаламдай дүниеден макұрым кетіп барамын. Мына биікке мениң атымды қоюларынды өтінемін. Бір тілегім... берсеңіздер... — деп, көз жұмады.

Содан бері осы өнірдегі еңселі таулардың бірі Мыржық аталып кеткен. Қойнауы көк жасыл шалғын, талдардың неше түрі бар. Құлпырған қызыл жиделері көздің жауын алады. Әр түсінда сылқ-сылқ құліп акқаш айна бұлақ. Қаһарлы батырдың бедірейген бетіндей күжкүж тастар. Тіп-тік қия жартастар.

Шаншар Мыржықты өз қолынан шығарып, арулап қояды. Жылын берді. Қаншама азаматтарынан қапыда айрылған екі жақ тағы сәл толас тапты. «Мекіре балықтың басы тасқа тимей қайтпайды» дегендей тағы бір сойқан көрмей тыншыр деймісің бұл жұрт.

Міне, бүгіндері барымталасып жұргендер сол Айбике, Нұрбикеден туған бір атаның балалары. Қалмақтың апалы-сіңлілі үш қызынан тараған үрпактың ішінен неше түрлі сұңғыла шешен, өнерпаз адамдар шыққан. Шетінен «орақ ауызды, от тілді» бои, бәріне бірдей билік айтту жетпеген. Сондықтан да олардың көвшілігі жатып атар қылжақбас болып, ауыл-үй арасындағы сөз сайысна түсіп жүрген. Сөз қақпайларында есесін жібермейтін жұртты ел ауызында «Шаншардың қулары» атауы да содан қалған.

Казақ тарихының бетінде айшықты бейне болып қалған Каз дауысты Қазыбек Шаншардың туған немересі.

Шаншардың Битен, Шитен сияқты ақпа шешен, атақты домбырашы сері үрпактары ел аузында жыр болып қалған. Олар өнердің қай түрінен болмасын ешкімге дес бермеген. Тәттімбеттің төртінші атасы Бертіс домбырашының аты бүкіл қазақ даласына аңыз боп тараған. Күні бүгінге дейін көнекөз ауыл қариялары сөз ретінде саусағынан бал тамған күйші туралы сыр шертеді. Домбырашылық өнер Шаншарда атадан балаға ең қасиетті мұра есебінде ауысып, Қазапғаптың інісі Әли домбырашыға дейін нелер саңлақтар өткен деседі.

Тәттімбет осы Әлиден домбыра тартудың әліппесін үйрәнді. Элекең Тәттімбеттей бүкіл орта жүзге танылма-

са да өзіндік тарту мәнері бар, өрнекті, ойлы күйлерді өте тамаша орындаштын домбырашы болды.

Кедір-бұдыры, сергелденің көп өткен замана қойнауына бар зейінің салған Тәттімбет денесі түршіккендей бір сәт оң жағына оқыс жалт қарады. Әлгінде жай ғана соққан самал жел ширыға түсіп қатты гүілге басыпты. Ауыл-үйдің малы жеп тастаған, жүдеген ешкідей қурап сорайған айбақ-сайбақ мендуана желге қосыла ызылданап, азынап түр екен.

Тәттімбеттің көз алдына сұрықсыз сурет келді.

Шілденің аптабында өртенін кете жаздалап тұрған сүрдала. Аурудан не апattан, жаудан иесіз қалған, қираған жұрт. Шетсіз-шексіз төңіректе шыбынның ызыны да естілмейтін сияқты. Құр ызылдаған ыстық өкпек жел. Қабығы қуарған мендуана ғана жел ығына қарай құлап азынайды. Баянсыз тіршіліктің, суренсіз, қүйкі өмірдің, адыра қалған жұрттың жұпымы белгісі, бейшара жыршысы тәрізді.

Тәттімбет домбырасын алды. Қүйші саусақтары мендуананы жұлқылап азынаған жел дыбысын домбырадан аудырмай шығара бастады. Қос ішек пен пернелер жел бол азынап, дауылға ұласып бара жатқан сияқты. Бұл азынауда күніренген күндер мен түнерген дала, тығырықтан жол таба алмай тұншыққан ел байқалады. Бірден-бірге шығандап, терен философиялық толғаныстан өзек алған күй кескілескен мағынасыз ұрысты, билердің пенделік сөз сайысын, мақсат-бағдарсыз, тұрлаусыз дүниені әшкерелеп тұрып алды.

Үсті-үстіне шапши көтеріліп, күйініш пен реніштен торыққан күй бірте-бірте бәсекесіп, мамыражай әуенге көшті.

Кенет күрт өзгерген күй аспандағы күнге қол созғандай жарқ-жүрк қимыл аңғартты. Күй тілі ап-айқын сөйлеп берді. «Қашан жаңбыр жауып, қызғалдақ құлпырады. Адамдар тегіс ән салып, жарқылдалап жүрер күн бо-

лар ма. Тұған жер ризығын бөле-жарып, шын ықыласты дос-жар көнілімен күн кешсе қайтеді. О, сұмпайы, қу дүниес!»— деп ақыр соңында бар даусымен айқай салды домбыра.

Кілт үзілген күй аясынан шыға алмай Тәттімбет ба-сын салбыратып отырып қалды. Күй ырғағына косыла тебіренген оның миң шыңылдан, басы айналып кетті.

— Тәттекем-ау.

Сырт жағынан естілген сыңырлаған дауыс ойын бөліп жіберді. Мойның бұрам дегенше болмай қасына ке-ліп тізе бүккен келіншегі Ақбөп:

— Тәттекем-ау, не болды осыншама? Күйнішті күй тарттың фой, ел аман, жұрт тынышта,— деді.

Нәркес көзді сұлу келіншектің түрінен шын қорық-қандық табы білінеді.

Ақбөпенің әсем қимылы мен тәтті қылығында Тәттім-беттің астан-кестен сан қылды ойларын тез сұзытып, арна-сына түсіретін ғажайып әсер бар. Келіншегін шын жу-ректен сүйеттің Тәттімбеттің ойына ол бар жерде тек шаттық пен қуаныш қана оралады. Осы жолы да езу тартып жымия қараған күйші:

— Бұл күйден қандай сыр аңғардың?— деп сұрады.

Сұмдық, ку медиен далада жалғыз қалған пендे азабын көргендей болдым,— деді Ақбөп,— жел, дауыл соқты, қурайды ма, қу ағашты ма үйіріп азынайды.

— О, данышпаным менің, сениң бойыңда сұлулық пен сезімталдық бірдей біткен. Шіркін, ойы құрғыр сан сақ-ка алып қашпай, өмір бойы өзіндіғана жырлап өтсем фой.

— О-оу, серім,— деді Ақбөп,— өзің кей-кейде телегей-теңіз боп шалқып кетесің-ау.

Келіншектің қоныраудай сыңырлаған күміс күлкісі кешкі ауыл аспаның бір жарқын шаттыққа бөлекендей.

Осы бір жанына жайлы, мейірбанды үн, тұп-тұнық,

таза күлкі болмаса Тәттімбет күні қынданап кетер ме еді, кім білсін!

* * *

Ертеңіне күндіз ыстық сары жел ескен қырға домбырасын алып ұзап кеткен Тәттімбет шетсіз-шексіз маң да-лаға көз салып тұрып кешегі күйді қайта шертті.

Тіршілік біткеннің жүйкесін жуқартып, мазалайтын көнілсіз, сүренсіз күй «аз-з-з» деп ызылдаپ тұрып алды. Әлден соң ұлып «ы-ы-ы-ға» басып, демі жетпей тұншығып барып «н-на», деп ентігіп саябыр тапты.

Осы дыбыстардан сан түрлі суреттер бөлініп, бағзы заманнан бергі талай тарлауыт сүргіндердің көріністерін көрсетіп тұрғандай. Дүние зар илеп егіледі, курсінеді.

Тәттімбет көңілін шерменде еткен тұндіксіз тірлік жайлы мұңқ қос ішекті серігінің кеудесінен күмбірлеп шығып, көл-көсір шер болып төгілді. Әйтеуір, мұнда құр жылау, күніреніс қана емес, жаңа өмірге деген құлшыныс, тебіреніс, дабылды күрес сарыны аңғарылады.

Күй қайта шалқыды. «Азына, азына» деп күбірледі Тәттімбет. Қүйімен де, сөзімен де бар шерін ағытып тұр.

Ыстық сары жел ескен даланы алапат күй солқылда-тып бара жатқан тәрізді.

ҚЫРАН ҚИЯПАТЫ

Алшынбай би келе жатыр деген хабар осы ауылға да күн ілгері жеткен. Жақсыдан қалған түяқ деп ел-жүртүқатты қастерлейтін. Жолшыбай ел шылбырына оралып, оны біраз бөгейтініне әбден сенген Тәттімбет ауылы да еш қаперсіз болатын.

Қаз дауысты Қазыбектің шөбересі Алшынбай би ба-басы сияқты жаннан асқан шешен, алты алашқа әйгілі болмаса да, сөз берекесі бұған да дарыған, беделі бекем

ел ағасы еді. Әрине, хандарға сезін өткізген, көршілес елдер арасын талай септеген Қазекеңе қарағанда Алшынбайдың жеткен биігі таудың жаңындағы төбешіктей. Қазақ елінің Ресей қарамағына өтіп, сыртқы жаулардан тыныштық табуы, ал оның есесіне ауыл арасындағы сыпсың өсек, жер дауы, жесір дауының өрбуі билік дәрежесін де төмендетіп, би қадірін де өсірмеген тәрізді.

Алшынбай жас күнінен сән-салтанат құрып, серілікті сүйіп өсті. Соның да әсері болар, оның бірден-бір жақсы көріп жақын тұтары Тәттімбет. Ақбөпе ауырғалы бірнеше рет келген, ол жас келіншек дүниеден өткенде Тәттімбеттің ауыр қайғысын бірге көтеріскендей болған. Тәттімбеттің жан тебірентер күйлеріне сүйініп, әр күйінен күй иесіне тән ұшқыр ой, сұлу сезім табатын, оның Ақбөпеге деген ықыласы да өзгеше еді. Жаңа жауған ақша қардай ақ жүзі күмістей жарқылдал, күмарлана қарағанда бұлтты құнгідей қап-қара болып, тұмандатып кететін көздері дегірінді алатын. Бұл шексіз ғашық көзқарасты, жан-тәнімен берілген адап көңілді Тәттімбет домбыра тартып отырғанда оған телмірген Ақбөпе жүзінен Алшынбай талай байқаған. Ой-өрісі кен, сымбатты сұлу келіншек оның да қиялын қытықтап қызықтыратын. Әйтсе де, жас келіншектің өз еріне деген ерен сезімін анғарып, Тәттімбетке деген адап пейілінен де аса алмай, екеуіне шын жүректен бақ тілеумен шектелетін.

Жерде жаңа ғана көк тебіндеп, қызғалдақ құлпыра бастаған кез. Қымыздықтың, шайырдың, жалбыздың, сан түрлі көкорай шөптің иісі анқып, жан-жануардың сарайын ашып тұр.

Тәттімбет аулының ата қоныс-жаз жайлауы Тұндік, Ащысу, Нұра өзендерінің арасы. Алайда, олар әзірше Мыржық тауының екінші бетіне ғана көшін қонған.

Тұс әлеті. Мыржық тауының бөктеріндегі көп бұлактың қасында, топ-топ шілік ағаштарының сиректеу тұсына тігілген ақ шаңқан үйлердің айналасы жым-жырт.

Алысырақ байланған сауын биелер, тай, құлындар ғана кісінесіп, тебісіп дыбыс білдіреді. Үй-үйлердің арасында жүрген жарлы-жақыбай, бала-шағалар акырын ғана сөйлеседі. Бір кездерде осында бас қосқан мәжіліс болып, жарқылдаған әзіл-күлкі айтылып, күмбірлеген домбыра тартылды деуге болмайтындей. Оның бәрі Ақбөмен бірге кеткендей, ізім-қайым жоғалған. Аяулы жарын есінен шығара алмай күйзелген Тәттімбеттің қас-қабағына қараған ауыл адамдарын да бұл шегі жоқ күйіну әбден жалықтырған.

Тетелес өскен Мұсатай мен Қысатай сыртта жүрген еді. Шешесіне тартқан ақ құба, сида екі ұл әке қайғысына ортақтасып бақса да, ойын баласы емес пе, көнілдері сәл орнына түсіп, баяғы мұнсыз тіршілікке қайта қалыптастып келе жатқан.

— Ананы қара, біреулер келе жатыр,— деді Мұсатай інісіне,— кім болды екен, ә?

Мыржық тауын айналып бері бұрылатын кедір-бұдырлы арба жолында 4-5 салт атты көрінді.

— Э-ә, білдім, бұл Алшекен ғой, таяуда осында келеді деп естімеп пе едік.

— Ия, ия, бұл сол кіслер болды. Экеме тезірек жеткізейік, қамданып отырсын.

Тәттімбеттің қабағы тас туюлі еді. Әдеттегі қызыл шырайлы дөңгелек жүзі күренітіп, үнемі үшқын шашып жаңып тұратын қоныр көздерінің аясына ауыр мұн ұялаған. Ат жалын тартып мінгелі ел-жұртының неше қайғысын көріп өссе де, адам жаңын жегідей жейтін мұндай сүмдышқ болады деп ойламаған. «Адам деген пенде екен ғой, шіркін. Әттең, әттең...» деп кеуде кере күрсінеді. Кешегі күнгі арнасынан асып жатқан шаттық, көл-көсір қуаныш мына жарық дүниенің опасыздығын андатпапты-ау.

Кос құс жастыққа шынтақтай жатқан Тәттімбет жүзінен бұл хабарға елегізігендік байқалмады.

— Е, келсін,— деді де орнынан қозғалған жоқ. Аласы үлкен кішірек көздерін қайта жұмып сәл отырды да:

— Мұсатай, әлгі Күлпан апаңа айт, қымызды дайындасын, шөлдеп келе жатқан болар. Жылқыға кісі жіберіп, бір семіз тай алдырысын,— деді де тағы да үнсіз қалды.

Алшынбай биді Тәттімбет ауыл сыртына шығып қарсы алды. Оның сонынан үлдары Мұсатай, Қысатай жәнс Исадай, ауыл адамдары бірге ілескен. Оларға жете бере Алшынбай би де, оның серіктегі де аттан түсіп келип Тәттімбеттермен қол алысты.

— Е, ерім, қалайсын?— деді Алшынбай амандықташ соң үй жаққа беттеп келе жатқанда.—«Өлгеннің сонын өлмек жоқ» деген. Сен үшін ғана келдім осы өлкеге. «Ұшарын жел, қонарын сай білер», тіршілікке дайындықсыз келген қазақтың анда-санда көнілін демдері сениң күйлерің еді, міне, бір жылдан асыпты, оны да көспінді ме құдай халқыңа. Әлде сен бойыңа дарыған өнерді жеке басыңың ғана бағы санап келіп пе ен. Ақбөпелдің бәріне қадірлі еді, бірақ осыншама күйректігінді аруақ та, адам да құптай қояр деймісің.

Тәттімбет өте сезімтал, күйрек мінезді адам болатын. Оның қуанышында да, қайғысында да қалтарыс жоқ, біржолата жан-тәнімен беріліп өлін-өшеді. Жаңа Алшынбай сәлемдескенде де жан жарасына ем болардай бір жылы сез күткен еді. Онысын елемегендей Алшынбай үрдіс кетті.

Кешке қарай Мыржық етегіндегі жасыл шалғынға қызыл ала, оюлы киіздер төселип, шәйі көрпелер салынды. Қос жастықтарды қолтықтарына басып бір жамбастаған қонақтар мен Тәттімбет қылышы әңгімелерге көшкен. Қүйші қалпында әлгіндегі шарасыздықтың бірі жоқ, қомданған лашын құстай ширығып алыпты. Би сөздері көздеген жерден дәл тиген сияқты.

— Тәттімбет,— деді Алшынбай біраз әңгімеден

соң,— алыстан келдік, аңсап келдік, өзінді ғана емес, күйінді де сағындық. Армансыз адам бар деймісің, көнілмізді бір көтерші.

Күйші сәл үнсіздіктен соң, оң жақ тізесіне қисая отырган Исатайға:

— Балам, домбыраны әкелші,— деді.

Төрт қырлы қеуделі, ұзын жіңішке мойынды, құлақ түбіне үкі тағылған домбыраның күн қақтаған жып-жылтыр жүзінен ұзақ ғұмыр кешкені байқалады. Бұл домбыраны кезінде атақты Бертіс күйші де шертті деғен сөз бар.

Тәттімбет домбыраны өз көңіл-күйіне қарай тартатын. Айнала дүние, қасындағы адамдар түгелдей ол үшін ұмытылып, ойна алған тақырып аясына барынша берілетін. Қазір де оның жіңішке қысқа саусақтары қосбасар тұсында сүрінгендей, сыңсығандай бір үнді біраз уақыт қайталады да тұрды. Әр түрлі дыбыстар қосылып «Ақбөп, Ақбөп» деғен сияқты ма, қалай өзі.

Алшынбай да, оның серіктегі де, ауыл адамдары да қалт етпей тыңдапты да қалыпты. Би өзіне тән аңғарым-паздықпен күй сырына бірден қанықты. Ақ торғын көйлегінің сыртынан қызыл барқыт қамзолы белін қынай буған Ақбөп аққудың көгілдіріндей көз тартып, меруерттей тістерін жарқылдата жымияды. Эне, ол бір тізерлей отырып, аппақ салалы саусақтарымен сырлы тостағанды қапсыра ұстап, биге имене қымыз ұсынды. Кадала қараған Алшынбай жүзінен қаймыққандай, саусақтары дірілдейтін сияқты. Тәттімбеттің, үш ұлының үстіне шыбын қондырмауға тырысатын Ақбөп тағы да елес берді көз алдына. Алыс-жақынра, елге сыйлы Ақбөпенің жүріс-тұрысы, сөзі тірі кезіндегідей бар сананы баурап алышты. Қүй кейде жарқылдалап шаттанып, артынша жарық дүниенің жалғандығын паш еткендей күйзеліп барып тынған еді.

— Ой, дүние-ай!— деп ауыр күрсінгенін Алшынбай

би өзі де байқамай қалды. Тәттімбетті ширықтырамын деп келіп, өзі күрт түскенін кеш андады.

Жұрт тым-тырыс, үндемей қалып еді. Осы бір қамқоң ілдікке амалсыз беріліп, жоқтау күй аясынан шығуға ешқайсысы дәрмен таппаған.

— Истатай,— деді бірінші болып өзін қолға алған Тәттімбет,— күй тартшы, балам, «Саржайлауды» тарт. Тәттімбет өз аулының соңғы кездердегі көңілсіз күйіне өзін кінәлы санайтын. Осы бір сүрексіз өмір ауқымынан шығып кетуге бүгінге дейін батылы жетпеп еді. Ендігі кезекте сағынып келген сыйлы қонақтарын да жабырқатуды жөн көрmedі.

Истатай — Тәттімбеттің кіші ұлы. Қабырғасы қатпаған жас бала. Алайда, «әке — балаға сыншы» дегендей, Тәттімбет күйшілік өнердің заңдар биігіне осы Истатайдың жетеріне әбден сенген.

Күй тартылды. Қаздай қаңқылдал, сұқсырдай сұңқылдаған күй. Бала күйшінің балдырған саусақтары домбыра бетінде еркін билейді. «Сарыжайлау» — сағыныш күйі, асқақ та әсем туған жерге деген, онын төсінде ойнаған ерлікті де, серілікті де қанына сіңірген өр көніл елге деген мақтаныш күйі.

Көнілді бір ерекше тәтті сезімге бөлеген әсем күй ағытыла түседі. Тонын сырт айналдыра киіп түмшалағандай, Мыржық көзін ашып қыбырлағандай — жотасындағы талдар самал желмен жай тербеледі. Кей тұстарда сарқырап аққан сан бұлақ сұы тастан-тасқа секіріп, сылқ-сылқ күліп ойнайды. Айнала тұтасқан қашөп, желекті сары қамыс. Анау алыстағы қыраттарға дейін созылған кең алқап көк жасыл шалғынға, құлпырған қызылды-жасылды гүлдерге бөккен. Аспанды орай үшқан құстар тізбегі осы өлкеде тамылжыта әндептін сайрауық туыстарының әуендеріне қосылып билегендей. Әсем тау бөктеріне иек арта қонған ақ шаңқан киіз үйлер, желіге байланған құлышндар, бал дәуренді базарлап

жүрген балалар, осынау өнірмен астасып, думандатып, күмбірлекен көсем күй...

Күй бітті, оның құдіретіне елтіген жұрт енді ғана ес жиып гуілдесіп кетті.

— О, өркенің өссін! Мың жаса! Қалай тартады, э,— деген ризалық сөздер әр түстен естіліп жатты.

Тәттімбеттің өзі де ұлына үлкен сүйіспеншілікпен қарап қойып, жай ғана арқасынан қақты.

«Балапаным»,— деп күбірледі. Көз тиуден жаман қорқатын ол, ішінен «тфә, тфә,» деп қайталай берді.

— Қадірлі қонақтарым,— деді ол әлден соң,— қымбатты Алшеке, осы ұлымның домбыра тартысынан жас кездегі өзімді көргендей болам. Ат жалын тартып мініп, ел алдында күй толғап жаңа мәлім бола бастағанымда «есейдім, ер жігіт болдым» деп шығарған «Азамат» күйін тартып берейін.

— Уа, болсын. Тарт, Тәттеке,— деп ел шуласып қоя берді.

Тәттімбет домбыра құлағын асықпай бұрап, күйіне келтірді де қос ішекті қоса қағып дауылдатып кетті. Көздерін алыс бір нүктеге қадағандай қақшиып, жаңа толыса бастаған талдырмаш денесі жирырылып, сомдалып, бар зейінімен беріле тартты. Шыққан дыбыстар үстемелеп бірінен-бірі асып, сендей соғылысып, қақтығысып қала жаздал екиндей түсті. Таудай толқындар жағалаудағы жарға келіп үрғандай, үрандап жауға шапқандай, нөпір күш жолындағының бәрін жайпап өтердей. Күйдің тұла бойында азаматтық қайрат, күш-жігерінін сипаттамасы, ерлікке, адалдыққа үндеу бар еді.

Тәттімбет күйлері ырғағы, қағысы, екпіні жағынан жалпы екі түрге бөлінетін. «Бес төре», «Алшағыр», «Азамат» сияқты екпінді, дауыл күйлер. Және «Саржайлау», «Сылқылдақ» «Былқылдақ» тәрізді ойлы, сағынышқа толы мұнды, бұлбұл назды, әсем күйлер.

Күйшінің асқақ өнеріне құлақ түріп, селт етпей тын-

даған ел ішектей созылған әлдене үзіліп кетердей шешіл не жете ойланып, қыбырсыз қалған.

Әйтсе де күй аяғына дейін осынау өр қалпында жете алмады. Жарық дүниеге деген шексіз қуаныш, бет қайтпас ержүректілік сазынан жаңылған күй кібіртіктен шаршағандай, сүйенішінен айрылғандай ауыр бір мұнға жалғасып барып біткен еді. Домбыраны қасына коя беріп:

— Ух,— деп күрсінді күйші.

Жұрт та үнсіз қалды.

Алшынбай төмендеу отырған серіктерінің бірі — ак құба, әдемі жігітке осы сәт сәл иек қағып еді, жас жігіт домбыраға қарай қол созды. Ауыл адамдары бұл қалаш Гәттімбеттен де асып, күй тартпақшы ма дегендей еле-гізи қалды. Алшынбай би қасына шешен, әнші жігіттерді көп ертіп жүретін. Осында келгеннен бері күйші көңілін енді-енді демдеп, бері қаратып келе жатқан қалпынаң айырылып қалмауға қолданған кезекті шарасы еді.

— Ауылдың алты аузын тыңдады, ал енді біз де өнер көрсетейік,— деп еді би.

— Ә-әп бәрекелді, дұрыс, дұрыс,— деген қолпаштаулар естілді.

Сырық бойлы, әдемі жігіт көп күттірмеді. Шаралы көздерімен айнала тінте қаранып, әсем жымиды да, домбыраны қағып, қағып жіберді. Әуелеген асқақ даусы шырқай қосылып, түн шымылдығын түргендей, табиғи үні айнала дүниенің қазіргі қалпымен бір үндескендей қүйқылжыды.

«Шаба алмас арғымақ ат бел кеткен сон,
Кең жайлай күлазиды ел кеткен сон.
Жастайымнан бірге өскен күрбым едін,
Ойнаймын енді кіммен сен кеткен сон.

Кекілін кескен кер атым-ай,
Жастайдан бірге өскен Бекзатым-ай,

Жанымда жүрген жайдарлым-ай,
Жаутандаған көзіңнен айналдым-ай...»

Әсем ән тымық түн пердесін сызып ағып, осы атырапты сағынышты да сылқым сазға бөледі. Бірқалыпты баяу ғана айтылған асқақ ән өзінің тамаша әуенділігімен, орындаушысының әдемі, ашық даусымен көңілдерді бір серпілтіп тастанады. Отырған елдің ық жағынан жағылған от жарығынан адамдар жүзі өрт шалғандай қыпқызыл бол көрінеді. Даланы өпкен майда самал будақтаган бүйра түтінді әрі қарай үрлеп әкетуде. Айнала көзге тұртсе көргісіз қара түнек. Сай-саланы тербетіп, айнала дүниені тебіренткен әннің құдіретіне берілген Тәттімбеттің ішкі ойы сан-сақты шарлап лап кеткен. Ән аяқталып, жүрт кеу-кеулеп кетті.

— Ой, пәлі-ай!

— Әншісіне әні сай екен!

Әнші жігіт тағы да бірнеше ән айтты.

Тәттімбет те бүгінгі кеш берекесін одан әрі байыта тусу ниетімен әсем сазды құйлер тартты.

* * *

Алшынбай, Тәттімбеттердің жолға шыққандарына әлденеше күн болған. Бағыттары — Каракесектің бір тармағы Байбөрі елі.

Тәттімбет аулынан қайтарда Алшынбай күйшіні оңашалап бір сыр айтқан еді.

— Тәттім,— деген ол жақсы көріп, жақын сырласардағы әдетіне басып,— куз түсе қуарған ағаштар көктемде қайта жапырақ жаяды. Адам өмірі де, міне, сондай. Бәрі де бір тіршілік. Элі жассын, күр қамыға беруге болмайды.

Ауыл қасындағы қырқаға шығып, еркін төгілген күн шуағына бет төсеген екеуі де бір-бірін сөзсіз түсінетін сияқты. Эсіресе, бүгін Тәттімбет көңілі өзгеше, әлем-та-

пырық. Медиен далада жалғыз қалып бара жатқандай би жүзіне жалтақ-жалтақ қарайды. Нәркес көздерінші астында ауыр мұң көлеңкесі байқалады.

«Е,— деп ойлады ішінен мырс еткен Алшынбай,— әнші, ақын, күйші дегендерің түбінде құса бол өледіғой. Қуанышқа да, күйінішке де осыншама жан-тәнімен берілер болар ма».

— Көтер басынды, Тәттімбет,— деді би,— не болды сонша үнжырғаң түсіп. Кезінде тау мен тас та жермен-жексен болып, бұлақ та тартылады. Бірақ бәрі де әлі жеткенше өмір сүрге талпынады, күреседі. Жә, жә, енді былай. Мен саған келердің алдында ана Байбөрі елінде әкесі ешкіммен бесік құда болмаған Есім атты сұлу қыз бар деп естіп, сонда барып қайтқам. Әкесімен астарлап бір-екі ауыз тіл қатыстым. Өзінді тілге тиек етіп әңгіме де айттым. Сөз түсінетін адам көрінеді. Қарсы емес раянын байқатты, тек қызының дегені боларын сездірді. Женгесі арқылы қыздан да сөз алдым. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған», атына заты сай болса, көрейік депті қыз. Ал енді жинал, Тәттімбет, мен сені апарып көрсету үшін келдім әдейі,— деп бір тоқтады Алшынбай.

Тәттімбеттің сынық жүзіне қан жүгіргендей. Алшынбаймен бірге кеткенінің өзіне, жалғыздықтан құтылғанына қуанған жайы бар.

— Эй, ерім-ай,— деп күліп жіберді Алшынбай,— қане, бұрыңғындақ қайта бір жарқылдаши.

Бұлар жолшыбай не қызық, тамашаны айта отырып, Есім қыздың аулына түске қарай жеткен еді. Ауыл адамдары қонақтарды қуана қарсы алды. Тәттімбет келе жатыр деген хабар бұл өнірге баяғыда-ақ жетсе керек. Ел қамданып, дайын отырған көрінеді. Келгендер дем алып, дәм ішіп жайлантаннан кейін жұрт Тәттімбеттің домбыра тартуын өтінген еді. Алқа-қотан жиналған елдің касына жете bere, Алшынбай ымдаған жаққа қарап еді, құлын-тайдай бір бөлек ніріліп түрған қыз-келіншек-

терге көзі түсті. Үлғи қызыл-ала шыт көйлек, қара комзол киген, бастарына ғұлді орамал байлаған келіншектердің ортасында үкілі кәмшат бөрікті екі-үш қыз түр. Солардың арасындағы ақ торғын жібек көйлекті біреуі Тәттімбет көзіне бірден басылды. Оның көзқарасы да нұрлы, бойы да сұңғақ, аппак әдемі жүзі де әсем екен. Тәттімбеттің денесі дір ете қалды. «Япирмау, мышау Ақбөпे фой». Тап соның тұрысы, көзқарасы. Бұлар қастарынан өткенде қыз-келіншектер сәл тізе бүгісіп бас шісті. Сәл бөгеліп тұрып қалған Тәттімбетке сыйыр еткен Алышынбай:

— Сол, соның дәл өзі, жүр енді,— деп үлгерді.

Куанышы қойнына сыймай, көңіліне қанат біткен Тәттімбет ел алдына шығып ізетпен сәлемдесті де, шашақтап тіккен ақ жібек көйлегінің жағасын ағытып, көк шәйі шапанының жеңін түрінді.

Кос ішек күмбірлеп, домбырадан күй төгілді. Қектемгі тау сүы құлай акқандай немесе ақ жаңбыр толассыз құйғандай, шадыман күй шалқи түсті. Ел үнсіз тыңдап, толғаныс үстінде. Кешкүрим дүниені баурап алған сиқыр күй сарынына тіршілік біткен назар тіккен тәрізді. Тәттімбет бүгін өмір жайлы қайғыра толғады. Жарық дүние неткен ыстық, не деген тамаша еді. Тау, тоғай, кең жазық дала, өзен көмкерген туған жер қандай көрікті. Достықты, махаббатты білген, шындықты сүйген адамдар неткен бақытты. Сылқым, сұнғыла, серпер күйлерді сарынына сай ойға шомып үйып тыңдаған ел.

Тұла бойы шалқар шабытқа толып, екі иығын қомдаған Тәттімбет дәл қазір қызылға желіккен қыранға ұксайды. Оның көңіл күйін Алышынбай ғана ұғып отыр. Бидің есіне бірер жыл бұрын бүркіт ұстағаны түсіп ішінен мырс етіп күлді.

Алышынбай серіктерімен неше күн жүрін, Қарқараның ұшар басына ұялаған бүркіттің, әйтеуір, қапысын тапқан. Әдетте әбден есейіп, тіршілік қызығына құныққан

қыранның қолға көндігүі қын. Тұсалғанына қүйінген болар, бірнеше күн нәр сызбай жатып алды. Алшынбай да оның құс боларынан күдер үзген.

Қектем лебі сезіле бастаған кез еді. Бір күні қаз-қатар тізілген құстар тізбегі өте бастады. Қаз-үйректер қаңқылдаپ, тырналар тыраулады. Айнала құстар әніне бөленді. Қабырғасы ырсып, шөкімдей болып басын сұлық тастаған қыран осы сәт қыбырлап қозғалды. Тұмсығын көтеріп, аспанға жалтақ-жалтақ қарады да, орнынан серпіліп тұрып, алдындағы қызылға бас қойды. Қыранның тіршілікке деген құштарлығы қайта туши, өмірге деген сүйіспеншілік оты бұрынғыдан да өрши түскендей еді.

Сол секілді Тәттімбет те бүгін домбыраны жана құлшыныс, соны сезіммен шертті. Оның «Қосбасар», «Сарыжайлай», «Сылқылдақ», «Салқоныр», «Сарыөзек», «Көш жанаған» күйлеріне деген жұрт ризашылығында шек болмады.

Осы жолы Алшынбай би Байбөріге құда түсіп, Есім қызды Тәттімбетке қосты. Бұл 1854 жылдың жазы еді. Есім Мұсатаймен жасты, он алтыда болатын. Тәттімбетке аяулы жар, балаларына мейірімді ана болғаны үшін ол Есім бәйбіше атанып, ел құрметіне бөленді.

ЖАУЫН АЛДЫНДА

Мойка жағалауындағы мейманхана үйінің іші бүгін тым-тырыс. Москваға поезден барып, патшаның тәж кио салтанатына қатысқан қазақ өкілдері неше түрлі қызықпен жүріп, шаршағанын кейін бір-ақ білген.

Бұларды Халил халфе келіп оятқан еді. Күн құрық бойы көтеріліп қалыпты. Қектемгі қысқа күнде бұл әжептәуір уақыт. Жирен сақал-мұртты, сары жүзді Халил, обалы нешік, осы жолы «игі жақсыларға» тәп-тәуір қыз-

мет етті. Орысша тіл біліп, елмен танысуға, өздері көрген екі шаһардың ғажайып ғимараттарының тарихын білуге көп көмектесті. Халилдің елпілдектігіне шексіз риза болған сұltандар мен билер оның кейбір ұсақ мінездерін ескермеуге тырысатын.

Мейманхананың кең залында Халилдің басқаруымен орыстың екі жас әйелі түрлі тағамдарды жерге жасап жүр. Мұнда алғаш келген бетте-ақ қазақ өкілдері қаздиган орындықтарды сыртқа шығарып тастаған. Жағалай төсөлген көрпе үстеріне қос жастықтарды қолтығына тірек малдас құрған оларға әйелдер таңдана қарайды. Үріп ауызға салғандай сұлу келіншектердің пайымдауынша, шығыс адамдарының киімдерінде, салт-дәстүрінде, тіні шамадан тыс ет жесістерінде өзіндік өрнек, әсемдік жаткан тәрізді. Әрқайсысында табиғи тәкаппарлық, өрлік байқалады.

Конақтар да дәм үстіндегі өзара әңгіме кезінде сылқым сұлуларға арадік сұқтана қарайды. Қоңылдері бұзылып, ләzzаттың құшағын аңсағандай болғанымен үнде мейді, келесі кеңес, тағылымды әңгімелерінен аспайды. Бір-біріне барлай қарап, сыннан сурінбей өтуді ғана көздейтін сияқты.

Әлгіден бері қипақтап «тамақ сұып қалды» деп асықтырып жүрген Халил төменгі жақта тізерлеп отыр еді. Келесі бір әңгіме түйінделіп біткен кезде тамағын кенеп, сөз айтар ыңғайын танытып еді, бәрі де соған қарай бұрылды.

— Ұа, ағалар,— деді халфе татар мақамымен.— Гасфорттан хабар келді, тұс ауа Эрмитаж театрында Сіздерді патша ағзаммен бірге отырып ойын-сауық көруге шақырыпты. Театр сахнасында басқа түрлі ел-жүрт өнерпаздарымен бірге қазақ даласынан келген Дәulet-керей мен Тәттімбет те өнер көрсетуге сайланып келсін депті.

— Ойпырмай, ә?

— Оу, жарқынам, мұны бағанадан бері неге айтпай отырсың?

— Сіздерді ауқаттанып алсын деп едім,— деді халфе.

— Е, бізге ас батпайды деген ғой,— деді мұртынаң күлген Шорманның Мұсасы.

— Дегенмен, бұл жақсылық,— бір көрмеге ебедейсіз көрінетін толық денелі Шыңғыс (Үәлиханов) Ақмола дуанының аға сұлтаны Ыбырайдан кейін отырған Тәттімбетке мойын бұрды,— Тәттімұхамбет, ал, жаным, ел намысын қорғайтын кезің келді.

— Элгі Мендікереидің домбырашысынан асып түсші осы жолы,— деп қалды Ыбырай.

— Жоқ, шырағым,— деді бұл сөзді жақтырмаган Мұса Тәттімбетке қараң,— Даулеткереиден аспай-ак кой, тен түссен де болады. Тек сырт елге біздің де аяулы салт-дәстүріміз, ұшқыр сезім-түйсігіміз бар іргелі ел екенімізді сөздіре біл.

Баянауыл дуанының аға сұлтаны көп жыл бойы ел басқарып, он-солын жақсы таныпты. Эр нәрсені айыра білер қасиет ана сүтімен де дарығаны мәлім еді. Шоқаның да жүріс-тұрысы, мінезі нағашысына тартқан дейтін жұрт. Болса-болар, әйтсе де Шоқан шешесі Зейнептің көз тартар көркін, өнегелілігін сый етіп алғаны көрер көзге көрініп-ак тұр.

— Тәттімұхамбет.— деді Шыңғыс өнерлі жігітті бүгін тумысында екі рет толық атымен атап,— домбыраңды алдыртшы, тыңдайық, қай күйді тартарынды белгілейік.

Шыңғыстың бұл ұсынысы куаныш үстіндегі аңгалдық еді, әйтпесе, Тәттімбет күйлерін олар Петерборга келер жол бойы талай тыңдал, әр күйге баға беріп болған.

— Тәттімбет күйлерін білеміз ғой,— деді Мұса,— қазір тарттырмай-ак қоянық, «Сылқылдақты», «Косбасарды» шертсес болды. Көп күйдің мәні болмайды. Патша да оңай адам емес, құр лагып кетне.

— Ағалар,— деді майысып сөйлеп Халил,— Эрмитаж
да дейін таяқ тастам жер, жаяу жүріп көрсек деп едім.
— Е, болсын,— десті жұрт.

* * *

Жинақы, әсем киінген қазақ өкілдері Мойканың гра-
ният жағалауымен жоғары өрлең келеді. Ұзын, сидалау
Мұса анда-санда озыңқырап кетіп аялдайды. Жасы, қыз-
меті кішілер елдің соңын ала жүргүгө дағдыланған. Тек
бәрінің еркесі Халил ғана сұлтандармен қатарласа жү-
ріп, жол көрсетіп келеді. Күн қақты қара домбырасын
қолына ұстаған Тәттімбет де үлкендердің алдына шық-
пай ізет білдіріп, айналасына аңтарыла қарайды.

Эрмитаж іші естен кетпестей ғажайып екен. Мәрмәр-
ден жасалған қабырғалар аспалы сары алтын шамдардан
түскен сәулелер сан құбылады. Ұзын, кең залға төсеп
тастаған қызыл ала кілемдерді басуға адамның дәті
бармайтын.

Бірнеше есіктерден өткен қазақ өкілдері жұртшылық
жиналған кең залға келіп, көрсетілген орындарға жай-
гасты. Әлден соң барып оң жақтағы арнайы бөлінген
орынға патша жанындағыларымен келіп отырды. Оларды
залдағылардың бәрі де орнынан тұрып қарсы алды. Ұзын
бойлы, әдемі патша жүзінен парасаттылық, ойлылық
аңғарылады. Қасындағы бірі залға қол сілтеп «отырын-
дар» дегендей белгі берді. Залдан Дәулеткерей мен Тәт-
тімбетті, тағы басқа да өнерпаздарын сахна сыртына
шақырып алып кетті.

Содан бастап қазақ өкілдерінен маза кетті. 20—30
әйел мен ерекек қосылып салған ән, адамның жанын жей-
тін музикалық аспаптардың дырылдаш шырылдаған ды-
бысы оларды қарап отырып шаршатты. Әр елдің сайқы-
мазағы, жер тепкілеп секіріп билегені тіпті бас қатырды.
Кезекті ән мен биден кейін елдің бәрі патша жаққа
ұрлана көз тастайтынды шығарды. Өйткені, әр ел

өкілдерінің бәйгеге коскан өнерпазына патшаның берер бағасы өте әділ де қадірлі сияқты көрінді. Олардың біріне де әлі патшаның ризалық ілтипаты байқалмады.

Жанкүйерлерін жалықтырып барып сахнаға Дәuletкерей шықты. Мендікереイ Бекейханов жағы қатты қуанып, сібірлік қазақ сұлтандарына жүрек лүпілдерін жасыра алмай қарап еді. Шығыс, Мұса, Ыбырайлар да қуашыншқа ортақ пейілдерін білдірді.

Шығай ханның ұлы Дәuletкерей бурыл сақалы беліне түскен ұзын бойлы, кең иықты адам еді. Қөшілік жүртқа оны Шығай ханның бел баласы деп таныстырғанда зал таңырқап, қозғалактап қалды.

Кең ақ жібек көйлек киген батыр пішіндес күйші бейнесі келісті-ақ. Отты көздерінің нұры жарқ-жарқ етеді. Тұған аулының төрінде отырғандай еркін. Салалы қолдарын ұшар алдындағы сұңқар қанаты сияқты қомдапты.

Ол өзінің «Желдірме», «Ысқырма» күйлерін тартты. Бұл шығармалар — Дәuletкерей ой дүниесінің кемел туындылары. Бірінің-бірі жалғасы іспеттес бұл күйлер жігерлілікті, еркөнлілікті дәріптейді. Майда ескен желдің, ауыздығымен алысқан жүйріктің суретін көз алдыңа әкеледі. Арындаған арғымақ үстіндегі жігіт тағдырының дауылын да, дүниенің жалғандығын да көзге ілмейді. Оның өмірі де, көнілі де жарқын, ол жабырқау дегенді білмек емес.

Күй аяқтала бере көптің көзі патша жаққа ауған еді. Ол екі қолын кеуде тұсына көтерді, алақандарын бір-екі соқты.

— Я, сәт,— Мұсаның даусы сәл шығып кетті. Шыңғыстың да көнілі елжіреп, көзіне жас үйірілгендей болды. Олар жеңіске жеткендерін айқын түсініп, Тәттімбетті ұмытып та кеткен еді.

— Ұлы патша ағзам, мәртебелі меймандар! Сіздердің алдарыңызда Шығыс халықтарының өкілі Тәттімбет Ка-

занғапұлы өнер көрсетеді,— деген хабарлаушының сөзі оларды қайта елең еткізді.

Тәттімбеттің кемеліне әбден келген дер шағы еді. «Сылқылдақ» күйі оның жан-тәнімен сүйіп орындайтын ең асқақ күйі болатын. Әрбір дыбысты сыңғырлатып таза шығаратын күйші шеберлігі мен «Сылқылдақтағы» шынайы өмір суреті, шексіз сұлу дүние, ыстық сүйіспен-шілік сезім үсті-үстіне раҳман жаңбырындаі құйды дерсін. Тіп-тік әдемі жартас, әсем бұлак, тұлпарлар тұяғы дүбірлеткен дала домбыра қеудесінен күмбірлеп шығып, сахна төріне жайылап бара жатқан тәрізді.

Күйші іле-шала «Қосбасарды» тартты. Адамдардың жүрек қылын дәл басатын сұқсырдай сұнқылдаған серпер күй мамыра-жай, шат көнілді паш етеді. Мұнда музика әлемінің теңдесі жоқ ғажайып өрнегі бар. Бір қалыпты, сәнмен жалғасқан әсем дыбыстар қоңыр үнмен сойлеп тұр. Раушан дүние, кәусар бұлак, керімсал ауа, бал сезім бәрі — осында.

Музика тәмам болғаннан кейін де ел қыбырсыз отырып қалған еді. Бір уақ бәрі де үйымдақсандаі ду қол шапалақтаپ жіберді. Патша жаққа ешкім де бұрылып қараған жоқ. Өнер саңлағының озып шыққаны даусыз еді.

Дәүлеткерей мен Тәттімбетке патша өз қолымен күміс медальон тапсырды.

* * *

Тәттімбет Петербордан көнілді оралды. Жер, ел көріп, Россия мемлекетінің ғаламаттылығын байқап, басы айналды. Эйткенмен, көнілінде бір түйткіл бар. Іргелес жаткан ел көшпендейлердің қиялына да енбеген осындаі зәулім шаһарларды тұрғызып, ғылым жетістіктерін игілікке жаратып жатқанда, неше ғасыр бойы қазақ елінің білім, ғылым дегеннен макрұм қалып, боталаған түйедей өмір бойы қыр қезіп, қаңғырып кеткені неси.

Омбыда кездескенде ол осы ойларын Шоқанға ептеп сөздірген еді. Шоқаннан зор үміт күткен Тәттімбет оның ойының терендігіне, зейінділігіне ден қоятын.

Жас жігітке деген ыстық ықыласын сездіре отырып, біздің болашағымыз қандай болады деген сұрауын да білдірген еді.

— Россиямен қосылғанымызға,— деді Шоқан,— 124 жылдай болыпты. Озық мәдениеттен мыскалдай бұйырып келе жатқаны болмаса, өркендергеніміз шамалы. Орыс ұлықтары өте саясатшыл, олар көбінесе аңғал халықты бір-бірімен шайнастырып қойып, түсер пайдасын ғана ойлап келеді. Олар өз халқына да осы саясатты қолданып отыр. Ал біздің қыр елі болашағын, игілігін ойлау түгілі, кейбір тиімді ұсыныстардан да бас тартып жүр. Мәселен, түу баста ауруы жұратындағы орыспен жақындаудан ат-тонымызды ала қаштық емес пе. Әлі күнге дейін сол. Дегенмен, қараңғы, кемтар халқымызға несіне өкпелейміз. Казіргі бірден-бір жол оларды оқыту керек, білімінің, мәдениетінің қажеттігін санасына қуюмыз керек. Россиядағы озық ойлы адамдар Александр Екінші патшаның таққа келуіне зор үміт артып отыр.

— Мен не біледі дейсің, Шоқанжан. Эйтсе де, қарапайым жүртқа бүйрегі бүратындағы патша бола қояр мәкен.

— Тәттеке, ол да белгілі. Сонда да тарих алға басқан сайын халықтардың да санасы, мейлі мыскалдап болсын, ояна түседі. Оянган халық өз бостандығы, елдігі үшін ештеңеден тайынбайды. Байқап отырсыз ба, Тәттеке, еліміз енді-енді оны мен солын айырады. Білімді адамдар шығады. Сонда біз ешкімнің тәлкегіне көнбейміз.

— Лайым солай болсын,— деді Тәттімбет Шоқанның жігерлі сөздерін үлкен медет тұтып. Ол Шоқан бейнесіне күмарта қарайды. Шаралы нәркес кара көздерінен шуак төгілген сұлу жігіт бойынан кеменгерлік сезіледі, бар мінез-құлышынан, іс-әрекетінен елі үшін туған ұл екендігі

көрініп тұр. «Мандайымызға сияр дейсің бе», — деп күбірледі ішінен Тәттімбет.

Әйнекке тырс-тырс тамған жаңбыр тамшылары ойын бөлді. Терезе алдына барып тұрған Шоқан жарқылдаң күліп:

— Тәттеке, жауын басталып келеді, — деді. Балаша қуанған түрі бар.

Ақ маңдайлы, күндей күлген аяулы бейнеге қайта көз тоқтатқан Тәттімбет «О, жарығым» деп еді үнсіз.

САРЫ ҚАМЫС

Кия жартастар төмендегі кең жазыққа оқшырайып қарап қалған тәрізді. Сан түрлі кейіптегі тастанға қына өскен, кейбірін жылтыратып су шайған. Талай ғасырдың күәсы, ескінің көзі екенін сөзсіз-ақ баяндап тұрғандай. Еңсөлі қияның етек жақтарында тастанғы ара-ара-сынан күмістей жалтылдаған су мөлт-мөлт ағады. Шашыранды тастанды қуалаған су бір арнаға ағып, жазықтағы сары қамыстың арасына сіңіп жатыр. Арасынан аттылы кісі көрінбейтін, тау бөктерін әлеміштеген алтын шашақты сары қамыс. Осы арада талай қызықты балалық шақ, мөлдір махаббат мекендеп, естен көтпестей естеліктер қалған. Сары қамыс та бастан өткерген хикаяларын жыр еткендей ақырын сыйдырга көшкен.

Сары қамысқа қатысты әңгіме ел арасында да жетің артылады. Қоңе көз қариялар өткен өмірлерінің тәтті шағын сағынып осында келеді. Асық ойнаған, алтыбақан теуіп ән салған, құрбымен сырласқан сәттерін ойдан өткөреді. «Пау, дүние-ай», — деп терең күрсінеді.

Тәттімбет те көңіл хошын аңсаған кездерде сары қамысқа бір барып қайтады. Бүгін де сол домбырасын қолына ұстап, иен түзде шабдар атты сылбыр аяңдатып сары қамысқа жеткен еді.

Қариялардың айтуына қарағанда, сары қамыс жарап-ғаннан бері қисапсыз ғасырлар өткен. Ерте дүние тұңғынынан қамыс — небір тарихтың сарабдал куәсы, шертіле ағеділ сыр қайнары.

Самал желпіген сары қамыс шашақтарын желпиді. Сыбырлап қана сұлу сыр түйінін ағытып жатдандай.

Сонау бір кездердей сары қамыс ормандай тұтасын, тау араларын алып жатыпты. Осы өнірді уысында қалтыратқан ханның жалғыз қызы болса керек. Қыз аккудың көгілдіріндегі сұлу, сымбатты да нәзік, шаралы көздері шоқтай ыстық сезімге толы, қылықты жан екен.

Қыз он беске келгенде кұда тұсушілер көп болыпты. Ерке сұлу ешқайсысына да көнбепті. Хан да жалғызымынан дегені болады деуден танбаған екен. Әміршінің мыңғырған қойын бағушы жетім жігіт те атпалдай азамат болып өсіпті. Шынардай тіп-тік тұлғасы, шырайлы жүзі қызы көзіне түсіп, ақыры екеуі көніл қосса керек. Бір кундері елден қашып шығып, сары қамысты сағалапты. Хан қаһарына мініп, бар жұртын сары қамысқа жауыпты, бірақ таба алмапты.

Кос ғашық қамысты панарап, көзден таса жыл бойы жүріпти. Ойыны-ойын, күлкісі-күлкі болып, бір-біріне құмары қанбаған екен. Қамыс ішін жайлаган құстарды, құс жұмыртқасын талшық етіпти.

Қолдан келер қайран болмай, сабасына тұскен хан: «Құнәларын кештім, келсін, қолда бар малға, дүниеге ие болсын, мен картайдым, елге әмірлік етсін», — деп хабар салған екен дейді.

«Шын сүйіспеншіліктен асқан бақыт жоқ. Алтын, күміс бізге керек емес, әмірліктің де қажеті шамалы, сағышынышыздың сары желегі — сары қамыстың төңірегінде ғұмыр кешсек болады», — депті қос ғашық.

Мыржық биігі баурайындағы қонжық тастың біріне жайласқан Тәттімбет етек жаққа емірене қарайды. Сезімтал көңілмен сан сурет көріп отырғандай...

...Күзгі шақ. Көкөрім даланың көрні енді-енді қуарып, сұрғылт тарта бастаған. Сары қамыстың сәні сол қалпы Қыстакқа жаңа көшіп келіп, шаруа қамымен жүрген әкесі Қазанғап пен анасы Қалайыда тыным жоқ. Байлық, бекзаттық қандарына сінгенімен, екеуі де еңбекқор.

Сауық-сайранмен жүрген он-он бес сері қыз-жігіт келе қалды. Астарында өңкей жүйрік. Тобықты елінің тойдан қайтқан жастары екен. Қосылып ән шырқап келді.

«Есігіңің алдына су төгіп қой, қыздар-ай,
Әкең тайып жығылсын меші куса, қыздар-ай,
Ей, қыздар-ай,
Катарымсың, теңімсің,
Ендігісін айтпаймын,
Ішің білсін әлу-ай».

Ат белін сұтып, бүгін осында демалмақшы болған жастарға қой сойылып, сый-сияпат көрсетілді.

Құттымбет отауындағы сауыққойларға ауыл жігіттері мен қыз-келіншектері келіп қосылды. Түрлі ойын, ән-куй, айтыс гулеп, жұртты қызыққа бөледі де таstadtы.

Қонақтардың арасында, әсіресе, Шырын деген сұлу қыз көпшілік көнілін баурап алды. Эдемі қоңыр шырайы, қой көзі мөлдіреп, ән салғанда әуезді даусы адам жанын елжіретеді екен.

Түнге қарай бәрі «Ақсүйек» ойнауға шықты. Айсыз қаранды түнде сүйек іздегенсіп, ғашықтардың оңаша қауышуы үшін ойлап табылған сияқты ойынды қыз-бозба-ла ежелден жақсы көреді. Бүгін де аксүйек іздел жүргендер ептең бірін-бірі тауып, жұптаса бастаған. Тәттімбет ойында Шырын ғана. Жігіт жүрегіне тосын қуаныш үялатқан бүлдіршін қыз да мұны ансардай көрінген. Тәрт-бес түп ши арасына жете бере екеуі жүздесе кетті. Тәттімбет Шырынның қолынан ұстаған бетте сары қамыс қалыңына қарай тартқан еді, қыз көнбеді.

— Күйші бала,— деді Шырын сықылықтап, екеуі

оңаша қамыс ішіне кіргеннен кейін,— не болды соңшамы біреудің құсына түсіп, жігітім ұрын келіп те кеткен.

— Шырынжан, жалғанда сенен артық жан керек етілес ем. Нұрлы көзіңе, тәтті сөзіңе інкәр болдым, Шырынжан...

Тәттімбет құшағына жай ғана икемдеп еді, қыз құлап берді. Ыстық сүйіс, ләззатты құшақ табысып, жасөспірім жігіт тұңғыш рет әйел құшағының рақатын көрді. Тан сіберлеп ата бере ғана олар амалсыз ажырасты.

Кейін Шырын үзатылыпты дегенде, Тәттімбет сары қамыстың ішінде бір күн кезген. Біршама жасқа келіп, тоқтасқан кезде де Шырының «куйші бала» деген әуезли үні ой дүниесін қайта-қайта жалт қарататын. Сан сагы ныштың желеуі болған қайран сары қамыс.

...Тәттімбет күй шертті. Майда, әуезді әуен тербеліп, күй болып толқыды. Сағынышты сыр, құнбақ-құшақ күлкі, шалқыран ән-күй, ғашықтардың оңаша табысуы әнгі мебүкен болған ағытылды.

ШЫРҒАЛАҢ

Тәттімбет бүгін тағы да атқа қонды. Есім түскелі бері көнілі хош күйші арадік жер-жерді аралап, кейбір ауылдарға соғатын болған.

Күйшінің соңғы кездегі кәсібі тау қойнауларын кезіп тас жинайды. Неше түрлі тастарды коржынға салып әкеleліп, тізіп қойып қарап отырғаны. Жез араласқан сары, кұрамында темір бар құңгірт, әк бар боз кейде алтын, күміс бөкендей ақ сары, аппақ жалт-жұлт еткен түйірлер, аспандай кегілдір, сиядай көк жасыл жақұт тәріздес жартыкештер кездеседі. Ол көп түрлерін баяғыдан бері біледі.

Сонау 30-жылдары осы өлкені онды-солды кезген Степан Иванович Попов деген орыс жігітімен дос болған

еді. Кен көздерін іздеумен айналысып жүрген Попов ак-
коціл, адал Тәттімбеттің кейін көмегі тиерін де алдын ала
болжаған. Үнемі күн қақтаған қызыл шырайлы, өнді бай-
косташі жігіттен Тәттімбет те көп нәрсөні жалыкпай үй-
реңген. 40-жылдары кен зерттеуші Ку тауының айнала-
сындағы ұзындығы 300 шақырымдай жерде 17 кен орнын
ашип, төңіректегі елден жұмысшы жалдады.

1844 жылы Попов кен айыру заводын салмақшы бол-
ғанда, Омбы әкімдері арқылы да айтқызып, завод салуға
Тәттімбеттің көмектесуін өзі де өтінген.

Тәттімбет бұл құрылышқа ынтамен белсенді араласты.
Нұрбике Шашшар елінің кедей азаматтарын түгелдей
жауып, жаңа істің асеріне зер салды. Ку тауларының
оңтүстік-шығысындағы Түндік өзенінің аңгарына, Жел-
кара, Босаға деген екі төбенің қапталына завод сол жаз-
да-ақ салынып бітті. Бұл бір тогайлы өсімдікті көз тар-
тар түс еді.

Томск губерниясынан шыққан Поповтар фамилиясы
казақ даласында жүз жылдан белгілі еді. Эр уақытта
Поповтар бұл өлкеде 6 заводка, 42 мыс руднингіне, 27 кө-
мір коймасына және 121 әр түсті металл көздеріне иелік
етті. Дала койнауларының байлығын олар жақсы біле-
тін. Эйткепмен, басында олар катты үміттенген алтын
көлі табылмады.

Арып, ашудан, аш-жалаңаштықтан арыла алмаған ке-
дійлер жаңа завод салынып біткенин кейін осында ағы-
лып келіп жатты. Жұмысқа сұранушылардың көптігі ең-
бекақының да төмендеуіне жағдай жасайтын еді. Бірак,
Попов жергілікті елмен де жақсы қарым-қатынаста бо-
луды көздейтін.

Жұмысшыларға акы бірсыдырығы жақсы төленгені-
мен, бейнеттерінің де онай емес екендігін Тәттімбет жақ-
сы біледі. Әсіресе, көкжөтел мен көкірек ауруларын қоз-
дыратын, қан түйіршіктерін закымдайтын кен шандары

мен газдарына қарсы еш шара жоқ, күшті тамақ жетіс-пейді.

Сол себепті де, Тәттімбет соңғы кездерде соны тірлік қамына аянбай кіріскең. Оның ендігі ойы өз алдына кен зерттеу тобын құру, ыңғайы келсе завод ашу, сөйтіп жоқжітіктің жағдайын жасау еді. Бұл ойының іске асуы ел адамдары санасының өсуіне, мәдениеттің өркендеуіне көмектеседі деп ойлады Тәттімбет.

Ол 1856 жылы финанс министрінің атына өтініш жазып, кен зерттеу, өндіру істерімен айналысуға рұқсат сұраған еді. Ақыры, биылғы 1857 жылдың 28 февралінде Алтай тау-кен заводтарының бастығы алтын өндіру ісімен айналысу үшін Тәттімбетке рұқсат куәлігін беруге шешім қабылдайды.

* * *

Завод «қалашығы» көзге алыстан-ақ көрініп тұр. Бұл Желқара, Босағадағы Благодатно-Степановск аталып кеткен завод. Ұзыннан-ұзақ салынған завод үйі, тастан қаланған жатақ лашықтары, жыртық-тесік киіз үйлер осы өнірдің көрікті көрінісіне жұпның кейіп беріп тұр. Ауыл шетіне жақындағанда қолқаны қабатын коңырысқиңіс завод үйінің қасына жете бере тіпті күшіне тұсті. «Апымай-ә, пәледен ел қалай дем алып жүр» деп ойлады ішінен.

Мұнтаздай таза киінген қызыл шырайлы, өнді Попов бүгін өте көнілді екен. Тәттімбетті сонадайдан танып, құшағын айқара ашып есі шықты.

— О, кого вижу, Тэттеке, ассалаумағалейкум.

— Уағалайкумассалам, Степан, хал қалай, мал-бас аман ба?

— Е, бәрі де жақсы, құдай деп жүріп жатырмыз. Анау Вознесенск руднігінен салмағы 52,5 пұт болатын тұтас мыс әкелініпті, соны көрейін деп арнайы келіп едім, мұндай ғажайыпты бірінші көруім. Жүр, көрсетейін.

Бұлар таяу тұрған арба жаңына келді. Үстіндегі кепті сыйрып жатқан Попов:

— Көз тимесін деп жаптырып койдым,— деді ыржып.

Ұзынша қызыл мыс қоспасыз таза сияқты, көз жауын алардай әдемі екен.

— Бұл,— деді Попов,— менің ата-бабаларым неше жыл осы кәсіппен айналысқанда кездесеген нәрсе. Егер кең құрамын танитынам рас болса, мынау еш қоспасыз жүз процент таза мыс.

Мынадай жер байлығына Тәттімбет те таң қалды, іштей күйзелді. «Қайран дүние, неше гасыр бойы табанымыздың астында жатқан ырысты сезбедік-ау. Енді, міне, сырт елге. әлдекімнің ризығы болып кетіп барады». Ол мысты алақанымен аялай сипады.

Поповтың Вознесенск руднігі дегені Қалмақтас аңғары. Ол Тәттімбет ауылы көшіп-конып жүретін Дегелек тауларының онтүстік-шығыс жағындағы «таяқ тасғам» жер.

— Ия, ғажап екен,— деді Тәттімбет,— ол жерден бұдан да үлкен тұтас мыс табылар әлі. Мүмкін сол жер астын тұтастай алып жатқан байтақ мыс табылар.

— Тәттеке, сабыр етіңіз, әсерге тым беріліп кеттіңіз. Эрбір элементтің пайда болуы тәрізді, мыстың да түзілу заңдылығы бар. Алдыңыздағы мыс формасының ауқымынан үлкен мыс енді кездесуі мүмкін емес. Ол табиғат заңдылығына қайшы келеді.

— Апыр-ай, ә, соның бәрін қайдан біле бересіңдер.

— Е, іштен туа біледі дейсің бе, оқып, зерттеп білдік те. Эр заманда әр түрлі ғалымдар шығып, анықтап-білгендерін жазып кетеді. Солардың бәрі жиылдып ғылым атанады. Мәселен, Петерборда 1774 жылдың 28 июнінде ұлы Михайло Ломоносовтың ұсынысымен тау-кен институты ашылды. Институт корпустарының бірінде «Тау-кен музейі» бар. Онда Россия көлемінде табылған барлық

минералдар мен металл түрлері жиналып, оларға аныкта ма берілген. «Мына медузаны,— деді ол тұтас мысты көрсетіп,— е, медуза деген балықтың түрі ғой, соған үксайтын болған соң айтып тұрмын. Петербордағы әлгі музейге сыйламақшымын. Онда «Қарқаралы округіндегі Вознесенск руднігінен 1857 жылы табылды» деп жазылады. Міне, көрдің бе, Тәттеке, бұл ешқашан өлмейтін мыс.

— Ия, бұл қасиетті мыс қой.

Тәттімбет енді өз келген шаруасын баяндады. Генерал-губернатор Г. Х. Гасфорт арқылы патша ағзамнан рұқсат алғанын, алтын көздерін іздейтінін айтып ақыл-кенес беруін сұрады.

— Тәттеке, осы өңірден алтын іздең шарламаған жеріміз жоқ. Менің байлығым жетіп артылады, өзің білесің ғой. Алтын болса, сенен қызғанам ба. Ақылымды тыңдасан, алдымен мыс руднігін ашып, оны айырып алатын завод сал. Бұл бір себептен тәжірибе жинақтауыңа жақсы болады, ал алтынды осы іс барысында іздей бер.

— Өзімнің де ойым сол, Степан.

— Тәттеке, келіп қалған екенсін, қадірлі қонағым бол. Өзінді елдің бәрінен де артық көрем. Жаның таза жансың сен.

— Жұмысшылардың жағдайы қалай? Бірі көрінбейді, зауыт ішін көрсетпедің ғой.

— Қазір қайтесін, Тәттеке, руднігінді аша берсейші әуелі. Жұмысшылар түскі үзіліске шығатын уақыт та таяу.

Шамалыдан соң заводтан шыққан жұрт үйді-үйіне тарай бастады. Ұсқындары жаман. Бәрі де сүр кенептен киім киген, кір-кожалак, арып-ашыған. Жұдеу өндереі көгілдір тартқан.

Тәттімбет көнілі күрт түсті. Не басқа сүйенері, не малы жоқ мына бейшаралардың хал-жағдайына жаны ашыды. Сүренсіз тұрмысына қалай көмектесерін білмеді.

Осындағы ағайын-жұртының, құрбы-құрдастарының көңілін көтерем деп домбырасын да ала шығып еді. Енді қайтпек?

— Тоқтандар,— деп айқайлады Попов кетіп бара жатқандарға. Аналар тоқтай қалды, түр десе тұрып, жат десе жататын мінезге қалыптасқандықтары байқала-ды.— Ортамызға бүгін Тәттімбет келді. Бір сағаттай артық үзіліс берем. Тәттекенең өнерін қызыктайық.— Ол сұры қашып тұрған Тәттімбетке бұрылып ақырын сөйле-ді.— Тәттеке, ренжіме. Қолдан келгенше олардың жағ-дайын жөндеуге уәде етемін.

Тәттімбет күй тартты. «Қайғыменен қан жұткан қай-ран елім. Хал-қадарыңды көріп қайта қамығам. Құдай берген жанды қайсыңа бөліп берейін. Қімге нәпака болып жарытар ол». Күй гөй-гөйлеп жылап, ақыры аттан-дап айқасқа шыққандай болды.

Күй бітісімен Нұрбике-Шаншар елінің адамдары Тәттімбетке келіп сәлемдесті. Ел-жұрттың амандығын сұрады.

— Бірің де калмай елге кайтындар, тап бүгін,— деді Тәттімбет амандықтан соң,— сойыс, сауын малдарынды езім беремін. Басқа айтарым жок, тап бүгін қайтындар!

Тәттімбет Поповқа бұрылып қарамастан атына мініп, шоқыта жөнелді. Жүрегі шаншып ауырып барады. Ас-тындағы шабдар еркінсіп, көсіле шапты. Тәттімбет те ат басын тартқан жок. Көп жыл бойы бірге жүрген Попов көз алдына құбыжық болып елестеді. Қөгілдір тауларды, көккасқа бұлақтарды ластаған арамзадай көрінді. Ел-жұрттың езгіге салып, ар-намысты аяққа басқандай сезін-ді. Не істесе болады, ә? Жер қойнауын актарып кен тауып, зауыт орнатқандағы жарылқағаным сол ма, елім-ді топырақ пен газға тұншыктырып. Апрай, сонда не іstemек, тығырықташ шығар жол қайсы?

ҚАЙРАН, ДҮНИЕ

Басы шыңылдаپ, көзі қарауытып, көңілі тұманданып кете берді. Белгісіз бір күш уысына алып, шенгелден бұлтартпай ұстап алғандай, әупірімдеп әзер жүр. Ұл не пәле болды екен. Ел де сан-сакқа жүгіртіп, көңіліне же-беу болғысы келеді. «Қаның азайған болар, тәттіні көбірек же» десе, тағы бірі «көп ойдан да осындай болады» дейді. Тәуітерді де жағалап қайтты. Әрқайсысы әр түрлі ем-дом жасаған болады. Бәрінің де айтқанын істеп бақкан. Жазылар түрі жок.

Осындай беймаза күндердің бірінде Алшекең келе қалмасы бар ма. Қасындағы төрт-бес сері жігіттерімен аяқ астынан сау ете түскен Алшынбай Тәттімбетке жа-нын сауықтырар шипалық дәру сияқты көрінді.

Атақты бидің күйшіден үлкендігі бар. Екі иығына екі кісі мінгендей, бойы ортадан биік, өткір көзді қараторы адам болатын. Сәлем берген Тәттімбетпен құшақ жая амандасты. Есім де Алшекене қол ұшын беріп, басын иді.

— Соңғы күндері қансонар болып, аң қуып журміз. Біраз олжамыз бар. Тәттімбетке арлан қасқыр, келін-жанға әдемі тұлкі әкелдік,— деді Алшынбай.

— Ойпымай, қайтетін едіңіз,— Тәттімбет би көңілі-не шексіз риза болды. Қөңілі қанаттанып, ағайынның ақ ниетін алғаш көргендей сезінді.

— Қалай, Тәттімбет, аңға шығып жүрсің бе?

— Қайдан болсын, көптен мазам болмай жүр. Бас айналады, бел сырқырайды дегендей.

— Ой, шырағым-ай, әлі жап-жас емеспісің. Үйден сарылып, ешқайда шықпайсың ғой. Содан кейін ауырманда қайтесің. Қой, болмас, мен сені қолға алайын. Ертең таң азаннан аңға шығамыз.

— Жақсы, камданайық,— деді Тәттімбет қуанып. Алшынбай санасында бір өткінші ой жылт етті. Асқақ

жанды, терен ойлы Тәттімбетті бәрі де жалықтырып біткен. Мынау күнделікті марғау тірлік, ауыл арасындағы шолақ тойсымақ оны мезі еткен. Оған ұлken арна, асау ағыс, шалқар өмір керек. Ол жарық дүниеден көңілі кайтқан кариядай күн кешіп жүр.

Таң қылаңы білінбей тұрып, қыр бетіне шыққан аңшылардың беті Мыржықтың ар жағындағы кең жазық. Тау арасында аң аулау қызырақ. Жаны қысылған аң тасқа шығып немесе ағаш арасына кіріп алдырмауы мүмкін. Сосын, тазы мен құсты қосып қана жібермей, атпен кумаса, сәпі келмейді. Ақ қарды бұрқыратып, қанды қызыдырып жедей еспесе, оның несі аңшылық.

Алшынбайлар үш тазы ерткен еді. Олардың ішіндегі көк тазы жолбарыс тұлғалы, сан еттері білеулеңіп, серіппелі сом күш барын аңғартады. Әдette, ит қасқырга шаба алмайды. Аңсары ауған сәттерде көк тазы қасқырды өз бетімен де алып жүр.

Аңшылар бүгін Тәттімбеттің баяғыда Кіші Маңыбай сыйлаған Айнакөз қыранын ала шыққан. Күйші көптен бері аңға шықпағанымен, құсын бабында ұстаушы еді. Айнакөз не бары он бірде, бұл 150—170 жыл ғұмыр кешетін қыранның әлі саби кезі тәрізді.

Қазақ құсбегілерінің білуінше, тау қыранынан алғыр, қырағы, өжет құс жоқ. Оларды «таудың ақығы» атауы да сондықтан. Айнакөз шамалы жылда төселип, анды лезде-ақ қағып түсетін болды. Түлкі, қоян сияқты андарды үзатпайды.

Төрт-бес жігіт араларын әудем жер алшақ ұстап, тау етегін бойлап кеткен. Оларға жүктелген міндет қашқан аңды тау жаққа жібермеу.

Алыстан, кең жазықтан жалт еткен қыланды көздері шалған Алшынбай мен Тәттімбет ат басын еркін қоя берді. Міне, қан сонардың қайнаған қызығы басталды. Дүние зу да зу, ат үсті адам жігерін үштап, рухтаандыра түсетін сияқты. Далақтап шапқан Алшынбай Тәттімбет-

ке қарап «тұлкі», «тұлкі» деп айқайлады. Жаңа жауған мамықтай үлбіреген ақ қарда бауырын жазып қаша алмаған тұлкіні бұлар тез-ақ күшті жетті. «Қыран қиядан шалады» демекші, Айнакөз де әлгінде-ақ байқап, дегірі кеткен. Қанатын қомдап, тұлкіге қайта-қайта жалтақтап, иесіне шаңқ-шаңқ етіп, «жібер» дегендей болады.

— Жібер,— деді Алшынбай,— ашындырмай тез жібер.

Айнакөз тұлкіден бір қыс сшырқай үшты. Бұл да қыранның қанына сіңген алғырлық әдісі. Аңды алдарқатып, өз жөніне кетіп бара жатқан сыңай байқатады да, зенгір аспан көгіне, тұлкінің дәл үстіне орай үшып көзді ашып-жұмғанша жетіп барады. Қазір де сөйткен тау қыраны биіктен тастаған тастай, құлдырап, тұлкінің үстіне қарай құлап келеді. Бетін аспанға бұра қашқан тұлкіге семсердей тырнақтарын тарбитып келіп қонжиғанда, он аяғы шап етіп бастан бүріп, сол аяғы омыртқадан шенгелдей тиши, қиқаң еткен тұлкі шекелей құлады.

Аңшылар жетіп айырғанда, тұлкі шала-жансар жатыр еді. Жігіттің бірі жақындай бере қақ шекеден қағып өтті.

— Эп-п, бәрекелді, байлан, Тәттімбет,— деді Алшынбай.

— Жо-жоқ, қойыңыз, Алшеке, болмайды.

— Қойсайшы, Тәттім, біз елге барғанша әлі талайын үстаймыз. Анау кеше аттың белінде келген қоржында үш қасқыр, екі қоян бар тағы да, немене соның бәрін мен алғып кетеді деп отырмысың. Түгелдей қалдырып кетем, сенің бір күйінің садақасы.

— Қасқыр, қасқыр,— деп айқайлады жігіттің бірі.

— Қайда, кәне. Тез, тез атқа мініңдер, ал сен тұлкіні сойып ал,— Алшынбай біреуіне нұсқау берді де тұра шапты. Делебесі қозып, танаулары дедиген аттар жүйгігенде, қалың қол шауып келе жатқандай болды. «Айт,

айт, сен алдын орағыт» деген дауыстар кеү-кеулесіп анық таза аудада саңқ-саңқ етеді.

Калың, жұмсак қарда қасқыр да ұзап кете алмады. Бұрынырақ жетіп айқасқан тазылар мұндайдың талайын көргендігін істеді. Ұш жағынаң қаумалап жеткенде, қасқырга карсы шабуға көк тазының гана дәті барды. Ұстасқан бетте көк тазы да, қасқыр да тістері тиғен жерден айрылмай жабысып, үш-төрт аунасты. Былайғы екі тазы да қарап қалмай, қасқырдың тілерсегіне, шабына ауыз салған.

Андағайлап жеткен аңышлар иттер мен қасқыр айқасын тамашалап тұра қалысты. Тәттімбеттің қолындағы томағалы бүркіт те қанатын жалпылдатып шиыршық атты, айқасғы жаңы тілеп бүлқынды. Ентіккен, ырылдақан тағы мен тазылар бие сауым бойы жұлқыласып еді, акыры қасқыр қалжырап жығыла берді. Әлсіреп, қашкысы келген ыңғай танытқанымен, жалынышты сыңай байкатпады.

Албырт жанды, ер көңіл Алшынбай қасқыр халінің мүшкілдігін көріп, одан әрі төзбеді. Ортаға екпіндей жете беріп көкжалды сойылмен қара тұмсықтан дәлдең ұрып өтті. Аңшылар ауылға көңілді қайтты. Қекжал мен көздің жауын алатын қырдың қызыл тұлкісінің терісін өңгөріп, әнгіме-дүкен құрысқан олар әжолда асыкпай жүрді.

— Есенейдің Танакөзі таяуда қасқыр алышты,— деді бір жігіт.

— Апымай, ә!

— Есеней Танакөзге тамақты өзі ғана беріп жүріп-ті,— деді бір жігіт,— өзі ел аралап кеткенде Ұлпанға тапсырып кететін көрінеді. Есеней қыран құсын баптапты. Заманында асып, салтанат құрып өткен адам гой. Ұлпан түскеннен кейін бірде, жас келіншегімен аталас туыс ауыл Есенейді қонаққа шақырады. Кәрі күнеу нешеме күн ойын-сауықта болып, балдыздарымен ойнап

рақатқа батады. Бәрінен де Есенейге құс алып, тазы ерткен аңшылық ету өте үнайды. Жасынан еркекшора болып өскен Ұлпан да бірге жүріп аң қуады. Сол жолы Танакөз атты бүркіт үшін тұлқі алыпты. Содан Есенейдің көңілі құсқа ауғанын біліп, аңғарымпаз ел оған бүркітті сыйлаған екен.

— Қоя тұр, шырағым, олай емес. Құсты Есенейге қайын жүртү берген жөқ. Есеней ат жалын тартып мінгелі әкесінен жүз қаралы жылқыны өсіріп байи түседі. Тобыл мен Обағанға жақын жердегі Самарға апарып, қымбатқа жылқы сатады. Оған бірден-бір жол Орал тауларынан өтетін болған. Осындай бір сапарында тік қия жартастың ұшар биігінде, аяздың, желдің өтіне салынған ұяда бүркіттің балапаны барын біледі. Жиырмадан жана асқан жігіт кезі. Жарықтық, әйтеуір, бұл жалғанда қыындық бар деп ойламаған ғой. Аз жылда бес мың жылқы жинап алуды да сол жан-кештілігі емес пе.

Тік қияға көтерілуғе серіктегінің бірде-бірі көнбейді. Ұяның түсын белгілеп алғып, арқан арқалаған ол жартасқа неше күн жүріп әзер шығады да, ұшар биігіне арқанды бекітіп, он метрдей төмендегі ұяға сырғып түсіп бүркіттің балапанын алады. Есейіп қалған балапан бұлқынып есін шығарады. Содан қыындықты қөріп қияға әзер шығады ғой. Сондағы Есенейдің шыққан биігі бір шақырымға жуық тіп-тік қия екен.

Самардағы базарға жылқы сатып, қыран бүркіттің балапанын олжалап, елге оралғаннан кейін Есеней қасына ерген серіктегіне:

«Аласаны атқа санама,
Жаманды затқа санама,
Бір сынаған жаманды
Егіз екі сынама»,

деген сөз бар. Бұдан былай қарамды көрмендер»,— десе керек.

Сондағы бүркіт балапаны Есепейге бауыр басып кетіпті. Мөлдіреген шарадай көзіне бола ел Танакөз атаған еken. Қайтиас қайсар, алғыр құс болыпты. Оның қасқыр алғаны бір бұл емес. Ол туралы елге талай шындық та, аңыз да тараған. Сөйткен Танакөз қазір Ұлпанға көресіні көрсеткен Торсанның қолында жүр.

Алшынбайдың әңгімесінен кейін бәрі үнсіз қалды. Жапа шеккен жазықсыз әйел жайлы оқиғаны бәрі де білетін. Бұл көңілсіздік көлеңкесін сырып тастағысы келгендей бірі:

— Тәттеке, мына сіздің Айнакөз қасқыр алып көрді ме? — деп сұрады.

— Жоқ әлі, алар, жас қой әлі,— деді Тәттімбет,— қасқырға жіберіп көрген жоқпын. Кезі келсер оның да.

Осындай сұқбатпен отырып, олар ауылға жеткенін де білмей қалды.

Жарқ-жүрқ еткен күміс кісесін шешіп, бешпентін желбегей жамылған Алшынбай үлкен сырлы тостағандағы қымызды орталап жұтып алдына қойды. Тәттімбетпен екеуі оңаша сөйлесіп отыр. Иба сақтап, бір қырын қарған Есім сөзге көп араласпайды. Жібек мінезді сұлу келіншек бұрынғыдан бетер құлпыра түсіпті. Аппак жүзіндегі алқызыл шырай, мойыл қара көз аясындағы шұғылалы жарқыл еріксіз өзіне тартады.

— Тәттімбет, үнемі үнжыргаң түсіп, жудеп жүресің. Білем, сен үшін мына күйкі дүние мақұрым, жоқ іспетті. Беймәлім жарқын, кен тынысты өмірді, үлкен сахнаны аңсайсың, асқақ өміріңе мәңгілік өрлеу тілейсің. Жаным-ау, жайбаракат күліп, жадырап жүрмесең не болдың? Қарашы, сенен бақытты кім бар, жалғаның жарық жұлдызынлай жарқырап жарың отыр әне, ел-жүртүң майдайына біткен жалғызындаи еркелетіп жүр өзінді. Құдайым, ерекше сезім-түйсікпен бірге сен сияқтыларға адамның миына келмейтін армандарды да жазып қоятыны қалай еken?

Алшынбай әбден торығып, ашынып сөйледі. Тәттім-беттің күрт сынарын көңіл күйінен әбден анғарған. Өз сөзінің оған қонбасын да біліп отыр. Басқа лажы жок.

— Е, Алшеке, айтқандарыңыздың бәрі рас. Мені сіз ғана түсінесіз. Кеше Есеней жайлы әңгіменізде оның өр көңіл, өжет болғанын сөз еттіңіз. Заманында астым деген қазақ сондай-ақ болсын. Сол мына өмірден не тапты, не із қалдырыды. Мениң күйлерім де замана өкпегінің өтінде жоғалып кетпес пе екен.

— Ойпырмай, ылғи бір өмірден күдер үзу, болашақ-қа сенбеу ненди алған. Был сен қырық алты-ак жаста емеспісің осы. Әлі елу жылдай еркін өмір сұруге болады. Сған дейін өмір де, көңіл де өзгереді.

— Эй, қайдам. Сонда дүние өзінен-өзі өзгереді деп қол қусырып отыра бермекпіз бе. Ол жайлы ойланар пенде бар ма, түге.

Шиеленіскен әңгіме желісін қалайша көңілді арнаға бұрарын білмеген Алшынбай алдындағы қымызды бір-ақ тартты да, күйшіге бұрылып:

— Тәттім, пәлсананы қояйық, бір жөні болар. Одан да күйлерінді тыңдайық,— деді.

Тәттімбет әңгіме сарынын өзі де жақтыртпап еді.

— Е, Алшеке болсын,— деп домбырасына қол созды.

Дүниені шалқар шаттыққа, ұлы дүбірге бөлеген күй шарықтады. Арагідік мұнды қоңыр сөз араласып, ба-йынта баз кешкен күй лезде самғап, қайта құлышынды. Талмас қанат, қайтпас жігерді сездіріп, жел уілін елесттетті. Терен толғаныспен мағыналы ой түзген сындарлы күй айқасқа, күреске шақыратын сияқты.

ШЫҢҒЫС АУЛЫНДА

«Тәттімбет келіпті» деген хабар осы өнірге тез тара-ды. «Хан бұтағының ақ ордасы күйшіні тік тұрып күтіп алыпты» деген сөз де іле-шала жетті. Есімі елге кең та-

раған мәшіүр домбыраши күйлерін естүге жұрт жаңақтан жиналды. Қанқожа сияқты саңлақ сыйызғышы, қобызшы да күй кәусарын естүге құмартқан.

Қазактың соңғы ханының орны Шыңғыс шоқша сақалды, ақ сары өнді адам. Жүзінен қаталдық еспесе де, хан тұқымында қалыптасқан екпін, ықпалдылық бірден байқалады. Заман сырын жақсы түсінген, терең ойлы, өмірден түйгөні мол зерделі жан. Ол аулына әнші-күйші, жырышыларды жинағанда салтанат құрудың сиқы осылай деп қана емес, өркенді өнерді қоштаپ, асқақ әнді, көсем күйді шын құмартып сүйе білгендіктен жинайтын. Таяуда ол Тәттімбетке де хабар салып, келіп кетсін деген.

Алшынбайлар кеткеннен кейін күйшінің мазасы кетіп, ауылға сыймап еді. Денсаулығы да күрт төмендеп, бойын беймәлім әлсіздік биледі. Эйтсе де Шыңғыстан арнайы адам келгенде, ол тез қамданып жолға шыққан. Ақ орда иесінің ағалық Ілтипаты, оған деген көнілі қанат бітіргендей ол жол бойы ширак жүрді. Әдеті бойынша көне көз қара домбырасын күміс ер-тоқымының алдына ілді.

Шыңғыс аулының күйшіні құнталап күтіп алғаны рас еді. Аға сұлтан ілуде болмаса, кез келгеннің аяғын ақ, ордаға бастыра бермейтін. Тәттімбетті бірден сонда қабылдалап, ұзақ сонар әңгімеге қошті.

«Басқа бак жарасады,
Батырға тақ жарасады,
Аталаы ерден би туса —
Халықтың пайдасына жарасады», —

деп бастады сөзін Шыңғыс,— мына жамбасына мұз қатып, жүрегіне қан катқан бозөкпе дүниеге дәру боларлық бір пенде болсашы. Бәрі де құлқынның құлы, пенделік күй кешіп жур. Менен сен жақсысың, шерінді тарқатып, сырласар күйлерің бар. «Нар баласы бақырмас» деп тұқымымызға ән салуды да қоспалты. Қылқобызды күні-

рентіп, домбыра шертууда Қанқожаға жазған екен. Бақ менікі, өнер Қанқожанікі».

— Сұлтан аға, мен де түсінбей қойдым. Қазіргі шарасыздығым болмаса, еліміздің жарқын болашағына сенемін. Шоқанжан сияқты азаматтарымыз көбейе түссе, ел санасы білімсіздіктің қара бұлтын сырып тастап, күндегі жарқырап ашыла түссе, ел мұратына жетеді. Көкірегі ояу, көзі ашық жүрттың ертеңі де нұрлы.

— Міне, Тәттімұхамбет, осындаі ойларың ғой саған сиқырлы да сырлы саздарды шерптіретін. Түү баста домбыраны ойлап тапқан Эбу Насыр әл Фараби деген ғұлама неше ықылым тілін білген. Халқымыздың бір кезде зәулім шаһарлары, тамаша мәдениеті, әлемде ең үлкен кітапханасы болыпты. Соның бәрі шапқыншы жау бүліншілігіне ұшыраған.

Шыңғыс үндемей қалды. Оның соншалықты білгірлігіне тәнті Тәттімбетте де сөз жок.

Ақ орданың іші әсем. Айнала тұтылған парсылық кілем, есіктен төрге дейін қызыл ала киіз төсөліпті. Алтын-күміс жалатқан бүйымдар, шілтерленген шымылдық бәрі де мұнтаздай таза, жарқ-жүрк етіп көз тартады.

Сырттан Жақып енді.

— Ағеке, қымыз әкелейік деп едік.

— Е, әкелсін.

Есіктен төленгіт жігіттердің бірі үлкен шара көтеріп, оған ере кірген жас бала жиектеріне күміс жалатқан екі кәрлен кесе ала келді.

Қымыз қүйған жігіт алдыңғы кесені Шыңғысқа беріп, сосын Тәттімбетке қымыз ұсынды. Сексенге келген қария отыrsa да, алдымен сұлтанға қызмет көрсету неше ғасыр бойы салт-дәстүрге айналған.

Еңгезердей ер тұлғалы Қанқожа сұлтан кіріп келді.

— Ассалаумағалейкум.

— Ұағалейкумассалам,— отырған үшеуі қосарлана

сәлемдесті. Тәттімбет пен төлеңгіт жігіті орындарынан тұрып амандасты.

— Досжан да келіпті,— деді Ханқожа Шыңғыстың оң жағына төрге жайғасқан сон,— Тәттімбет, ел-жүрт аман ба? Сенің хабарыңды естіп келдік.

— Ауыл-аймағының аман болар.

Сырттан кірген Жақып:

— Ағеке, бүкіл жүрт жиналып, Тәттекенді күтіп отыр,— деді.

— Э, қазір шығады, сәл сабыр етсін,— деді Шыңғыс.

Елді көп күттіруді ұнатпайтын Тәттімбет Шыңғыстың дегенінен шыға алмай отыр еді.

— Ал қымыз ішіп болсаңдар, жүріндер,— Шыңғыс бата қайырып орнынан тұрды. Бәрі сыртқа шықты.

Тәттімбет домбырасын алдырып, айнала елге көз тастап біраз отырды.

Оз аулынан гөрі өзгеше көрініс. Адамдар жүзінде тәкаппарлық, сенім бар. Байлыққа, барлыққа сеніп алған. Әйелдері де әсем. Дүниенің арқасында текті жерден, «анасын көріп, қызын алған». Қыз-келіншектері шетінен аппақ, әдемі жүзді. Шырайларын күн қақтап, жел қақпаған.

Көрікті көрініс, көңілді шаққа еміренген Тәттімбет «Саржайлауды» шертті. Салтанатты шеру тартқан сұлу саз дүниені тұтастай тебірентіп, думанды өмірді, жайлау қызығын жырлады. Адамдар ойна небір тәтті сәттер мен сағынышты сырларды оралтты.

Европалық білім алып, орыс және шетел композиторларын тыңдалап көрген Шыңғыс музика тілін анық түсінуші еді. Қанына сіңген күйді, жадына түйгөн көз таныс жайды толғауынан ба, әлде шынында да солай ма, «Саржайлау» оған музикалық шығармалардың шынындағы көрінді.

— Ой, бәрекелді-ай!

— Саусағыңың садағасы кетейін!

— Қайран дүние!

Күй аяқтала бере ризалық сезімін білдірген дауыстар қабаттаса шығып, ұзак уақыт тынбады.

Ризашылық сезімге бөлөнген Тәттімбеттің жаны елжіреп, бойы балқыды.

— Сұлтан аға, өзгелердің де өнерін қызықтасақ қайтеді? — деп ол Шыңғысқа қолқа салды.

— Е, болсын. Ханқожа, бір күй тартуға қалайсың?

Ханқожа іркілген жоқ. Ала келген қобызын алдына алып, тұңғиық бір ойға берілді де, өзінің белгілі сарынын бебеулетті. Шоқан «Ханқожаның басқаны» атаған бұл күй қоңыр қыр тұрмысын баяндайтын қарапайым да нәзік сырлы күй-тін. Қылқобыз шебері Ханқожа елдің қам-керекетін, тірлігінің тынысын шегіне жеткізе толғады. Жарқылдаған жайдары көңіл, ак жарқын мінез қол бұлғайды.

Кезек Досжанға тиді. Тамаша әнші, асқақ күйші Досжан қобыз бен домбырада бірдей ойнайды. Ол бұл жолы өзінің «Суға кетті Ер Қотан» күйін қобызда орындалп берді.

Жас өспірім Қозыке ортаға шығып, ән салды. Басында оның бұл өнеріне Шыңғыс қарсы болып, «біздің тұқымға ән салу жараспайды» деп баққан. Ақыры ұлының музыка өнерін жоғары бағалап, қастерлей білетінін байқап, бетінен қақпаған. Жас композитор өзі шығарған «Топай көк», «Ай көкек» әндерін айтты.

Сүйікті іні өнерінің жанашыры Шоқан еді. Нота танитын, Европа және Азия музыка өнерімен толық таныс, «хан ордасынан» бастап, үнемі ән мен жырдың ортасында жүрген Шоқан Қозыке дарынын қанаттандыруға бар зейнін арнауда.

Кезек тағы да айналып Тәттімбетке жетті. Сырлы саз сағым жүзген далаға сәнді шырай ендіріп, шалқи берді, шалқи берді. Шыңғыс аулында осындағы өнер думаны болып, күй-күйге ұласып жатты.

ҚӨКЕЙ КЕСТИ

Өткен қыс бойы өзін нашар сезінген Тәттімбет жаз шыға жақсы бол кетермін деп ойлаған. Күн қыза келе тіпті қалжырады. Басы айналып, көзі қарауытады. Элсін-элсін маңдайынан төбесіне дейін қызып кетеді. Жан деген оцай ма. Алыс-жақыннан шақырмаған бақсы-балгер қалмаған. Бірінің де пайдасы тимеді. Он екі қанат ақ боз үйдің ішінде шаныраққа қарап, шалқасынан жатыр. Шамалы ғана уақ жап-жақсы дем алуда. Осы бір мәлімсіз сырқатқа түсінбей қойды. Жын сияқты аяқ астынан басталып, дегбірінді алады. Үй іші Тәттімбет талғамымен мұнтаздай бол жиналған. Төрден есікке дейін қызыл ала кілем. Он жақтағы шымылдық ішінде сүйек төсек. Шәйі, жібек көрпелер түзу-түзу қатталыпты. Сол жақтағы жүкаяқ үстінде қара қайыспен қапталып, ағаш тары ашық көк түске сырланған екі үлкен әбдіре. Кеуделі қара домбыра төрдегі кілемге ілініпти.

Күйші соңғы кездері қолына домбыра ұстауды қойған. Күй тартса жан дүниесімен беріліп, қан қысымы көтеріле береді. Кейін онсыз да басына қан шапшитынды шығарды. Енді, міне, аяулысын жоғалтқандай домбыраға қайта-қайта жаутаңдайды. Ақбөпедей ардақтысын, Есімдей сұлуды қасына ертіп жәрменкелерде жиналған нөпір жұртты өнерімен таң қалдырған кездері түсті есіне. Қайран дүние-ай, сол кундері көзден бір-бір ұшты ау. Әйтеуір анда-санда ұлдарына күй тарттырып тындаиды. Ол да болса көңілге медет, дерктеке қуат. Эрқайсысы-ак, әсіресе, Исадай шебер домбырашы болғанымен, Тәттімбетке үнай бермейді. Бәрібір өзіндей тартпайтын сияқты. Эр күйдің мән-мағынасын жан толғанысымен түсініп, тап өзіндей тебіреніспен шерте алмайтындаі көрінеді. Тәттімбеттің ойына шабытты шактары қайта түсті. Нешеме топта озып бәйге алғаны, ұлағатты сөз иесі көне көз қариялардың, кемел ойлы

жастардың мұның өнеріне шын жүректен риза болғандары есіне түсіп жымиды. Әсірлесе, Шоқанның өз өнеріне берген бағасы ол үшін қымбат еді.

Күйші көнілі масайрап, көкейіне қуаныш үялады. Мерейі үстем сәттері күй боп құйылардай домбыраға тағы да жалт қаратты. Тосын, салтанатты ырғақ шеру тартып, шет-шегі жоқ ерке әуен өмірде көрген қызығын марапаттайды, басынан қайта өткеріп жатқандай елестетеді.

Сырттан аяқ дыбысы білінді. Сықырлауық есік ашылып, Исадай кірді. Таяуда үйленген, жасы жиырмаға әлі ілікпеген жас жігіт бір көрмеге «қой аузынан шөп алмас» жуас, қыздай сзызылып тұрады. Бірақ оның мінезінде екіленіп кетер екпін, теңіздің соқпа дауылы бар сияқты. Ала-құла мінездіз, шынайы сезім-түйсіксіз жанның домбыра да тарта алмайтынын Тәттімбет жақсы біледі. Исадай жүректі де мықты болып өсіп келеді. Орта бойлы, кең жауырынды жігіт реңми палуандыққа түсіп көрмесе де, қатар құрбыларымен белдесуде есесін жіберген емес. Өткен күзде жылқыға тиген екі ұрыны жалғыз өзі айдал келгенде жұрт сүйінген. Қара сұық соғып, жауын сіркіреп тұрған. Қешке қарай екі жылқышы жоқ қарап кетті де, сол күні қосқа келген Исадай жылқы қайырып қалды. Тұн ауа бұршақ аралас жаңбыр сел боп құйып, наизадай қадалды. ҮІққан жылқы таң сібірлей бере Шәйірғалының ар жағынан бір-ақ шықты. Эбден қалжыраған Исадай құранды ерге етпеттей сүйеніп қалғып келе жатыр еді, жылқының бір шеті дур сілкінді. Қасқыр ма, не еken, ә, деп бұқпантайлап тақалғанда құрық, сойыл сүйреткен екі дәү шойқараны көзі шалды. Не де болса бұлар жылқы алмай кетпейді, кой қапылыста басайын деп түйген Исадай ұрының таяудағысын сойылмен тізеден қағып өтті. Өкірін құлаған серігінің даусына жалт қараған екінші ұры шамасы қорқак болар, тұра кеп қашсын. «Қашқан жауға қатын ер» де-

гендей, ол жауырыннан тиген қатты соққыдан лезде-ақ серен етті. Эрине, жау түсіруі сондайлық ерлікке түспесе де, алпауыт екеуге жалғыз ұмтылуы жүректілік еді. Жас баладан қорыққандарына кейін екі сақа жігіт қатты үялған.

— Көке, Мұса сізді асқа шақырып кел деп еді,— деді Исатай.

Ұлына сүйсіне қараған Тәттімбет басын көтеріп отырды.

— Калкам, домбыраны әперші.

Күйші қара домбыраны алақанымен аялай сипады да, екпіндете қақты. Тосын ырғақ, жұмбақ сыр. Исатай Косбасардың тағы бір түрі ме деп қалды да, ол ойынан тез қайтты. Мағыналы, өзгеше дүние екендігіне көзі жетті. Тәттімбет шығармаларына үйлеспейтін өзгеше сарын, көкейдің құрышын қандыратын қағыс кілт үзілді.

— Кой, кой, дәмді қаратып қоюға болмайды, басым да шыңылдаپ кетті. Исатай, сен бір-екі қақшы, әлгі мениң тартқанымды.— Біраз тындағы да, басын шайқады.

— Жо-жоқ, келмейді, олай емес. Күйдің қандай ойдан туғанын білмейсің және бұрынғы күйлердей оңай тартыла бермейтін машақат-ау деймін.

Тәттімбеттің үлкен келіні «қарадан шығып хан болған» Қаржас Шорманның Мұсасының қызы Шәмши-Қамар. Қара торының сұлуы. Текті жердің адамын ауыл болып сыйлау әдетке айналып кеткен. Шәмшия сыйлас-тықтың жөнін білетін, адамгершілігі мол ибалы жан екен. Шаралы тұнық қара көзіне, арнайы мұсінделген әдемі сымбатына, хор қызындай көз суріндірген сипатына жұрт қарауға құмар болған Шәмши-Қамар жақсы келінге тән қылышымен сары алтындаі жарқырай түсті. Әншайінде асты кіші абысындары пісіріп, жасап — тартады да, сыйлы қонаққа, Тәттімбетке асты Шәмшияның өзі жасап береді. Дастанқан шетінде бір қырын отырып дәм ішеді.

Тәттімбеттің ет жеуге зауқы соқпады. Сырлыаяқ сор-паны орталады да қойды. Тағы да ойға кетті. Осындағ асыл үлдарының, мынадай бекзат келіндерінің қызығын көрсетпейін деді ме тағдыр. Қасындағы Есімге көз салды. Ақ сұр әдемі келіншек жауқазындај жаңа пісіп, нұрлана түскен. Ақ жарқын күліп сөйлегені болмаса, жана-рында мұң қөлеңкесі жылт етеді. Апыр-ай, ә, бұл сорлының күні не болар екен деп ойлады.

— Домбыра тартышы, Мұсатай,— деді ол шай ішіліп, дастарқан жиналарда. Тәттімбет осы сүйікті жақында-рын көргенде сергіп қалатын,— мениң халім қазір жақ-сы.

Мұсатай бірнеше күй тартты. Тәттімбетке оның бір шалқуы жетпей жатқандай көрінеді, бірақ үндеген жоқ.

— Қосылып ән айтындар.

Мұсатай мен Шәмші-Қамардың әдемі қоңыр дауыс-тары қосылып шырқап кетті.

«Талдан таяқ жас бала-а таянбайды»,

— Есімжан, сен де қосыл,— деді Тәттімбет, Есім екі айттырған жоқ, ашық қоңыраудай үні сыңғырлап қосы-лып кетті.

«Бала бүркіт тұлкіден аянбайды,
Угай-ай,
Ән салшы, бір бала,
Қос етек, бұраң бел,
Куалай соғар қоңыр жел».

Жайрандал күлген жайдары жандардың бір-біріне деген ықыласы, ілтипаты қандай десеңізші. Не деген әуезді ән. Тәттімбет оларға қызыға қарады. Албырт жа-нып алып соққан тағдыр, шерменде көңіл бәрі де сап үмтүлды. Әлгінде елес берген асқақ күй бойын шымыр-латып, ойын қайта тебірентті.

1862 жылдың көктемі. Қыс қатты болып, ел қара жерге әупірімдеп әзег ілікті. Бай мен бектің жаңы қысылып, күн кешті. Қыс қаһарынан құтылып, «аяқ-қолын бауырына алғаннан» кейін жұрт өлі-тірісін, алыс-жақынын ойлай бастады.

Әсіресе, көпшіліктің көңілінен кетпей жүрген бір түйткіл Тәттімбет жайы еді. Ауру аяқтан шалып, алқымынан алған ардагер күйшіге барып, көңілін көтеруге дайындалды.

Тәттімбет ауылы «тоғыз жолдың торабына» айналып, күйшінің көңілін сұрай келушілер көктемгі құстай қаптады.

Бүгін бұл ауылға жолдары түсіп Шорманның Мұса-сы да, Құнанбай да келе қапты. Екі көкжал бір-бірімен қаужаңдаған амандастып, «тілеуіміз бір екен» десіп жатыр. «Күйрық-бауыр жесіскен» құдасы мен күйеу балаға Тәттімбет те қуанып, орнынан тұрды. Ел-жұртқа да сәлем беріп, ризалығын білдірді, көзіне жас үйірліді. Есік алдына жағалай салған киіз, кілемдерге отырып, бәрі әңгіме шертісті. Өткен-кеткенді тілге тиек етті. Келе-кеle сөз күйшілер жайына ауысып еді.

— Мен,— деді Мұса,— Тәттімбеттей домбырашыны көрмедім, сонда да Наурызбайдың өнері де таңданарлықтай.

— Наурызбайды көріп пе едініз,— деп көпшілік қабаттаса сұрады.

— Е, неге көрмейін, әйтсе де соңғы жолы көргенім есімде ұмытылмастай болып қалыпты. Кенесарының Ұлытауға ту тігіп қылышылдаپ тұрған кезі. Жалаң қылыш жаналғыштары Арқаны оңды-солды кезіп, торға түскен арыстандай бұлқынады. Ел кезіп, жер көріп жүрген кезім. Жанымда екі-үш адам бар Ортаудың етегінде бір үйге қонып шыққанбыз. Ертемен көзімізді ашпай

жатып, Наурызбай жасактарымен сау ете түссін. Нағыз ханың тұқымын көргенім сол десем артық болмас. Кербездік, кеңдік, ерлік бойында жанып тұр. Соғысып жүрмін деген ойында жоқ, он шақты жігіт қосылып ән салады екен.

«Жігіттер, қызбен ойнап белестерде,
Жаумен де шайқаса біл егескенде...»

Наурызбай домбыра тартты. Қазір «Науанның күйі» деп жүр гой. Соны өз орындаудың естуім. Екі иығына қанат біткендей екпіндеп, саусақтары домбыра шанағында мың бұралып билейді екен. Ұа, дариға, сөйлер сөзге жеткізбейтін, көзінің оты адамның жүрегін шайлықтыратын жігіттің сұлтанын көргенім сол. Ағыбай батыр да айтып жүр гой, ғұмырымда Наурызбайдан асқан батырды көрмедім деп. Домбыра кеудесінен күмбірлекен күй шыққан бетте қылыштар шақ-шүқ етіп, жебелер суылдағандай болды. Кең далада желдей ескен жүйріктер, қарсы келіп қақтығысқан жасақтар, найзагай сатырлап, дүние тарсыл-гүрсілге толып кетті. Қасымдағы серігімнің бірі қорқақтау еді, тұлкі бөркін мандайына баса, тығылар тесік іздегендей еңсесі түсін барады екен. Наурызбайдың да көзі шалып, мырс етіп күлді. Мен «кең қалды» деп әлгіні желкесінен нұқып қалғанымда, сорлы бүк түсіп жата кеткені. Наурызбай да кулип жіберді. Аңғалдық, ақ көнілділік те мол-аудеймін бойында.

Есік алдына бірге шыққанымызда:

— Кімсің? — деп сұрады.

— Шорман бидің баласы Мұсамын, — деп едім.

— Болсан боларсын, — деп атына бір-ақ қарғыды.

Қош айтысып қолын көтергендей болды.

Мұса сөзін аяқтай бере, ақ сақалы белуарына түскен қария:

— Оу, шырағым Мұса, өз еліне қасқырдай шапқан

ол ер емес еді ғой. Нарыз ер деп кешегі Исатай мен Махамбетті айт.

Қария қолындағы көне домбырасын сабалап жырлап кетті.

«Оу-у, Исатай мен Махамбет
Нарынан шықкан ер еді,
Еліне аскар бел еді,
Егілгенді есіркеп,
Ес кеткенді жебеді,
Жанары кандал шоқ еді,
Жауына жебе — оқ еді,
Пайласы тиер кімге де
Парасат, ақыл мол еді».

Отырғандар антарылып, құлақ түрісті. Біреулер «бұл Шернияз ақын» болар десті. Шынында, бұл «ел деп еңірекен ерлерін» жоқтаған көптің бірі-тін.

«Кешегі өткен Махамбет,
Көгіме шықкан күн еді,
Көгімде тұнған гүл еді,
Қайрауын білмей кетілді,
Шәйіт болып есіл ерлерім,
Тартылып айдын көлдерім,
Сынымды сөйтіп кетірді».

Жыр аяқталғанда ел сәл мойып қалғандай болып еді. Эр тұстан әңгімелер туындал, ел қайта жандана бастады.

Әлгі қария Тәттімбетке қарап сөйледі.

— Тәттімбет, шырайынды көріп қуандым. Ақ Жаяққа амандығынды жеткізсем. Әттең, мұнда да керек Тәттімбет. Эйтпесе, алып кетіп, әлпештеп, ардақтар едік өзіміз.

Мұса мырс етіп күлді.

— Оныңыздың жөні бола қоймас, ақсақал.

— Ризамын елім, ризамын,— деді Тәттімбет,— Исатай, домбыраны әкелші.

«Жетісу, Баян мәрт елім,
Ақ Жайық саған да жетемін.
Сарыарқадан сәлем деп,
«Қекей кесті» күйімді
Баршаңа сый етемін».

Тәттімбет қолына домбырасын баппен алып күй шертті. Бұл ешқашан ұмытылmas, қайта оралmas сәт еді. Сағыныш та, қуаныш та тоғысқан асқақ күйде мағыналы өмір қызығы, базарлы балалық шақ, ойын-сауық, саят, сүйікті жанмен сұқбат, игі-жақсылармен мәжіліс тұлпардың тұяғы шерткендей нақпа-нақ берілуде.

Күйші өмірге деген өшпес махаббатын паш етті.

Меруерт жалды жүйрік жүйткіп келеді. Ауыл сыртында ақ қайың желмен тербеледі. Құндыздай көкорай шалғын, гүлді өңірге ақ сәуле төгіліп, мөлт-мөлт етеді. Дала қандай, ел қандай дарқан.

«Қекей кесті» күйі елдің елдігін, ердің ерлігін толған, болашаққа жарқын күлшыныспен, асқақ оймен аттануға үндейді.

Келушілер ардагер күйшінің есендігіне қуанып қайткан еді.

Арада көп ұзамай-ак бармағынан бал тамған, байтақ елінің базары болған Тәттімбеттің дүниеден өткені жайлы хабар жетті.

«Апыр-ай, ә. Сұнқар өлерінде соңғы рет самғап барып құлайды деуші еді. Тәттімбет шынында сұнқар екен-ау»,— десті «Қекей кесті» жайын естіген жұрт.

МАЗМУНЫ

Исатай Кенжалиев

Құрманғазы	3
Деректі талдау	.
Кіріспе	4
Құрманғазы өмірі мен творчествосы туралы мәліметтер жинау	17
Жол басы	45
Құрманғазы творчествосының кезеңдері туралы	66
Шарықтау	74
Құрманғазының еліне оралуы	111
Құрманғазы өмірінің соңғы жылдары	128

Хамит Дәрібаев

Тәттімбет	.
Әміrbаяндық штрихтер	139
Бел-белесте	140
«Азына»	160
Қыран қиянаты	167
Жауын алдында	178
Сары қамыс	185
Шырғалаң	188
Қайран, дуние	194
Шыңғыс аулында	200
«Көкей кесті»	205

Д В Е С Т Р У Н Ы

И. Кенжалиев
КУРМАНГАЗЫ

Х. Дарибаев
ТАТТИМБЕТ

Редактор *P. Алтынбекова*

Художник *O. Тимева*

Художественный редактор *B. Нурмаганбетов*

Технический редактор *A. Токмурзина*

Корректоры *K. Аймакина, N. Серізбаева*

ИБ № 712

Терімге 01.11.89 тапсырылды. Кол 24.07.90 қойылды. Форматы 70×108¹/₃₂. Шығыңқы тасілмен басылған. Карп гарнитурасы «Әдеби». Шартты баспа табағы 9,45. Есептік баспа табағы 9,39. Шартты баспа түсті оттиск 9,625. Қағазы тип. № 1. Тиражы 10 000 дана. Бағасы 95 тиын, пленкалы мұқабамен 1 сом.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Өнер» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфкомбинаты 480002 Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.

К 67 Қос ішек /И. Кенжалиев. Құрманғазы. Х. Дәрібаев. Тәттімбет.— Алматы: Өнер, 1990.— 216 бет.

Кітапқа ғалым, тарихын Исатай Кенжалиев жазған «Құрманғазы» атты деректі талдау мен журналист Хамит Дәрібаев қаламынан шыққан «Тәттімбет» өмірбаяндық штрихтар топта-
масы енгізілген.

Олар казақ халқының өнері мен жалпы мәдениетіндегі қай-
таланбас ұлы тұлғалар — Құрманғазы мен Тәттімбет жайында
сыр шертеді. Авторлар бай тарихи, архивтік деректерге сүйене-
тырып, халық композигорларының қалыптасу, өсу кезендерін
көркем суреттей білген. Шығармаларда Құрманғазы мени Тәт-
тімбет жөніндегі бұрын белгісіз болып келген көптеген тың де-
ректер пайдаланылған.

Басылым фольклоршылар мениң музыка зерттеушілеріне, сон-
дай-ақ өнер сүйер қалың оқырманға арналған.

Рецензент: Габиден Құлахметов

Д 4702250201—42
409(05)—89 50—90

ББК 85.315.3

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алдағы уақытта «Өнер» баспасынан мынандай кітаптар жарық көрмекші:

К. Жұнісов. ҚӨКСЕУ
С. Ләмбеков. ТӘТТИМБЕТ
Ш. Хұсайынов. ӨНЕР ӨРІМДЕРІ

95 T.